

**Жүк тасымалдаумен байланысты тасымалдау үдерісін, операцияларды жүзеге асыру, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізуді жоспарлаудың технологиясы мен қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 10 желтоқсандағы № 726 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 желтоқсанда № 7364 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 231 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.04.2017 № 231 бұйрығымен**

"Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жүк тасымалдаумен байланысты тасымалдау үдерісін , операцияларды жүзеге асыру, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізуді жоспарлаудың технологиясы мен қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Е.С. Дүйсенбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министрдің  
міндетін атқарушы

Р. Скляр

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің 2011 жылғы  
10 желтоқсандағы  
№ 726 бұйрығымен  
бекітілген

**Жүк тасымалдаумен байланысты тасымалдау үдерісін, операцияларды жүзеге асыру, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізуді жоспарлаудың технологиясы мен қағидалары**  
**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Жүк тасымалдаумен байланысты тасымалдау үдерісін, операцияларлы жүзеге асыру, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізуді жоспарлаудың технологиясы мен қағидалары (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысымен бекітілген Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасының 23-тармағына сәйкес әзірленді және жүктерді тасымалдаумен байланысты операцияларды, тасымалдау үдерісін жоспарлау, іске асыру тәртібін және технологиясын, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидадағы жоспарлау технологиясы дегеніміз жүру маршрутын (соның ішінде үшінші елдерге (экспорт), Достық-Алашанькоу шекаралық өтпесі арқылы экспорт/импорт) ескере отырып, негізгі және жоспардан тыс өтінімдер бойынша жүк тасымалдау жөніндегі айлық жоспарларды жасаған кездегі тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші әрекеттерінің кезектілігі және тасымалдау жоспарын орындау (есепке алу карточкасын жасау).

Тасымалдау үдерісі – тасымалдарды жүзеге асыру кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық өзара байланысты әрекеттер мен операциялар жиынтығы.

Тасымалдау үдерісі жүкті тасымалдауға қабылдау, жүкті беру шарттарын, тиеу және түсіру (босату) мерзімдерін, жеткізу мерзімдерін және жеткізу мерзімдерін есептеу ережелерін, жүктің баратын жерін өзгерту, жүк жөнелтушіге қайтару, жаппай жүктерді маршруттармен және бір жүкқағазы бойынша вагон топтарымен, құндылығы жарияланған жүктерді, үйіп және ақтарып, ашық жылжымалы құрамда, жолсеріктердің алып жүруімен, жөнелту маршруттарымен, ұсақ және аз тонналы жөнелтілімдермен, контейнерлермен және көлік пакеттерімен, мұз болып қататын жүктерді, тез бүлінетін жүктерді, жануарлар мен құстарды, ветеринарлық, фитосанитарлық бақылауға жататын жүктерді, қауіпті жүктерді, сұйық жүктерді вагон-цистерналарға және бункерлік үсті ашық вагондарға күйіп, тасымалдау шарттарын және жүктерді ерекше жағдайда тасымалдау шарттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жүк тасымалдаумен байланысты операциялар және құжаттарды ресімдеу жүк тасымалдау үдерісінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және оған:

жүкқағаз бен тасымалдау құжаттарын ресімдеу;  
тасымалдау мен тасу ақысы бойынша есептеулер;  
вагондар мен контейнерлерді пломбылауға арналған бекіту-пломбылау құрылғыларын қолдану;  
вагондарды беріп-алуға арналған шарттарды жасау және мұндай шарттардың міндетті ережелері;  
жүктерді сақтау;  
жүктерді ұстап қалу, сату, жүктерді мемлекеттік органдарға беру;  
жүкті түсірген соң вагондар мен контейнерлерді тазарту және жуу кіреді.

Актілерді жасау, арнаулы зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу жүк тасымалдау үдерісінің қосалқы элементтері болып табылады, тасымалдаушы, жүк тасымалдауды ұйымдастыру барысында жүк жөнелтуші мен жүк алушы жүзеге асыратын әрекеттерді құжаттай ресімдеуге және растауға, сондай-ақ жүк қасиеттерінің өзгеруі себептерін зерттеуге және анықтауға бағытталған.

Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысымен бекітілген Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасында белгіленген мағыналарда қолданылады.

## **2-бөлім. Тасымалдарды жоспарлау технологиясы**

### **1. Жүк тасымалдауды айлық жоспарлау**

3. Вагондармен, контейнерлермен жүктерді тасымалдауды айлық жоспарлау облысаралық және халықаралық қатынаста жоспарланған ай басталғанға дейін жүк жөнелтушілермен ұсынылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі айлық өтінімдер негізінде 14 күнтізбелік күннен кешіктірілмей және халықаралық қатынаста үшінші елдерге 20 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Жүк жөнелтушілер жүктерді тасымалдау жоспары бойынша тасымалдаушыға 3 данада жүктердің номенклатуралық топтарымен белгіленген тізбеге (осы Қағидаға 1-қосымша) сәйкес ГУ-12, ГУ-12К нысандары (осы Қағидаға 2 және 3-қосымшалар) бойынша ресімделген айлық өтінімдер тапсырады.

Бұрыс ресімделген жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі өтінімдер қарауға қабылданбайды.

4. Оларды тасымалдау тоннамен және вагондармен жоспарланатын Жүктердің номенклатуралық топтарының тізбесі осы Қағидаға 4-қосымшада келтірілген.

5. Жүк жөнелтушілер вагондармен жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдерді толтыру кезінде вагондарды тиеудің техникалық нормаларын

басшылыққа алады. Егер жүк жөнелтушілер айлық өтінімде тиеудің техникалық нормасы бойынша талап етілетіннен артық вагон санын қарастырса, онда тасымалдаушы жүк жөнелтушімен көрсетілген тоннаны тасымалдауға қабылдайды және өтінілген вагон санын азайтады.

6. Контейнерлермен жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдер тоннамен жүк массасы және физикалық бірліктермен контейнерлердің саны көрсетіле отырып, беріледі.

7. Жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдердің нысанында өтінімдердегі мәліметтерді электрондық есептеу машинасымен автоматты өңдеу мүмкіндігі қарастырылған және облысаралық және халықаралық қатынаста және халықаралық қатынаста үшінші елдерге жүк тиеуді жүргізетін барлық жүк жөнелтушілер үшін бірегей болып табылады.

8. Жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдер тасымалдаушыға поштамен, қолма-қол, электрондық пошта құралдары арқылы жіберіледі.

Жүк жөнелтушілерде меншікті автоматтық жүйесі (бұдан әрі – ААЖ) және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне рұқсаты бар болған жағдайда, жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдерді деректермен электрондық алмасу арқылы тасымалдаушының ақпараттық жүйесінде тиісті функционалдық мүмкіншіліктер болған жағдайда жіберуге рұқсат етіледі.

Электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе тараптардың келісіміне сәйкес деректермен электрондық алмасуда электрондық цифрлық қолтаңбалар қолданылады.

Жүк жөнелтушіге тиісті емес кіреберіс жолдан жүктерді жөнелту кезінде өтінімге тиісті белгі қойыла отырып, тармақ иесімен келісілгеннен кейін жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімдер тасымалдаушыға тапсырылады.

9. Кодтарды қоса алғанда, жүктерді тасымалдау жоспары жөніндегі айлық өтінімге енетін мәліметтер (тасымалдаушымен толтырылатын "жоспар бойынша өтінім нөмірі" бағанынан басқа) жүк жөнелтушімен өшірусіз басып теру арқылы енгізіледі.

10. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша жүк жөнелтушілер:  
әрбір жөнелту станциясы бойынша;  
әрбір жүк номенклатурасына;  
жөнелту белгілері бойынша: вагондармен, контейнерлермен;  
вагондар мен контейнерлердің тиесілілік белгілері бойынша;  
қатынас түрлері бойынша жеке айлық өтінімді ұсынады.

Өз осьтерімен жүктерді тасымалдауға арналған өтінім өз осьтеріндегі жүк бірліктерінің саны және оның массасы көрсетіле отырып, ұсынылады.

11. ГУ-12 нысанындағы айлық өтінім осы Қағидаға 2-қосымшада жазылған тәртіппен толтырылады.

"№ бөлімше" бағанында көрсетілетін шекараларында жөнелту станциялары орналасқан жол бөлімшелерінің нөмірлері осы Қағидаға 5-қосымшада жазылған.

Вагон түрлерінің кодтары "Вагон түрлерінің кодтары" бағанында жүк вагондарының жекелеген түрлерінің тізбесіне (осы Қағидаға 6-қосымша) сәйкес көрсетіледі.

Жүктерді халықаралық қатынаста үшінші елдерге тасымалдаған кезде " Жолдың (қысқаша) және тағайындалған станцияның, аудару пунктінің және тағайындалған пунктінің атауы" 4-бағанында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің, Латвия, Эстония және Литва республикаларының экспорттық жүктерді беру жөніндегі шекаралық станцияларының (осы Қағидаға 7-қосымша) немесе Экспорттық жүктерді темір жол көлігінен теңіз және өзен көлігіне аударуды жүргізетін порт маңындағы станциялардың тізбесіне (осы Қағидаға 8-қосымша) сәйкес экспорттық жүктерді теңіз және өзен көлігіне аударуды жүргізетін порт маңындағы станциялардың кодтары мен толық атауы көрсетіледі.

Тағайындалған елдің коды мен атауы "Тағайындалған елдің коды мен атауы" 6-бағанында жүктерді халықаралық қатынаста үшінші елдерге тасымалдаған кезде ғана әлем елдері мен аумақтардың жіктегішіне (атаулар мен кодтар) (осы Қағидаға 9-қосымша) сәйкес көрсетіледі.

12. Контейнерлермен жүк тасымалдауды жоспарлау жүк жөнелтушілер тапсыратын жүктерді тасымалдау жоспары бойынша ГУ-12К нысанды өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

13. ГУ-12К нысанындағы айлық өтінім осы Қағидаға 3-қосымшада жазылған тәртіппен толтырылады.

14. Реттеуші тапсырмалар бойынша жөнелтілетін бос контейнерлерді тасымалдау "Қалған және құрама жүктер" номенклатуралық тобы бойынша жоспарланады.

15. Төтенше оқиғалардың салдарларын жою арналған жүктер тасымалдаушымен көрсетілуі бойынша қабылданады.

16. Көкөністерді, картопты, жемістерді және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін тасымалдау жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімдер бойынша, сондай-ақ шектеусіз тапсыру бойынша, тиеу басталғанға дейін 5 күн бұрын берілетін өтінімдер бойынша тасымалдаушыда жылжымалы құрамның бос резерві болған жағдайда жүргізіледі.

17. Мемлекеттік резервтен ұсақ топтамалармен, сондай-ақ вагондық жөнелтіліммен тиелетін азық-түлік және өндірістік тауарлар тапсырылуы бойынша қабылданады.

18. Жүк жөнелтушілер ұсынған және тасымалдарды жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесінің құралдарымен өңделген ГУ-12 нысан бойынша жүк тасымалдары жоспары бойынша айлық өтінімдердің негізінде тасымалдаушы облысаралық және халықаралық қатынастардағы тасымалдарды жалпы алғанда ескере отырып және:

Оларды тасымалдау тоннамен және вагонмен жоспарланатын жүктердің номенклатуралық топтарының тізбесінде (осы Қағидаға 4-қосымша) көрсетілген жүктердің номенклатуралық топтары бойынша тәулігіне орташа;

тағайындалу станциялары және жолдары мен вагондардың түрлері бойынша; цистерналардағы құйма жүктердің тағайындалу станциялары және жолдары бойынша, мұнай өнімдері жеке, соның ішінде ашық түсті құйма, өсімдік майы, спирт, сірне, химикаттар, аммиак суы және өзге құйма;

тас көмірдің, ағаш жүктерінің, астықтың, темір және марганец рудасының, кара металдардың, құрылыс жүктерінің, химиялық және минералдық тыңайтқыштардың тағайындалуы станциялары мен жолдары бойынша бөлініп, жүк тасымалдарының жиынтық айлық жоспарының жобасын әзірлейді.

19. Жоспарлардың жобаларында вагонның жүк көтергіштігі мен сыйымдылығы ескеріліп, жүк тасымалдарын қамтамасыз ету үшін вагондардың қажеттілігі олардың түрі бойынша көрсетіледі.

20. Жүк тасымалдарының жиынтық айлық жоспарының әзірленген жобасы тағайындалу темір жолдары бойынша, жүктер номенклатурасы бойынша және жылжымалы құрамның түрлері бойынша жеке есеп шоттардың макеттеріне қалыптастырылады және жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей Бас Есептеу Орталығына және Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің дирекциясына (бұдан әрі – Дирекция) жүктерді тасымалдаудың жиынтық желілік жоспарын қалыптастыру үшін тапсырылады.

21. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша қабылданған, тасымалдарды жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесінде қорытылған айлық өтінімдердің негізінде тасымалдаушы жылжымалы құрамды пайдаланудың техникалық нормаларын, тағайындалу теміржол жолдары бойынша, тасымалдау бөлімшелері және жылжымалы құрамның түрлері бойынша тиеу жоспарын, теміржол жолдары бойынша жүктерді тасымалдаудың жиынтық айлық жоспарын, үсті ашық вагондарға түрі бойынша тиеу жоспарын, жүктердің түрлері бойынша статистикалық жүктеме жоспарын, тиеу станциялары бойынша көмір, мұнай және мұнай өнімдерін тиеу жоспарын әзірлеу үшін теміржол жолдары бойынша жүк тиелген вагон ағындары корреспонденциясының жобасын жасайды.

22. Дирекция қабылдаған жоспарланып отырған айға жүктерді тиеудің орташа тәуліктік мөлшеріне сәйкес тасымалдаушы жол бөлімшелері үшін тәулігіне орташа алғанда, вагондардағы және тоннадағы жүк номенклатурасы бойынша тасымалдардың айлық жоспарын бекітеді және жол бөлімшелеріне жариялайды, олар тасымалдау жоспарларын бекітеді және оларды жүк жөнелтушілерге әр тиеу станциясы бойынша келесі ай басталғанға дейін 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей жариялайды.

23. Дирекциямен келісілген жылжымалы құрамды пайдаланудың техникалық нормаларының және жүк тиеудің орташа тәуліктік мөлшерінің негізінде тасымалдаушы өзінің барлық бөлімшелеріне бекітілген жүк тиелген вагон ағындары корреспонденциясын, тасымалдаудың жиынтық айлық жоспарын, тағайындалу теміржол жолдары бойынша жол бөлімшелері бойынша және жылжымалы құрамның түрлері бойынша тиеу жоспарын, үсті ашық вагондарға түрлері бойынша тиеу жоспарын, жүктердің түрлері бойынша және бөлімшелер бойынша статикалық жүктеме жоспарын жариялайды.

24. Тасымалдаушының құрылымдық бөлімшесі жоспарлы ай туғанға дейін жүк жөнелтушілермен келісу бойынша бір ай, онкүндік және тәулік ішінде тиеудің біркелкілігін және ырғақтылығын, сондай-ақ тасымалдардың ірілендіруін және жүктерді жөнелту маршруттарымен тасымалдау жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындаудың тәртібін белгілейді.

25. Жүк жөнелтушілер жүк тасымалдары жоспары бойынша айлық өтінімдермен қатар тасымалдаушыға жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 14 күнтізбелік күннен кешіктірмей, ГУ-114 нысанындағы тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімде (осы Қағидаға 10-қосымша) көзделген мөлшерде жүктерді маршруттармен тасымалдауға үш дана өтінімді тапсырады.

Жүктерді маршруттармен тасымалдауға арналған өтінім негізгі айлық өтінімге қоса тіркеледі.

26. Жол бөлімшесі жүк жөнелтушімен келісу бойынша маршруттарды тиеудің айдың күндері бойынша, жылжымалы құрамның тиесілілігіне қарай бөле отырып, күнтізбелік жоспарын әзірлейді және жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 5 күнтізбелік күн бұрын бекітеді.

Бекітілген күнтізбелік жоспар маршруттарды тиеу станцияларына және жүк жөнелтушілерге жоспарлы ай басталғанға дейін 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей жарияланады.

27. Жүк жөнелтушілер онкүндік басталғанға дейін 3 күн бұрын жол бөлімшесіне немесе тасымалдаушының өкіліне станцияға күнтізбелік кестемен онкүндіктің күндері бойынша тиеу мөлшеріне ГУ-11 нысанындағы өтінімді (осы Қағидаға 11-қосымша) береді. Жол бөлімшесі жүк жөнелтушілермен бірлесіп

ұзақ мерзімге (мысалы, жарты айға, бір айға) өтінімдер берудің тәртібін белгілейді.

28. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындаудың келісілген тәртібі осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес ГУ-1 нысаны бойынша тасымалдар жоспарын орындаудың есептік карточкасына жазылады.

29. Тасымалдаушы жүктерді тасымалдау жоспары бойынша негізгі айлық өтінімдерді тағайындалу станциялары бойынша өзгертуді жүк жөнелтушілердің қолдаухаты бойынша ағымдағы ай аяқталғанға дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.

30. Жүк жөнелтушілердің осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген мерзімдерден кеш берген жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімдерін, тасымалдаушы жоспардан тыс тасымалдар туралы өтінім ретінде қарайды.

31. Жүк жөнелтушілер жоспардан тыс жүк тасымалдарына өтінімдерді тиеу күні басталғанға дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей тапсыруы тиіс.

Мұндай тасымалдарға арналған өтінімдер "жоспардан тыс" белгісімен бір данада ГУ-12, ГУ-12К нысандағы бланкілерде ресімделеді.

Жоспардан тыс тасымалды жүзеге асыру мүмкіндігі болмаған жағдайда тасымалдаушы үш тәулік мерзімде өтінім берушіге мұндай тасымалдардан бас тартатындығы туралы хабарлайды.

Халықаралық қатынаста жоспардан тыс тасымалға арналған рұқсат ағымдағы күнтізбелік айдың аяғына дейін күшінде болады.

Облысаралық қатынаста жоспардан тыс тасымалға арналған рұқсат тасымалды жүзеге асырудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктері ескеріле отырып, өтінім келіп түскен сәттен бастап ағымдағы күнтізбелік айдың аяғына дейін күшінде болады.

32. Тасымалдаушы:

1) онда кәсіпорынның (жүк жөнелтушінің) техникалық мүмкіндіктерінен және өңдеу қабілетінен асатын тиеу көлемі көрсетілген жағдайда;

2) жүк жөнелтушінің кінәсінен алдыңғы үш және одан көп айларда айлық жоспарлық өтінімдерді асып кететін көлем бөлігінде орындалмағанда;

3) жолға вагондарды беру-алу шарты немесе тармақ иеленушінің жазбаша келісімі болмағанда;

4) онда жүк жөнелтуші көрсеткен тасымалдарды жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесі құралдарымен енгізу және өңдеу үшін қажетті мәліметтер қате, бұрыс немесе толық болмағанда;

5) Заңға сәйкес темір жол қатынасы тоқтатылған жағдайда;



б) тасымалдаушының тасымалды ұйымдастыру бойынша техникалық мүмкіндіктері болмаған жағдайда және өзге жағдайларда, жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Бұл жағдайларда тасымалдаушы бас тарту себептерін көрсете отырып, жүктерді тасымалдауға арналған өтінімдерді жүк жөнелтушіге қайтарады.

33. Тасымалдаушы айлық жоспарлық өтінімді орындауға зиян келтірмейтіндей етіп, халықаралық қатынаста басқа жүктер бойынша бас тартылған және жете тиелмегендер және сол тағайындалу темір жолдарына жөнелтушілер есебінен, облысаралық қатынаста және жылжымалы құрамның тиісті түрі бос күйде жүріп келе жатқан бағытта бас тартылған өтінімдер есебінен, сондай-ақ жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігін арттыру есебінен де жоспардан тыс жүктерді тиеуге рұқсат етеді.

34. Тасымалдаушыға жүк жөнелтушілердің қолдаухаты бойынша:

1) жүк тасымалдары жоспары бойынша өтініммен көзделген жүк жөнелту станциясын өзгертуге;

2) жүктердің бір номенклатуралық тобымен көзделген шегінде жүктің бір түрін басқасымен ауыстыруға;

3) мүкәммал вагонды, контейнерді өз вагонына, контейнерге ауыстыруына рұқсат етіледі.

35. Тасымалдаушы жүк жөнелтушілердің қолдаухаты бойынша республикаішілік қатынаста жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімде көзделген және көрші қатынаста бір темір жол әкімшілігінің шектерінде тасымалдар жоспары бойынша аталған жүк бойынша ГУ-12 нысанды жан-жақты өтінім берген клиенттің тиеудің жоспарлық нормасынан 15%-дан аспайтын мөлшерде, ал тасымалдар жоспары бойынша айына 50 вагонға дейін өтінім бар клиенттерге - 15 вагоннан аспайтындай өзгертеді.

36. Жол бөлімшесіне:

1) жүк жөнелтушілердің қолдаухаты бойынша жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімде көзделген жүкті жөнелту станциясын тасымалдау бөлімшесінің шегінде өзгертуге;

2) егер осы Қағидаттың 13-тарауында жол берілсе аталған жүкті үсті ашық жылжымалы құраммен тасымалдауға жол берілетін болса, жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімде көзделген жабық жылжымалы құрамды ашығына, сондай-ақ вагондардың жекелеген үлгілерін ұтымды пайдалануды ескере отырып, үсті ашық жылжымалы құрамның бір түрін екіншісіне ауыстыруға;

3) облысаралық қатынаста, халықаралық қатынаста, транзиттік темір жолдардың қатысуынсыз жоспардан тыс тасымалдарды жүзеге асыруға;

4) онкүндік басталғанға дейін үш тәулік бұрын жүк жөнелтушімен келісу бойынша қажетіне қарай маршруттарды тиеудің күнтізбелік жоспарларын өзгертуге;

5) жекелеген жағдайларда жүк жөнелтушілердің өтінімдері бойынша тиеу күнінің алдында - жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімде көзделген шекте маршруттың тағайындалу станциясын өзгертуге рұқсат етіледі.

37. Тасымалдаушының кінәсі бойынша жол берілген кем тиеудің орнын толтыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жол бөлімшесі есептік айдан кейінгі айдың 2-сінен кешіктірмей тасымалдаушыға алдын ала тексерілген ГУ-1 нысанды есепке алу карточкасын ( осы Қағидаға 12-қосымша) бере отырып, оның кінәсі бойынша әр жүк жөнелтуші , жүктің түрі және тағайындалу станциясы бойынша жол берілген кем тиеулер жайында хабарлайды;

2) жүк жөнелтуші айдың аяқталуы бойынша 3 күннен кешіктірмей, егер тасымалдау шартымен өзгеше көзделмесе, жол бөлімшесіне тасымалдаушының кінәсі бойынша жол берілгеннің орнын толтыруға өтінім береді;

3) жол бөлімшесі тасымалдаушының кінәсі бойынша шын мәнінде жол берілгеннің жүк жөнелтуші берген өтінімге сәйкес келуін, есептеудің дұрыстығын мұқият тексергеннен және тараптардың жауапкершілігін есепке алу карточкасына жазғаннан кейін, жүктерді тиеудің онкүндік тапсырмасына жеке жол берілген кем тиеудің орнын толтыру бойынша вагондарды беру мөлшерін енгізеді. Жол бөлімшесі бір уақытта тасымалдаушыға жалпы алғанда жол бөлімшесі және жүктердің түрлері бойынша кем тиеудің орнын толтыру үшін тиеудің қабылданған мөлшерлері туралы хабарлайды;

4) жол бөлімшесінен өткен айда тасымалдаушының кінәсінен жол берілген кем тиеудің орнын толтыруға тапсырма алғаннан кейін станция жүк жөнелтушімен әр онкүндіктің күндері бойынша орнын толтырудың тәртібін келіседі және әр жүк жөнелтуші және жүктің түрі бойынша жеке есепке алу карточкасын ашады.

## **2. Үшінші елдерге халықаралық қатынаста тасымалдарды жоспарлау (экспорт)**

38. Үшінші елдерге халықаралық темір жол қатынасында жүк тасымалдарын айлық жоспарлау осы Қағиданың 1-тарауында белгіленген жүктерді жоспарлаудың бекітілген тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

39. Тасымалдаушы жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 3 күн бұрын жөнелту станцияларына тасымалдарға қатысушы транзиттік темір жол әкімшіліктері бойынша төлемдерді жүзеге асыратын экспедиторларды көрсетіп,

жүк жөнелтушілер бойынша үшінші елдерге халықаралық қатынаста жүк тасымалдарының келісілген көлемдерін хабарлайды.

40. Ақтау-Порт-Перевалкаға тағайындалуымен жүкті ағыза отырып және одан әрі экспортқа (үшінші елдерге халықаралық қатынаста) жүк тасымалдарын келісуді тасымалдаушы кемежаймен және жүк тасымалдауға қатысушы барлық қатысы бар кемежай маңындағы әкімшіліктермен дербес жүргізеді, ал Ақтау-Порт-Паром арқылы халықаралық қатынаста үшінші елдерге (экспорт) тасымалдау, сондай-ақ тасымалдауға қатысушы кемежай маңындағы темір жол станцияларының қатысы бар темір жол әкімшіліктерімен жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 10 күн бұрын, жүк жөнелтушіні, жөнелту станциясын, жүктің атауын, жүктің көлемін вагондармен және тоннамен, кемежай маңындағы станцияның атауын, кемежайдағы жүк жөнелтушінің атауын, тағайындалған елдің атауын көрсете отырып, жүзеге асырады.

41. Үшінші елдерге халықаралық теміржол қатынасында негізгі жоспармен көзделмеген, жоспарлы ай ішінде түскен жүк тасымалдарына өтінімдерді келісуді тасымалдаушы мынадай тәртіпте жүргізеді:

1) тасымалдаушы шекаралық темір жол станциялары арқылы жүк тасымалдарын үшінші елдердің темір жолдарымен Ресей Федерациясының теміржол әкімшілігі арқылы келіседі;

2) тасымалдаушы Ресей Федерациясының, Украинаның, Түрікменстанның, Грузияның, Әзербайжанның, Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Эстония Республикасының кемежай маңындағы темір жол станциялары арқылы жүк тасымалдарын магистральдық темір жол желісі операторы арқылы қатысы бар темір жол әкімшіліктерімен келіседі.

42. Тасымалдаушы экспортқа арналған жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімнің орындалуын жеке есепке алу карточкалары бойынша есепке алуды жүргізеді.

### **3. Жүкті экспортқа/импортқа Достық - Алашанькоу шекаралық өтпесі арқылы айлық жоспарлау**

43. Тоқсан бойынша бөлінген экспорттық және импорттық жүк тасымалдарының жылдық жоспары темір жол көлігімен экспорттық, импорттық тасымалдардың және транзиттік тасымалдардың көлемін келісу жөніндегі Темір жолдар Ұнтымақтастығы Ұйымының (бұдан әрі – ТЖҰЫ) жыл сайынғы кеңестерінде қабылданады және бекітіледі.

44. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының тасымалдаушылары арасында Достық - Алашанькоу шекаралық өтпесі арқылы жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімдерді келісу Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы 1992 жылғы 10 тамыздағы Шекаралық темір жол келісіміне және осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

45. Жүктерді Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен Қытай Халық Республикасына және одан әрі тағайындалуымен жөнелтуші жүк жөнелтушілер мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол әкімшіліктері жүктердің номенклатуралық топтарының белгіленген тізбесіне (осы Қағидаға 1-қосымша) сәйкес жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей жүк тасымалдарының жоспары бойынша айлық өтінімдер береді. Минералды тыңайтқыштарды, қара металл сынықтарын және екінші қайтара шикізатты тасымалдауға өтінімдерді жүк жөнелтушілер Қытай темір жолдары растаған келісімшарттарды және жүк алушыларды көрсете отырып береді.

46. Қытай Халық Республикасына жүк тасымалдарының мәлімделген көлемі тасымалдаушымен Достық–Алашанькоу шекаралық өтпелерінің өткізу қабілеті ескеріле отырып, тасымалдардың айлық жоспарына енгізіледі.

47. Қазақстаннан Қытай Халық Республикасына тағайындалуымен немесе Қазақстан арқылы транзитпен, Өзбекстаннан, Түркменстаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан және кері бағытта тасымалдар жоспары бойынша айлық өтінімдерді келісуді осы мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінің құзырлы органдары жүзеге асырады. Минералды тыңайтқыштарды, қара металл сынықтарын және екінші қайтара шикізатты тасымалдауға өтінімдерді жүк жөнелтушілер Қытай темір жолдары растаған келісімшарттарды және жүк алушыларды көрсетіп береді.

Жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 5 күн бұрын екі жақ бір-біріне жүктердің атауын, вагондар мен тонналардың санын, сондай-ақ ақтарылып тасымалданатын жүктердің атауы, қос доңғалақтары ауыстырылып, мөлшерден тыс тасымалданатындар жеке және жөнелтушінің шекаралық станцияларда қабылдаушы жақтың вагондарына тиеуі көрсетілген, жүк тасымалдары жоспары бойынша қабылданған өтінімдер туралы хабарлайды.

Тасымалдаушы жоспарланып отырған ай басталғанға дейін 3 күн бұрын жөнелту станцияларына тасымалдардың келісілген көлемін береді.

48. ҚХР-ға жүк тасымалдарының мәлімделген көлемі тасымалдаушының қолындағы тасымалдау құралдарына қарай және Достық-Алашанькоу шекаралық өтпелерінің өткізу қабілеті ескеріле отырып, тасымалдаушының айлық тасымалдар жоспарына енгізіледі.

49. Тасымалдаушы Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігімен және Үрімші темір жолымен жүктерді тасымалдаудың айлық

жоспарларын келісуді жүргізеді, олар жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімдермен жоспарланған ай басталғанға дейін алмасады.

50. Қытай темір жолдарынан келісілген айлық жүк көлемдері туралы ақпаратты алғаннан кейін, жөнелтілімді тасымалдаушы 5 тәулік ішінде жүк жөнелтушілер мен транзиттік темір жол әкімшіліктеріне хабарлайды.

51. Жоспардан тыс экспорттық-импорттық жүк тасымалдарына (Үрімші темір жолының шегіне/нен басқадан) өтінімдер тасымалдаушымен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігімен, ал Үрімші темір жолының шегіне/нен – Үрімші темір жолымен келісіледі.

52. Жүк тасымалдарының жоспардан тыс көлемдерін келісу кезінде бір уақытта шекаралық станцияларға жүктерді тапсырудың орташа тәуліктік нормасының номенклатура бойынша және тоннамен тиісті артуы туралы хабарланады.

53. Келісілген тасымалдардың негізгі айлық көлеміне және жекелеген жүктер тасымалының жоспардан тыс көлеміне сәйкес шекаралық станциялар жүктердің белгіленген мөлшерінің кідіріссіз қабылдануын қамтамасыз етеді.

54. Өткен айдың жоспарына сәйкес тиелген, бірақ шекаралық станцияларға келесі айда жеткен жүктер кедергісіз қабылданады.

55. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімдердің орындалуына бақылау жасауды шекаралық станция есепке алу карточкасы бойынша жүргізеді. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімдер орындалғанда, шекаралық станциялар негізге жүктің тасымалдауға қабылданған күнін алады.

#### **4. Тасымалдау жоспарының орындалуын есепке алу карточкасын жасау**

56. Жүк тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімнің орындалуы ГУ -1 нысанды есепке алу карточкасында (осы Қағидаға 12-қосымша) ескеріледі.

57. Есепке алу карточкасы жүктерді жөнелту станциясында әр қабылданған өтінім бойынша жеке жөнелтушімен жүргізіледі. Жүк жөнелтушінің өтініші бойынша оған есепке алу карточкасының көшірмесі беріледі.

Жүк жөнелтушінің меншікті жүйесі болғанда және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алғанда, есепке алу карточкасын жүргізу жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара әрекеттесу технологиясына және стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы автоматтандырылған әдіспен жүзеге асырылады. Қажет болғанда электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе тараптардың келісіміне сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбалар қолданылады.

Есепке алу карточкасына жүк жөнелтуші және тасымалдаушының станциядағы өкілі әрбір есептік тәулік не болмаса қабылданған өтінімге сәйкес жүктерді тиеу үшін белгіленген тәуліктер аяқталғаннан кейін қол қояды, ал ай аяқталғаннан кейін станция бастығы қол қояды. Жүк жөнелтуші есепке алу карточкасына қол қоюдан бас тартқанда, тасымалдаушы ГУ-23 жалпы нысандағы акт (осы Қағидаға 15-қосымша) жасайды.

58. Есепке алу карточкасы жөнелту станциясымен тасымалдаушы қабылдаған жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімнің негізінде ресімделеді. Есепке алу карточкасына өтінім нөміріне сәйкес келетін нөмір беріледі.

59. Жоспарлы ай басталғанға дейін тасымалдаушы жүк жөнелтушімен келісу бойынша бір ай және тәулік ішінде тиеудің біркелкілігін және ырғақтылығын қамтамасыз ететін жоспардың орындалу тәртібін белгілейді. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындауды ұйымдастыруға негіз жүк жөнелтушілердің тасымалдаушыға әр онкүндік басталғанға дейін, берген күнін қоспағанда, үш күн бұрын онкүндіктің күндері бойынша тиеу мөлшерінің күнтізбелік кестесімен беретін онкүндік өтінімдер болып табылады. Жылжымалы құрамның тиеуге біркелкі берілуін қамтамасыз ету мақсатында алдын ала келісілген тәртіп бойынша жүк жөнелтуші жүк тасымалдары жоспары бойынша қабылданған өтінімнің немесе күнтізбелік жоспардың тиеудің орташа тәуліктік нормасын алға тарта отырып, онкүндік өтінімде осы онкүндікке келетін вагондардың, контейнерлердің санынан аз болмайтын мөлшерді көрсетеді. Көлемі шамалы болғанда (5 вагоннан аспағанда) тасымалдаушы вагондарды жекелеген тәуліктерде беруге өтінім қабылдайды.

60. Есепке алу карточкасын жүргізу былайша жүзеге асырылады:

тасымалдаушы 2-бағанда жүктерді тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімге сәйкес тиеу күні бойынша вагондардың (контейнерлердің) санын көрсетеді.

Егер жүк жөнелтушінің онкүндік өтінімінде тиеу күні көзделмесе, тасымалдаушы есепке алу карточкасының 2-бағанын толтыруды жүктерді тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімге сәйкес бір айға біркелкі орташа тәуліктік тиеуді алға тартып жүргізеді.

3-баған вагондармен және тоннамен жоспарланған жүктер бойынша толтырылады. Жүктерді тек вагондармен, контейнерлермен ғана тасымалдау жоспарланғанда бұл баған толтырылмайды.

4-бағанда тасымалдаушының жүк жөнелтушіге жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді қамтамасыз ету үшін есептік тәулікте шын мәнінде берген вагондарының, контейнерлерінің саны көрсетіледі. Бұл ретте:

технологиялық уақытқа қарай жүк жөнелтуші осы тәулікте тиеуі мүмкін есепті тәулікте берілген (соның ішінде қосарланған операция ретінде) бос вагондар, контейнерлер (оның ішінде қосарланған операция тәртібінде);

өткен тәулікте тиелмей қалған вагондар, контейнерлер;

тасымалдаушының жүк жөнелтушінің есепті кезең ішінде олардың тиелуін қамтамасыз ету мүмкіндігін ескерусіз (тиеу-түсіру операцияларын жүргізудің технологиялық уақытына қарай) берген, бірақ жүк жөнелтуші есепті тәулік аяқталғанға дейін тиеген вагондары, контейнері берілген болып саналады;

кем тиелу орнын толықтыру есебіне жоспарлық ай барысында жүк жөнелтуші өтініші бойынша берілген вагондар берілген болып саналады.

Жүк жөнелтушінің өтінімінсіз берілген тиелмеген вагондар, контейнерлер берілген деп есептелмейді.

5-бағанда жүк жөнелтуші осы есептік тәулікте нақты тиеген вагондардың, контейнерлердің саны көрсетіледі.

6-бағанда вагондармен және тоннамен жоспарланған жүктер бойынша есепті тәулікте тиелген тонналардың саны көрсетіледі, жүктерді тек вагондармен және контейнерлермен ғана тасымалдағанда бұл баған толтырылмайды.

61. Онкүндік ішінде жүктерді тасымалдауға өтінімдер (жоспар) орындалу нәтижесі мынадай тәртіппен анықталады:

2-баған бойынша онкүндікке жоспарланған вагондардың, контейнерлердің саны, 4-баған бойынша - берілген вагондардың, контейнерлердің саны, 5-баған бойынша - шын мәнінде тиелген вагондардың, контейнерлердің саны есептеледі.

Вагондармен және тоннамен жоспарланған жүктер бойынша қорытындылар 3 және 6-бағандар бойынша шығарылады.

2-баған бойынша есептелген соманы және 5-баған бойынша есептелген соманы салыстыру жолымен жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімнің онкүндік ішінде вагондармен орындалуы, ал тоннамен орындалуы - тиісінше 3-баған бойынша соманы және 6-баған бойынша соманы есептегенде анықталады.

62. Егер онкүндікте жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімінің орындалмағаны анықталған болса, мынадай есептеу жүргізіледі:

онкүндік ішінде тасымалдаушының кінәсі бойынша тиелмеген вагондардың, контейнерлердің саны 2-ші және 4-ші бағандар жиынтығы арасындағы айырмашылықты анықтап, кейіннен осы айырмашылықтан жөнелтушінің кінәсі бойынша берілмеген (тиеу шебінің нормадан тыс жұмыссыз тұрған вагондардан бос болмауынан, жүктің болмауынан, төлемдерді жасамаудан) вагондардың, контейнерлердің санын шегеру жолымен белгіленеді.

Жүк жөнелтушінің кінәсінен тиелмеген вагондардың, контейнерлердің саны 4-баған бойынша есептелген сомадан онкүндік ішінде 5-баған бойынша есептелген соманы шегеру жолымен анықталады.

7, 8-бағанда тасымалдаушыны немесе жүк жөнелтушіні жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын жағдайлар көрсетілгенде, берілмеген және осының нәтижесінде тиелмеген вагондардың, контейнерлердің саны да алынған айырмадан шегеріледі.

63. Жүк жөнелтуші жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімдерді мына жағдайларда орындамаған болып танылады:

жүктерді тасымалдау жоспары бойынша ГУ-12 нысанды өтінімді орындау үшін ай барысында тиеудің бірқалыптылығын және ырғақтылығын қамтамасыз ететін вагондар санына он күндік өтінімді жүк жөнелтуші бермеген жағдайда;

жүкті ұсынбаған жағдайда;

он күндік өтінім бойынша жүк жөнелтуші тасымалдаушы берген көлік құралдарын пайдаланбаған жағдайда;

меншікті немесе жалдаған вагондар келмеген жағдайда.

Бұл ретте тасымалдаушы он күндік өтінімді бермеуді жүк жөнелтушімен дер кезінде берілмеген вагондарды тиеуге беруден бас тарту деп санайды.

64. Тасымалдаушының не болмаса жүк жөнелтушінің кінәсінен жол берілген жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімнің тоннамен жалпы орындалмауының мөлшері тиелмеген вагондардың, контейнерлердің санын статикалық жүктеменің шамасына көбейту жолымен анықталады. Статикалық жүктеменің шамасы 3-бағанда көрсетілген тоннаның мөлшерін 2-бағанда көрсетілген вагондардың, контейнерлердің санына бөлу арқылы есептеледі.

Жүк жөнелтушінің кінәсі бойынша тасымалдаушының вагондарды бермеуі (жүктің болмауы, тиеу шебінің вагондардан бос болмауы, төлемдерді жасамау, меншікті вагондардың, контейнерлердің келмеуі) жүк жөнелтушінің кінәсіне жатқызылады, мұндай жағдайлардың болуы 8-бағанда көрсетіледі.

65. Мүліктік жауапкершілік туралы деректер есепке алу карточкасының 2-бөлігіне енгізіледі.

66. Жоспардың есепті тәулікте орындалу нәтижесі тасымалдаушының станциядағы өкілінің және жүк жөнелтуші өкілінің қолдарымен тиісінше 9-10-бағандарда расталады.

67. 11-23-бағандарда жүктерді тағайындалған темір жолдары бойынша вагондарда, контейнерлерде тиеу туралы деректер көрсетіледі. Жүк жөнелтушінің өтініші бойынша темір жолдар бойынша тиеу мөлшері өзгертілген жағдайда осы Қағидаға сәйкес тиісті өзгертулер есепке алу карточкасының 11-23-бағандарының онкүндік және ай жолының алымына, сондай-ақ, егер мұндай өзгерту тәуліктік тиеуді өзгертуді талап ететін болса 2, 3-бағандарға енгізіледі.

68. Жүкті вагондармен тасымалдау жоспары бойынша өтінім орындалмағанда, бірақ оларды тасымалдау вагондармен және тоннамен белгіленген жүктер бойынша тоннамен орындалса, өтінім орындалған болып саналады.



Жүк жөнелтушінің вагонды тиеудің техникалық нормаларын орындамауы салдарынан тоннамен жоспары бойынша кем тиеу жүк жөнелтушінің кінәсіне жатқызылады. Егер жүк жөнелтуші вагондарды сыйымдылығына дейін (олардың жүк көтергіштігін ескере отырып) толық тиемесе және осы себептен тоннамен жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінім орындалмаған болса, тасымалдаушы вагондарды бермейді.

69. Тоннамен жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінім орындалмағанда (тасымалдау вагондармен және тоннамен жоспарланған жүктер бойынша) вагондармен норма толық пайдаланылғанда және оларды тиеудің техникалық нормалары орындалғанда тасымалдаушы вагондарды тоннамен жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындау үшін қажетті мөлшерде тиеуге береді.

70. Жүктерді жоспардан тыс тасымалдауға жеке есепке алу карточкасы жасалады.

Егер жоспарда тиеу есепті айдың жекелеген күндерінде ғана көзделсе, қорытындылар шығару соңғы тиеуден кейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

71. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімнің орындалмағаны үшін түпкілікті есеп айырысу ай аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

### **3-бөлім. Тасымалдау үдерісін жүзеге асыру**

#### **5. Жүктерді тасымалдауға қабылдау**

72. Жүктерді тасымалдауға қабылдау тапсыру-қабылдау жолдарында жүргізіледі.

Жүк тасымалдары вагондап, контейнерлеп, шағындап, топтаулы және маршруттық жөнелтілімдермен жүзеге асырылады.

Тасымалдау үшін жеке вагонның берілуі талап етілетін, тасымалдауға бір темір жол көліктік жүк қағазымен (бұдан әрі - жүк қағаз) берілетін жүк вагондап жөнелту болып саналады.

Тасымалдау үшін бір контейнер беру талап етілетін, тасымалдауға бір жүк қағазымен берілетін жүк контейнерлеп жөнелту болып саналады.

Тасымалдау үшін жеке вагонның немесе контейнердің берілуі талап етілмейтін, тасымалдауға бір жүк қағазымен берілетін жүк шағындап жөнелту болып саналады.

Тасымалдау үшін бір вагоннан артық берілуі, бірақ маршруттық жөнелтілімнен аз болатын, тасымалдауға бір жүк қағазымен берілетін жүк топтаулы жөнелтілім болып саналады.

Тасымалдау үшін вагондардың маршруттар үшін массасы немесе ұзындығы бойынша белгіленген нормаларға сәйкес келетін мөлшерінің берілуі талап етілетін, тасымалдауға бір жүк қағазымен берілетін жүк маршруттық жөнелтілім болып саналады.

Бір жүк алушының атына бір жүк қағазымен түрлі атаудағы берілетін жүк құрама вагондап жөнелту болып саналады. Егер жүк қағазында бір жөнелтілім бойынша тасымалданатын барлық жүктерді атап шығу үшін орын жетіспеген жағдайда жүк жөнелтуші мұндай жүктердің тізбесін жасайды және жүк қағазының "Жүктің атауы" бағанында "Құрама вагондап жөнелту, жүктердің тізбесі қоса беріліп отыр" деп көрсетеді.

Жүк тасымалдау үшін жүкжөнелтушіге вагон бөлуге жүк тасымалдауға арналған жоспардың (өтінімнің) болуы және көліктік темір жол жүкқағазының түпнұсқасында тасымалдаушы визасының болуы негіз болып табылады.

Жүкжөнелтуші тасымалдаушы белгілеген тәртіппен тасымалдаушының автоматтандырылған деректер базасында тіркеледі.

Жүкті тасымалдауға қабылдау үшін тасымалдаушының жүкті қабылдау туралы белгісімен жүкті тасымалдауға өтінімнің жоспар бар болуы негіз болып табылады.

73. Жүктер тасымалдауға жүк жылдамдығымен, сондай-ақ үлкен жылдамдықпен қабылданады. Жүк және жоғары жылдамдықтар жүкті жеткізу мерзімдеріне (осы Қағидаға 13-қосымша) сәйкес белгіленеді.

Тасымал үшін төлем ең қысқа қашықтықпен жүріп өткен жол арқылы белгіленеді.

Тасымалдау жылдамдығының түрі жүкжөнелтушімен белгіленеді және жүкқағазда көрсетіледі.

Егер осы жүкті белгілі бір жылдамдықпен ғана тасымалдауға рұқсат етілсе, онда жүкжөнелтуші бұл жылдамдықты жүкқағазда көрсетеді.

74. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондардың, контейнерлердің тиеуге берілуі туралы беруден бұрын екі сағаттан кешіктірмей, мұндай хабарламаны вагондарды тиеуге беру уақыты туралы хабарламалар кітабында тіркегеннен кейін хабарлайды. Вагондарды кірме жолдарға беру-алу тәртібі вагондарды беру-алу шартына сәйкес белгіленеді. Жүк жөнелтушінің ұсынысы бойынша хабарлаудың өзге тәртібі белгіленуі мүмкін. Хабарлау үшін деректермен электрондық алмасу желісін қоса алғанда, қолдағы байланыс құралдары қолданылады. Жүк жөнелтушінің хабарламаларды қабылдауын қамтамасыз ету үшін хабарламаларды қабылдау бойынша жауапты адамдар белгіленеді, олардың тегі және телефон (факс, телекс) нөмірлері жазбаша түрде тасымалдаушыға хабарланады. Жүк жөнелтуші вагондардың берілгені туралы хабарламаны алмаған жағдайда немесе тасымалдаушы вагондарды хабарламасыз бергенде

вагондар жүк жөнелтушінің атына есептеледі және олардың кірме жолда болу уақыты вагондар шын мәнінде берілгеннен кейін екі сағат өткен соң есептеледі. Вагондарды хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктіріп бергенде, вагондардың кірме жолда болған уақыты шын мәнінде берілген сәттен бастап есептеледі. Егер кешіктіру екі сағаттан асып кетсе, тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды беру туралы тағы хабарлайды.

75. Жүк тасымалдары үшін ақыны және тасымалдаушыға өткен жүк тасымалдары үшін тиісті төлемдерді төлегенге дейін келесі тиеу үшін вагондарды, контейнерлерді беру тоқтатылады.

76. Тасымалдаушы тиеуге ақаусыз, сырты мен іші тазаланған, қажет болған жағдайларда жуылған және залалдандырылған, жүктердің белгілі түрлерін тасымалдауға жарамды, бекітуге арналған қарапайым құралдары алынған, алынбайтындардан басқа, тиесілігіне қатыссыз вагондарды, контейнерлерді береді.

77. Жүк жөнелтушінің оның өтінімі бойынша тиеу станциясына келген бос ерекшеленген вагондардан бас тарту және бұл станцияда басқа жүк жөнелтушімен тәулік барысында қолдануға болмайтын жағдайында тасымалдаушы одан жөнелтілген станциядан тиеу станциясына дейін, бірақ 300 километрден аспайтын шақырым үшін төлем ақы алынады.

78. Тиеуге берілген вагондардың, контейнерлердің техникалық жарамдылығын тасымалдаушы анықтайды. Тиеуге, оның ішінде құюға, тасымалдаушы меншігіндегі вагондар мен контейнерлерді дайындауды тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші өзара бекітілген шарттарға сәйкес жүргізіледі, ал тасымалдаушы меншігіне жатпайтын вагондар мен контейнерлерді, оның ішінде ерекшеленген вагондарды, контейнерлерді дайындау жүк жөнелтушімен немесе мүмкіндік бар жағдайда жүк жөнелтуші есебінен тасымалдаушымен олардың өзара бекіткен шарттарына сәйкес жүргізіледі.

Вагондарды, контейнерлерді тиеуге дайындау вагондарда, контейнерлерде жарияланған жүкті тиеуге дейін поезд жүрісі қауіпсіздігін, тасымалданатын жүктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін жұмыстарды қарастырады.

Тиеу кезінде қауіпті жүктер үшін қарастырылған шарттар сақтала отырып, вагондарды дайындау жүргізілетін жүктердің тізбесі осы Қағидаға 14-қосымшада көрсетілген.

Цистерналарға құю алдында жүкжөнелтушілер қазандардың, арматураның және цистерналардың әмбебап құю аспаптарының техникалық жарамдылығын тексереді.

Вагондардың, контейнерлердің (аталған жүктерді тасымалдауға жарамды вагондардың, контейнерлердің жүк бөлімдерінің жай-күйі, жүктерді тиегенде, түсіргенде және тасымалдағанда жүктердің жай-күйіне әсер ететін вагондардың, контейнерлердің ішінде бөтен иістің, өзге де қолайсыз факторлардың болмауы, ашық вагондардағы атмосфералық жауын-шашын салдарларын, сондай-ақ вагондар, контейнерлер шанақтарының ішкі конструкцияларының ерекшелігін есептемегенде) нақты жүктерді тасымалдауға коммерциялық тұрғыдан жарамдылығы мынадай қатынаста анықталады:

вагондардың - жүк жөнелтушілермен, егер тиеуді олар жүзеге асырса, немесе тасымалдаушымен, егер тиеуді ол жүзеге асырса;

контейнерлердің - жүк жөнелтушілермен.

79. Жүк жөнелтушілер нақты жүк тасымалдау үшін жарамсыз вагондардан, контейнерлерден бас тартса, тасымалдаушы аталған вагондардың, контейнерлердің орнына ақаусыз, осындай жүктерді тасымалдауға жарамды вагондарды, контейнерлерді береді.

80. Вагондардың жүк тасымалдауға, соның ішінде қосарланған операциялар (жүкті вагоннан түсіргеннен кейін) ретінде пайдаланылатындардың жарамсыз болу деректері ГУ-23 жалпы нысандағы актімен (осы Қағидаға 15-қосымша) ресімделеді, оған тасымалдаушының және жүк жөнелтушінің өкілдері қол қояды.

81. Жүктерді вагондарға, контейнерлерге кірме жолдарда тиеу және түсірудағы орындарда тиеуді жүк жөнелтуші немесе шарт негізінде тасымалдаушы жүзеге асырады. Тиеу-түсіру орындарында мыналарды:

қауіпті және тез бүлінетін жүктерді;

малдан алынған шикі өнімдерді;

бір орнының массасы 0,5 тоннадан асатын және жабық вагонда тасымалданатын жүктерді;

габариттен тыс жүктерді;

құйылып, үйіліп және ақтарылып тасымалданатын жүктерді;

мамандандырылған жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктерді қоспағанда, тиеу жүк алушылар және жүк жөнелтушілер өкілдерінің қоса жүруімен жүзеге асырылады.

82. Жүк жөнелтушілер жүктерді тиеу және тасымалдау үшін тиеу-түсіру жұмыстарының және қозғалыстың қауіпсіздігі, жүктердің, вагондардың, контейнерлердің сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындайды.

Жүктер, оларды зақымданудан, бүлінуден, жоғалудан және жетіспеуден сақтау, сондай-ақ жылжымалы құрамның, темір жол төсемінің және қоршаған табиғи ортаның ластануын және қоқыстануын болдырмау мақсатында тасымалдауға стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес келетін көліктік ыдыс қолданылып буып-түйілген түрде беріледі.

Жүктің ыдысына және орамасына, тасымалдаушы тасымалдайтын өнімнің сапасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стандарттармен, техникалық шарттармен белгіленеді. Жүк жөнелтушілер тасымалдаушының талап етуі бойынша тиелетін өнімге, егер жүк буып-түйілген болса, орамасына стандарттар немесе техникалық шарттарды көрсетеді.

83. Ыдысына және орамасына стандарттар мен техникалық шарттар белгіленбеген жүктер тасымалдауға жеткізіп беру келісім-шарттарының, шарттардың ережелеріне және осы Қағиданың талаптарына сәйкес келетін олардың тасымалдауда толық сақталуын қамтамасыз ететін ақаусыз ыдыста тапсырылады.

Тасымалдаушы жүктердің ыдысы мен орамасының сәйкестігін тексеруді жүргізеді.

84. Оңай жанатын жүктер қатарына жатпайтын, бірақ оңай жанатын материалдар қолданыла отырып (мата, жөке) буып-түйілген немесе бұзылудан оңай жанатын материалдармен (қағаз, жөке, жоңқа, сабан, басқалар) қорғалған болса, сондай-ақ жұмсақ жиһаз тасымалданғанда, вагондарды, контейнерлерді қарау және оларды тиеуге дайындау жанғыш жүктердікі секілді жүргізілуі керек.

Тиелуі кезінде қауіпті жүктер үшін қарастырылған шарттар сақтала отырып, вагондарды дайындау жүргізілетін жүктер 12-қосымшада көрсетілген.

85. Жүк жөнелтуші ыдыстағы және дара жүктерді тасымалдауға көліктің басқа түрлерінде қолданылатын таңбалау талаптарына тәуелсіз көліктік таңбалаумен тапсырады. Көліктік таңбаның мазмұны, орны, жапсыру орны мен әдісі, орналастыру тәртібі, таңбалық жапсырмалар мен жазбалардың мөлшері МемСТ-қа сәйкес жасалады. Көліктік таңба негізгі, қосымша, ақпараттық жазбалардан және манипуляциялық белгілерден тұрады.

Жүктермен жұмыс істеу тәсілдеріне нұсқайтын кескіндемелер манипуляциялық белгілер болып табылады.

86. Жүк орындарындағы негізгі жазбалар жүк жөнелтушінің белгіленген тәртіппен тіркелген толық және шартты атауынан, тағайындалу станциясының толық атауынан және тағайындалу темір жолының қысқартылған атауынан, жөнелтілімдегі жүк орындарының санынан және жөнелтілім ішіндегі орынның реттік нөмірінен (бөлшекпен көрсетіледі: алымында - жөнелтілімдегі орынның реттік нөмірі, бөлімінде - жөнелтілімдегі орындардың саны) тұрады.

Жүк орындарының саны және орынның реттік нөмірі бір үлгідегі ыдыста әр түрлі текті немесе әр түрлі сұрыпты жүктер (мысалы, бумадағы мақтаның түрлі сұрыптары) немесе бір текті жүктер түрлі үлгідегі ыдыста немесе бір текті жүктер жөнелтілімінде мұрыптардың араласуы мүмкін емес болғанда, немесе

жабдық жиынтықтарын тасымалдағанда, сондай-ақ жол жүру барысында шамадан артық тиеп тасымалдағанда немесе жүктерді бір вагонда шағын жөнелтіліммен тасымалдағанда көрсетіледі.

87. Жүк орындарындағы қосымша жазбалар:

жүк жөнелтушінің белгіленген тәртіппен тіркелген толық немесе шартты атауынан;

жөнелту станциясы көрсетілген жөнелту пунктінің атауынан және жөнелту темір жолының қысқартылған атауынан;

жүктерді шағын жөнелтіліммен тасымалдағанда әрбір жүк орнына енгізілетін темір жол таңбасынан тұрады, темір жол таңбасы бөлшек түрінде: алымы - жүкті жөнелтуге қабылдау кітабы бойынша реттік нөмірі және сызықша арқылы - жөнелтілімдегі орынның саны; бөлімі - тарифтік басшылыққа сәйкес жөнелту станциясының кодынан тұрады.

Темір жол таңбасын:

тасымалдаушы жөнелту станциясында - жүктерді тасымалдауға тиеу және түсіру орындарынан қабылдағанда және сонымен қатар жүк қағазында "Т.ж. маркасы" бағанында көрсетіледі;

жүк жөнелтуші (жүкті тасымалдауға тапсырғанға дейін) - жүкті шағын жөнелтімдермен клиенттің кірме жолдарында тиегенде жазады.

Ақпараттық жазбалар:

жүк орнының килограммен алғандағы брутто массасынан және нетто массасынан тұрады. Нетто массасының орнына бұйымдардың бірлік санын көрсетуге жол беріледі. Егер бұл мәліметтер орамадағы өнімді сипаттайтын таңбалауда көрсетілсе, олар жазылмайды;

жүк орнының габариттік мөлшері сантиметрмен (ұзындығы, ені, биіктігі не болмаса диаметрі мен биіктігі) көрсетілсе, олар жазылмайды. Егер габариттік өлшемдердің біреуі жүкті ашық жылжымалы құрамда тасымалдағанда 1 метрден аспаса және жабық вагонда - 1,2 метрден аспаса, мұндай өлшемдер көрсетілмейді.

Манипуляциялық белгілерді жазудың қажеттілігі өнімнің стандарттарында, техникалық шарттарында белгіленеді. Егер манипуляциялық белгілермен жүкпен жұмыс істеу әдісін көрсету мүмкін болмаса, ескерту жазбаларын қолдануға жол беріледі.

Көліктік таңба әр жүк орнына жазылады. Бір текті жүктерді тікелей темір жол қатынасында вагондап жөнелтулерде негізгі, қосымша және ақпараттық жазбаларды (брутто массасынан және нетто массасынан басқа) барлық жүк орындарына, бірақ төрттен кем болмайтын жерлерде жазбауға жол беріледі. Бұл жағдайда таңбаланған жүк орындары:

жабық вагондарда - әр есіктің қасында таңбасы сыртқа көрсетіліп екі орыннан;

үсті ашық жылжымалы құрамда - тиеудің жоғарғы ярусында таңбасы жоғары көрсетіліп вагонның әр бойлық ернеуіндегі екі орыннан орналастырылады.

Негізгі, қосымша және ақпараттық жазбаларды (брутто массасынан және нетто массасынан басқа) әмбебап контейнерлерде тасымалданатын жүктерге жазу талап етілмейді.

Жүктерді ыдыссыз үйіп және құйып тасымалдағанда көліктік таңба жазылмайды.

Жүктерден қалыптастырылған көліктік пакеттерге жазбалар жазудың ерекшелігі осы Қағиданың 301, 303-тармақтарында белгіленеді.

88. Жүктерді вагондарға, контейнерлерге тиеу, орналастыру және бекіту поездар қозғалысының қауіпсіздігін, тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруды және қауіпсіз ету мүмкіндігін, жүктердің, вагондардың, контейнерлердің стандарттар талаптарына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Жүктерді вагондарға, контейнерлерге орналастыру және бекіту жүктерді орналастыру және бекіту шарттарына, осы Қағида талаптарына сәйкес жүргізіледі. Орамаларында манипуляциялық белгілер және ескерту жазбалары бар жүктер вагондарға осы белгілердің, жазбалардың талаптары сақталып тиеледі.

Жүктерді тиеу, бекіту және тасымалдау үшін қажетті жабдықты, материалдарды, пакеттеу құралдарын және өзге де қарапайым құралдарды жүк жөнелтуші береді. Мұндай қарайым құралдарды тиеу кезінде орнатуды кімнің тиеуді жүзеге асыруына қарай жүк жөнелтуші немесе тасымалдаушы жүргізеді. Бір вагонға өзінің қасиеті бойынша басқа жүктерге зақым келтіретін немесе бүлдіретін жүктерді тиеу жүргізілмейді. Ыдыстағы және дара жүктерді вагонның есікаралық кеңістігінде орналастыру есік пен жүк арасындағы саңылау 25 сантиметрден кем болмайтындай етіп жүргізіледі. Жүктер вагондарға, контейнерлерге олардың толық сыйымдылығына дейін тиеледі, бірақ вагондағы, контейнердегі трафаретке сәйкес жүк көтергіштігінен артық болмайтындай болуы керек.

89. Жүктерді тасымалдауға бергенде жүк жөнелтуші жүк қағазында олардың массасын, ал ыдыстағы және дара жүктерді бергенде дәл осындай жүк орындардың санын көрсетеді. Жүк массасын анықтау, егер оларды вагондардың, контейнерлердің толық сыйымдылығына дейін тиеу рұқсат етілген жүк көтергіштіктен тыс тиелуіне әкеліп соғуы анықтау, өлшеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, атқарылып, үйіліп тасымалданатын жүк массасын анықтау вагондық таразыда өлшеу жолымен асырылады.

Жүктердің массасын анықтауды жүк жөнелтуші жүргізеді. Тасымалдауға бір жүк қағазымен вагонда, контейнерде берілетін жүктің жалпы массасы өлшеу не болмаса трафаретке сәйкес әрбір жүк орнында көрсетілген массаны қосу арқылы, стандарттық масса бойынша, сондай-ақ есептеу жолымен және өлшеу арқылы анықталады.

Жүк жөнелтушіде вагондық таразы болмағанда, жүктің массасы тасымалдаушының таразысында анықталады. Тасымалдаушы жүктерді өлшегені үшін тасымалдаушының тарифтік басшылығында (бағатізбеде) көрсетілген алымдарды алады. Контейнерлермен тасымалданатын жүктердің массасы барлық жағдайларда жүк жөнелтушімен анықталады.

90. Цистерналарға құйылып тасымалданатын жүктердің массасын анықтау өлшеу жолымен немесе жөнелтушінің темір жол цистерналарын мөлшерлеу кестесін қолданып құю биіктігін өлшеу және құйылған жүктің көлемін анықтау жолымен жүргізіледі. Бұл жағдайда жүк жөнелтуші жүк қағазында, сондай-ақ жүктің атауы тұсында құю биіктігін, цистернадағы жүктің температурасын және өнімнің тығыздығын көрсетеді.

91. Тасымалданатын жүктерді кірме жолдарда өлшеу үшін өлшеу аспаптарының қажетті санымен жабдықтауды аталған жолдардың иесімен жүргізіледі.

92. Вагонның тиелу дәрежесін анықтау, тасымалдау төлемін есептеу және тасымалдауға қабылданған жүк үшін темір жолдың жауапкершілік дәрежесін белгілеу үшін жүктерді өлшеу әртүрлі үлгідегі таразыларда жүргізіледі. Жүктерді дұрыс өлшеу кем тиеуді, яғни вагонның жүк көтеру қабілетін толық пайдаланбауды, апаттар мен күйреулерге алып келуі мүмкін вагонның көтеру күшінен артық жүк тиеуді болдырмайды. Өлшеу тәсілінен, автотіркеме, үдеу әсерінен болған қателік, вагондық таразылардың үлгісіне байланысты статика, динамика ескеріле отырып, вагондық таразыларда өлшеудің ақырғы нәтижесі есептеледі. Өлшеу аспаптары Қазақстан Республикасының Мемстандартының нормативтік құжаттарының талаптарына сай болуы тиіс.

Вагон, контейнер ыдысының массасы вагон, контейнердегі трафаретке сәйкес қабылданады. Жүкжөнелтушілерде вагон тарзылары болған жағдайда, жүкқағазда вагон ыдысының нақты массасын "Ыдыс тексерілді" бағанында көрсете отырып, вагон ыдысына өлшеу жүргізуге рұқсат етіледі.

93. Жүктерді алынбалы жабдығымен және бекіту құралдарымен, соның ішінде көкөніс, астық қалқандарымен және қымтау құралдарымен тасымалдағанда, аталған қарапайым құралдардың, материалдардың массасы жүктің массасына кірмейді және жүк қағазының "Жөнелтушінің ерекше мәлімдемелері мен белгілері" 4-бағанында жеке көрсетіледі. Алынбайтын астық қалқандарының массасы вагон ыдысының массасына кіреді.



Бекіту құралдарының тізілімін жүк жөнелтуші "Жөнелтушінің ерекше мәлімдемелері мен белгілері" 4-бағанында көрсетеді.

94. Жүк массасын анықтау әдісі, жүк массасын кім анықтағаны (жүк жөнелтуші немесе тасымалдаушы) жүк қағазының тиісті бағандарында көрсетіледі. Жүк массасын стандарт бойынша анықтағанда, қосымша бір орынның массасы көрсетіледі.

95. Жүк тиелген вагондарды, контейнерлерді, егер жүк тасымалдаушымен тиелген болса, тасымалдаушы немесе жүктер жүк жөнелтушілермен тиелген болса, жүк жөнелтушілер пломбалайды.

96. Тиеу аяқталғаннан кейін жүк жөнелтуші жабық және мамандандырылған вагондардың шатырын, тиеу люктерін тиелген жүктің қалдықтарынан тазалайды, вагондағы трафареттік жазбаларды сүртеді, вагонның рамасы мен жүріс бөлігін тазартады.

97. Тасымалдаушы жүктерді тасымалдауға қабылдауды жылжымалы құрамға коммерциялық тұрғыдан қойылатын талаптарды сақтай отырып, келесі тәртіппен жүргізеді:

осы Қағиданың 581-тармағында көзделген жағдайларда, бекіту-пломбылау құрылғылары қойыла отырып, пломбыланған жабық үлгідегі жылжымалы құрамда немесе белгіленген үлгідегі бұраулар қойылған вагондарда жүктерді тасымалдауға қабылдауды тасымалдаушы вагондардағы жүктерді тексермей, вагондардың коммерциялық жай-күйіне (бекіту-пломбылау құрылғыларының, бұраулардың, люктердің, қаптағыш заттардың және т.б. түзіктігіне) сырттай қарау арқылы жүргізеді.

Ашық үлгідегі вагондарда (контейнерлерді қоспағанда) жүктерді тасымалдауға қабылдауды тасымалдаушы вагонда жүктің жоғалу, кем шығу немесе зақымдану белгілерінің болуына, сондай-ақ жүктерді орналастыруға және бекітуге қойылатын талаптардың сақталуына сырттай көзбен қарау арқылы жүргізеді.

98. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынғанда, жүктің әрбір жөнелтіліміне тиісті түрде жасалған жүкқағазын және басқа қажетті ілеспе құжаттарды тасымалдаушыға ұсынады.

Жүктің тасымалдауға қабылданғанының растамасы ретінде жүкжөнелтушіге жол ведомосының түбіртегіне қол қойылған жүктің қабылданғаны туралы квитанция беріледі. Аталған жүкқағазы және оның негізінде жүкжөнелтушіге берілген жүктің қабылданғаны туралы квитанция жүкті тасымалдау шартының жасасылғанын растайды.

Жүкті тасымалдауға қабылдау күні жүкқағазының тиісті бағанына жүктің ресімделуі жүргізілген тәуліктің уақытына байланыссыз ағымдағы тәуліктің

күнін көрсете отырып, жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабанын қою арқылы куәландырылады.

Жүк жөнелтушіде тасымалдау құжаттарын қабылдайтын, ресімдейтін, бақылайтын және мөр басатын өзінің автоматтандырылған жүйесі болған жағдайда, оларды келісу және бұрыштама қою жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара әрекеттесу технологиясы мен стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Электрондық жүкқағазды ресімдеу жүкқағазды ресімдеуге ұқсас етіп жүзеге асырылады.

Тиеудің және тасымалдау құжаттарын ресімдеудің аяқталуы бойынша жүк жөнелтуші вагондарды беру-әкету шартымен белгіленген вагонды немесе контейнерді тасымалдаушыға қабылдау-тапсыру жолдарында вагонды беру-әкету ведомосына (ГУ-46 нысаны), қабылдап-тапсырушының жаднамасына (ГУ-45 нысаны) қол қоя отырып, қабылдау-тапсыру операцияларын жүргізу арқылы береді.

99. Жүк тиелген вагондарды қабылдау/тапсыру кезінде тасымалдаушы мен жүк жөнелтушінің өкілдері осы Қағидаға, жүктерді тиеу және бекіту шарттарына, стандарттарға және т.б. сәйкес техникалық және коммерциялық тұрғыдан қарап тексеру жүргізеді.

100. Халықаралық теміржол қатынасында, сондай-ақ халықаралық аралық қатынаста экспортқа тиелетін жүктерді тасымалдауға қабылдау Қазақстан Республикасының теңіз кемежайлары мен шекаралық станциялары арқылы көліктің тиісті түрлерінде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ халықаралық келісімдер сақтала отырып жүргізіледі. Аталған тасымалдар Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде қолданылатын, тиісті қатынас түріне сәйкес келетін жүкқағаз-тасымалдау құжаттарымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін/әкетілетін жүктерді кедендік ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының кедендік іс туралы заңнамасымен реттеледі.

101. Жүк тасымалдаумен байланысты қызметтердің тізбесі осы Қағидаға 16-қосымшада жазылған.

## **6. Жүктерді беру**

### **1-параграф. Жүктің тағайындалған станциясына келуі туралы хабарлау**

102. Тасымалдаушымен анықталған тәртіппен, жүк қабылдаушы тасушының автоматтандырылған мағлұмат базасында тіркеледі.

103. Жүк тасушы шартқа сәйкес жүк қабылдаушыға жүктердің оның мекенжайына келуі туралы алдын ала хабарлама ұсынуы мүмкін. Ескертпенің тәсілі шартпен белгіленеді.

104. Тасымалдаушы жүк алушыға тағайындалу станциясына оның атына жүктердің келіп түскені туралы хабарламаны келу күнінен кейінгі күннің күндізгі сағат 12-сінен кешіктірмей ескертеді.

Тағайындалған станцияға жүктердің келіп түскені туралы хабарламаны беру тәртібі мен тәсілі тасымалдаушымен белгіленеді. Тасымалдаушы мен жүк алушы арасындағы шарт бойынша хабарландырудың басқа тәртібін белгілеуге жол беріледі. Хабарландыру үшін қолда бар байланыс құралдары қолданылады.

Хабарлау үшін шығыстардың орнын толтыру тасымалдаушы мен жүк алушы арасындағы шартпен анықталады.

Хабарландыруларды қабылдауды қамтамасыз ету үшін жүк алушымен хабарландыруларды қабылдау жөніндегі жауапты тұлғалар белгіленеді, олардың аты-жөні және телефондарының нөмірлері, факстері, телекстері жазбаша түрде тасымалдаушыға хабарланады.

Хабарландыруды беру бірмезгілде станцияда жүктердің келуі туралы хабарландыру кітабында беліленген нысанда тіркеледі.

Жүктің келуі туралы хабарландыруда хабарландыруды беру датасы мен уақыты қойылады.

Жүк алушы өзінің атына келген жүкті қабылдауды және тасымалдаушыға тиесілі ақыны төлеуді қамтамасыз етеді.

Жүк алушыға өзінің атына келіп түскен қауіпті жүктен бас тартуына жол берілмейді.

105. Тасымалдануы электрондық тасымалдау құжаты (бұдан әрі - электрондық жүкқағазы) қолданыла отырып ресімделген жүк тағайындалу станциясына келіп жетуі бойынша тағайындалу станциясының тауарлық кассирінің арнайы автоматтандырылған жұмыс орнына тасымалдаушының ақпараттық жүйесінен тасымалдау құжаттары туралы ақпараты бар электрондық хабарлама (хабарлама) беріледі.

Жүк алушының өзінде меншікті автоматтандырылған жүйе немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жетімділігі болған жағдайда, жүктің оның атына келгені туралы хабарлама жүк жөнелтуші, жүк алушы және тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара әрекеттесу технологиясына және стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Қабылдау-тапсыру жолдарына вагондарды беру**

106. Тағайындалған станцияға келген вагондар жүгі бар вагондарды алу немесе жүкалушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға жүкті беру үшін тасымалдаушы мен жүк алушы арасында белгіленген қабылдау-тапсыру жолдарына беріледі.

107. Вагондардың қабылдау-тапсыру жолдарына берілгені туралы тасымалдаушы беруге дейін 2 сағаттан кешіктірмей, осы Қағидаға және олардың арасындағы шартқа сәйкес белгіленген тәсілмен және тәртіппен жүк алушыға хабарлайды.

Тасымалдаушы жүкалушыға вагондардың берілгендігі туралы хабарламаған жағдайда, берілген вагондар жүк алушының есебіне жатқызылады және вагондар іс-жүзінде берілгеннен кейін екі сағат өткен соң олардың болу уақыты жүкалушының жауапкершілігінде болып есептеледі.

Вагондар хабарламада көрсетілген мезгілден кешіктіріліп берілген жағдайда, олардың жүкалушының жауапкершілігінде болу уақыты вагондар іс-жүзінде берілгеннен сәттен бастап есептеледі. Егер кешігуі екі сағаттан асса, онда тасымалдаушы алдағы беру туралы жүк алушыға жаңадан хабарлайды.

108. Қабылдау-тапсыру операциялары вагондарды беру-әкету шартының шарттарымен белгіленген қабылдау-тапсыру жолдарында жүргізіледі.

109. Вагондармен, соның ішінде жүк тиелген контейнерлермен қабылдау-тапсыру операциялары кезінде, қатысушы тараптар техникалық және коммерциялық байқау жолымен вагондардың, контейнерлердің түзіктігіне, сонымен қатар вагондық парақтар мен темір жолдық жүкқұжаттарында көрсетілген мәліметтердің сәйкестігіне көз жеткізеді.

Ашық жылжымалы құрамда жүктерді тасымалдау кезінде бұзылудың (бүлінудің) көрінетін іздерінің болмауына және жүк жоғалудың жоқ екендігіне көз жеткізу қажет.

Вагонда, контейнерде коммерциялық ақау байқалған жағдайда, тасымалдаушының өкілі ГУ-23 жалпы нысанындағы актіні толтырады.

Вагонда, контейнерде техникалық ақаулар байқалған жағдайда, тасымалдаушының өкілі ГУ-106 нысанындағы Вагонның, контейнердің техникалық жағдайы туралы актіні (осы Қағидаға 17-қосымша) толтырады.

### **3-параграф. Жүкті беру**

110. Жүк тағайындалған станцияда жүкалушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға олар жүк тасымалданғаны үшін және Тасымалдаушының тарифтік басшылығында (прейскурантта) белгіленген тасымалдаушыға тиесілі басқа да төлемдерді енгізгеннен кейін беріледі.

Жүк алушының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның жүкті алуға арналған сенімхатының нөмірі мен күнін көрсете отырып, жол ведомосына қойған қолы және теміржолдық жүкқұжатының түпнұсқасын беру жүктің берілуіне растама болып табылады.

Тасымалдаушы уәкілінің қатысуынсыз жүкқабылдаушының құралдарымен тиеу және түсіру орындарында және кірме жолдарда жүктерді түсіруді жүзеге асыру кезінде жүк алушының қабылдап-тапсырушының жаднамасында немесе вагонды беру және әкету ведомосында "Вагонды қабылдадым" деген бағанға қойған қолы жүктің іс жүзінде берілуінің растамасы болып табылады.

Халықаралық қатынаста жүкті тасымалдау кезінде Халықаралық теміржолдық жүк қатынасы туралы келісімге (бұдан әрі - ХЖүкҚК) немесе халықаралық келісімге сәйкес жүктерді беру туралы белгі енгізіледі.

111. Электрондық жүкқұжаты пайдалана отырып, жүктерді тасымалдау кезінде тасымал үшін тағайындау станциясында тасымалдаушымен ақырғы есеп айырысуларды жүзеге асырған соң, жүк алушыға осы Қағидаға сәйкес жүктің берілу ресміделу уақыты туралы тауар кассирінің қолымен және тағайындалған станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен расталған электрондық жүкқұжаттың қағаз көшірмесі беріледі. Электрондық жол ведомосының қағаз көшірмесі түріндегі жүкқұжат жүк алушыға қол қою арқылы беріледі. Жүк алушының өзінде меншікті автоматтандырылған жүйе немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жетімділігі болған жағдайда, жүк алушы мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара әрекеттесу технологиясына және стандарттарына сәйкес жүк алушының атына келіп түскен жүкке жүкқұжат беру деректермен электрондық алмасу арқылы жүзеге асырылады.

112. Электрондық сүйемелдеу құжаттары тиесілілігіне қарай электрондық немесе қағаз түрінде беріледі. Электрондық сүйемелдеу құжаттары адресатқа қағаз түрінде берілген жағдайда, олар тағайындалған станциядағы тасымалдаушының өкілімен электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түрінде басылып шығарылады және тағайындалған станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен расталады.

113. Жүкті алу кезінде жүк алушы немесе онымен өкілеттенген тұлға тасымалдаушыға жүкті алу құқығына арналған сенімхатты және жеке басын куәландырытын құжатты береді.

Сенімхат заңды тұлғаның атынан оның басшысының немесе құрылтайшы құжаттармен уәкілеттілік берілген өзге тұлғаның қолымен және осы ұйымның мөрінің бедері басылып беріледі.

Сенімхат нақты жүкқұжатпен жүкті бір рет алуға беріледі. Бұл жағдайда тасымалдау құжаттары кредиттелгеннен кейін ол жол жүк ведомосына салынады

. Ұзақ мерзімге берілген сенімхат тағайындалған станциядағы тасымалдаушының өкілінде сақталады.

Сенімхатта сенімхат берілген тұлғаның төлқұжатының немесе жеке куәлігінің деректері, өкілеттілік берілген әрекет (құжаттарды кредиттеу, тасымалдар үшін есеп-қисапты жүзеге асыру, қабылдап-тапсырушының жаднамасына, вагондарды беру-әкету ведомосына, коммерциялық актіге немесе басқаларға қол қою), сонымен қатар вагонның (контейнердің) нөмірі және жол парағының нөмірі көрсетіледі, егерде сенімхат нақты жол парағымен жүк алуға берілсе.

114. Жеке тұлғалар атына жіберілген жүктер жүк алушыға жеке басын куәландыратын құжат көрсеткенде, жол ведомосына жүкті алу датасын және жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін (сериясын, нөмірін, кім бергенін, берілу күнін) көрсете отырып, қол қойғанда ғана беріледі.

115. Жоғалу, зақымдану (бүліну) және жетіспеу белгілерінсіз жүк жөнелтушінің бекітуші-пломбылаушы түзік құрылғыларымен түзік вагондарда, контейнерлерде, сондай-ақ бекітуші-пломбылаушы құрылғыларынсыз, егер мұндай тасымалдауға осы Қағидада жол берілсе, келген жүктерді беру қабылдау-тапсыру жолдарында, орындардың жай-күйін, массасын және санын тексерусіз тасымалдаушымен жүргізіледі.

116. Жүк жөнелтушінің немесе кеден органдарының бекітуші-пломбылаушы құрылғыларымен түзік вагондарда, контейнерлерде келген импорттық жүктерді беру Қазақстан Республикасының темір жол көлігі туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, орындардың жай-күйін, массасын және санын тексеруге тасымалдаушының өкілін қатыстырусыз-ақ жүргізіледі.

117. Шекаралық, санитарлық, карантиндік бақылаудың және бақылаудың басқа түрлерінің жүргізілуіне байланысты тағайындалу станциясына келген, вагонды (контейнерді) ашу актілерімен расталған, шекаралық станциямен пломбыланған вагоннан, контейнерден жүкті беру жүктің санын және жай-күйін тексерусіз жүргізіледі.

118. Жүк алушының өтініші бойынша тасымалдаушы жүктің жай-күйін, массасын, орындардың санын тексеруге қатыса алады, тіпті мұндай тексеру Қазақстан Республикасының темір жол көлігі туралы заңнамасында қарастырылмаған жағдайларда да.

Келіп түскен жүкті беру және жүктің жай-күйін, оның массасын және орындардың санын тексеру нәтижелері осы Қағиданың 120-122-тармақтарында қарастырылған тәртіппен ресімделеді.

119. Станция жүк алушының талабы бойынша тасымалдаушының қатысуынсыз жүктің берілгені туралы жүкқұжаттың "Жүкті беру туралы белгі" бағанында келесі мазмұндағы жазба жүргізеді:

Жүк жөнелтушімен, кедендік органмен немесе осыған өкілеттігі бар өзге органмен пломбыланған вагонмен, контейнермен келген жүктер үшін: "Жүк осы жүкқұжат бойынша Жүк жөнелтушінің, кедендік органның немесе осыған өкілеттігі бар өзге органның түзік БПҚ-мен № \_\_\_\_\_ түзік вагонда, контейнерде (керек емесі сызылсын) келді және " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ тексерусіз берілді".

бекітуші-пломбылаушы құрылғыларынсыз, сондай-ақ ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктерге:

"Жүк осы жүкқұжат бойынша жоғалу белгілерінсіз № \_\_\_\_ түзік вагонда жетті және " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж. тексерусіз берілді".

120. Жүкті беру және тексеру кезінде тасымалдаушы беру қорытындыларына байланысты ГУ-22 нысанындағы коммерциялық актіні жасайды. Аталған жағдайлар бар болған жағдайда, қабылдап-тапсырушының жаднамасында немесе вагондарды беру - әкету ведомосында "Ескерту" бағанында тасымалдаушының қатысуымен ГУ-23 жалпы нысандағы актінің және берудің нөмірін көрсету арқылы белгі жасайды.

Тасымалдаушының қатысуымен жүкті беру және тексеру кезінде вагон парағында вагонның жүк түсірілуге берілген уақытын ғана емес, сондай-ақ жүк түсірілу уақытының басталуы мен аяқталуын көрсетіледі.

121. Жүк жетіспеген, бұзылған немесе зақымданған жағдайда, бұл жайында жүк берілгенге дейін коммерциялық акт жасалған болса (оның ішінде сапар барысында), тасымалдаушының өкілі тағайындалған станцияда жүкті жүк алушы көрсеткен құжаттарға (шот фактура және тағы басқалар) сәйкес жүктің нақты кем шығу, бұзылу немесе зақымдану мөлшерін анықтағаннан кейін барып жүк алушыға береді.

Жүк алушы жиһаздың, жабдықтың, қосалқы бөлшектердің, аспаптың немесе жинақтаушы бөлшектердің жекелеген бөліктері кем болған, бұзылған немесе зақымданған жағдайда, зақымданған жүктің қалпына келтірілу құнын немесе жетіспейтін бөліктердің, қосалқы бөлшектердің, аспаптың, жинақтаушы бөлшектердің жеке құнын (калькуляция, квитанция, шот және т.б.) растайтын құжаттарды қоса береді.

Аталған құжаттар ұсынылмаған жағдайда, қолда бар жүк коммерциялық актіде толық тізімделгеннен кейін немесе тиісті жағдайларда сараптау актісі жасалғаннан кейін барып, жүк жүк алушыға беріледі.

Жүк зақымданған немесе бүлінген жағдайда, сараптау актісі бойынша жүк толық немесе ішінара жарамсыз, яғни есептен шығарылуға немесе жойылуға жатады деп танылса, онда есептен шығарылу немесе жойылу актісі қоса берілуі тиіс.

Маршруттық немесе топтық жөнелтіліммен тасылған жүк кем шыққан, зақымданған немесе бүлінген жағдайда, егер зақымдану немесе бүліну барлық

вагонда емес, тек бір не бірнеше вагонда болса, коммерциялық актіге маршруттық немесе топтық жөнелтіліммен түзік жағдайда келген қалған басқа вагондарға да жүкті қабылдау актілері қоса береді.

122. Тасымалдаушы тиеу-түсіру орындарында және кіре беріс жолдарда жүк беруді жүзеге асырғанда, жүкқұжаттың сырт жағындағы "Жүкті беру туралы белгі" бағанындағы тасымалдаушының өкілімен тағайындалған станцияда енгізілген және станция мөрқалыбымен расталған белгі жүктің берілгенінің растамасы болып саналады.

123. Тиеу-түсіру орындарында жүкті түсіру кезінде жүк алушы жүк массасын вагондық таразылармен тексеру туралы талапты түсіру басталғанға дейін білдіреді.

Кіреберіс жолдарда вагондарды түсіру кезінде жүк алушы жүк массасын вагондық таразылармен тексеру туралы талапты шартпен белгіленген тәртіпте вагондарды қабылдау сәтінде білдіреді.

Тағайындалған пункттерде жүк массасын тексеру жүк жөнелтілген пунктте жүк өлшенген таразы тәрізді таразылармен жүргізіледі. Жүк алушыда және тасымалдаушыда вагон таразылары болмаған жағдайда, үймеленіп және ақтарылып тасылатын жүктер вагондар түзік болған жағдайда, олардың массасы тексерілмей беріледі.

124. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жүктің берілуіне қатысу үшін тасымалдаушы өкілінің келуін күтіп вагонның, контейнердің мәжбүрлі тоқтап тұру уақыты вагонның немесе контейнердің жүк алушының пайдаланымында болуының жалпы уақытына қосылмайды.

Осы жағдай тасымалдаушы өкілінің қатысу қажеттілігі туралы тасымалдаушы хабарлаған сәттен бастап ол келген сәтке дейінгі вагондардың, контейнерлердің босқа тұру уақыты онда көрсетіле отырып, ГУ-23 жалпы нысандағы актімен расталады. жалпы нысандағы актіге жүк алушы мен тасымалдаушының уәкілетті өкілдері қол қояды.

125. Тасымалдаушы жүктің мөлшерін және жай-күйін тексеруді осы Қағидаға сәйкес мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) массасы өлшене отырып белгіленген ақтарылып, үйіліп тасымалданатын жүктердің массасы, әдетте, жөнелтілер кезде қандай таразымен өлшенсе, берілер кезде сондай таразымен тексеріліп беріледі. Бұл ретте вагон ыдысының массасы вагондағы трафаретке сәйкес қабылданады. Жүк алушыда вагон таразылары болған жағдайда, вагонның ыдысын өлшеуді жүргізуге рұқсат етіледі. Массасы жөнелтілер кезде өлшеу бойынша, есептеу жолымен анықталған жүктер, берілер кезде жүктің массасы жөнелткендегі тәсіл бойынша анықталып және тексеріліп беріледі;



2) жөнелткенде массасы стандарт бойынша және трафарет бойынша анықталған ыдыстағы, дара жүктер жөнелтілімдегі орындарының саны мен массасы немесе жүк бірліктерінің саны зақымданған жерлерде ғана тексеріліп беріледі;

3) ақтарылып, соның ішінде торкөздерде тасымалданатын картоп, капуста және басқа да көкөністер, бақша дақылдары жүк жөнелтушіге олардың массасы тексеріліп беріледі. Массасы жөнелткенде трафарет бойынша немесе стандарт бойынша анықталған, орамада, соның ішінде ашық жәшіктерде тасымалданатын тез бүлінетін жүктерді беру жүк орнының саны мен массасы немесе жүк бірліктерінің саны зақымданған жерлерде ғана тексеріліп, жүзеге асырылады;

4) кесінді материалдар мен ағаш материалдары тасымалдау құжаттарына сәйкес олардың саны 100-ден аспаса, вагондағы орындарының саны тексеріліп және қалған жағдайларда өлшеу арқылы беріледі.

Қат-қабат ағаш материалдарын, кесінді материалдарды, ағаштарды тасымалдағанда жүктің санын тексеру бекітпесі бұзылған қатарларда ғана өлшеу арқылы жүргізіледі.

Егер осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген жүктердің массасы жөнелткенде өлшеу арқылы анықталған болса, жүк тасымалдаушы тағайындалу станциясында жүктің массасын тексеруді сол тәсілмен жүргізеді. Вагонда ағаш жүктері мен ағаштар биіктігінің тасымалдау кезінде отыруының және тығыздалуының салдарынан төмендеуі, егер ол қатар биіктігінің әр метріне 3 сантиметрден аспаса қалыпты болып саналады.

Жүктерді, соның ішінде кесілген және ағаш материалдарын пакеттерде тасымалдағанда, оларды дұрыс тасымалдамағанда, оларды беру тек ақаулы пакеттердегі пакеттердің саны мен жүктің жай-күйі тексеріліп барып жүргізіледі.

Орамасыз изотермиялық жылжымалы құрамда тасымалданатын ет және ет өнімдері жүк массасы (тауар таразысында өлшеу жолымен) және жүк қағазында олардың саны көрсетілген жағдайларда, орындардың саны тексеріліп барып беріледі.

Құйылып тасымалданатын жүктердің массасын тасымалдаушы жүк алушымен бірге осындай жүктің массасы жөнелтілгенде анықталған тәсілмен анықтайды. Келіп жеткен қауіпті жүктің жай-күйін, массасын және орындардың санын тексеруді жүк алушы тасымалдаушының станциядағы өкілінің қатысуымен тікелей жүк алушының қоймасында жүргізіледі, қауіпті жүктерді тасымалдау шағын жөнелтпелермен жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда.

Қауіпті жүктерді беру кірме жолдарда жүзеге асырылады.

126. Егер жөнелту станциясында жүктің анықталған массасын тағайындалу станциясында тексеру кезінде жүктің анықталған массасымен салыстырғандағы айырмашылық:

масса кем шыққанда - осындай жүктің нетто массасын анықтаудың шектік ауытқу мәндерінен (массаны өлшеудегі мүлт кетулерден), сондай-ақ оның массасының табиғи азаю нормасынан аспаса;

масса артық шыққанда - осындай жүктің нетто массасын анықтаудың шектік ауытқу мәндерінен (массаны өлшеудегі мүлт кетулерден) аспаса, жүктің массасы дұрыс болып саналады.

Жүк массасының табиғи азаю нормалары:

ыдыста және орамада тасымалданатын жүктер бойынша брутто массасынан; ыдыссыз және орамасыз тасымалданатын жүктер бойынша нетто массасынан есептеледі.

Вагон таразысында жүкті өлшеу дәлдігінің нормасы және жүк массасының табиғи азаю нормалары осы Қағидаға 18-қосымшада көрсетілген.

127. Жүктерді аралас қатынаста тасымалдаған кезде массаның табиғи кему нормалары тасымалдауға қатысатын әрбір көлік түріне көліктің осы түріндегі тасымалдаудың түгел қашықтығына бір еселік мөлшерде қолданылады.

128. Тасымалдаушы жүкті осы Қағидаға сәйкес беретін жағдайларда, ол жүк қағазының "Жүктің берілуі туралы белгілер" бағанында мына мазмұндағы белгі соғады:

1) коммерциялық акт жасау үшін жағдаяттар болмаған жағдайда тасымалдаушы "Жүк тасымалдау құжаттарына сәйкес дұрыс берілді" деген белгі соғады;

2) жүкті жол-жөнекей коммерциялық актінің деректеріне сәйкес берген жағдайда тасымалдаушы "Жүк \_\_\_\_\_ ст. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ коммерциялық актіге сәйкес дұрыс берілді" деген белгі соғады;

3) аталған жүк массасының табиғи азаю нормасынан, нетто массасы өлшемінің қателігі мәнінен аспайтын жүк массасының кем шығуы анықталғанда, сондай-ақ нетто массасы өлшемінің қателігі мәнінен аспайтын жүк массасының артық шығуы анықталғанда: "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. жүктің массасын тексерген кезде \_\_\_\_\_ кг болды (цифрмен және жазбаша)";

4) жүктің массасын және орындардың санын тексерудің нәтижелерін ресімдеген кезде коммерциялық актімен жүк қағазының "Тасымалдаушының белгілері" бағанында мынадай белгі соғылады: "\_\_\_\_\_ туралы (не туралы) "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ коммерциялық акт жасалды".

Жүкті беру туралы белгі тасымалдаушының тағайындалу станциясындағы жол мөрқалыбымен расталған тасымалдаушының қолымен куәландырылады.

Жүк алушы тағайындалу станциясында тасымалдаушыға осы тармақта көрсетілген белгілерді енгізу үшін жүк қағазын түсіру күні немесе түсіру күнінен кейінгі тәуліктен кешіктірмей береді.

Жүк құжаттарға сәйкес берілгенде осы тармақта көзделген "Жүк тасымалдау құжаттарына сәйкес дұрыс берілді" деген белгіні тасымалдаушы жүк алушының талабына тәуелсіз қояды.

129. Тасымалдаушы жүкті тексеріп берген жағдайларда, вагонды, контейнерді ашуды тасымалдаушы жүк алушының қатысуымен жүргізеді. Жүк алушы вагондарды, контейнерлерді тасымалдаушының станциядағы өкілінің қатысуынсыз ашқанда, жүктің сақталуы үшін тасымалдаушы жауапты болмайды.

130. Ыдыстағы және дара жүктерді бір жүк жөнелтуші/жүк алушы пайдаланатын кірме жолдарда түсіргенде, жүкті беру тасымалдаушының қатысуымен жүргізілетін жағдайларда, жүк алушы түсірілген жүкті, қажетінде қайталап тексеру мүмкіндігі сақталуы қамтамасыз етілуі үшін жүкті бұрын түсірілгеннен бөлек жинайды.

131. Тасымалдаушы алынбалы жабдықпен, соның ішінде көкөніс, астық қалқандарымен, сондай-ақ жылытқыш және төсем материалдарымен тасымалданатын жүктерді бергенде, аталған жабдықтың массасы мен материалдарының массасы вагон ыдысының массасына енгізіледі.

Жылытқыш материалдардың, көкөніс қалқандарының және басқа да алынбалы жабдықтың массасы жүк қағазында көрсетілген деректерге сәйкес қабылданады.

132. Жүкті тағайындалу станциясының тиеу және түсіру орындарында түсіру барысында тасымалдаушы тиеген және пломбалаған вагонда немесе тасымалдаушы тиеген ашық жылжымалы құрамда жүктің артық шығуы анықталғанда тасымалдаушының станциядағы өкілі ол жайында тиеу станциясына хабарлайды. Бұл ретте ыдыстағы дара жүктердің артық орны тағайындалу станциясында олардың тиесілігі анықталғанға дейін қалады. Ақтарылып, үйіліп тасымалданған жүк, сондай-ақ бүліну қатері төніп тұрған тез бүлінетін жүк массасының артығы жүк алушыға сақтау қолхатымен жүктің жүк қағазында көрсетілген негізгі мөлшерімен бірге беріледі.

Жүк тиеу және түсіру орындарында және кірме жолдарда түсірілгенде, артық жүк те жүк алушыға осы тәріздес сақтау қолхатына беріледі. Жүк алушының сақтау қолхатында алынған артық жүкті пайдаланбау және оларды тасымалдаушының бірінші талабы бойынша қайтару міндеттемесі белгіленеді.

Тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілі тасымалдаушының тағайындалу станциясындағы өкілінен жүктің артық шығуы туралы жеделхатты алғаннан кейін, ол жайында жүк жөнелтушіге хабарлайды, ол төрт тәулік ішінде, тез бүлінетін жүктер бойынша екі тәулік ішінде тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкіліне артық түсірілген немесе берілген жүкті қалай жұмсау керектігін хабарлайды. Аталған мерзімде тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілінен ақпарат алынбағанда, тиеу және түсіру орындарында

түсірілген жүктер осы Қағиданың 30-тарауына сәйкес белгіленген тәртіппен сатылуға жатады. Сақтау қолхатына берілген жүктер тасымалдаушы жүк алушыға сақтау қолхатын қайтарғаннан кейін жүк алушының иелігінде қалады.

133. Егер жүк станцияға жеткізудің белгіленген мерзімінде келмеген жағдайда, жүк алушы тасымалдаушының тағайындалу станциясындағы өкіліне жүкті қабылдау туралы квитанцияның түпқұжатын немесе жөнелту станциясының анықтамасын көрсетеді. Тасымалдаушының тағайындалу станциясындағы өкілі жүктің тағайындалу станциясына келмегендігіне көз жеткізеді және жүктің тасымалдауға қабылданғаны туралы көрсетілген квитанцияның түпнұсқасы екендігін тексеру үшін тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілін сұратады. Тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілі мұндай сұрау салуды алғаннан кейін, бір тәулік мерзімде жүк қағазының барлық бағандарындағы мәліметтерді жүкті жөнелтуге қабылдау кітабына сәйкес көрсетіп, жүктің тасымалдауға қабылдануын растап жауап береді. Көрсетілген құжаттардың түпнұсқалығы расталған жауап алғаннан кейін тасымалдаушының тағайындалу станциясындағы өкілі ұсынылған квитанцияда немесе жөнелту станциясының анықтамасында "Жүк келген жоқ" деген белгі соғады және аталған жазбаны тағайындалу станциясындағы тасымалдаушының күнтізбелік мөрқалпымен және өзінің қолымен растайды.

Тасымалдаушы жүк жөнелтушілерге, жүк алушыларға, өзге заңды және жеке тұлғаларға тиесілі немесе олармен жалға алынған вагондар, контейнерлер жоғалған жағдайда, жүк жөнелтуші, жүк алушы жүкті тасымалдауға қабылдау туралы квитанциядан басқа вагондарға, контейнерлерге олардың меншік құқығын немесе жалға алу құқығын, вагондардың, контейнерлердің қалдық құнын, зақымдану фактісін және мөлшерін растайтын құжат ұсынады.

Жүкті қабылдау туралы квитанцияда көрсетілген мерзімде келмеген жүкті іздестіру жүк алушының арызы бойынша тасымалдаушы жүргізеді.

Жүкті іздестіру туралы талаптың негізділігін растау үшін жүк алушы жүкті тасымалдауға қабылдау туралы квитанцияны, ал ол болмаған жағдайда - мына құжаттардың біреуін: егер аталған құжаттарда жүктің түрі, тиеу датасы, жөнелту станциясы, тағайындалу станциясы, жүк тасымалдауға тапсырылған жүк қағазының нөмірі және вагонның (вагондап жөнелтілімде) нөмірі немесе жүкті контейнермен жөнелткенде - контейнердің нөмірі туралы деректері болса, жеткізушінің шот-фактурасын (түпнұсқада немесе көшірмесін), жеткізушінің (жүк жөнелтушінің) шот-фактураны алмастыратын құжатын тапсырады.

Электрондық жүк қағазы қолданылған қағазсыз технология бойынша тасымалданатын жүк жүкті қабылдау туралы квитанцияда көрсетілген жеткізу мерзімінде келмеген жағдайда, жүк алушы тасымалдаушыға жүкті іздестіру туралы талап қояды. Ол үшін жүк алушы тасымалдаушының тағайындалу

станциясындағы өкіліне жазбаша арыз береді, онда электрондық жөнелтілімнің нөмірін және жөнелту станциясын көрсетеді. Жүкті іздестіру тасымалдаушының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Үшінші елдерден немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің, Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Эстония Республикасының темір жол станцияларынан (бұдан әрі – темір жолдар) келе жатқан жүкті іздестіруді тағайындалу станциясының тасымалдаушысы қолданыстағы халықаралық келісімдердің шарттарына сәйкес жүргізеді.

134. Қосымша жеткізу тасымалдау құжаттары бойынша тасымалданатын жүктерді беру:

жүктің негізгі тасымалдау құжаттарымен келген бөлігі - жүк алушыға жүк қағазы мен жүктің кем шығуына коммерциялық актіні беріп, жол тізімдемесінде қол қойғызу;

қосымша жеткізу тасымалдау құжаттары бойынша жүктің жетіспейтін бөлігі келгенде - жүк алушы негізгі жүк қағазы мен коммерциялық актіні көрсеткенде, қосымша жеткізу жол тізімдемесінде қол қойғызу арқылы жүргізіледі. Бұл ретте коммерциялық акт вагонның тиесілігіне қарамастан тасымалдаушыда қалады.

Тасымал үшін ақтық есеп айырысу негізгі жүк қағазы бойынша жүргізіледі. Тасымалдаушының станциядағы өкілі қосымша жеткізу құжаттары бойынша келген жүктің берілгендігі туралы белгіні негізгі жүк қағазында соғады.

Қосымша жеткізу құжаттары бойынша жүк негізгі тасымалдау құжаттары бойынша жүктен бұрын келген жағдайда, жүктің келген бөлігін беру жүк алушының қосымша жеткізу жол тізімдемесінде қолын қойғызып жүргізіледі. Сонымен бірге жүк алушы тасымалдаушыға жүктің алынған бөлігін ол негізгі жөнелтілімнің есебіне жатқызатындығы туралы анықтама береді. Бұл анықтама тасымалдаушыда сақталады.

Қосымша жеткізу құжаттары бойынша жүкті қабылдау туралы квитанцияға сәйкес барлық жүк келген жағдайда, станция аталған квитанцияның негізінде жоғалтылғандардың орнына жүк қағазы мен жол тізімдемесінің көшірмелерін жасайды және жүкті беруді ресімдеу осы тарауда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

135. Электрондық жүкқағазын қолданып, қағазсыз технологиямен ресімделген, негізгі жөнелтілімнен ағытылған вагондар қосымша жеткізілген жағдайда, жүктерді беру:

осы Қағидада белгіленген тәртіппен негізгі жөнелтілімге электрондық жүкқағазы бойынша келген жүктің бөлігі коммерциялық акт беріліп және жүктің келмеген бөлігі туралы электрондық жүк қағазына және электрондық жүкқағазының қағаз көшірмесіне белгі соғылып;

негізгі жөнелтілім келгеннен кейін қосымша жіберу құжаттары бойынша келген жүктің бөлігі - жүк алушы коммерциялық актіні және негізгі жөнелтілімге жүкқағазын көрсеткенде, егер ол жүк алушыға берілген болса, қосымша жеткізу жол тізімдемесінің түпнұсқасында (қосымша жеткізу тізімдемесі вагонмен бірге жүргенде) немесе қосымша жеткізу тізімдемесінің қағаз көшірмесінде (тасымалдаудың қағазсыз технологиясында) қол қойғызылып;

негізгі жөнелтілім келгенге дейін қосымша жіберу құжаттары бойынша келген жүктің бөлігі - жүк алушы тасымалдаушыға алынған жүктің бөлігін ол негізгі жөнелтілімнің есебіне жатқызатындығы туралы анықтама беріп, қосымша жеткізу жол тізімдемесінің түпнұсқасында (қосымша жеткізу тізімдемесі вагонмен бірге жүргенде) немесе қосымша жеткізу тізімдемесінің қағаз көшірмесінде (тасымалдаудың қағазсыз технологиясында) қол қойғызылып жүргізіледі.

## **7. Тиеу және түсіру (жүктен босату) мерзімдері**

136. Тиеу мен түсірудің технологиялық уақытын (мерзімдерін) есептеу Жүк вагондарымен тиеу-түсіру операцияларын орындауға арналған мерзімдерді анықтау жөніндегі әдістемелік кеңестерге (осы Қағидаға 19-қосымша) сәйкес жүргізіледі. Қажетті есептеулерді жүргізу уақытына тасымалдаушы осы Қағиданың 20-қосымшасына сәйкес жарты жылдан аспайтын мерзімге тиеу мен түсірудің технологиялық уақытын белгілейді.

Механикалық тәсілмен жүкті түсіру және тиеу кезінде қолданылатын механикалық құралдарды, жүкті түсіруге және тиеуге арналған құрылғылар мен құрылыстарды, дайындау, көмекші және қорытындылау операцияларына кететін уақытты ескере отырып, технологиялық уақыт есептеу жолымен анықталады. Вагондарды түсіруге және тиеуге кететін уақытты анықтау кезінде операциялардың барынша қосарлануы ескеріледі.

Механикалық емес тәсілмен жүкті түсіру және тиеу кезінде тиеу-түсіру операцияларын орындауға кететін уақыттың бірыңғай нормасы ескеріле отырып, технологиялық уақыт анықталады.

137. Сегіз осьті вагондармен жүктерді тасымалдағанда, тиеу-түсіру операцияларын орындауға кететін технологиялық уақыт төрт осьті вагондар үшін белгіленген технологиялық уақытпен салыстырғанда, 100% өседі.

138. Габарит емес жүктерді және транспортерлермен және арнайы жабдықталған платформалармен тасымалданатын жүктерді тиеудің, түсірудің технологиялық уақыты станциялар жұмысының жергілікті жағдайына орай, жүк жөнелтушімен жүк алушымен, тармақ иесімен бірлесе отырып, тасымалдаушымен белгіленеді.

139. Құю және ағызу орындарында, бір уақытта берілген цистерналар мен үсті ашық бункерлік вагондар партиясының барлығы үшін құю мен ағызып алуға арналған технологиялық уақыт:

Құю үшін:

1) цистерналар мен үсті ашық бункерлік вагондардың жүк көтергіштігіне және жүктің түріне тәуелсіз механикаландырылған құю пункттерінде - 2 сағаттан ;

2) төрт және одан артық осьтері бар цистерналар мен үсті ашық бункерлік вагондардың жүк көтергіштігіне және жүктің түріне тәуелсіз механикаландырылмаған құю пункттерінде - 3 сағаттан аспайды;

Ағызып алу үшін:

3) төрт және одан артық осьтері бар цистерналар мен үсті ашық бункерлік вагондар үшін механикаландырылған құю пункттерінде - 2 сағаттан;

4) төрт және одан артық осьтері бар цистерналар мен үсті ашық бункерлік вагондар үшін механикаландырылмаған құю пункттерінде - 4 сағаттан аспайды.

Цистерналарға құю қоймалардан өздігінен ағу немесе механикалық жетегі бар сорғыштардың көмегімен жүргізілетін, ал ағызып алу осындай сорғыштардың көмегімен немесе цистерналардың төменгі ағызып алу тесіктері арқылы өздігінен ағызып алынатын пункттер механикаландырылған құю және ағызып алу пункттері болып саналады.

Цистерналарға құю қол сорғыштармен жүргізілетін пункттер механикаландырылмаған құю және ағызып алу пункттері болып саналады.

140. Ағызып алу пунктіне Т-1, Т-2, ТС-1 отыны және авиациялық бензин келгенде, қажет болғанда, талдау жүргізу үшін қосымша келген жүктің барлық партиясына 35 минут уақыт белгіленеді.

141. Тұтқыр және қатып қалатын жүктерді ағызып алу қиын болған және жылдың суық кезінде оларды қыздыру қажет болған жағдайда, технологиялық уақыт мұндай жүктерді қыздыруға және ағызып алуға қосымша уақыт ескеріліп, белгіленеді.

Тұтқыр және қатып қалатын жүктерді қыздыруға және ағызып алуға арналған қосымша технологиялық уақыт:

I-топ жүктері үшін - 4 сағат;

II-топ жүктері үшін - 6 сағат;

III-топ жүктері үшін - 8 сағат;

IV-топ жүктері үшін - 10 сағаттан аспайтын болып қолданылады.

I-топтың жүктерін механикаландырылмай ағызып алған жағдайда, технологиялық уақыт төрт және одан артық осьтері бар цистерна үшін 2 сағатқа ұлғайтылады.

Бу жейдешесі бар цистернадан ағызып алғанда, I және II-топ жүктер үшін - 3 сағаттан; III және IV-топтар үшін - 4 сағаттан аспайтын қосымша технологиялық уақыт белгіленеді.

Жылдың жылы кезеңінде тұтқыр және қатып қалатын жүктерді қыздыру қажет болғанда, осы Қағидада белгіленген ағызып алудың технологиялық уақыты I және II-топтың жүктері үшін, сондай-ақ бу жейдешесі бар цистерналардан ағызып алғанда - 1 сағатқа; III және IV-топтар үшін 2 сағатқа ұлғайтылады.

142. Тұтқыр және қатып қалатын жүктерді ағызып алуға арналған технологиялық уақытты ұлғайту қажеттілігін тасымалдаушы станцияда әрбір жеке жағдай бойынша жүк алушы жүктің физика-химиялық қасиеттері, олардың жүру жолында болған уақыты, температуралық жағдайы, ағызып алудың қолданылатын тәсілі және технологиялық жабдықтың өнімділігі туралы деректердің негізінде белгілейді.

143. Вагондарды қосарланған операцияларға беру, шарт бойынша вагондарды беру-алуға қосарланған операциялар үшін (түсіру және тиеу) жеке мерзім, яғни уақыты өткеннен кейін жүгі түсірілетін вагондар жүк тиеуге алынатын уақыт белгіленген кезде, ГУ-46 нысанындағы вагондарды беру және алу тізімдемесінде (осы Қағидаға 58-қосымша) "Ескерту" бағанында жүгі түсірілген және жүк тиелген вагондардың қарсысына "Қосарланған операция" белгісі қойылады. Егер қосарланған операцияға мерзім белгіленбесе, онда екі дербес операция кезіндегідей жазу жазылады. Бұл ретте "Ескерту" бағанында тиісінше "Жүк тиеуге қалдырылды" немесе "Жүгі түсіріліп болған" белгілері қойылады.

Жүк түсірудің астына техникалық дайындық ВУ-14 кітабында вагондарын қарап тексерушінің қолымен расталады.

144. Вагондарды механикаландырылған тәсілмен тиеуге, түсіруге (жүктен босатуға) арналған технологиялық уақыт механизмдерді барынша ұтымды пайдаланғанда және аталған жағдайда жүктерді тиеу және түсіру операцияларын орындаудың ерекшеліктерін ескеріліп олардың жұмыс өнімділігі алға тартылған есеппен белгіленеді. Вагондарды тиеу, түсіру (жүктен босату) мерзімін белгілегенде операциялардың мейлінше қатар орындалуы ескеріледі.

145. Жүктерді вагондарға механикаландырып тиеуге, түсіруге (жүктен босатуға) арналған мерзімді есептеудің тәртібі туралы әдістемелік нұсқаулар осы Қағидаға 19-қосымшада көзделген.

146. Ұйымдардың кірме жолдарында олардың локомотивтері қызмет көрсететін вагондар айналымының технологиялық мерзіміне мыналар қосылады:

1) әр вагонға 1 минут есебінен, бірақ бір мезгілде берілетін барлық вагондар партиясына 30 минуттан артық емес, берілетін вагондар санына тәуелді белгіленетін қабылдау-тапсыру операцияларына арналған уақыт;



2) қозғалыс жылдамдығына және қашықтығына қарай есептеу жолымен анықталатын вагондардың кірме жолдағы қозғалысына және маневрлік операцияларды орындауға арналған уақыт.

Қозғалыс жылдамдығы кірме жолда қызмет көрсету және қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы Қағидада белгіленген мөлшерде қабылданады.

3) осы Қағидаға 19, 20-қосымшаларға сәйкес вагондарға жүк тиеуге және түсіруге арналған уақыт;

4) кірме жолдарда құрамдарды таратуға және құрастыруға арналған уақыт есептеу жолымен немесе хронометраждық бақылау негізінде анықталады және құрамды таратуға арналған 25 минуттан және құрастыруға арналған 30 минуттан аспауы тиіс.

Кірме жолда контрагенттер болған кезде вагондар айналымының мерзімі контрагенттердің жұмысын есепке ала отырып анықталады.

## **8. Жеткізу мерзімдері және жеткізу мерзімдерін есептеу ережелері**

147. Тәуліктік жүріс нормасына сүйеніп есептелген жүктерді жеткізу мерзімдері мыналарға арттырылады:

1) 2 тәулік - жүктің жөнелтілуі мен келуіне байланысты операцияларға (1 тәулік жөнелту станциясы үшін және 1 тәулік тағайындалған станциясы үшін);

2) 2 тәулік - рефрижераторлық секцияларға тиеу жүргізілетін әрбір аралық станция үшін, егер оған тиеу бірқанша станцияларда жүргізілсе;

3) 1 тәулік - көліктің басқа түріне берген, тікелей аралас қатынаспен тасымалданатын жүктерді көліктің басқа түрінен қабылдаған кезде жүктерді аударумен байланысты;

4) 2 тәулік - вагондарды паром арқылы өткізгенде;

5) 2 тәулік - жүктерді жолтабанының ені басқа доңғалақтар жұбының вагондарына тиеген кезде;

6) 2 тәулік - вагондардың доңғалақтар жұбын жолтабанының бір енінен басқасына орнын ауыстырған кезде;

7) 1 тәулік - жүкті басқа адреске жіберуге байланысты операцияларға;

8) 1 тәулік - жүктерді 1000 км-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдаған кезде, 2 тәулік - шағын жөнелтпелермен және контейнерлерде тасымалданатын, оларды жинақтау және жүксұрыптау платформаларында сұрыптау үшін жүктерді 1000 км-ден астам қашықтыққа тасымалдаған кезде.

148. Жүктерді жеткізу мерзімдері мынадай жағдайларда кідіртудің барлық уақытына арттырылады:

1) шекаралық, кедендік, фитосанитарлық және басқа органдар станция аумағында өздерінің қызметін станция жұмысының режимінде жүзеге асыратынын есепке ала отырып, кедендік және басқа мемлекеттік бақылау органдарының жүктерді кідіртуі;

2) жүкжөнелтушінің кінәсінен жіберілген тиеуді түзету, жүктердің асқынжүгін жою үшін жүктерді жүріс жолында кідіртуі;

3) тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша туындаған олардың техникалық немесе коммерциялық жағдайларын түзетуге байланысты жүріс жолында вагондарды, контейнерлерді кідіртуі;

4) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға бөгет болатын дүлей күштің, әскери әрекеттердің, қоршаудың, індеттердің немесе өзге жағдайлардың салдарынан жүріс жолында вагондарды, контейнерлерді кідіртуі;

Жүкжөнелтушінің, жүкалушының немесе экспедитордың кінәсі бойынша тасымалдауға бөгеттер пайда болған кезде тасымалдаушы оларды бұл жөнінде тәулік ішінде хабардар етеді.

Осы тармақпен қаралған жүктің кідіру себептері туралы және осы кідірудің себептері туралы тасымалдаушымен екі данада жалпы нысанды акт жасалады. Актінің бірінші данасы тасымалдау құжаттарына және тағайындалған станциясында жолдық ведомосқа қоса тіркеледі. Жүкқұжаттың "Тасымалдаушының белгілері" бағанында және жолдық ведомостағы жүк атауының астында мына мағынадағы белгі жасалады: "Жүк \_\_\_\_\_ станциясында \_\_\_\_\_"

(кідіруінің себебі көрсетіледі)

үшін кідірілді. Жеткізу мерзімі \_\_\_\_\_ тәулікке ұзартылады, ол жөнінде 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жалпы нысанды акт жасалады". Белгі тасымалдаушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және тасымалдаушының күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылады.

Тасымалды тасымалдардың электрондық жинағын пайдаланып жүзеге асырған кезде осы тармақта көрсетілген белгілер электрондық жүкқұжат пен жолдық ведомостың қағаздық көшірмесіне қойылады. Жүктің кідіруі және жеткізу мерзімінің ұзаруы туралы тасымалдардың электрондық жинағына ақпаратты енгізу тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде осы функционалдық мүмкіндіктердің бар болған кезінде жүргізіледі.

149. Габаритсіздіктің 6-дәрежелі және аса габаритсіз жүктерден бөлек габаритсіз жүктерді жеткізудің мерзімдері мына нормаларға сүйеніп, нақты жүріп өткен қашықтық бойынша белгіленеді:

жүрістің әр 100 км-не (қашықтық 100 км-ден кем болғанда толыққа саналады) 1 тәулік - біріншіден төртінші дәреже бойынша қоса алғандағы габаритсіз жүктер үшін;

жүрістің әр 80 км-не (қашықтық 80 км-ден кем болғанда толыққа саналады) 1 тәулік - бесінші дәрежелі габаритсіз жүктер үшін.

Барлық жүріс жолына жылдамдықты арнайы шектеуді талап ететін габаритсіздіктің алтыншы дәрежелі және аса габаритсіз жүктер үшін жеткізу мерзімдері белгіленбейді.

150. 1-шіден 5-інші дәреже бойынша (қоса алғанда) габаритсіз жүктерді жеткізу мерзімдері мынаған арттырылады:

1 тәулік - жүкті өткізу үшін рұқсат алған мезеттен бастан жөнелтуге.

1-шіден 5-інші дәреже бойынша (қоса алғанда) габаритсіз жүктерді жеткізу мерзімдері осы Қағидада қаралған жағдайларда арттырылады.

151. Салынып жатқан темір жол желісі станцияларына немесе осындай станциялардың желісінен магистральдық жолдарға жөнелтілетін бірыңғай тасымалдау құжаты бойынша тасымалданатын жүктерді жеткізу мерзімдері магистральдық жолдар бойынша қашықтыққа жеке және салынып жатқан темір жол желісі бойынша қашықтыққа жеке жеткізу мерзімдерінің қосындысы ретінде белгіленеді.

Салынып жатқан темір жол желісі бойынша қашықтыққа жүктерді жеткізу мерзімдері магистральдық жолдардан салынып жатқан темір жол желісіне жүктерді тапсыру бойынша және кері операцияларды жүзеге асыруға екі тәулікке арттырып, тәуліктік жүрістің нормаларын екі есе азайтылғанды негізге алып есептеледі.

Салынып жатқан темір жол желісінің тағайындалған бір немесе әртүрлі станцияларында орналасқан бірқанша алушылардың адресіне рефрижераторлық секцияларда жүктерді тасымалдаған жағдайда, салынып жатқан темір жол желісі бойынша оларды жеткізудің мерзімін есептеген кезде тәуліктік жүріс нормасы үш есе азайтылады.

152. Егер тасымалдаушы жүкті тағайындалу станциясында жүк қабылдаушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға белгіленген жеткізілу уақыты өткенге дейін берсе, жүк мерзімінде жеткізілген болып саналады.

Егер жүктер жеткізілу уақыты өткенге және жүк алушыға тәуелді себептер бойынша вагонды, контейнерді қабылдау кідірілгенге дейін тағайындалу станциясына келген жағдайда, олар мерзімінде жеткізілген болып саналады, ол туралы жалпы нысанда акт жасалады.

153. Бос, меншікті, жалға алынған вагон, егер оны тасымалдаушы тағайындалу станциясында жүк қабылдаушыға немесе ол уәкілеттік берген

тұлғаға жеткізілу уақыты өткенге дейін берсе, мерзімінде жеткізілген болып саналады.

154. Осы Ережемен белгіленгенге қарағанда жүктерді жеткізудің өзге мерзімдерін қарастыратын шарттар жасасу кезінде, тасымалдаушы жүкқұжатының "Жөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында белгі жасайды.

## **9. Жүкті басқа мекенжайға жіберу, жүкжөнелтушіге қайтару**

155. Тасымалдаушы жүкжөнелтушінің немесе жүкалушының өтініші бойынша тасымалдау құжаттарында көрсетілген жүкалушыны және/немесе тағайындалған станцияны өзгерту арқылы тасымалданатын жүкті басқа адреске жібере алады. Тасымалданатын жүкті басқа адреске жіберу туралы өтініш жүкжөнелтушімен немесе жүкалушымен тасымалдаушының атына жазбаша түрде (соның ішінде факс, телетайп және телеграф бойынша) беріледі.

Жүкті басқа адреске жіберу туралы өтініште мыналар көрсетіледі:

вагонның немесе контейнердің нөмірі;

көліктік теміржолдық жүкқағазының нөмірі (бұдан әрі - жүкқағаз);

жүктің атауы;

жүкжөнелтушінің, станцияның және жөнелтушінің темір жолының атауы;

алғашқы жүкалушының атауы;

алғашқы тағайындалған станцияның және темір жолдың атауы;

жаңадан тағайындалған станцияның және темір жолдың атауы;

жаңа жүкалушының атауы.

Облысаралық қатынаста басқа адреске жібергенде жүріс жолында өтінішке жүкті қабылдағаны туралы түбіртек қоса тіркеледі, ал халықаралық қатынаста басқа адреске жібергенде өтінішке жүкқағазының телқұжаты тіркеледі.

156. Тасымалдаушы жүкті басқа адреске жіберуді тағайындау станциясында немесе сапар барысында жүргізе алады.

Габаритсіз және ауыр салмақты жүктерді басқа адреске жіберу Темір жолдарда габаритсіз және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі Қағиданың талаптары ескеріліп жүргізіледі.

157. Кедендік бақылауда тұрған жүкті басқа адреске жіберу тиісті кеден органының келісімі бойынша жүргізіледі.

158. Тасымалдаушы:

жүк тиісті емес жүк алушының адресіне келген;

жүк алушы тасымалдау шартында көрсетілген жүкті алудан бас тартқан;

жүк алушы жүкті алу бойынша міндеттемелерін орындаудан жалтарған;

төрт тәулік (тез бұзылатын жүктерге қатысты - екі тәулік) ішінде жүкжөнелтушіден жүк жөнінде өкім болмаған;

тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша жүріс жолында вагондар мен контейнерлердің жүкпен кідіруі және жүктің одан әрі жүруі мүмкін болмаған жағдайларда, жүкті жүкжөнелтушіге оның есебінен қайтарады.

159. Жүкжөнелтушіде немесе жүкалушыда меншікті автоматтандырылған жүйесі және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қолжеткізу мүмкін болса, қажет болған жағдайда басқа адреске жіберу туралы өтініш қоса тіркелген құжаттарымен тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тиісті функционалдық мүмкіндіктер бар болса деректермен электрондық алмасу жолымен беріледі. Деректермен электрондық алмасуда Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық-сандық қол қоюлар қолданылады.

160. Заңды тұлғалар жүкті басқа адреске жіберу туралы өтініштерді фирмалық бланкіде, егер фирмалық бланк болмаса - онда қойылған мөрімен ұсынады. Жүкті басқа адреске жіберу туралы өтінішке, өзге адреске жіберуге өтініш білдірген ұйымның басшысы қол қояды және белгіленген тәртіппен расталады. Жеке тұлғалар жүкті басқа адреске жіберу туралы өтінішінде төлқұжаттың, жеке куәліктің нөмірін, салық төлеушінің тіркелу нөмірін және тұратын орнының адресін көрсетеді.

Жүкті басқа адреске жіберу жүкжөнелтуші немесе жүк алушы уәкілеттік берген тұлға оған осы жүкті басқа адреске жіберуді ресімдеу құқығы берілгендігіне сенімхатты ұсынған жағдайда, тасымалдаушымен жүзеге асырылады. Жаңа тасымалдау құжаттары бойынша немесе алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша жүкті басқа адреске жіберу жүзеге асырылатын станцияда тасымалдаушының өкіліне берілген сенімхат тасымалдаушыда сақталады.

161. Жүкті басқа адреске жіберуге арналған рұқсатты осындай өзге адреске жіберуді жүзеге асыру үшін станция бастығына жазбаша түрде жіберіледі.

Жүріс жолында басқа адреске жіберу кезінде жүкті өзге адреске жіберуге арналған рұқсат басқа адреске жіберу жүргізілетін станция бастығына, ал көшірмесі алғашқы тағайындалған станция бастығына жолданады. Басқа адреске жіберілгендігі туралы оны жүзеге асырған станция алғашқы тағайындалған станцияға телеграф арқылы хабарлайды.

162. Жүктерді басқа адреске жіберу мынадай жүргізіледі:

1) қосымша жолдық ведомосты ресімдеу арқылы ескі құжаттар бойынша – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Балтық елдері темір жолдары станцияларынан Қазақстан Республикасының станцияларына тағайындалып (

ХЖүкҚК құжаты) жүру кезінде басқа адреске – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Балтық елдері темір жолдарында орналасқан тағайындалған жаңа станцияға жіберу.

Ресімдеу кедендік органдардың рұқсаты болғанда ғана жүргізіледі.

2) ХЖүкҚК-тің жаңа құжаттары бойынша - ішкі құжаттар бойынша ресімделген Қазақстан Республикасының станцияларынан Қазақстан Республикасының станцияларына тағайындалып жүру кезінде басқа адреске - ТМД және Балтық елдері темір жолдарында орналасқан тағайындалған жаңа станцияға жіберу.

Ресімдеу кедендік органдардың рұқсаты болғанда ғана жүргізіледі.

3) ХЖүкҚК-тің ескі құжаттары бойынша - ТМД және Балтық елдері темір жолдары станцияларынан Қазақстан Республикасының станцияларына тағайындалып жүру кезінде басқа адреске - Қазақстан Республикасында тағайындалған жаңа станцияға жіберу.

Ресімдеу кедендік органдардың рұқсаты болғанда ғана жүргізіледі.

4) жаңа құжаттары бойынша - Қазақстан Республикасының станцияларынан және станцияларына (ішкі құжаттар бойынша ресімделген, республика ішіндегі тасымал) жүрген кезде Қазақстан Республикасының жаңа станцияларына тағайындалуы.

163. Басқа адреске ресімдеу кезінде өтінішкер (жүк жөнелтуші немесе жүк алушы) жүкті тасымалдауға есеп айырысуды алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша жүргізеді және барлық төлемдер жаңа тасымалдау құжаттары бойынша енгізеді, егер осы Қағидада есеп айырысудың басқа тәртібі қаралмаған болмаса.

164. Маршруттық немесе топтық жөнелтілімдердің құрамында жүрген жеке вагондарды басқа адреске жіберуге жаңа тасымалдау құжаттары бойынша тасымалдауды онан әрі ресімдеу арқылы тағайындалған станцияларында ғана жол беріледі.

165. Басқа адреске жіберуді ресімдеген кезде тасымалдаушы жүкқағазының және жол ведомосінің түпнұсқасында басқа адреске жіберу туралы тиісті белгі жасайды.

166. Жаңа тасымал құжаттарын ресімдеу арқылы ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктерді басқа адреске жіберу кезінде алғашқы жүкқұжаттың кері жағының 1-бағанында бар белгілер жаңа тасымалдау құжаттарына жүкті орналастыру мен бекіту схемаларын қоса тіркеу арқылы көшіріледі, егер ол алғашқы тасымалдау құжаттарына тіркелген болса.

167. Тез бұзылатын жүктерді басқа адреске жіберу мынадайда жүргізіледі:

Жүк сапасының нашарлауына алып келетін жеткізу мерзімдері, тасымалдаудың температуралық режимі, желдету тәртібі, тасымалдаудың басқа шарттары бұзылған кезде, сондай-ақ бекіту-пломбылау құрылғылары ақаулы

және жол бойындағы станциялардың актілері бар вагондардағы жүктерді басқа адреске жіберуге жүктің жағдайы мен сапасын тексергеннен соң аталған кемшіліктер табылған кезде, оның сапасы туралы жаңа құжат беру арқылы тез бұзылатын жүктерді басқа адреске жіберуге рұқсат беріледі.

168. Бүлінген, зақымданған, кем шығу белгілері бар, сондай-ақ ақаулы бекіту-пломбылау құрылғыларының болуы, температуралық режимі мен желдету тәртібінің бұзылуы және жол бойындағы станциялардың актілері бар ақаулы вагондардағы, контейнердегі жүктерді басқа адреске жіберуге табылған кемшіліктер жойылған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

169. Кедендік бақылауда тұрған жүкті басқа адреске жіберу тиісті кедендік органның келісуімен жүргізіледі.

170. Жүкқұжатта көрсетілген жүкалушының тағайындалған станция ауданында болмағанында жүкжөнелтушінің өтінішіне сәйкес жүкті басқа адреске жіберу алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша жаңа тағайындалған станцияда жүкалушыдан тасымалдаушыға тиесілі төлемді төлету арқылы Қазақстан Республикасының шектерінде ғана жүргізіледі. Жүкжөнелтушінің жүкті басқа адреске жіберу туралы өтінішінің көшірмесі тасымалдау құжаттарына тіркеледі, ол жөнінде жүкқұжат пен жолдық ведомостың бет жағының жоғарғы бөлігінде белгі соғылады. Өтініштің түпнұсқа данасы алғашқы тағайындалған станцияда сақталады.

Жүкті тасымалдардың электрондық жинағы бойынша тасымалдаған кезде тағайындалған станция ауданында жүкалушының болмаған жағдайында станция жүкжөнелтуші мен тасымалдаушының ақпараттық әрекеттестік технологиясына сәйкес жүкті қалай ұйымдастыру туралы деректермен электрондық алмасу арқылы жүкжөнелтушіге сұранымды жіберу мүмкін.

171. Жүкалушыны немесе тағайындалған станцияны өзгерткен жағдайда оның өтініші бойынша осындай өзгеріс өткізілген тарап осындай өзгерістердің салдары үшін алғашқы жүкалушының алдында жауапты болып табылады және жүкжөнелтушінің, алғашқы жүкалушы мен нақты жүкалушының араларындағы есеп айырысуды жүргізеді.

172. Тасымалдардың электрондық жинағы бойынша жүкті басқа адреске жіберу жаңа электрондық тасымалдық құжаттар бойынша немесе алғашқы электрондық тасымалдық құжаттар бойынша одан әрі тасымалдауды ресімдеу арқылы жүргізілуі мүмкін.

Басқа адреске жіберуді ресімдеу кезінде электрондық тасымалдық құжаттарды толтыру тәртібі осы Қағиданың 25-тарауында жазылған толтыру тәртібіне ұқсайды.

Басқа адреске жіберу ресімделген кезде электрондық тасымалдық құжаттарды толтыру тәртібі темір жол көлігінде тасымалдау құжаттарын толтырудың ережесімен белгіленеді.

Басқа адреске жіберуді ресімдеу станциясы алғашқы тасымалдау құжаттарының - ГУ-27-У-ВЦ нысаны (осы Қағидаға 21-қосымша) бойынша жүкқұжатының және ГУ-29-У-ВЦ нысаны (осы Қағидаға 22-қосымша) бойынша жолдық ведомостың қағаздық көшірмелерін алады және басады. Тауарлық кассирдің машинабаспалық құжаттарды толтыруы Тасымалдау құжаттарын толтыру ережесімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Жаңа электрондық тасымалдық құжаттарды жасау арқылы жүкті басқа адреске жіберуді ресімдеуші тарапқа станциямен "Тауар кассирі" бағанында тауар кассирінің қолымен және "Жөнелту (тасымалдауға жүкті қабылдау) станциясының мөрқалыбы" бағанында күнтізбелік мөрқалыппен расталған ГУ-27-У-ВЦ нысаны (осы Қағидаға 21-қосымша) бойынша жаңа электрондық жүкқұжатының қағаздық көшірмесі беріледі.

Басқа адреске жіберу станциясы тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу технологиясына сәйкес басқа адреске жіберу және жаңа электрондық тасымалдық құжаттарды ресімдеу туралы хабарларды беруді жүргізеді.

Егер тағайындалған жаңа станцияға дейін жүкті тасымалдау қандай да бір себептермен тасымалдардың электрондық жинағы бойынша жүргізілуі мүмкін болмағанда, басқа адреске жіберу жүргізілетін станция тасымалдау құжаттарының қалыпты толық жиынтығын ресімдейді.

Егер одан әрі тасымалдау алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша жүргізілетін болса, онда жүкпен бірге "Тасымалдаушының белгілері" бағанында басқа адреске жіберу туралы белгісімен, сол бағанда күнтізбелік мөрқалыппен, тауар кассирінің қолымен расталған ГУ-27-У-ВЦ нысаны (осы Қағидаға 21-қосымша) бойынша жаңа электрондық жүкқұжатының қағаздық көшірмесі және жүк тасымалдауға арналған (құймалыдан басқа) ГУ-29-У-ВЦ нысаны (осы Қағидаға 22-қосымша) бойынша жолдық ведомостың қағаздық көшірмесі жүреді. Бұл ретте электрондық жүкқұжатының "Тағайындалған станциясы" бағанында тағайындалған жаңа станцияның атауы мен коды, "Алушы" бағанында жаңа алушының атауы мен коды, "Оның почталық адресі" бағанында - жаңа жұкалушының почталық адресі көрсетіледі.

173. Тасымалдаушы жүкті басқа адреске жібергені үшін тасымалдаушының Тарифтік басшылығында (прейскурантта) белгіленген мөлшерде алым алады.

174. Жүкжөнелтушіден, жұкалушыдан тәуелді себептер бойынша оларды басқа адреске жіберуді күтіп вагондардың, контейнерлердің жүкпен тұрған уақытына тасымалдаушымен вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін



төлем алынады, жүкті сақтағаны үшін алым, станциялық жолдарда адресін ауыстыруды ресімдеу сәтіне дейін тұрғаны үшін төлем алынады.

175. Тасымалдаушы:

жүк тиісті емес жүк алушының адресіне келген;  
тасымалдау шартында көрсетілген жүк алушы жүкті алудан бас тартқан;  
жүк алушы жүкті алу бойынша міндеттемелерін орындаудан жалтарған;  
төрт тәулік (тез бұзылатын жүктерге қатысты - екі тәулік) ішінде жүкжөнелтушіден жүк жөнінде өкім болмаған;

тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша жүріс жолында вагондар мен контейнерлердің жүкпен кідіруі және жүктің одан әрі жүруі мүмкін болмаған жағдайларда, жүкті жүкжөнелтушіге оның есебінен қайтарады.

Қазақстан Республикасының ішкі тасымалдары бойынша жүкті қайтарғанда жүкжөнелтуші төлемдер төлеуді бастапқы жөнелту станциясында жүргізеді.

## **10. Жаппай тиелетін жүктерді бір жүк қағазымен маршруттық және топтама вагондармен тасымалдау**

176. Тасымалдауға вагондық топтамамен (топтама немесе маршруттық жөнелтілім) берілетін жүктер мына шарттар сақталғанда:

- 1) жүктер біртекті болғанда;
- 2) тиеу және түсіру клиенттің кірме жолдарында жүргізілгенде;
- 3) жүктерді жөнелту бір жүк жөнелтушімен бір жөнелту станциясына ұсынылғанда;
- 4) жүкті жөнелту бір жүк алушының атына бір тағайындалу станциясына жіберілгенде;
- 5) жүк жөнелтуші, жүк алушы немесе тасымалдаушы жүктің массасы мен вагондардың санын жол жүру барысында өзгертпегенде, бір жүк қағазымен ресімделеді.

177. Жөнелтілім маршруты қалыптастырылғанда маршруттың ядросы да, маршруттың тіркеме бөлігіндегі вагондардың әрбір тобы да, сондай-ақ маршруттың тіркеме бөлігіндегі әрбір дара вагон жүк қағазымен ресімделеді. Жолсерік қоса жүретін жануарларды вагондар тобымен тасымалдауды бір жүк қағазымен ресімдеуге жол беріледі.

ГУ-27е нысанды жүк қағазы (осы Қағидаға 23-қосымша) осы Қағидаға сәйкес толтырылады. Бұл ретте жүк жөнелтуші оның атауындағы:

жүктерді маршруттық жөнелтіліммен тасымалдағанда - "немесе вагондар тобы" сөздерін,

жүкті топтама жөнелтіліммен тасымалдағанда - "маршрут немесе" сөздерін сызып тастайды. Орындардың саны мен жүктің массасы, сондай-ақ тасымалдау

ақысы әр вагон бойынша жүк қағазында тиісті бағандарда, ал орындардың жалпы саны, бүкіл жөнелтілімнің массасы мен тасымалдау төлемінің жалпы сомасы - жүк қағазының бет жағында көрсетіледі.

Бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтерді жүк жөнелтуші топтың әрбір вагоны бойынша жүк қағазына қосымша берілетін парақта көрсетеді. Қосымша парақты жүк жөнелтуші үш данада толтырады және қол қояды. Жүк қағазында жүктің атауы тұсында жүк жөнелтуші "Бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметті қосымша парақта қара" деген белгі соғады. Жүк қағазы мен қосымша парақтың үш данасын жүк жөнелтуші жөнелту станциясына береді. Станция қосымша парақтың барлық данасына жүк қағазының нөмірін қояды. Қосымша парақтың бірінші және екінші данасын жөнелту станциясы тиісінше жүк қағазы мен жол тізімдемесінің түбіртегіне қыстырады, ал үшінші данасы жүкті қабылдау туралы квитанциямен бірге осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүк жөнелтушіге қайтарылады.

Тасымалдауды тасымалдардың электрондық досьесін қолданып ресімдегенде, ГУ-27-У-ВЦ нысанды жүк қағазы осы Қағидаға сәйкес толтырылады. Бұл ретте орындардың саны, жүктің массасы, Бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтер, сондай-ақ тасымалдау ақысы әр вагон бойынша көрсетіледі. Жүкқағаз тасымалдау құжаттарымен (электрондық құжаттардың көшірмелері) бірге немесе оларсыз (қағазсыз технологияда) темір жол көлігінде қабылданған тасымалдарды ұйымдастыру технологиясына сәйкес жүреді.

178. Маршруттық немесе топтама жөнелтілімнің бір жүк қағазымен жүретін жүктердің баратын жерін ауыстыру жүктердің баратын жерін ауыстыру тасымалдаушы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

179. Жол жүру барысында вагонды (вагондар тобын) оның (олардың) ақаулығынан маршруттық немесе топтама жөнелтілімнен (бұдан әрі - негізгі жөнелтілім) ағытқан жағдайда, вагонды (вагондар тобын) ағыту жүргізілген станция ол жайында вагондарды (вагондар тобын) ағытудың себептерін, сондай-ақ жөнелтілімнің нөмірін жүктің тағайындалу станциясының атауы мен кодтарын, жүк алушының атауы мен кодын, оның почталық мекен-жайын, жүктің атауы мен кодын көрсетіп, екі дана ГУ-23 жалпы нысанды акт жасайды.

Негізгі жөнелтіліммен келе жатқан жүк қағазы мен жол тізімдемесінің "Жол жүру барысындағы белгілер" бағанында ағытылған вагонның (вагондардың) нөмірі, ағыту станциясының атауы, ағыту себебі, жалпы нысанды актінің нөмірі және оның жасалған күні көрсетіліп, белгі соғылады. Енгізілген деректер станцияның тиісті қызметкерінің қолымен және күнтізбелік мөрқалыппен куәландырылады. Жүк қағазында (жол тізімдемесінде) орын жетіспегенде, жол жүру барысында ағытылған вагондар туралы мәліметтер жүк қағазының мөлшеріне тең болатын қосымша парақтарға жазылады. Аталған парақтардың

жоғарғы бөлігінде "№ жүк қағазына (жол тізімдемесіне) № қосымша парақ" деп жазылады. Қосымша парақтар жүк қағазына және жол тізімдемесіне қыстырылады. Жүк қағазының "Магистральдық темір жол желісі операторының белгілері" бағанында "Ағытылған вагондар туралы деректердің жалғасын № қосымша парақтан қара" деген жазба жасалады.

ГУ-23 жалпы нысандағы актінің бірінші данасы жөнелтіліммен бірге келе жатқан, тасымалдау құжаттарына қоса беріледі, екінші данасы вагонды ағыту жүргізілген станцияның істерінде сақтауда қалады. Ағытылған вагон (вагондар тобы) туралы деректер негізгі жөнелтіліммен келе жатқан вагон парағынан да сызылып тасталады. Мұндай түзету вагонды (вагондар тобын) ағыту себептері көрсетіліп, станцияның тиісті қызметкерлерінің қолымен және күнтізбелік мөрқалыппен куәландырылады. Станция ақауларды жойғаннан кейін, ГУ-23 жалпы нысандағы акт деректерінің негізінде әрбір ағытылған вагонға жаңа вагон парағы мен қосымша жіберу жол тізімдемесі жасалады, солармен мұндай вагон тағайындалу станциясына барады. Қосымша жіберу жол тізімдемесін жасағанда, "Алушы" бағанында "\_\_\_\_\_ДС" (жүктің тағайындалған станциясы) көрсетіледі, "Жүктің атауы" бағаны толтырылады, оның тұсында "\_\_\_\_\_ тж \_\_\_\_\_ станциясының негізгі жөнелтпесіне № \_\_\_\_\_ беру үшін (алушының атауы, оның почталық мекен-жайы) қосымша жіберіліп отыр" және бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

180. Тасымалдануы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып жүзеге асырылған маршруттық немесе топтама жөнелтілімнен жол жүру барысында ақаулығы салдарынан вагон (вагондар тобы) ағытылған жағдайда, ағыту жүргізілген станция магистральдық темір жол желісі операторының ААЖ-сынан ГУ-27-У-ВЦ нысан электрондық жүк қағазының қағаз көшірмесін сұратып алады. Жөнелтпе электрондық тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен қоса жүріп келе жатқанда, ағыту станциясы ағытудың себебін көрсетіп, екі дана ГУ-23 жалпы нысандағы акт жасайды. ГУ-27-У-ВЦ нысанды негізгі жүк қағазының "Жол жүру барысындағы белгілер" бөлімінде және ГУ-29-У-ВЦ нысанды жол тізімдемесінде ағытылған вагонның нөмірі, ағыту станциясының атауы, ағыту себептері, ГУ-23 жалпы нысандағы актінің нөмірі және оның жасалған датасы көрсетіліп белгі соғылады. Енгізілген деректер станцияның жауапты қызметкерінің қолымен және күнтізбелік мөрқалыбымен расталады. Актінің бірінші данасы негізгі жөнелтілім келе жатқан электрондық тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелеріне қоса беріледі. ААЖ-сынан алынған, машинамен басылған құжатпен тігілген екінші данасы станцияның істерінде қалады. ТЭД-ға түзету енгізу үшін ААЖ-ға акт пен ағыту себебі көрсетілген, ағыту туралы ақпаратпен хабар беру ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі. Жөнелтілім қағазсыз технология бойынша тек ТЭД-ымен

ғана жүргенде, ГУ-23 жалпы нысандағы акт бір данада жасалады, ол ААЖ-дан алынған ГУ-27-У-ВЦ нысанды. ТЭД-ға акт және ағыту себебі көрсетіліп, ағыту туралы ақпарат ААЖ-тың жұмыс істеу технологиясына сәйкес енгізіледі. Вагонның ақаулығын жойғаннан кейін станция қызметкері ААЖ-дан алынған ГУ-27-У-ВЦ нысанды машинамен басылған жүк қағазы деректерінің негізінде әрбір ағытылған вагонға электрондық қосымша жіберу жол тізімдемесін ресімдейді. Электрондық қосымша жіберу жол тізімдемесінің "Алушы" бағанында "\_\_\_\_ДС" (жүктің тағайындалу станциясы), сондай-ақ вагонның нөмірі, коды және жүктің атауы, негізгі жөнелтілімнің нөмірі, жүк алушының коды және атауы және оның почталық мекен-жайы туралы мәліметтер, бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтер көрсетіледі. Вагонның тағайындалу станциясына дейін электрондық қосымша жіберу жол тізімдемесімен немесе оның қағаздық көшірмесімен ғана жүруіне жол беріледі.

Тағайындалу станциясы маршруттық немесе топтама жөнелтіліммен келген жүкті бергенде жүк қағазында жол жүру барысында вагонның (вагондар тобының) ағытылғандығы туралы белгі (белгілері) бар тасымалдау құжаттарына қоса берілген ГУ-23 жалпы нысандағы актінің (актілердің) негізінде келмеген вагондардың нөмірлерін көрсете отырып коммерциялық акт жасайды. Жүк қағазының "Тасымалдаушының белгілері" бағанында "Жөнелтпе құрамында \_\_\_\_ вагонмен келді. Келмеген №№ \_\_\_\_\_ вагонға № \_\_\_\_\_ коммерциялық акт жасалды" деген жазба жазылады. Тағайындалу станциясына қосымша жөнелту жол тізімдемесімен келген жүк жүк алушыға осы Ережеге сәйкес оған берілген коммерциялық актінің данасы мен жөнелтуге жүк қағазын көрсеткеннен кейін беріледі. Тасымалдаушының станциядағы өкілі коммерциялық актінің барлық данасының "Ж" бөлімінде және жөнелтуге жүк қағазының "Тасымалдаушының белгілері" бағанында жүктің қосымша жіберу жол тізімдемесімен келгендігі туралы қосымша жіберу жол тізімдемесінің нөмірін, вагонның, қосымша жіберуді ресімдеген станцияның нөмірін, қосымша жіберуді ресімдеу датасын және жүкті жүк алушыға берудің датасын көрсетіп белгі соғады. Коммерциялық актіде келмеген деп көрсетілген соңғы вагон келгеннен кейін жүк алушы коммерциялық актіні тағайындалу станциясына сақтау үшін қайтарады. Қосымша жіберу жол тізімдемесімен келген жүкті негізгі жөнелтілім келгеннен бұрын беру жүк алушының қосымша жіберу жол тізімдемесінде қолын қойғызып жүргізіледі. Бұл жағдайда негізгі жөнелтілім келгеннен кейін коммерциялық акт жасалмайды.

181. Тағайындалу станциясына жол жүру барысында вагонның (вагондар тобының) ағытылғандығы туралы белгілері бар негізгі маршруттық немесе топтама жөнелтілім келгеннен кейін тағайындалу станциясы вагонды (вагондар тобын) ағыту туралы ГУ-23 жалпы нысандағы актінің (актілердің) негізінде

келмеген вагондардың нөмірлерін көрсетіп коммерциялық акт жасайды. Жүкқағаздың "Тасымалдаушының белгісі" бағанында "Жөнелтілім \_\_ вагоннан тұратын құрамда келді". Келмеген №\_\_ \_\_ вагондарға №\_\_ коммерциялық акт жасалды. Қосымша жол ведомосы бойынша тағайындау станциясына келген жүк осы Қағидаға сәйкес жүк алушыға оған берілген коммерциялық акт данасы мен жөнелтілім жүкқағазын көрсеткеннен кейін беріледі. Тағайындау станциясындағы тасымалдаушының өкілі коммерциялық актінің барлық даналарында "Ж" бөлімінде және жөнелтілім жүкқағазының "Тасымалдаушы белгісі" бағанында қосымша жол ведомосының нөмірін, вагон нөмірін, қосымша жөнелтуді ресімдеген станция нөмірін, қосымша жөнелтуді ресімдеу датасын және жүк алушыға жүкті беру датасын көрсете отырып, қосымша жол ведомосы бойынша жүктің келгені туралы белгі жасайды. Коммерциялық актіде келмеген ретінде көрсетілген соңғы вагон келгеннен кейін коммерциялық акт жүк алушымен сақталу үшін тағайындау станциясына қайтарылады. Негізгі жөнелтілімнен бұрын, қосымша жол ведомосымен келген жүкті беру жүк алушының қосымша жол ведомосына қол қоюы арқылы жүргізіледі. Негізгі жөнелтілім келген жағдайда, коммерциялық акт жасалмайды.

182. Тағайындалу станциясымен сапар барысында вагонның ажыратылғаны туралы белгі бар тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тағайындау станциясына негізгі маршрутпен немесе топтық жөнелтіліммен вагондар келгенде, вагонды (вагон топтары) ажырату туралы ГУ-23 жалпы нысандағы актінің негізінде келмеген вагондардың (вагон топтары) нөмірі көрсетіле отырып, коммерциялық акт жасалады. ААЖ-ға ақпарат беру ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

183. Тағайындалу станциясында келген вагондар санының немесе нөмірлерінің жөнелтіліммен бірге келген тасымалдау құжаттарында көрсетілген деректермен сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, жүкті беруді ресімдеу тасымалдау құжаттарын ресімдеу тәсіліне қарай (қағазда немесе электрондық түрде) осы Қағидаға сәйкес тәртіпте жүргізіледі.

184. Маршруттық немесе топтама жөнелтіліммен келген жүкті бергенде тағайындалу станциясы жүк тасымалымен байланысты ақтық есеп айырысуды жүк қағазы (электрондық жүк қағазы) бойынша жүк қағазында көрсетілген вагондар саны үшін жүргізеді. Тасымалдардың электрондық досьесін қолданылып маршруттық (топтама) жөнелтіліммен келген жүкті беруді ресімдеу осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі.

## **11. Құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау**

185. Жүк жөнелтушілер қажет болған жағдайда, тасымалдауға дайындалған жүктерді олардың құндылығын жариялап береді.

Тасымалдауға ұсынылғанда, мына жүктердің құндылығын жариялау міндетті:

1) алтын, күміс және платина, сондай-ақ осылардан жасалған басқа да бұйымдар;

2) бағалы тастар;

3) бағалы терілер, мысалы, құндыз, ақ тышқан, сусар, қара күзен, кәмшат, қаракөл, итбалық, котик, қара түлкі, скунс, бұлғын, сондай-ақ осылардың терісінен жасалған бұйымдар;

4) түсірілген фильмдер;

5) суреттер;

6) мүсіндер;

7) көркемдік бұйымдар;

8) антикварлық заттар;

9) үй заттары.

Тасымалдауға апарардың алдында үй қажеттіліктерінің атын, санын және бағасын жазып, әрбір жүктік орынға (жәшікке және т.б.) орналастырып, тізімін жасап, жүк жөнелтуші жүкқағазда олардың бағалылығын көрсетіп береді.

Сонымен қатар, тізімде жүкқағазда көрсетілген бағалылыққа сәйкес, үй қажеттіліктерінің жалпы құны мен орындардың жалпы саны көрсетілуі керек. Тізімнің бірінші данасы жөнелту станциясында қалады, екіншісі-жүкжөнелтушіде, ал үшінші данасы үй қажеттіліктерінің арасына салынып, тағайындалған станцияға дейін бірге жеткізілуі керек.

Ақтарма, үйілме, құймалы түрде, ашық жылжымалы құрамда, жолсеріктермен, жүк жөнелтушінің бекіту-пломбылау құрылғыларымен тасымалданатын, сондай-ақ тез бүлінетін және қауіпті жүктердің құндылығын жариялауға жол берілмейді. Сондай-ақ бір жүкқағазымен тасымалданатын жүктің бір бөлігінің құндылығын жариялауға жол берілмейді.

Жүктердің құндылығын жариялау жүк жөнелтушінің тілегі бойынша ғана жүргізіледі.

186. Жүктердің құндылығы олардың құны негізге алына отырып, жарияланады.

Жүктің құны сатушының шотында көрсетілген немесе шартта көзделген баға негізге алына отырып анықталады, ал олар болмағанда, ұқсас жағдаяттарда осындай тауар үшін әдетте алынатын баға негізге алына отырып белгіленеді.

187. Жүк жөнелтуші тасымалдауға құндылығы жарияланған жүктерді берген кезде, тасымалдаушыға жүкқағазымен бірге жөнелту станциясында ГУ-112 нысанына (осы Қағидаға 24-қосымша) сәйкес толтырылған құндылығы жарияланған жүкті тасымалдауға арналған тізімдемені береді.

Бір жүкқағазы бойынша құндылығы әртүрлі жүктер берілген кезде, олардың айырмалық ерекшеліктері, орындарының саны мен олардың құндылығы тізімдемеде жеке жолмен көрсетіледі.

Құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдауға арналған тізімдеме үш данада жасалады, олардың біреуі жүк жөнелтушіге қайтарылады, екіншісі вагонның, контейнердің ішіне көрінетін жерге бекітіледі не ұсақ жөнелтіліммен тасымалданған кезде жүк орындарының біреуіне салынады, ал үшінші данасы тасымалдаушыда жөнелту станциясында қалады.

188. Егер жүк жөнелтушінің жүктің құндылығын асырып жіберді деуге негіз болса, тасымалдаушы құндылығын қарап тексеру үшін тасымалдауға берілген жүкті ашуды талап етеді.

189. Жүк жөнелтуші берген тасымалдау құжаттарын ресімдеген кезде, тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілі:

жүк жөнелтушінің тізімдемені дұрыс толтыруын тексереді,  
онда теміржол жүкқағазының нөмірін көрсетеді,  
"Тізімдеме қабылданды" деген жолға қол қояды  
жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбын қояды.

Егер тізімдеме бірнеше парақта жасалса, күнтізбелік мөрқалып және жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының жөнелту станциясындағы өкілінің қолдары әрбір параққа қойылады.

190. Жүктердің жарияланған құндылығы үшін жүк жөнелтуші тасымалдаушыға тарифтік басшылыққа сәйкес алым төлейді. Алынатын алымның мөлшері тасымалдау құжаттарында көрсетіледі.

## **12. Үйіп және ақтарып тасымалдау**

191. Фракциялық құраушылары (түйірлер, кесектер) ұн тақ, дән, түйіршек, капсула түрінде біртекті масса болып табылатын, өзара жылжымалылыққа (сусымалылыққа) ие жүктер үйіп тасылады.

192. Ақтарылып пакеттелмеген түрде вагондық жөнелтілімдермен вагондарға тиеген кезде орындарды есептеуді (дана) талап етпейтін және өзінің физикалық жағдайы бойынша үйінді жүктерге жатқызуға мүмкін емес жүктер тасымалданады.

193. Жауын-шашыннан және тозандатудан қорғауды талап ететін жүктер мамандандырылған жабық вагондарда (мысалы, ұн тасығыштар, астық тасығыштар, цементтасығыштар, минералтасығыштар), мамандандырылған контейнерлерде үйіліп және ақтарылып тасылады. Жүкті қапталған күйде үйіп тасымалдау үшін жабық вагондар пайдаланылады. Үйіп немесе ақтарып тасымалдауға жататын жүкті тиер алдында жүк жөнелтуші вагонның

конструктивтік саңылауларын бітеу бойынша шарлар қолданады. Вагонның саңылауларын бітеу сапар барысында жүктің темір жол бойында төгілуін және қоршаған ортаны ластауды болдырмау үшін қажет. Жүктерді жабық вагондарда үйіп және ақтарып тасымалдауға жүкжөнелтушімен есіктерге бекітпе орнату арқылы жол беріледі.

Вагондардың есіктерінің саңылауларын бөгеу үшін қалқаншалар, тақтайлар, дөңбектер, басқа тығыз материалдардан жасалған бөгеулер қолданылады. Вагонды есіктік бөгеулермен қамтамасыз ету жүк жөнелтушінің күшімен және құралдарымен жүзеге асырылады. Жүк жөнелтуші тиер алдында вагондар мен қалқаншалардың коммерциялық тұрғыдан түзіктігіне, тазаланғанына, зиянкестермен бүлінбегеніне, дәннің төгілуі мүмкін саңылаулардың және тесіктердің болмауына көз жеткізуі керек. Жүкті түсірер кезде алушы вагонға зақым келтірмей, есік бөгеулерін алып тастайды.

Астық жүктері, майлы және ірі бұршақты дақылдардың дәндері Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңнамасына сәйкес өсімдіктерге тыйым салу саласында құзырлы орган талап ететін ілеспе құжаттар болғанда, Қазақстан Республикасының ішінде жүк жөнелтушімен тасымалдауға ұсынылады.

Халықаралық темір жол қатынасында жүкқағаз бойынша экспортқа астық жүктерін тасымалдау кезінде жүкқағазға сапа сертификатын қосып беру талап етілмейді. Бұл жағдайда жүк жөнелтуші жүкқағазда "Жүкжөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында "Сертификаттың қосымшасы талап етілмейді" белгісін қояды. Ылғалдығы қоса алғанда 16% дейінгі астық жүктерін, оның ішінде 17% дейінгі астық дақылдарын, 15% дейінгі тарыны, 10% дейінгі майлы дақылдардың дәндері, 8% дейінгі күнбағыс дәндерін тасымалдау жалпы жағдайда жүргізіледі. Осы Қағиданың 24-тарауына сәйкес ылғалдығы жоғары аталған жүктерді тасымалдауға ерекше жағдайларда жол беріледі. Төмен температураларды қатуы мүмкін жүктер Осы Қағиданың 18-тарауына сәйкес тасымалданады.

Үймемен және ақтарып тасымалдауға арналған жүктерді тасымалдаушы құжаттарды ресімдеу кезінде жүкқағаздың "Орындар саны" бағанында жүк жөнелтушімен тиісінше "үймемен" және "ақтармамен" деп көрсетіледі.

194. Жауын-шашыннан қорғауды талап етпейтін жүктер ашық жылжымалы құрамдарда және мамандандырылған ашық вагондарда (мысалы, думпкарлар, хоппер-дозаторлар) үйіліп тасылады.

Егер жылжымалы құрамға тиеуді сырттай қарап, көзбен шолғанда орын санын есептеу мүмкін болмаса, онда барлық жағдайларда, жүкқұжатының "Орын саны" бағанында "ақтарма" деп көрсетіледі.



Үйіп тасымалдаған кезде, жүктерді сақтап қалу мақсатында жүкжөнелтуші қалқандарды, тақтайларды, торқапшықтарды, брезент немесе осындай беріктігі бар басқа материалдардан бөгеттер қолданады.

Арнайы вагондарда, түбі саңылаусыз ашық вагондарда жүктерді үйіп тасымалдауға тасымалдау құжаттарын ресімдеу кезінде жүкжөнелтуші көліктік теміржолдық жүкқұжатының "Жүкжөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында мына мазмұндағы белгі жасайды: "Арнайы вагондарда (немесе тиісінше түбі саңылаусыз ашық вагондарда) тасымалдау жүкалушымен келісілген. Түсіру құрылғылары бар".

Үйіп және ақтарып тасымалданатын жүктердің тізбесі осы Қағидаға 28, 29-қосымшаларда көрсетілген.

### **13. Ашық жылжымалы құраммен тасымалдау**

195. Атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды талап етпейтін үймеленіп және ақтарылып тасымалданатын жүктерді жәе өзінің мөлшері мен массасы бойынша вагондардың, контейнерлердің басқа түрлерінде тасымалдана алмайтын дара-ыдыс түріндегі жүктерді ашық жылжымалы құраммен тасымалдауға жол беріледі.

196. Ашық жылжымалы құраммен тасымалдауға жол берілетін жүктердің тізбесі осы Қағидаға 27-қосымшада көрсетілген.

197. Ашық жылжымалы құрамның мамандануына байланысты түрі мен тегі тасымалданатын жүктің сипаттарына, оны тиеу, түсіру (босату) үшін қолданылатын құрылғылар мен механизмдердің, құрылыстардың түріне байланысты жүкжөнелтушімен таңдалады.

197. Жүктерді вагондарда, контейнерлерде орналастыру және бекіту жүктерді орналастырудың және бекітудің шарттарына, осы Қағиданың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

198. Ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктерді орау үшін олардың қасиеттеріне байланысты тиісті стандарттардың, техникалық шарттардың талаптарына жауап беретін көліктік ыдыс қолданылады. Ашық жылжымалы құрамда жүк тасымалдау кезінде жүктерді орау және жабу үшін тез жанатын материалдарды қолдануға жол берілмейді.

199. Ашық жылжымалы құрамда қауіпті жүктерді тасымалдау осы Қағиданың 22-тарауына сәйкес жүргізіледі.

200. Қара металл сынықтары, қалдықтары, олардың қорытпалары отжарылу қаупінен және радиоактивті материалдардан зиянсыздандырылған, тасымалдауға

қауіпсіз, зиянды химиялық заттардан тазартылған жағдайдағы стандарттарға сәйкес дайындалып тасымалданады және олардың жарылу қауіпсіздігін куәландыратын құжатпен бірге алынып жүреді.

201. Оларды тасымалдау ашық жылжымалы құрамда жол берілетін жүктердің тізбесінде (осы Қағидаға 27-қосымша) көрсетілген, майда фракциялары бар жүктерді (олардың мөлшері 13 миллиметрден аспайтын түйірлер) ашық жылжымалы құрамда тасымалдаудың мүмкіндігі жүкжөнелтушімен белгіленеді.

202. Жүкжөнелтуші майда фракциялары бар жүктерді тиеу алдында ұсынған жүкті осы жылжымалы құрамда тасымалдау оның шығындарына, оның темір жол мен қоршаған табиғи ортаны ластауына алып келмейтініне көз жеткізеді. Егер платформаның немесе вагон шанағының ақаусыздығы кезінде жүктің шығыны құралымдық саңылаулар арқылы мүмкін болса, онда жүктің сақталуы үшін жүкжөнелтуші төгілуіне қарсы қосымша іс-шаралар қолданады.

203. Майда фракциялары бар жүктерді ашық жылжымалы құрамға тиеу кезінде жүкжөнелтуші қозғалыс кезінде майда түйіршіктердің үрленуін, сондай-ақ вагондардың ернеуінің деңгейінен оны жоғары тиеген ("бөрігімен") жағдайларда жүктің құйылуын болдырмауға іс-шаралар қолданады. Аталған іс-шаралар жүкжөнелтушімен жүктің әр түрі үшін әзірленеді. Байыту фабрикасының сұрыптау қондырғыларына жөнелтілетін сортталған және қатардағы көмірлері мен брикеттерінен басқа барлық жағдайларда жүктің беті вагондардағы және контейнерлердегі жүктердің орналасуы мен бекітілуінің техникалық шарттарына сәйкес немесе жүкжөнелтушімен жасалған және тасымалдаушымен келісілген Қағидаға сәйкес тегістеледі және тығыздалады. Бұл ретте "бөрікке" көлденең қимада трапеция пішіні беріледі. Жүкті тығыздағаннан соң "бөріктің" төменгі негізі ашық вагон шанағының жоғарғы байлауынан аспайды.

Жүкті тегістеу мен тығыздау үшін вагондарда механикаландырылған қондырғылар және басқа қарапайым құралдар қолданылуы мүмкін.

204. Минералдық-құрылыс жүктерін ашық вагонның ернеулерінен жоғары тиеген жағдайларда, жүк "бөрігінің" негізі ернеулер деңгейінен ең кемінде 50 миллиметрден төмен болуы тиіс.

205. Суықтан катуға ұшырайтын жүктер осы Қағиданың 18-тарауына сәйкес тасымалданады.

#### **14. Жолсеріктердің алып жүруіндегі тасымал**

206. Жүкжөнелтушілердің, жүк алушылардың жолсеріктерінің қостауымен мына жүктер вагондық жөнелтілімдермен тасымалданады:

малдар;

күс пен аралар;

тірі балық пен балықотырғызу материалдары (шабақтар);

өсімдіктер мен тірі гүлдер;

тасымалдаған кезде арнайы қызмет көрсетуді (жылытуды, желдетуді, күтімді) талап ететін тез бұзылатын жүктер және азық-түлік жүктері;

мамандандырылған жылжымалы құрамда құйылып тасымалданатын шарап, шарап материалдары мен коньяктік спирт (изотермиялық вагон-цистерналарда, цистерна-термостарда);

ашық жәшіктердегі шарап, арақ, коньяк;

мұражайлық және көнекөздік құндылықтар;

жұмыс істемейтін жағдайда, өздерінің осьтерімен тасымалданатын теміржолдық жылжымалы құрам (тепловоздар, электровоздар, паровоздар, мотовоздар, вагондар, соның ішінде арнайы мақсаттағы және өздігінен жүретін автодрезиналар, автомотрисалар, дизель-электропоездардың вагондары, жылжымалы жүккөтергіш крандар, электр станциялары, энергопоездар және теміржолдық жүрістегі тағы басқа жабдықтар);

локомотивтердің тендерлері;

тар жолтабанды теміржолдық көлікке арналған платформаларда тасымалданатын локомотивтер;

пайдаланыста болған автомобильдер, тракторлар, барлық атаулардағы моторландырылған машиналар, соның ішінде жөндеуге баратындар және жөндеуден келгендер;

арнайы автомобильдер, мамандандырылған автомобильдер мен автоцистерналар (соның ішінде мұнай өнімдерін, су, сұйытылған газ тасымалдау үшін және отынқұйғыштар), арнайы шанақты автомобильдер; малдәрігерлік қызметтің, халыққа мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетудің автомобильфургондары;

автомобильдердегі жылжымалы шеберханалар, зертхана автомобильдерін қоса алғанда;

техникалық көмек автомобильдері, өрт машиналары, автобетонараластырғыштар, тозаңдатқыштары бар жол жинастыруға арналған автомобильдер; арнайы жабдықтармен жарақталған рентгендік, жедел жәрдемдік, реанимациялық және басқа автомобильдер;

жүріс жолында ішінара түсіру немесе тиеу арқылы тасымалданатын жүктер; қауіпті жүктердің жекелеген түрлері.

207. Жүкқұжатына жүкжөнелтушімен жүк атауының астына жолсеріктерінің санын, олардың аты-жөнін (толық) көрсетіп, жүкті жолсеріктер алып жүретіні туралы белгі соғылады. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып, жүк тасымалын ресімдеу кезінде, сондай-ақ жолсеріктер саны көрсетіледі.

208. Тасымалдауға кедергілер және жүкті беру қажеттілігі туындаған жағдайда жолсерік жүкжөнелтушінің функциясын жүзеге асырады. Жолсерікке жүкжөнелтушінің функцияларын жүктеу туралы жолсерікке берілетін өкілеттіктерді дәл сипаттау арқылы жүкқұжатының "Жөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында белгі соғылады.

Заңды тұлғаның атынан мұндай өкілеттіктер беруге сенімхат оның басшысының немесе осы ұйымның мөрімен куәландырылған оның құрылтайшы құжаттарымен осыған уәкілетті өзге адамның қол қоюымен беріледі.

Қағиданың осы тармағымен қаралған тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып, тасымалдарды ресімдеу кезінде мәліметтер темір жол көлігінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу технологиясына және жүкжөнелтуші мен тасымалдаушының арасындағы электрондық құжат айналымы жүйесіне сәйкес тасымалдардың электрондық досьесіне енгізіледі.

209. Жолсеріктердің мыналарда жүруіне рұқсат беріледі:

жүк тасымалданатын вагонда;

жүкжөнелтушінің өтінімі бойынша тасымалдаушы берген жеке вагонда;

жүкжөнелтушіге, жүкалушыға тиесілі немесе олармен жалға алынған жеке вагонда.

Оның кімге тиесілі екеніне қарамай, жолсеріктердің жеке вагонда жүрген жағдайында, жүкжөнелтуші осы Қағидада белгіленген тәртіппен тасымалдардың электрондық досьесі үшін деректерді толтырады, онда әрбір алып жүретін жүгі бар вагон жөніндегі мәліметтерді және жолсеріктер жүріп бара жатқан вагон туралы мәліметтерді көрсетеді.

Жүкті алып жүретін жолсеріктердің жол жүруі үшін жүкжөнелтушіден тасымалдаушының Тарифтік басшылығымен (прейскурантымен) белгіленген мөлшерде ақы алынады. Жолсеріктердің жолақысы жүкқұжатта көрсетіледі.

210. Жолсерік салмағы отыз бес килограмнан жоғары емес оған тиесілі қол жүгін өзімен бірге вагонда тегін алып жүре алады.

Жолсерікте белгіленген нормадан жоғары қол жүгі бар болғанда, одан қол жүгінің артық жиынтығы үшін тариф бойынша тасымал төлемі алынады (шағын жөнелтпелермен тасымалданатын жеке (тұрмыстық) қажеттіктерге арналған жүктер ретінде).

211. Жүкті алып жүру және күзету сеніп тапсырылған жолсерік жөнелту станциясына төлқұжатты (жеке куәлікті) және іссапар куәлігін ұсынады.

Жолсерікке осылардың және тасымал құжаттарының негізінде станциядағы тасымалдаушының өкілімен немесе ол уәкілеттік берген қызметкермен қол қойылған және күнтізбелік мөрқалыппен расталған жөнелту станциясымен белгіленген нысандағы жүк жолсерігінің куәлігі (осы Қағидаға 28-қосымша) беріледі.

Жолсерікпен куәлік алынған кезде, жолдық ведомостың түбіртегінде жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбының астына "Куәлікті алдым" деген жазба жазылады және жолсеріктің аты-жөні, тегі көрсетіліп қолы қойылады. Жолсерік куәлікті алған кезде, куәлікте баяндалған жолсеріктің негізгі міндеттерімен танысады және бұл жөнінде куәлікке әрі жөнелту станциясы жүкжөнелтушілерінің (жұкалушыларының) жолсеріктерге куәліктерді беруді тіркеу кітабына қол қояды.

Жолсерікке куәлік тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып, жүк тасымалдауды ресімдеу кезінде жөнелту станциясымен басып шығарылған ГУ-27У-ВЦ нысанды электрондық жүкқұжаттың (осы Қағидаға 22-қосымша) қағаздық көшірмесіне қол қойдыру арқылы беріледі. Куәлікті алғаны туралы белгі тасымалдардың электрондық досьесіне тасымалдаушының ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес енгізіледі.

212. Жүктерді алып жүруге арналған жолсеріктердің саны жүкжөнелтушімен (жұкалушымен) белгіленеді. Бұл ретте, жолсеріктердің санын екі адамнан кем тағайындауға рұқсат берілмейді.

213. Қауіпті жүктерді алып жүрудің қосымша шарттары осы Қағидада белгіленеді.

214. Алып жүруге жататын жүкті вагондар мен контейнерлерде жүктерді орналастырудың және бекітудің техникалық шарттарының талаптарына сәйкес жүкжөнелтуші орналастырады және бекітеді.

215. Жолсеріктер өрт қауіпсіздігінің талаптарына жауап беретін қолшамдарды және қатты отынды (көмір, отын) пайдаланып, қалыпты түрдегі шойын пештерді қолданады. Жүріс жолында жолсеріктер өрт және жеке қауіпсіздік талаптарын ұстануы тиіс.

Жүкжөнелтуші вагондарды пешпен жабдықтаған кезде, өрт сөндіру мақсаты үшін жүкжөнелтуші жолсеріктерді көлемі 100 литрден кем емес брезенттік немесе полиэтилендік сыйымдылықтардағы су қорымен қамтамасыз етеді.

216. Жылжымалы құрамға зақым келтірмейтін және қозғалыс қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігінің талаптарын қанағаттандыратын жолсеріктердің алып жүруіндегі жүктерді тасымалдауға арналған қажетті барлық алынбалы қарапайым құралдарды жүкжөнелтуші береді.

217. Жүк вагонында пештер мен пеш жабдықтарын орнату өрт қауіпсіздігі талаптарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Пештерді орнатқан кезде, жүк пен пештің арасындағы қашықтық 1 метрден кем емес, ал жүк тиеудің жоғарғы деңгейі мен вагонның төбесі арасындағы қашықтық - 50 сантиметрден кем емес болуы керек. Жүкпен бірге жолсеріктердің болуы болжамданған вагондардағы есік ойықтарында жүктердің, қатты отын қорының, басқа материалдар орналастырылмайды.

218. Вагондарда жүкжөнелтушіге (жұқалушыға) тиесілі пештер мен пеш жабдықтарын орнатқан кезде, жүкжөнелтушімен "Жүкжөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" жүкқұжатының сырт жағының 4-бағанында олардың саны көрсетіледі.

219. Вагондарды бүкіл сапар барысында пешке арналған қатты отынмен жабдықтауды жүкжөнелтуші қамтамасыз етеді.

220. Жүкке бұзылу қаупі төнген жағдайда және оны толық сақталымда жұқалушыға жеткізу мүмкін болмаса, жүкжөнелтуші немесе бұған уәкілетті жолсерік жүкке өзі билік етеді.

Тасымалдау үдерісінде бекітудің немесе жүктің орнықтылығының бұзылғанын байқаған кезде, жолсерік вагонды ағыту жөнінде шешім қабылдау үшін станция бастығына жазбаша өтініш береді және бекітуді түзету, жүктің орналасуы мен орнықтылығын қалпына келтіру бойынша іс-шаралар қолданады. Тасымалдаушының кінәсінен жүктің бекітілуі немесе жүктің орнықтылығы бұзылған кезінде түзетуді тасымалдаушы жүргізеді. Жүкті бекітуді немесе жүкті тиеуді тексерудің нәтижелері және жүкжөнелтушінің кінәсінен вагонның амалсыз бос тұру уақыты ГУ-23 жалпы нысандағы екі дана актпен ресімделеді. Актінің бір данасы тасымалдау құжаттарына тіркеледі және "Тасымалдаушының белгілері" жүкқұжатының кері жағының 6-бағанында ГУ-23 жалпы нысанды актінің нөмірі және оның жасалған күні көрсетіледі. Актінің екінші данасы вагонның ағытылуы жүргізілген станцияда қалады.

221. Жолсеріктердің қосталуымен бара жатқан вагондардың техникалық ақаулығы жүріс жолында байқалған және осы поезбен бұл вагондардың бұдан әрі жүруі мүмкін болмаған кезде, мұндай вагондар ағытылады.

Жүкжөнелтушінің немесе жолсеріктің кінәсінен болған вагонның зақымдануы кезінде ВУ-25 нысанындағы вагонның зақымдануы туралы акт (осы Қағидаға 29-қосымша) және ГУ-23 жалпы нысанды акт ресімделеді.

Жолсерік вагонның бұзылғаны туралы актінің мағынасымен келіспейтін жағдайда, келіспеуінің уәждерін көрсетіп, оған ескертулермен қол қояды. Вагонның бұзылғаны туралы актінің бірінші данасы тағайындалған станциясында жұқалушыға беру үшін тасымалдау құжаттарына немесе егер бұзылған вагон топтық жөнелтпе құрамында жүрген болса, қосымша жіберілетін жолдық ведомосқа тіркеледі. Бұл ретте, қосымша жіберілетін жолдық ведомостың жүк атауы астына немесе "Тасымалдаушының белгілері" жүкқұжатының кері жағының 5-бағанында вагонның бұзылғаны туралы актінің нөмірі, оның жасалуының күні мен себебі көрсетіледі. Вагонның бұзылғаны туралы актінің екінші данасы вагонның бұзылғаны жөніндегі шотқа тіркеледі, ол

тасымалдаушымен жүкалушының ақы төлеуі үшін қойылады. Вагонның бұзылғаны туралы актінің үшінші данасы вагонның ағытылуы жүргізілген станцияда қалады.

Егер құрамында техникалық ақаулы вагон болған вагондар тобы бірнеше жолсеріктердің алып жүруімен жүрген болса, онда жолсеріктердің біреуі кідірген вагонмен қалады.

Егер вагонның техникалық ақауын жою үшін жүк басқа вагонға қайта тиелген жағдайда, бұл жөнінде тасымалдау құжаттарында немесе қосымша жіберілетін жолдық ведомосқа (егер ағытылған вагон топтық жөнелтпе құрамында жүрсе) тасымалдау құжаттарын толтыру ережесімен белгіленген тәртіппен белгі қойылады.

222. Жолсеріктердің жүкті онан әрі алып жүруі мүмкін болмайтын жағдайда (мысалы, аурудың себебінен), станциядағы тасымалдаушының өкілі жолсеріктердің жазбаша өтініші бойынша жөнелту немесе тағайындалған станция арқылы жүкжөнелтушіні немесе жүкалушыны бұл жайында хабардар етеді. Жолсеріктердің жазбаша өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайларда, хабар беруге және жүктің алып жүру тәртібін өзгертуге белгіленген тәртіппен ресімделген, бұл үшін тиісінше уәкілетті органмен, ұйыммен (мысалы, медициналық мекемемен, құқық қорғау органымен) ұсынылған анықтама негіз болып табылады. Хабар алғаннан соң, жүкжөнелтуші немесе жүкалушы жолсеріктерді алмастыруды жүзеге асырады.

Бұл жағдайда вагондар жүктерімен жүкжөнелтушінің немесе жүкалушының жаңа жолсеріктері келгенге дейін станцияда кідіріледі, ол жөнінде ГУ-23 жалпы нысанды акт жасалады. Вагондар жүгімен кідірілген станция жаңа жолсеріктерге осы Қағиданың 211-тармағында белгіленген тәртіппен куәлік береді. Вагондар жүгімен кідірілген станция жаңа жолсеріктер туралы мәліметтерді жүкке ілесіп жүретін "Тасымалдаушының белгілері" жүкқұжатының бағанында көрсетеді.

Жүктің тағайындалған станцияға келген бойында тасымалдаушы тасымалдау құжаттарына тіркелген ГУ-23 жалпы нысанды актінің негізінде жаңа жолсеріктердің келуін күтіп вагондардың станцияда болуына байланысты кеткен шығындарын жүкалушыдан өндіріп алады.

Қағиданың осы тармағында белгіленген тәртіп жолсеріктердің алып жүруімен қауіпті жүктерді тасымалдауға қолданылмайды.

Тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып тасымалдауды жүзеге асырған кезде, Қағиданың осы тармағына сәйкес жолсерікті алмастыру туралы тасымалдардың электрондық досьесіне белгілерді тасымалдаушы ААЖ-ның

жұмыс істеу технологиясына сәйкес енгізіледі. Жүкті электрондық тасымалдық құжаттарының қағаздық көшірмелерімен алып жүрген кезде, белгілер сондай-ақ бұл қағаздық көшірмелеріне де енгізіледі.

ААЖ-да тиісті функционалдық мүмкіншіліктер бар болғанда, қажет кезінде құжаттар (өтініш, анықтама, акт) электрондық түрде жасалады және ААЖ-ға беріледі, бұл жағдайда жолсеріктермен қол қойылған электрондық құжаттардың қағаздық көшірмелері алып жүрушілер алмастырылған станцияда сақтауда қалады.

223. Жолсеріктердің алып жүруімен жүретін вагондар поездың құрамына бір топпен қойылады.

224. Жүкке бұзылу қаупі төнген жағдайларда және оны алғашқы тағайындалуы бойынша толық сақтап жеткізу мүмкін болмаса, тасымалдаушы жолсеріктің жазбаша талабы бойынша вагонды ағытады және белгіленген тәртіппен жүкті басқа ұйымдарға беруде жолсерікке көмек көрсетеді.

## **15. Жөнелтушілік маршруттармен тасымалдау**

225. Жүк тасымалдарын жөнелтушілік маршруттау жүктердің жеткізу мерзімдерін қысқартуға, вагондардың айналымын тездетуге, станцияларда олардың қайта өңделу көлемін азайтуға, материалдық құралдарды үнемдеуге, тасымалдар кезінде жүктерді сақтаудың жағдайларын жасауға ықпал ететін және кірме жолда маршруттық жөнелту тасымалдарын қалыптастырған кезде, тасымалдаушы мен жүкжөнелтушінің арасында өзара тиімді жағдайларды қамтамасыз етеді.

226. Жөнелтушілік маршруттау мыналарға негізделеді:

1) жүқағындарын шоғырландыруға:

тұтынушыларды жеткізушілерге және түсіру (босату) аудандарын тиеу учаскелеріне оңтайлы бекітуді қамтамасыз ету жолымен;

жеке маршруттық тағайындауларға жаппай жүктерді тиеуді шоғырландыру жолымен;

бір жүкжөнелтушімен бір станциядан тағайындаулар бойынша жүктерді тиеуді күнтізбелік жоспарлау жолымен;

кәсіпорындардың кірме жолдарында немесе бір жүкжөнелтуші станциясының жолдарында белгілі тағайындалған вагондарды шоғырландыру жолымен;

2) тарату станцияларына тағайындау маршруттарын ұйымдастыру кезінде жүк поездарын құрастыру жоспарын сақтау және жөнелтушілік маршруттарын немесе олардың негізін толық құрамда құрастыру станциясынан тағайындалған станциясына дейін сақталып өткізілуін қамтамасыз етуге;



3) жүкжөнелтушілердің, жүкалушылардың, тасымалдаушылардың және магистральдық темір жол желісі операторының техникалық құралдарын ұтымды пайдалануға;

4) маршруттық тасымалдауды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін тұрақты жетілдіруге.

227. Бір жүкжөнелтуші бір станцияда тиелген және бір түсіру немесе тарату станциясына тағайындалған вагондардан маршруттарды ұйымдастыру (қалыптастыру) жоспары жүк поездарын құрастыру жоспарына сәйкес кемінде бір станцияны маршрутты қайта өңдеуден міндетті түрде босатуды көздейді.

228. Маршруттың салмағы мен ұзындығы магистральдық темір жол желісі операторымен келісім бойынша, тасымалдаушымен белгіленеді. Ерекше жағдайларда маршрут ұзындығын азайту жағына қарай белгіленген нормалардан нақты бір вагоннан артық емес ауытқуға жол беріледі. Жүкжөнелтушінің кірме жолында белгіленген салмақтық нормадағы (мәселен, тиеу шебі бойынша шектеу және басқалар) маршруттарды құрастыру мүмкін болмағанда, салмағы магистральдық бағыттардағы поездардың салмағына еселі вагондар топтарынан маршруттар ұйымдастыру қаралады.

229. Маршруттардың жүріс бағытында поезд салмағының азаю жағына қарай өзгертін станциялар (түбірлі өзгеріс пункттері) бар болғанда, маршруттар негізден (жүріс жолында поездың салмағы өзгерген жағдайда, тағайындалған станциясына дейін қайта құрастырусыз жүретін белгіленген салмақтағы жөнелтушілік маршрутының негізгі бөлігі) және салмақ өзгертін пункттерге дейін құрамда жүретін тіркеме бөлігінен ұйымдастырылады. Салмақтың немесе құрам ұзындығының қатар нормалары белгіленген бағыттарда мұндай маршруттар барлық станциялармен құрам өзгертілмей өткізіледі. Маршрут негізінің салмағы мен ұзындығы тасымалдаушымен белгіленеді. Нақты тағайындаулар үшін маршруттар негізінің салмағы мен ұзындығының белгіленген нормасы жүкжөнелтушілерге хабарланады.

Салмақтық нормаларды түбірлі өзгерту станцияларында оның құрамының салмағын немесе ұзындығын өзгерткен кезде жүріс жолында маршруттардың негізін таратуға рұқсат берілмейді.

Поездардың салмақтық нормаларын түбірлі өзгерту станцияларында тасымалдаушы маршрутты толық салмаққа немесе ұзындыққа толтыру жөнелтушілік маршрутының тағайындалғанына сәйкес вагондармен жүзеге асырылады, ал мұндай вагондар болмағанда - осы станция үшін белгіленген поездарды құрастыру жоспары бойынша қашық тағайындаулар вагондарымен жүзеге асырылады.

230. Маршруттар олардың ұйымдастырылу және құрастырылу тәсілі бойынша тасымалдаушымен мыналарға бөлінеді:

бір жүкжөнелтушімен бір станцияда тиелген вагондардан құралған, сондай-ақ бір кірме жолда тармақиеленушімен және осы кірме жолдың басқа жүкжөнелтуші-контрагенттерімен құрастырылған жөнелтушілік маршруттарына;

бір станцияда әртүрлі жүкжөнелтушілермен тиелген вагондардан (станциялық сатылы маршрут), бір жүкжөнелтушімен немесе бірнеше жүкжөнелтушілермен бір немесе бірнеше бөлім бекеттерінде (учаскелік сатылы маршрут) құрастырылған сатылы маршруттарға бөлінеді.

Енгізілген вагондардың тағайындалуы бойынша маршруттар мыналарға:

1) бір тиеу (босату) станциясына бір немесе бірнеше жүкалушылар адресіне (жүктерді маршруттармен қабылдау үшін қажетті техникалық жайластырулары бар мұндай станциялар мен жүкалушылардың тізбесі магистральдық темір жол желісі операторымен белгіленеді) тағайындалған вагондардан құрастырылған тура маршруттарға;

2) кірме жолды пайдалануға немесе жүкалушының, жүкжөнелтушінің жауапкершілігі есепке алынып вагондарды беру мен жинауға арналған шартта белгіленген тағайындалу станциялары бойынша вагондарды топтап (бір жүкалушының адресіне жіберілетін топтағы вагондардың барынша саны оның түсіру (босату) пунктінің түсіру қабілеттілігіне сәйкес келеді) іріктеу арқылы бір тиеу (босату) учаскесінің станцияларына арналған маршруттарға;

3) жүріс жолында қайта өңдеуді барынша қысқартуды ескеріп, маршруттың жүріс жолында орналасқан станциялардың жүк поездарын құрастыру жоспары бойынша ұйымдастырылған тарату станциясына арналып тағайындалған маршруттарға;

4) іс-әрекеттер аудандарының осы пункттері (маршруттарды тарату пункттерінің және олардың іс-әрекеттерінің аудандарының тізбесі магистральдық темір жол желісі операторымен белгіленеді) үшін белгіленген шектерде тиеу (босату) станциялары және жүкалушылар бойынша вагондарды адресстерге жіберу жүргізілетін тарату пункттері маршруттарына;

5) тиеу (босату) станциялары (кіру мен тарату станцияларының және олардың іс-әрекеттерінің аудандарының тізбесі магистральдық темір жол желісі операторымен белгіленеді) бойынша осы жүктерімен вагондарды адреске жіберу отын жүктерін алатын кіру немесе тарату станцияларына маршруттар болып бөлінеді;

Тағайындалуы осы тармақтың 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген маршруттар тарату маршруттарына жатады.

231. Жөнелтушілік пен сатылы маршруттар біртекті және әртекті жүктерден ұйымдастырылады.

Жүктерді тасымалдауды маршруттармен жоспарлаған кезде өңдеусіз жүктердің ең қашық жүрісі ескеріледі. Жүкжөнелтушілер жүктерді тасымалдауға

арналған өтініммен қоса үш данада ГУ-114 нысанындағы жүктерді маршруттармен тасымалдауға арналған өтінімді (осы Қағидаға 10-қосымша) тасымалдаушыға ұсынады.

Тасымалдаушы жүкжөнелтушілермен ұсынылған маршруттармен тасымалдауға арналған айлық өтінімдердегі маршруттардың техникалық-экономикалық тиімділігін, жоспардың тасымалдаудың жайылған жоспарына сәйкестігін тексереді, вагон ағындарын өңдеуді қамтамасыз етпейтін маршруттарды жоспардан шығарады. Станциялар үшін жүктерді тасымалдауды маршруттау жөніндегі айлық жоспарлар тасымалдаушының тапсырмасы негізінде әзірленеді.

232. Тарату пункттеріне жөнелтушілік маршруттарымен жүктерді тасымалдаған кезде жүкжөнелтушілер маршруттармен жүктерді тасымалдауға арналған айлық өтінімдерде (жоспарларда) осы тарату пунктінің іс-әрекеті ауданына кіретін түсіру (босату) тағайындалған станциялар бойынша бөлу арқылы маршруттарды тарату пункттерінің атауын, маршруттар санын және олардағы вагондардың жалпы санын көрсетеді.

233. Тасымалдаушы жүкжөнелтушімен келісім бойынша өтінімді орындаудың тәртібін орната отырып, тасымалдарды күндер және тағайындаулар бойынша ірілендіруді ескереді, маршруттармен жүктерді тасымалдау жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін маршруттарды тиеудің күнтізбелік жоспарын жүкжөнелтушілердің қатысуымен әзірлейді және бекітеді. Бекітілген күнтізбелік жоспар жоспарлық ай басталғанға дейін кемінде үш күн бұрын маршруттарды тиеу станцияларына және жүкжөнелтушілерге хабарландырылады. Қажет болғанда маршруттарды тиеудің күнтізбелік жоспары онкүндік басталғанға дейін үш тәулік бұрын тасымалдаушының жүкжөнелтушілермен келісуі арқылы онкүндіктер бойынша түзетілуі мүмкін.

234. Вагондарды маршруттарды тиеуге, түсіруге (босатуға) беру тәртібі, оларды белгіленген жиынтық пен ұзындыққа дейін құрастыру, тиеуден, түсіруден (босатудан) соң қайтарылуы және жөнелтушілік пен сатылы маршруттардың вагондар тобына тиеуге, түсіруге (босатуға) арналған технологиялық мерзімдер вагондарды беру-жинауға арналған шарттармен белгіленеді. Барлық вагондар үшін айналымның жалпы технологиялық мерзімі белгіленген кезде бұл шарттарда маршруттарды тиеуге, түсіруге (босатуға) арналған жеке технологиялық мерзім ескеріледі.

235. Жөнелтушілік маршруттарды бөліктермен тиеген кезде, шарттар мен технологиялық үрдістерде бөліктердің саны, олардағы вагондардың саны, маршруттың әр бөлігін тиеудің технологиялық мерзімі, сондай-ақ бірінші бөлікті беру мезетінен бастан тиеудің және маршруттың соңғы бөлігін тапсырудың біткеніне дейін саналатын маршрутты тиеудің жалпы технологиялық мерзімі

ескеріледі. Тасымалдау бөлімшесінің вагондарына тиеуге, түсіруге (босатуға) тасымалдаушымен белгіленген мерзімге кірме жолдарға жөнелтушілік маршрутты тиеуге, түсіруге (босатуға) жергілікті жағдайларға байланысты қосымша технологиялық уақыт береді.

236. Тасымалдау бөлімшелері тас көмірді, ағашты, дәнді және басқа жаппай жүктерді тиеу учаскелерінде тиеуді, маршруттарды құрастыру мен жөнелтуді қамтамасыз етуді қарастыратын, сондай-ақ осы учаскеде маневрлік жұмысты ұйымдастыруды есепке алып тиеу мерзімдерін белгілейді.

237. Кірме жолдарға жүк тиеу үшін вагондарды беру осы жолдарда тиеуден, түсіруден (босатудан) соң вагондарды пайдалану есепке алынып жүргізіледі. Жүкжөнелтуші онда тиеуде, түсіруде (босатуда) тұрған вагондарды тиісті түрдегі басқа вагондармен маршрутты тиеуге берілген вагондарды алмастырады, айналма маршруттар мен вертушкалар құрамындағы вагондардан басқа.

238. Маршрутты тиеу мынадай жағдайларда тасымалдаушының кінәсінен қамтамасыз етілмеген деп саналады:

1) маршрутты тиеуге вагонды толық немесе жартылай бермеу не ақаулы немесе түрі бойынша мұндай жүкке сәйкес келмейтін вагондарды беру;

2) осы есептік тәуліктерде тиеуге толық емес мерзіммен маршрутты тиеуге вагондарды беру, егер жүкжөнелтуші есептік тәуліктің соңына дейін жүкті тиемесе және тасымалдаушыға тапсырмаса. Осы есептік тәуліктерде тиеуге толық емес мерзіммен маршрутты тиеуге вагондарды беру жүкжөнелтушіні, тасымалдау бөлімшесін, станцияны оны ұйымдастырудан босатпайды. Маршрутты тиеу вагондарды беру-жинауға шарттармен белгіленген мерзімдерде бітеді.

239. Маршрутты тиеу жүкжөнелтушінің кінәсінен қамтамасыз етілмеген деп саналады, егер:

1) осы тәуліктерде тиеуге тағайындалған және тасымалдаушымен тиеуге толық мерзіммен вагондармен қамтамасыз етілген маршрут тиелмесе әрі есептік тәуліктің соңына дейін тасымалдаушыға тапсырылмаса;

2) жүкжөнелтуші күнтізбелік жоспар бойынша ескерілген маршрутты тиеуден бас тартса;

3) маршрут немесе маршруттың негізі белгіленген нормаға қарағанда кем жиынмен немесе вагондар санымен тасымалдаушыға берілсе не ол жүкжөнелтушімен поездар құрастыру жоспарын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 10 мамырдағы № 261 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 22 маусымда № 7028 болып тіркелген) Техникалық пайдалану ережесін бұза отырып, құрастырылса.

Мынадай жағдай маршруттық тиеу бұзылған болып саналмайды, егер алғашқы тағайындалған маршрутты жаңасына алмастыру осы Қағидаға сәйкес тасымалдаушымен келісім бойынша жүргізілсе.

240. Маршруттарды тиеу жоспарының орындалмауына жол берілген күнтізбелік онкүндік ішінде осы онкүндіктің жеке күндерінде орындалмаудың орны толған жағдайда, сондай-ақ жүкжөнелтушілердің кінәсі бойынша да, сондай-ақ тасымалдаушының кінәсі бойынша да сатылы маршруттарға тиеуді қамтамасыз етпегені үшін жүкжөнелтуші мен тасымалдаушы мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

241. Жөнелтушілік маршрутты тиеу станциясы немесе сатылы маршрутты құрастыру станциясы түсіру (босату) не тарату станциясына дейін маршруттың немесе маршрут негізінің құрамында жүрген вагондардың жүкқұжаттарында және жолдық ведомосында мөрқалыппен мынадай тиісті белгі: "№ \_\_\_\_\_ тура жөнелтушілік маршрут", " \_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_\_ жөнелтушілік маршрут", "№ \_\_\_\_\_ тура сатылы маршрут", " \_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_\_ сатылы маршрут" соғылады.

242. Құжаттарында " \_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_\_ жөнелтушілік маршрут" деген мөрқалыбы бар тарату пунктіне маршруттың құрамында келген вагондарды жүкжөнелтушінің өкілдері, ал жүк алатын кіру немесе бөлу станцияларына келген вагондарды тарату пункттерінің не кіру мен бөліс станциялардың іс-әрекет ауданына кіретін түсіру (босату) станциясында жүк алушының, тасымалдаушының өкілдері әрі қарай жібереді. Мұндай вагондарды түсіру (босату) станциялары бойынша әрі қарай жіберу алғашқы құжаттар бойынша жүргізіледі.

Жүктерді тасымалдардың электрондық досьесі бойынша тасымалдаған кезде ресімдеу станциясы тасымалдаушының ААЖ-ынан адрестерді алады және алғашқы тасымалдау құжаттарының қағаздық көшірмелерін - ГУ-27-У-ВЦ нысан бойынша жүкқұжатын және ГУ-29-У-ВЦ нысан бойынша жолдық ведомосты басады, олар жаңадан тағайындалған станцияға дейін адреске бағытталған вагондармен бірге жүреді.

Тасымалдардың электрондық досьесін түзету тасымалдаушының ААЖ-ы жұмыс істеуінің технологиясына сәйкес жүргізіледі.

243. Маршруттың тарату пунктіне келгеннен соң вагондарды адреске бағыттауды жүргізетін жүкжөнелтушінің өкілімен мерзімдерін тағайындау бойынша жүкқұжаттарына поездың келу станциясының паркінде болуын технологиялық үрдіспен ескерілген уақыт шектерінде қамтамасыз ететін белгі соғылады. Вагондарды адреске бағыттау жөніндегі құжаттарды толық ресімдеу маршруттың станцияға келген мезетінен 1 сағаттан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

## 16. Шағын және азтонналық жөнелтілімдермен тасымалдау

244. Шағын жөнелтпелермен тасымалдауға ұсынылатын жүктер жүкжөнелтушімен ыдысқа және/немесе қаптамаға буып-түйілген, оларға қойылатын талаптар белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттармен немесе техникалық жағдайлармен ескерілген. Ыдысқа және/немесе жүк топтамасының жеке орнын буып-түюге қойылатын талаптар стандарттармен не техникалық жағдайлармен қаралмаған жағдайларда, жүкжөнелтуші қозғалыс қауіпсіздігін, жүктердің, вагондардың сақталуын қамтамасыз ететіндей етіп буып-түйеді.

245. Жүкжөнелтуші шағын жөнелтпенің әр жүк орнына осы Қағидаға сәйкес жүкжөнелтушілік, арнайы теміржолдық таңба соғады.

246. Шағын жөнелтпелерді қабылдауға арналған қойма тағайындалулары бойынша мамандандырылады. Әр тағайындалуға арналып белгілі учаске немесе секция бөлінеді. Ауырсалмақты және ұзынөлшемді жүктерді қат-қабаттың сырт жағына төсейді. Табандықтағы жүктерді қоймада жүк орындарының жиынына және өлшемдеріне байланысты бірнеше ярусқа немесе сөрелерге орналастырады. Жүктерді орналастыру вагонға жүкті тиеу басталғанға дейін орындарды санауға және теміржолдық таңбалауды тексеруге мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

247. Шағын жөнелтпелермен тасымалдауға ұсынылатын жүктерді қабылдау кезінде жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілімен белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттармен немесе техникалық жағдайлармен ескерілген талаптарға сәйкес қаптамаға, соғылған таңбаға сәйкестігіне, сондай-ақ жүк жиынының жүкқұжат ішіндегі деректерге сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

248. Тиеу және түсіру орындарына шағын жөнелтпе жүктерін бөліктер бойынша әкелген кезде, тасымалдаушының өкілі қаптаманы және жүктің массасы туралы деректердің болуын тексереді, әр жөнелтілімді Жүктерді жөнелтуге қабылдау кітабына жазады және жүкқұжатының екінші жағына белгі қояды, ол жүктің соңғы бөлігі тиеу және түсіру орындарына әкелінгенге дейін жүкжөнелтушіге қайтарылады.

249. Шағын жөнелтпелерді тиеуге берілген вагондардың коммерциялық тұрғыдан жарамдылығы жөнелту станциясында тасымалдаушымен анықталады. Жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі әр вагонға жүкті іріктеуді жүргізеді және вагондық қағазды жасайды, ол жөнелту станциясында тасымалдаушының өкілінде сақталады.

250. Құрама вагонға тиеу кезінде станциядағы тасымалдаушының өкілі шағын жөнелтпелермен ұсынылатын жүктердің дұрыс орналастырылуын бақылайды. Бұл ретте сұрыптау станциясынан әрі қарай жүретін жүктердің жөнелтілімін жүк сұрыптау кезінде жүктің осы жөнелтпеге жататындығын

тексеру мүмкін болу үшін жабық вагондарда вагонның шет қабырғаларының біріне жайғастыру қажет. Өртүрлі қаптамадағы және буып-түйілмеген жүктерді солай орналастыру қажет, бірлесіп тасымалдаған кезде олардың бұзылуы мүмкін болмауы тиіс.

Шағын жөнелтілім жүктерді тиеу, түсіру (босату) кезінде деректемелерді орнату мен алу, вагондардың, контейнерлердің борттарын, люктерін, есіктерін жабуды, ашуды тасымалдаушы жүзеге асырады.

251. Ашық жылжымалы құрамда шағын жөнелтпелермен жүктерді тасымалдау кезінде вагонда жүкті солай, жол бойындағы станцияларда жеке жөнелтілімдерді түсіру (босату) кезінде вагонда қалатын жүктің орнын алмастырудың қажеті болмайтындай етіп орналастырады. Бұл ретте жүк жүктерді орналастыру мен бекітудің техникалық шарттарының талаптарына сәйкес бекітіледі.

252. Вагонға жүктерді шағын жөнелтпелермен тиеу біткен соң, жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі жөнелтпенің санын, орынды және вагонға тиелген жүктің жиынын санайды; вагондық қағазда жөнелтілімдердің жиынтық санын жазбаша көрсетеді және оған қол қояды; әр вагонның жүкқұжаттарын, оған тиелген барлық жүктердің шағын жөнелтпелерін жинайды және құжаттарды жөнелту станциясындағы тасымалдаушының тауар кеңсесіне тапсырады.

Вагонның есігі жабылғаннан соң, станциядағы тасымалдаушының өкілі оларды бекіту-пломбылау құрылғыларымен пломбылайды және бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтерді вагондық қағазға (құрама вагон үшін) жазады, оларды өз қолымен куәландырады.

253. Шағын жөнелтпелерді топшалау тура құрама вагондардың барынша үлкен санын құрастыруды қамтамасыз ететіндей есеппен жүргізіледі.

254. Шағын жөнелтпелермен тасымалданатын жүктерді түсіру (босату) үшін вагонды ашу алдында станциядағы тасымалдаушының өкілі бекіту-пломбылау құрылғыларының ақаусыздығын тексереді және оларды алады.

255. Жүктердің әрбір шағын жөнелтпесін тиеу және түсіру орындарына түсіруді тасымалдаушы жүргізеді. Мұндай жүктерді түсіру барысында станциядағы тасымалдаушының өкілі ыдысты және (немесе) қаптаманы, түсірілетін жүктің вагондық қағаз бен жүкқұжаттың мәліметтеріне сәйкестігін тексереді.

256. Шағын жөнелтпелермен тасымалданатын жүктерді түсіру (босату) кезінде станциядағы тасымалдаушының өкілі бұл үшін арнайы бөлінген тиеу және түсірудағы орында жұмыстар жүргізген кезде жүктің ұқыпты ақаусыз жинастырылуын және сонымен бірге жүктің сақталуы қамтамасыз етілуін бақылайды. Тиеу және түсіру орындарына түсірілген шағын жөнелтпелерді күнін

, жөнелтпенің нөмірін және орындарының санын көрсетіп таңбалайды. Түсірілген жүктер туралы мәліметтерді станциядағы тасымалдаушының өкілі Жүктерді түсіру кітабына енгізеді.

Тиеу және түсіру орындарына жүктердің шағын жөнелтпелері тасымалдаушымен түсірілген кезде жүктердің қалған орындарын жылжыту мен бекіту жөніндегі жұмыстар тасымалдаушымен жүзеге асырылады.

Вагоннан жүкті түсіру біткеннен соң, станциядағы тасымалдаушының өкілі вагондық қағазға түсірудің (босатудың) біткен уақытын қояды, вагондық қағаздарға қолын қояды және тағайындалған станцияның тауарлық кеңсесіне жібереді.

257. Вагонда қалған және басқа тағайындалған станцияларға жөнелтілетін жүктердің шағын жөнелтпелеріне қатысты станциядағы тасымалдаушының өкілімен орындардың санын, олардың вагонда орналасуы мен бекітілуінің дұрыстығын, жаңа вагондық қағазды толтыру арқылы тиісті таңбалаудың болуын тексереді.

258. Тасымалдаушы шағын жөнелтпемен келген және вагоннан түсірілген жүктерді осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіппен жүк алушыға береді.

Станциядағы тасымалдаушының өкілі жүк алушы жүкті сақтауға арналған алымды төлеген соң, жүкті автомобильге тиеуге рұқсат береді. Бұл ретте жүкқұжатында (рұқсаттамада) станциядағы тасымалдаушының өкілі жүктің берілгені туралы белгі қояды, ал Жүктерді түсіру кітабында жөнелтпені бергені туралы жазбаның қарсысына оның берілген күнін, жүк әкетілетін автомобильдің нөмірі мен маркасын белгілейді.

259. Шағын жөнелтпелермен тасымалданған жүктерді беру кезінде ыдыс пен қаптамада зақымданудың іздері болмаса, жолдық ведомостың кері жағында жүкалушының жазбаша келісімімен жүк ішін ашпай және тексермей беріледі деген жазба жасалады.

Егер тағайындалған станциясында жүктің жағдайын, оның жиынын, орын санын тексерген кезде, жүктің кем шығуы, бүлінуі (бұзылуы) табылса немесе мұндай жағдайлар жүріс жолында коммерциялық акт жасалып анықталса, тасымалдаушы жүктің кем шығуының, бүлінуінің (бұзылуының) нақты мөлшерін анықтайды және жүкалушыға коммерциялық акт береді.

260. Тез бұзылатын жүктерден басқа, сондай-ақ ыдыспен және бір данамен тасымалданатын жүктерге аз тонналық жөнелтпелермен тасымалдауға рұқсат беріледі.

Жүкжөнелтуші тасымалдаушымен бірлесіп жүктің тиісті түрі бойынша тасымалдаудың жайылған жоспарында аз тонналық жөнелтпелермен жүктерді тасымалдауға арналған вагондардың дербес нормасын белгілейді.



261. Онкүндік басталардан 3 күн алдында жүкжөнелтушілер аз тонналық жөнелтпелермен жүктерді жөнелтуге арналған жүкқұжаттарын тасымалдаушыға ұсынады, олар бойынша әртүрлі жүкжөнелтушілердің бір станцияға тағайындалған жүктерін топшаларға бөлу және олардың жөнелтілуі есепке алына отырып, тиеу мерзімдері белгіленеді. Бір жүкжөнелтушімен бір вагонда бірнеше аз тонналық жөнелтпелерді тағайындалған бір станцияға әртүрлі жүкалушыларға жөнелткен кезде, алдын ала жүкқағаздарын ұсыну талап етілмейді.

262. Аз тонналық жөнелтпелер шағын жөнелтпелермен операция жүргізу үшін ашылған станцияларға тағайындалып қабылданады.

263. Бір тораптың әртүрлі станцияларына тағайындалып шағын жөнелтпелермен тасымалдауға ұсынылатын жүктер осындай жүктерді түсіруге ашық осы тораптың бір станциясына ғана жіберіледі.

264. Азтонналық жөнелтпемен тасымалдауға ұсынылатын жүктің әр орнына белгіленген жөнелтушілік және теміржолдық таңба жүкжөнелтушімен қойылады.

265. Бір тағайындалған станцияға тура маршрутты құрастыру үшін олардың жеткіліксіздігі кезінде, бір жүкжөнелтушінің аз тонналық жөнелтпелері сол бағытта орналасқан тағайындалған екі-үш станцияға арналып құрама вагондарға тиеледі, егер вагон бірінші түсіру станциясына дейін кемінде 500 километр қашықтыққа жол жүретін болса. Бұл жағдайда жүктер мына тәртіппен жабық вагонда орналасады: түсірудің бірінші станциясына - есікаралық кеңістікке, екінші және үшінші станцияларға - вагонның шеткі қабырғаларында сондай есеппен, екінші станцияда түсірілгеннен соң, шеткі қабырғаларда жүктердің бірдей орналасуы қамтамасыз етілетіндей. Тағайындалудың әртүрлі станцияларына жүретін аз тонналық жөнелтпелері бар құрама жабық вагондардың жүгін түсіру тиеу және түсіру орындарында жүргізіледі.

Ашық жылжымалы құрамда жүктерді орналастыру мен бекіту Жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес жүргізіледі.

266. Ашық жылжымалы құрамда ыдыспен және бір дана түрінде келген жүктерді тағайындалған станцияларына түсіру келесі шарттарды сақтау арқылы жүргізіледі:

вагонда үш жүк орны келіп жеткен кезде, олардан вагонның шеттерінде орналасқан немесе біреуі - ортадағы екі орын түсіруге жатады, оларды түсіру ығыстырылмастан және қалған орындардың бекітілуі бұзылмастан жүргізіледі;

вагонда екі жүк орны келіп жеткен кезде, бір орын түсірілгеннен соң басқа жөнелтпенің қалған орны вагонның орта бөлігіне қайта қойылады және белгіленген тәртіппен бекітіледі.

267. Қара металдардың аз тонналық жөнелтпелерін тағайындалған бірінші станцияда түсіру былай жүргізіледі: жоғарғы сымдық байластыруды алғаннан соң, төсемдерге қойылған жөнелтпелерді түсіру жүргізіледі.

268. Әр жөнелтпені түсіру станциядағы тасымалдаушы өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

## **17. Контейнерлерде және көліктік пакеттерде тасымалдау**

269. Ірі тонналық контейнерлерде тез бұзылатын жүктерді тасымалдаудың тәсілі жүкжөнелтушімен белгіленеді және жүкқұжаттың "Жүкжөнелтушінің ерекше өтініштері" бағанында көрсетіледі. Ондай нұсқау жоқ болса, жүкті суытудың, желдетудің, жылытудың немесе оны изотермиялық контейнерде тасымалдаудың қажеттілігі жоқ деп саналады. Тез бұзылатын жүктердің тасымалдау тәсілін таңдаған кезде, осы Қағидаға сәйкес жүкжөнелтуші жүктің барлық жүріс жолындағы тасымалданатын жүктің барынша мүмкін болатын тасымалдану ұзақтығын, жыл мезгілі мен климаттық жағдайларды ескереді. Жүкжөнелтуші жүктерді тасымалдау тәсілі мен контейнердің түрін дұрыс таңдау және өзге талаптар үшін жауап береді.

Тасымалдаушы беретін контейнерлерде сасық, контейнерлердің ішкі бетін ластайтын жүктерді тасымалдауға рұқсат берілмейді, тасымалдағаннан және түсіргеннен соң, осы Қағидаға сәйкес тазаланып, жуылған соң, оларды залалсыздандыру талап етіледі.

Пайдаланудан шығарылған, жеке меншіктегі ірі тонналық және орта тонналық контейнерлерде азаматтардың жеке мүлкін тасымалдау қаптамадағы жүк ретінде жүзеге асырылады және вагондағы жүктің салмағына тасымалдық төлем есептеу арқылы вагондап жөнелтумен ресімделеді.

Контейнерлер иелері Темір жол әкімшіліктеріне тиесілі контейнерлер иелерінің тізбесінде және олардың әрітік кодтарында (осы Қағидаға 30-қосымша) көрсетіледі.

270. Сұйық жүктер контейнерлерде тасымалдауға алғашқы сынбайтын ( бөшкелерде, бидондарда, канистрлерде, пластикалық сыйымдылықтарда), сондай-ақ сыйымдылығы 1 литрден аспайтын шағын ыдыстарға (бөтелкелерге, банкаларға) өлшемделген, картон қораптарға, торлыққа және басқа жеңілдетілген қаптамаға буып-түйілген ыдыстарда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте шағын ыдыс ұсынылған сұйық жүкті тасымалдауға тағайындалған болуы тиіс.

271. Ірі тонналық контейнерге тиелетін жүктің бір орындық салмағы 1500 килограмнан, ал орта тонналық контейнерге тиелетіннің 1000 килограмнан аспайды. Бұл ретте жүктің тиелген орындарынан, соның ішінде құрастырылған қат-қабаттарды есепке алып, контейнердің еденіне түсетін шоғырланған жүктеме ірі тонналық контейнерде бір квадраттық сантиметрге 1 килограмм-күштен және орташа тонналық контейнерде 0,5 килограмм-күштен аспауы керек.

Контейнердің еденіне түсетін жүктеме аталған меншікті жүктемеден асқан кезде жүктік орын қалыпты табандыққа не тиісті тіректік беті бар төсемдерге (қимасы 100x20 миллиметрден кем емес) орнатылады. Мұндай жүк орындары контейнерде тек бір ярусқа орнатылады.

Ірі тонналық контейнерде бір орынның салмағы 1500 килограмнан асатын және орта тонналық контейнерде 1000 килограмнан асатын жүктерді, стандарт емес жабдықтарды, автомобильдерді, түсті металдарды, металл сынықтарын тиеуді жүкжөнелтуші контейнерлерге жүктерді тиеу мен бекітудің сызбасын әзірлей отырып, жүзеге асырады.

50 килограмнан аспайтын асқынжүк түсірілмейді.

Азаматтардың жеке мүлкі (үй заттары) контейнерлерде жеке орындардың жиыны шектелмей тасылады.

272. Тасымалдаушы ақаусыз, осы жүкті тасымалдауға жарамды, жүк пен қоқыстан тазартылған контейнерлерді тиеуге береді. Ыдыссыз алғашқы қаптамада немесе жеңілдетілген ыдыста тасымалдауға ұсынылатын жүктерді, сондай-ақ, оларды тасымалдауға тағайындалған контейнерлерді жүкжөнелтуші тиеу, тасымалдау, түсіру кезінде түрлі үйкелістерді, деформацияларды, мұздап қатып қалуды немесе жүктің қызып кетуін, жүктің контейнерге теріс әсерін болдырмау үшін (мысалы, контейнердің қабырғасын қағазбен, үлдірмен қоршау, қорғағыш тақтайшалар мен резеңкелік төсемдерді орнату, жүкті жұмсақ оқшаулағыш материалға буып-түю) алдын ала дайындайды.

Қаптамасыз майланған күйдегі жүктерді (мысалы, қосалқы бөлшектер, металл бұйымдары) тасымалдаушы беретін контейнерлерде тек тығыз қағазға орап тасымалдауға, сондай-ақ контейнердің еденін және контейнердің қабырғалары арасындағы кеңістікті сақтағыш материалмен төсеуді, контейнердің ішкі бетін ластанудан және механикалық зақымданудан сақтаудың басқа шараларын қамтамасыз еткен жағдайда, жол беріледі.

Мейлінше сасық исі бар, контейнердің ішкі бетін ластайтын жүктерді ыдыс және мұндай жүктерді буып-түю жүктің аталған жағымсыз қасиеттерінің көрінуін болдырмайтын жағдайларды қоспағанда, контейнерде тасымалдауға рұқсат берілмейді.

Жүкжөнелтуші вагондарға, контейнерлерге жүк тиеу тасымалдаушының құралдарымен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық тұрғыдан вагондар мен контейнерлердің мәлімделген жүктерді тасымалдауға жарамдылығын анықтайды, Жүкжөнелтуші тиісті жүкті тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартады. Түсіруден соң контейнерлерді тазалауды барлық жағдайларда жүк алушы жүргізеді.

Тасымалдаушы берген контейнерлерді тазалау бойынша талаптарды жүк алушы орындамаған кезде, жүк алушыдан тасымалдаушының пайдасына тазалау жөніндегі жұмыстардың екі еселік құны мөлшерінде айыппұл алынады.

273. Жүкжөнелтуші контейнерлердегі жүктерді тасымалдау кезінде, табиғи күштердің әсерінен олардың контейнер ішінде жылжу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырады. Контейнердің есіктеріне жүк тарыпынан қысым түсуіне жол берілмейді. Жүкті қалап орналастыру кезінде жүк пен контейнер есігінің арасында 3-тен 5 сантиметрге дейін бос кеңістік қалдыру қажет. Оларды бекіту (тіреулер, сыналар, аратөсемдер және басқалар) үшін жүктер мен қарапайым құралдарды шегелермен немесе қапсырма шегелермен контейнердің еденіне қағуға жол берілмейді. Контейнерде жүктерді бекітпе тіреуіштік білеулерді, шынжырларды, шектеу қалқандарын (контейнердің есік ойығында), қимасы 20x100 миллиметрден кем емес ағаштардан керме жақтауларды орнатумен қол жеткізіледі. Жүктің қат-қабаттары арасындағы, сондай-ақ жүктер мен контейнердің қабырғалары арасындағы саңылаулардың жалпы қосындысы 200 миллиметрден аспауы тиіс. Контейнерде орналастырылған жүктер жиынының жалпы орталық нүктесінің контейнер ортасынан жылжуы: ірітонналық контейнердің ортасынан ұзындығы бойынша - 600 миллиметрден; орта тонналық контейнердің ұзындығы бойынша - 200 миллиметрден және ені бойынша - 100 миллиметрден аспауы керек.

274. Контейнердегі жүктің массасы таптаурындықта көрсетілген контейнердің жалпы массасы мен контейнер ыдысының массасы арасындағы айырмашылық ретінде анықталатын таза массасы жүккөтергіштіктен аспауы тиіс

275. Контейнерге жүк тиелген соң, контейнердің есіктерін жабу, бекітіп тастау және пломбылау осы Қағиданың 27-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Контейнерлер мен пломбаларға сырттай қарау немесе пломбалар не бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтердің жүкқұжатқа енгізілуін және оның дұрыстығын, массасын және бекіту-пломбылау құрылғылары немесе жүкжөнелтушілердің бекіту-пломбылау құрылғылары бойынша пломбаларды тексеру арқылы тиелген контейнерлер тасымалдауға қабылданады.

276. Тиеу және түсіру орындарында контейнерлерді вагондар мен автомобильдерге тиеуді және оларды вагондар мен автомобильдерден түсіруді тасымалдаушы, жүкжөнелтуші, жүк алушы жүзеге асырады. Клиенттің кірме жолдарында бұл операциялар жүкжөнелтушілермен және/немесе жүкалушылармен орындалады.

Жылжымалы құрамда контейнерлерді орналастыру мен бекіту жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық жағдайларына сәйкес ашық вагонның, платформаның барлық ауданын алатын толық жиынтықтармен (контейнерлер тобымен), оларды

жүктерді орналастыру мен бекіту схемасына сәйкес орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Платформаның арбашықтарына бірқалыпты жүктеме қамтамасыз етілген жағдайда, платформаның ортасында оларды фитингтік тіректерге орналастыру арқылы толық емес жиынтықтармен мамандандырылған платформаларда ірі тонналық контейнерлерді тасымалдауға рұқсат беріледі.

Жүріс жолында контейнерлердің ығысуын болдырмау үшін оларды тиеу қоқыстан, ластан, мұз бен қардан тазартылған теміржолдық платформаларда, ал қыс кезінде сондай-ақ еденге 1-2 миллиметр қабатты таза құрғақ құм себу арқылы жүргізіледі. Бұл ретте контейнерлердің тірек беттері (түптері) платформаларға тиер алдында ластан, мұз бен қардан мұқият тазартылады.

Бос ірі тонналық контейнерлерді тасымалдау бекіту-пломбылау құрылғыларын пломбылау немесе контейнердің есіктеріне бұрауларды орнатып, вагондарға есіктерін сыртқа қаратып қою арқылы жүргізіледі.

277. Контейнерлерде жүкті тасымалдау брутто салмағы белгіленген контейнерлермен операциялар жасау үшін ашық станциялар арасында жүргізіледі. Контейнерлермен операциялар жасау үшін ашық емес станциялар арасында жүктерді контейнерлермен тасымалдау тасымалдаушының жазбаша келісімі болғанда ғана жүргізіледі.

Аралас теміржол-су қатынасына енгізілмеген кемежайлар арқылы контейнерлерді қабылдауға және ауыстырып тиеу үшін ашылмаған кемежайлар мен станциялар арқылы контейнерлерді өткізуге рұқсат берілмейді.

Контейнерлермен операциялар жасау үшін ашық станциялардың тізбесі белгіленген тәртіппен № 4 Тарифтік басшылықтың 2-кітабында басылады.

278. Темір жол көлігімен тасымалдауға ұсынылатын әрбір тиелген және бос контейнерге ГУ-27-У-ВЦ нысанындағы жүкқұжат ресімделеді.

Жүкжөнелтуші тасымалдау құжаттарын ресімдеген кезде, жүкқұжатында (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Латвия, Литва мен Эстонияның Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің шешімімен бекітілетін) "Контейнерлі вагондарды құрастырудың мемлекетаралық жоспарына" сәйкес "Шекаралық өту станциялары" 7-бағанында жөнелту елінің және транзиттік елдердің контейнерлерін беру үшін ашық шекаралық шығу станцияларын көрсетеді.

Жүкжөнелтуші жүкқағаздың бет жағына келесі бағандарды толтырады:

"контейнер иеленушінің коды":

Ірі тонналық контейнерлер үшін латын әліпбиінің үш бас әрпінен тұратын иеленушінің әмбебап коды және жүк вагондарының сәйкестендіргіші ретінде латынның U бас әрпі қойылады;

Орта тонналық контейнерлер үшін халықаралық темір жолдарды кодтау жүйесіне сәйкес контейнерді иеленуші темір жол әкімшілігінің екі мәнді цифрлық коды қойылады;

"контейнердің нөмірі":Э

Ірі тонналық контейнерлер үшін алты араб цифрынан тұратын сериялық нөмірі мен иеленуші кодының және сериялық нөмірінің растығын бақылайтын құрал болып табылатын бақылау саны қойылады;

Орта тонналық контейнерлер үшін сегіз араб цифрынан тұратын сериялық нөмірі мен иеленуші кодының және сериялық нөмірінің растығын бақылайтын құрал болып табылатын бақылау саны қойылады;

"өлшем кодтары мен контейнер үлгісі":

Ірі тонналық контейнерлер үшін таңбалау нөмірінің екінші жолында тұратын төрт әріптік-цифрлық символдар қойылады;

бірінші екі символ контейнер өлшемінің коды, келесі екі символ контейнер үлгісінің коды болып табылады;

орта тонналық контейнерлер үшін таңбалау нөмірінің екінші жолында тұратын және контейнердің үлгісі мен конструкциялық ерекшеліктерін көрсететін екі соңғы цифрлар қойылады;

"контейнердің үлгіөлшемі":

Ірі тонналық контейнерлер үшін: алымында – контейнердің ұзындығы ағылшын футымен, бөлімінде – контейнердің брутто массасы қойылады;

Орта тонналық контейнерлер үшін 3 немесе 5 қойылады.

Бұл ретте жүкқұжатына жолдық ведомостың қосымша сандары тіркеледі: жөнелту станциясы үшін екі дана және тасымалдауға қатысатын әрбір шетелдік транзиттік темір жол үшін бір данадан.

Жүкжөнелтуші жүкқұжатының "Жүкжөнелтушінің қоса берген құжаттары" тиісті бағанында көрсету арқылы жүктің барлық жүріс жолында кедендік және басқа ережелердің талаптарын орындауға қажетті жүкқұжатқа тіркелген құжаттарды қоса береді және жүкқұжатына жүріс жолында оларды ажырамастай етіп бекітеді.

Үй заттарын тасымалдауға ұсынған кезде, жүкжөнелтуші контейнердің ішіне жүктің жарияланған құндылығымен үй заттарының тізімдемесін салады. Тізімдемеде көрсетілген үй заттарының контейнерде бар болуын тексеру және олардың қойған құндылығына сәйкестігін жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілімен немесе жүкжөнелтуші-азаматтардың үйінде контейнерге заттарды тиеу кезінде экспедитормен жүргізіледі.

279. Мүкәмал паркінің бос контейнерлерін тасымалдауды нысаны осы Қағидаға 31-қосымшада келтірілген контейнер ведомосін қосып бере отырып, бір жүкқағазбен ресімдеуге болады.

Жүкқағаздың "Жүктің атауы" деген бағанында "Жөндеуге, контейнерлер жинағы, ведомосі қоса берілген" немесе "Реттеуге, контейнерлер жинағы, ведомосы қоса берілген" деп көрсетіледі; "Орындар саны" деген бағанда ведомоста көрсетілген контейнерлер саны көрсетіледі; "Конт. ыдысы, кг" деген бағанда ведомоста көрсетілген контейнерлер ыдысының қосынды массасы көрсетіледі; "Брутто, кг" деген бағанда ведомоста көрсетілген контейнерлердің қосынды массасы көрсетіледі.

Бір жүкжөнелтушіден бір жүк алушының адресіне бос меншікті контейнерлер жинағын жөнелткенде, бір жүкқағазын ресімдеу оған контейнерлер ведомосін (осы Қағидаға 31-қосымша) қосып бере отырып, контейнерлер жинағына жүргізіледі. Жүкқағазының "Жүктің атауы" деген бағанында "Меншікті контейнерлер жинағы, ведомосі қоса берілген" деп көрсетіледі; "Конт. ыдысы, кг" деген бағанда ведомоста көрсетілген контейнерлер ыдысының қосынды массасы көрсетіледі; "Брутто, кг" деген бағанда ведомость бойынша контейнерлердің қосынды массасы көрсетіледі.

Бір жөнелту станциясындағы бір жүкжөнелтушіден бір тағайындау станциясындағы бір жүк алушының адресіне жүктер номенклатурасының бір позициясы бар жүгі тиелген контейнерлер жинағын (бірнеше) жөнелткенде, оған контейнерлер ведомосін (осы Қағидаға 31-қосымша) қоса бере отырып, контейнерлер жинағына бір жүкқағазын ресімдеуге жол беріледі.

Жүкқағаздың "Жүктің атауы" деген бағанында "Контейнерлер жинағы, ведомосі қоса берілген" деп көрсетіледі; "Брутто, кг" деген бағанда ведомость бойынша контейнерлердің қосынды брутто массасы көрсетіледі; "Нетто, кг" деген бағанда ведомоста көрсетілген контейнерлердегі жүктің қосынды нетто массасы көрсетіледі.

280. Контейнерлерді тасымалдауды тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып ресімдеуге рұқсат етіледі, бұл ретте әмбебап контейнерде жүктерді тасымалдауға арналған ГУ-29к нысанды жүкқұжат электрондық тасымалдау құжатының қағаздық көшірмесі болып табылады. ГУ-29к нысанды жүкқұжат телетайптық пішімді (енсіз) орамдық қағазда да басуға, сондай-ақ 11-пішімді жеке парақтарда да басуға беріледі.

Жүкқұжатына Әмбебап контейнерлер мүкәммалдық паркінің деректерінің автоматтандырылған банкінде (КП ДАБ) тіркелген контейнерлердің нөмірі ғана енгізіледі.

Тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып, тасымалдарды ресімдеген кезде, контейнер темір жол көлігінде қабылданған тасымалдарды ұйымдастыру технологиясына сәйкес қағаздық тасымалдау құжаттарының ілесуімен (электрондық құжаттардың көшірмесі) немесе ілеспей (қағазсыз технология кезінде) жүреді.

Тасымалдардың электрондық досьесін тауар кассирінің АЖО-сында ресімделеді және деректермен электрондық алмасу желісі арқылы тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне беріледі. Ақпараттық жүйе электрондық тасымалдау құжаты деректерінің сақталуы мен қауіпсіздігін, құпиялықтың сақталуын және мәліметтерге рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етеді.

ТЭЖ пайдаланылған тасымалдау шарты тасымалдаушының ААЖ-сынан ААЖ-дың электрондық құжаттың хабарын (квитанциясын) алғанын және жүкті қабылдағаны туралы жүкжөнелтушіге квитанцияны бергенін (қағаздық немесе электрондық түрде) оң растауын тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орны қабылдаған соң жасасылған деп саналады.

Жүкжөнелтушіде немесе жүкалушыда меншікті автоматтандырылған жүйесінің бар болғанында жүкжөнелтуші (жүкалушы) мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық әрекеттестік технологиясы мен стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы тасымалдау құжаттарын беру жолымен ресімдеуге рұқсат етіледі. Деректермен электрондық алмасуда электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамаға, электрондық құжат айналымы жүйелерінің ережесіне немесе тараптардың келісіміне сәйкес электрондық-цифрлық қол қою қолданылады.

Құқылы тұлғаның деректемелері бойынша тасымалдардың электрондық досьесіне деректерді енгізу жүкжөнелтушімен, жөнелту станциясымен, жүріс жолындағы станциялармен, тағайындалу станциясымен жүргізіледі.

281. Жүктерді контейнерлерде тасымалдаған кезде, жөнелтілетін жүктің құны жарияланған жағдайда жүкжөнелтуші осы Қағидаға сәйкес жүктердің тізімдемесін жасайды.

282. Жүкжөнелтушілер, жүк алушылар меншікті немесе жалға алынған контейнерлерді тиеу және түсіру орындарынан қабылдауды кешеуілдеткен болса, тасымалдаушы олардың станциялық жолдарда тұрған уақыты үшін ақы алады.

Жүкжөнелтушілер, жүк алушылар тасымалдаушының контейнерлерін тиеу және түсіру орындарынан қабылдауды кешеуілдеткен болса, тасымалдаушы станциялық жолдарда болған уақыты үшін ақы және контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы алады.

283. Тағайындалған станциясында контейнерлерді беру оларды тасымалдауға қабылдау тәртібіне ұқсас тәртіппен жүргізіледі.

Тиелген, соның ішінде импорттық жүктері бар, контейнерлердің жағдайын сырттай қарап тексерген соң контейнерлер кемежайдаан қабылданады және кемежайға тапсырылады.

Қажет болған жағдайда контейнердегі жүкті тексеру немесе оны түзк контейнерге қайта тиеу кемежайда оның құралдарымен тапсырушы тарап



өкілінің қатысуымен және соның есебінен жүзеге асырылады. Контейнер тексерілген соң тапсырушы тараптың бекіту-пломбылау құрылғыларымен пломбыланады.

Тасымалдаушыға тиесілі контейнерлерді жүк түсірген соң тазартуды жүк алушы қамтамасыз етеді. Тасымалдаушы жүк алушы контейнерді аталған талаптарды орындағанға дейін контейнерлерді жүк алушыдан қабылдамайды.

284. Контейнерлер операторымен шарттары бар жүкжөнелтушілер мен жүк алушылардың, экспедиторлардың станциядан контейнерлерді әкетуі және әкелуі КЭУ-16 нысандағы контейнерді станциядан шығаруға және оны станцияға қайтаруға арналған жүктелім (осы Қағидаға 32-қосымша) бойынша жүргізіледі, ол тасымалдаушының өкілімен екі данада жазылып беріледі.

КЭУ-16 (осы Қағидаға 32-қосымша) жүктелімдері бойынша, сондай-ақ контейнерлердің жүкжөнелтушілерде, жүк алушыларда және экспедиторларда болу уақытының есебі жүргізіледі. Контейнерлерді жүкжөнелтушілердің, жүк алушылардың және экспедиторлардың кірме жолдарында болуы уақытын есепке алу формасы ГУ-45 нысанындағы жадынама бойынша (осы Қағидаға 57-қосымша) контейнерлер операторы жүргізеді. Осы мақсатпен КЭУ-16 жүктелімдерінде ГУ-45 нысанындағы жадынамаларда (осы Қағидаға 57-қосымша) контейнерлердің нөмірлері қойылады.

Тиелген немесе бос контейнерді берген кезде, сондай-ақ бос немесе тиелген контейнерді станцияға қайтарған кезде, тасымалдаушының өкілі жүктелімнің тиісті бағандарына контейнердің берілген және қайтарылған күні мен уақытын қояды. Контейнермен бірге жүктелімнің екі данасы жүк алушыға, жүкжөнелтушіге беріледі, жүктелімнің бір данасы тасымалдаушыда қалады.

Меншікті контейнерлерде келген жүктер жүк алушыға контейнерлермен бірге беріледі және тасымалдаушы контейнерлердің қайтарылуына жауапты емес.

Ақаусыз контейнерде жүкжөнелтушінің бұзылмаған пломбасымен келген жүктер жүк алушыға жиынын, жүктің жағдайы мен орнының санын тексерместен контейнерді және пломбаны сырттай қарау бойынша беріледі. Азаматтардың үй заттары алушылардың талабы бойынша тізімдемеге сәйкес тексеру арқылы беріледі.

Егер контейнерді жүкжөнелтуші немесе экспедициялық ұйымы техникалық ақаулы күйінде қайтарған болса, онда вагондарды қарап тексеруші мен тасымалдаушының станциядағы өкілі қол қоятын ГУ-106 нысанды (осы Қағидаға 17-қосымша) контейнердің техникалық жай-күйі туралы акт жасалады.

Тасымалдаушы беретін контейнерлердің жүкжөнелтушілерде, жүк алушыларда болған уақытына тасымалдаушы контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемақы алады.

Тасымалдаушы берген контейнерлер зақымданған немесе жоғалған кезде жүкжөнелтушілер, жүк алушылар оларды жөндетуге не зақымданған немесе жоғалған контейнерлердің құнын тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

285. Мамандандырылған контейнерлер мыналарға бөлінеді:

максимум брутто массасы 2,5 тоннадан артық, бірақ 10 тоннадан кем мамандандырылған орта тонналық контейнерлер;

максимум брутто массасы 10 тоннаға тең және одан артық мамандандырылған ірі тонналық контейнерлер.

286. Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенцияның нормаларына, мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін мамандандырылған ірі тонналық контейнерлер темір жол көлігімен тасымалдарға рұқсат етілмейді.

Мамандандырылған контейнерлердің пайдаланушылары контейнерлердің ақаусыз жағдайын, оларға соғылатын таңбалардың дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.

287. Қауіпті (тұтанғыш сұйықтарды) және қауіпсіз (тұтанбайтын сұйықтарды) тасымалдау, сондай-ақ екі негізгі элементтен: бір немесе бірнеше танктер (цистерналар) мен қаңқадан тұратын мамандандырылған жүк контейнерлерінде жүзеге асырылады.

1 сериялы танк-цистерналардың техникалық сипаттамалары, түрлері мен сынақ көлемдері ИСО 1493-3 стандартымен белгіленген.

Контейнерлер тасымалданатын жүкке және қысымына қарай топтарға бөлінеді: қауіпсіз, қауіпті сұйықтар мен газдар. Танк-цистерналар үлгісінің ИСО 6346 стандартына сәйкес T0-T9 кодтары бар.

Қауіпсіз жүктерді (тұтанбайтын сұйықтарды) тасымалдауға арналған контейнерлердің T0-T2 кодтары бар.

Қауіпті (тұтанғыш сұйықтарды) тасымалдауға арналған контейнерлердің T3-T6 кодтары бар.

Газдарды тасымалдауға арналған контейнерлердің T7-T9 кодтары бар.

288. Мамандандырылған контейнерлердің нақты жүктерді тасымалдауға коммерциялық жағынан жарамдылығы жүкжөнелтушімен анықталады. Ақаулы мамандандырылған контейнерлерге жүктерді тиеуге рұқсат берілмейді, соның ішінде осы Қағиданың талаптарына жауап бермейтін таңбасы бар. Мамандандырылған контейнерлердің таңбалау кодының құрылымына қойылатын талаптар осы Қағидаға 33-қосымшада келтірілген.

289. Теміржолдық жылжымалы құрамға мамандандырылған контейнерлерді тиеу және оларды түсіру кірме жолдарында жүргізіледі.

Мамандандырылған контейнерлерді қабылдау, беру және сақтау (қауіпті жүктер тасымалданатын контейнерлерден басқа) егер контейнерлер

контейнерлердің сақталуын және қызмет көрсету персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиісті операцияларды орындау үшін қажетті құрылғылармен жабдықталған жағдайда, кірме жолдарында жүргізіледі.

290. Мамандандырылған ірі тонналық контейнерлерді контейнертасушы-платформаларда орналастыру вагондар мен контейнерлерде жүктерді орналастыру мен бекітудің техникалық жағдайларына сәйкес жүзеге асырылады.

291. Ірі тонналық немесе орта тонналық қалыпты әмбебап контейнерлер сияқты өлшемдері мен параметрлері бар мамандандырылған ірі тонналық контейнерлер не орта тонналық контейнерлер әмбебап ірі тонналық және орта тонналық контейнерлермен (қауіпті жүктермен тиелгеннен басқа) бірге тасымалдануға рұқсат беріледі.

292. Ірі тонналық немесе орта тонналық қалыпты әмбебап контейнерлер сияқты өлшемдері мен параметрлері бар мамандандырылған ірі тонналық контейнерлер не орта тонналық контейнерлер әмбебап ірі тонналық және орта тонналық контейнерлермен (қауіпті жүктермен тиелгеннен басқа) бірге тасымалдануға рұқсат беріледі.

293. Теміржолдық платформаға немесе ашық вагонға тиелген әрбір тиелген мамандандырылған контейнерге жүкжөнелтуші теміржол көлігіндегі әмбебап контейнерлерде жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес ГУ-29к көліктік теміржолдық жүкқұжатын (осы Қағидаға 34-қосымша) ресімдейді. Жүкқұжатының әр бланкісінде оның бет жағының жоғарғы бөлігінде " Жөнелтілім түрі" бағанында үлкен әріптермен "СКХ", бұл мамандандырылған контейнерлердің барлық түрінің белгіленуіне сәйкес келеді.

Вагондардағы және контейнерлердегі жүктерді орналастыру мен бекітудің техникалық жағдайларымен осы түрдегі және жалпы салмағы мамандандырылған контейнерлерді орналастыру мен бекіту тәсілі қарастырылмаған жағдайларда, жүкжөнелтуші жүкқұжатының 3-бағанында " Контейнер \_\_\_\_\_ бекітілген сызбаға сәйкес орнатылған және бекітілген" деген белгі жасалады.

Бос мамандандырылған контейнерлерді вагондап немесе шағын жөнелтпелермен тасымалдаған кезде, жүкқұжатының "Жүктің атауы" бағанында: "бос СКХ", ал "Жөнелтушімен белгіленген жүк жиыны, кг" - осы жүкқұжат бойынша жүрген барлық бос контейнерлердің жалпы массасы (таптаурындығына сәйкес контейнерлер ыдыстарының жиыны) көрсетіледі.

Тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып, мамандандырылған контейнерді тасымалдауға арналған жүкқұжатын ресімдеу теміржол көлігінде әмбебап контейнерлерде жүктерді тасымалдаудың ережесіне сәйкес жүргізіледі.

294. Жүктерді мамандандырылған контейнерлерде тасымалдауға ұсынған кезде жүкжөнелтуші жүкқұжатында жүктің салмағын, контейнердің меншікті салмағын және барлық жөнелтілімнің жалпы нақты салмағын көрсетеді.

Мамандандырылған контейнердегі жүктің салмағы жалпы контейнердің таза салмағы мен таптаурынында көрсетілген оның ыдысының арасындағы айырым ретінде белгіленетін оның жүккөтергіштігінен аспайды.

Егер мамандандырылған контейнердің толық сыйымдылығына дейін тиелуі мүмкін болатын жүккөтергіштігінен асуына алып келсе, жүкжөнелтушінің жүк салмағын (мысалы, үйілмелі) өлшеу арқылы анықтауына рұқсат берілмейді.

295. Тиелген мамандандырылған контейнерлер тасымалдауға жүкжөнелтушімен бекіту-пломбылау құрылғыларымен пломбаланып ұсынылады.

296. Су көлігімен онан әрі тасымалдау үшін кемежайдағы станцияларға тағайындалып тиелген мамандандырылған контейнерлерді қабылдау кезінде контейнерлерде жүктерді орналастыру мен бекіту жүктерді контейнерлерде теңіз көлігімен тасымалдау ережесімен бекітілген талаптарына ("Жүктерді контейнерлерде және ірілендірудің ашық құралдарында орналастыру мен бекітудің техникалық талаптары" бөлімі) сәйкес болуы тиіс.

297. Тасымалдаушының мамандандырылған контейнерлерінің жүкалушыда болған уақытында оларды пайдаланғаны үшін төлемақы № 4 тарифтік басшылықпен белгіленген мөлшерде белгіленеді.

Қайтару тәртібі контейнерлердің иелері мен тасымалдаушы арасында жасалатын шарттармен реттеледі.

298. Көліктік пакеттерге қалыптастырылуы мүмкін болатын жүктер, соның ішінде экспорттық және импорттық жүктер пакеттелген түрде - көліктік пакеттерде вагондар мен контейнерлерде тасымалдауға ұсынылады.

299. Тасымалдау және сақтау үрдісінде көліктік пакеттер мыналарды қамтамасыз етеді:

механикалық тиеу (түсіру) мүмкіндігін;

пакеттің тұтастығын (тасымалданатын жүктің сақталуы қамтамасыз етілетін жағдай);

көліктік, қоймалық тиеу-түсіру жұмыстарын орындайтын қызметкерлердің қауіпсіздігі;

жабық, изотермиялық вагондар мен контейнерлердің жүккөтергіштігін, сыйымдылығын ұтымды пайдалану, ал ашық жылжымалы құрамда тасымалдаған кезде тиеудің габаритін толық пайдалану;

тасымалдау үрдісіндегі тұрақтылық, ал қажет жағдайларда вагондардағы немесе контейнерлердегі бойлық пен көлденең жылжудан пакеттерді бекіту мүмкіндігі;

поездар қозғалысының қауіпсіздігі және маневрлік жұмыстар.

300. Ашық жылжымалы құрамда көліктік пакеттерде жүктерді тасымалдау осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі.

301. Жүктерді пакеттеу оларды тасымалдауға ұсынғанға дейін жүкжөнелтушілердің күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады. Жүкжөнелтуші көліктік пакеттерді стандарттардың немесе тасымалданатын жүктерге арналған техникалық шарттардың талаптарына сәйкес қалыптастырады. Әр пакетте бір жүкалушының адресіне баратын бірдей қаптамада немесе онсыз тек біртүрлі жүк салуға рұқсат беріледі.

Көліктік пакет құрылымының, пакеттеу құралдарының, бақылау белгілерінің, бекіту құралдарының сенімділігіне жүкжөнелтуші жауап береді.

Өлшемдері 800x1200 миллиметр көп айналымды табандықтарды қолдану арқылы жүктерден қалыптастырылған көліктік пакеттердің параметрлері ашық вагондарда тасымалдаған кезде, 840x1240 миллиметрден аспайды. Көп айналымды пакеттейтін құралдарды қауіпті жүктер мен арнайы иісі бар жүктерді пакеттеу үшін пайдалануға рұқсат етілмейді.

Көліктік пакетте жүкжөнелтушімен ондағы бар жүк бірліктерінің саны көрсетіледі. Тасымалдаушымен келісілген стандарттарға немесе ұсынылған жүктердің техникалық шарттарына сәйкес келмейтін пакеттеу құралдарын қолдануға рұқсат берілмейді.

302. Пакеттелген жүктер жүріс жолында пакет қайта қалыптастырылмай тасымалданады. Жүкті бекіту құралдарының және көліктік пакеттердің бақылау белгілері бар және бекіту құралдары мен бақылау белгілерін бұзбай, көліктік пакеттен жеке жүк орындарын алу мүмкіндігін болдырмайды.

Бақылау белгілері мыналар болып табылады:  
жүкжөнелтушінің атауы көрсетілген пломба;  
құлыпқа бекітілген бақылау таспасы;  
отырмалы үлдір;  
және басқалары.

Осы Қағидада белгіленген талаптардан ауытқып қалыптастырылған көліктік пакеттер тасымалдауға қабылданбайды.

303. Көліктік пакеттерге оларды тасымалдауға ұсынар алдында жүкжөнелтушілермен таңбалар қойылады: жөнелтілімдік, арнайы және теміржолдық.

Егер көліктік пакетке енгізілген жөнелтушілік таңба әрбір жүк орнында бар және көзбен есепке алуға әрі жүк орнын ашпай бақылауға мүмкін болса, ондай таңбаны көліктік пакетке қою міндетті емес.

Арнайы таңба жүктің қасиеттерін және тиеу-түсіру мен қойма операцияларын орындау кезінде онымен жұмыс істеудің тәсілдерін көрсетеді және мәтін немесе суреттер түрінде қойылады.

Көліктік пакеттерге теміржолдық таңбалар жүкжөнелтушімен вагондап жөнелту кезінде жүкті тасымалдауға ұсынарға дейін қойылады, ал мұндай пакеттерді шағын жөнелтпелермен тасымалдауға ұсынарда - жүктерді қабылдау кезінде жөнелту станциясында тасымалдаушының өкілімен. Теміржолдық таңбалау санның бөлшегі түрінде көрсетіледі. Алымында Жөнелтілімге жүктер қабылдау кітабынан тасымалдаушы хабарлайтын реттік нөмірі және сызықша арқылы жөнелтілетін пакеттер саны көрсетіледі. Бөлімінде - тасымалдаушының коды. Теміржолдық таңба тасымалдаушымен жөнелту станциясында қойылады.

Жөнелтушілік пен теміржолдық таңбалар көліктік пакетке жуылмайтын бояумен немесе оған берік бекітілген құлақша түрінде салынады.

304. Көліктік пакеттегі жүктер тасымалдауға кірме жолдарда контейнерлік немесе вагондық жөнелтулермен қабылданады. Көліктік пакет қабылдау шарттары бойынша жеке жүк орнына теңестіріледі.

Көліктік пакеттің салмағын (пакеттейтін құралдармен бірге жүктің салмағы) жүкжөнелтуші анықтайды және оны жүкқұжатының тиісті бағанында көрсетеді.

305. Жабық және изотермиялық вагондар мен контейнерлерде тасымадауға берілетін көліктік пакеттің массасы 1,5 тоннадан аспайды. Ашық жылжымалы құрамда тасымадауға берілетін көліктік пакеттің массасы:

станцияларда бар тиеп-түсіру машиналарының жүккөтергіштігінен аспайды – тиеу және түсіру орындарында түсірген кезде;

жүк алушымен келісілген массадан аспайды – кірме жолдарда түсірген кезде.

306. Вагондарда және контейнерлерде көліктік пакеттердің орналасуы мен бекітілуі вагондарда және контейнерлерде жүктердің орналасуы мен бекітілуі техникалық шарттарға сәйкес және тиісті жүктердің тасымалдау ережесін сақтап жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жабық және изотермиялық вагондардың есікаралық кеңістігінде көліктік пакеттерді солай орналастыру қажет, олардың кез келген есіктен механикалық түсірілуі қамтамасыз етілетіндей етіп. Егер ашық жылжымалы құрамда көліктік пакеттердің орналасуы мен бекітілу тәсілі жүктердің орналасуы мен бекітілуінің техникалық шарттарында қаралмаған болса, жүкжөнелтуші ондай тәсілді әзірлейді.

Жүріс жолында қайта тиелместен кірме жолдарында тиелу мен түсірілу арқылы жабық және изотермиялық вагондарда тасымалданатын көліктік пакеттер жүріс жолында жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін бекіту құралдарымен (мысалы, белдемелер, қалқандар, керме қарапайым құралдары).

307. Көліктік пакеттерде тасымалдауға ұсынылатын жүктерге тасымалдау құжаттарын толтыру кезінде жүкжөнелтуші мен тасымалдаушы жүкқұжатының, жолдық ведомостың тиісті бағанында, жолдық ведомостың түбіртегінде және жүкті қабылдау туралы квитанцияда мыналарды көрсетеді:

"Орын саны" бағанында: алымында - пакеттер саны, бөлімінде - пакеттердегі жүк орындарының жалпы саны (тасымалдауға орнын есептеп қабылдайтын жүктер бойынша ғана);

жүк атауының астына - "пакет";

"Жүк салмағы" бағанында - жалпы жүк салмағы (пакеттелетін құралдармен бірге), ал жүктердің бірнеше атауынан тұратын құрама жөнелтпелерді тасымалдаған кезде - сондай-ақ әр атаудың жүгінің салмағы;

табандықтарды қолданып қалыптастырылған көліктік пакеттерде шағын жөнелтпелермен жүктерді тасымалдаған кезде жүкқұжатының "Жүк салмағы" бағанында: алымында - пакеттің жалпы салмағы, бөлімінде - пакеттің таза салмағы (табандықтың салмағы есепке алынбай пакеттің салмағы) көрсетіледі.

308. Кірме жолдардағы тасымалдаушының өкілі көліктік пакеттердегі жүктің мөлшерін тексермей, жүкті көліктік пакеттерде қабылдайды. Тасымалдаудың коммерциялық ақаусыз жағдайында, дәл осы тәртіппен жүкті көліктік пакеттермен беру жүргізіледі.

309. Тағайындалған станцияда тасымалдаушының құралдарымен түсірілген бүлінген көліктік пакеттер табылған кезде тасымалдаушы пакеттің ішіндегісін, ал зақымданған орындарда - фактуралық шоттар бойынша жүктің санын, салмағын және жағдайын тексереді.

Тексерістің нәтижелері осы Қағидаға сәйкес ресімделеді.

310. Тасымалдаушының құралдарымен түсірілген тағайындалған станцияда бүлінген көліктік пакеттер табылған кезде тасымалдаушы пакеттің ішіндегісін, ал зақымданған орындарда - фактуралық шоттар бойынша жүктің санын, салмағын және жағдайын тексереді.

Тексерістің нәтижелері осы Ережеге сәйкес ресімделеді.

311. Пакеттеу құралдарын техникалық қадағалау, жөндеу және беріктік сынақтарын жүзеге асыру, стандарттармен немесе пакеттеудің осындай құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтармен белгіленген мерзімдерде және тәртіппен олардың иелерімен жүргізіледі.

Әмбебап ірітонналық контейнерлердің түрлері және негізгі параметрлері 35-қосымшаның А кестесінде көрсетілген.

## **18. Мұз болып қатып қалатын жүктерді тасымалдау**

**1-параграф. Жүктің сусымалылығын қалпына келтіру құралдары мен профилактикалық шараларды қолдану тәртібі және шарттары**

312. Мұз болып қатып қалатын жүктерге жататын үйіп тасымалданатын жүктердің тізбесі осы Қағидаға 36-қосымшада жазылған.

Жүктерді мұз болып қатып қалудан сақтандыратын сақтандыру шараларының (бұдан әрі - сақтандыру шаралары) санатына мыналар жатады:

үйілмелі жүктерді қауіпсіз ылғалдылыққа дейін алдын ала кептіру;  
ылғанданған жүктерді оларды тиегенге дейін мұздату;

олардың жиынын, сондай-ақ ашық вагондар мен платформалардың едені мен қабырғаларын таскөмірлік және минералдық майлармен, сақтандыру сұйықтарымен бірқалыпты бүрку;

жүктің үстіне сөндірілмеген әкті, ағаш үгінділерін себу.

Үйіліп тасылатын жүктердің көпшілік түрлерін мұз болып қатып қалудан сақтандыратын сақтандыру шаралары осы Қағидаға 37-қосымшаға сәйкес келтірілген.

313. Тұрақты аяз жағдайларында жүріс жолында вагондарда үйілме жүктерді мұз болып қатып қалудан сақтандырудың тиімді шарасы оның массасын экскаватормен, скрепермен, грейферлік кранмен немесе басқа механизммен қайта-қайта себу (араластыру) арқылы жүкті алдын ала (тиеуге дейін) мұздату болып табылады.

Бұл ретте жүктің бөлшектері сыртқы ауамен барынша жақсы желдетілуі қажет.

Мұздату себілетін жүктің ортаңғы қабатында температура минус 3<sup>0</sup> және одан төменге жеткен соң бітті деп саналады.

314. Жүктің мұз болып қатып қалуына қарсы әртүрлі сақтандыру құралдарын таңдау (араласпалар, қосымшалар, заттар, жабулар) жүктің түріне, түсіру технологиясына және тұтынушының жүкті соңынан пайдалануына немесе қайта өңдеуіне байланысты жүкжөнелтушімен жүргізіледі.

Бұл ретте қолдануға таңдап алынған сақтандыру құралдары жылжымалы құрамға, сондай-ақ тиісті МемСТ-тармен немесе өнімге арналған техникалық шарттармен қаралған тасымалданатын жүктің сапасы мен қасиеттеріне теріс әсер етпеуі тиіс. Тиеу және түсіру орындарындағы, сондай-ақ жүктің жүріс маршруты бойындағы температураны есепке алып, жүкжөнелтушімен таңдап алынған сақтандыру құралдарын жүкжөнелтуші жүкалушымен келіседі.

315. Жүк массасына қажетті сақтандыру құралдарын енгізу, соның ішінде ашық вагондар мен платформалардың қабырғалары мен еденіне сұйықтарды, ерітінділерді бүркеу бұл құралдардың үйілген жүкпен бірдей жылжуын, бірдей қабаттап себілуін (төселуін), майлармен, ниогринмен, северинмен мұқият бүркілуін қамтамасыз ететін (басыңқы механикаландырылған) тәсілмен жүргізіледі.



Тиеу пункттерінде жүкжөнелтушілер өздерінің өкілдерін жүктердің мұз болып қатып қалуына қарсы сақтандыру шараларын жүзеге асыру үшін жауапты етіп тағайындайды.

316. Жүктерді қоршаған ауаның төмен температурасы жағдайларында, ауысатын климаттық және метеорологиялық жағдайларда (әсіресе жылдың ауыспалы мерзімдерінде) жүкалушылар мұндай жүктердің сусымалылығын қалпына келтіру үшін мұз болып қатып қалатын жүктер түсірілетін пункттерді жылыту немесе механикалық қопсыту құралдарымен жарақтандырады.

Мұз болып қатып қалатын жүктерді жылыту үшін жылы үйшіктер және басқа жылыту құрылғылары (мысалы, инфрақызыл сәуле шығарғыштар) пайдаланылады.

Мұндай жүктерді механикалық қопсыту үшін бұрғыфрезерлік қондырғылар, өздігінен жүретін дірілсоққылық қондырғылар, әртүрлі түрдегі дірілқопсытқыштар, экскаваторлық түрдегі қондырғылар қолданылады.

Мұз болып қатып қалатын жүктерді жылыту, жүктердің сусымалылығын механикалық қопсытумен немесе түсіруді қамтамасыз ететін басқа тәсілдермен қалпына келтіру жүк алушы бекіткен Қағидаға сәйкес жүргізіледі. Нұсқаулықта осы құралдардың жұмыстық параметрлері және пайдалану технологиясы, техника қауіпсіздігінің ережесі мен жылжымалы құрамның зақымдануын болдырмайтын шаралар көрсетіледі.

## **2-параграф. Мұз болып қатып қалатын жүктерді тасымалдауды ресімдеу**

317. Жүкжөнелтуші мұз болып қатып қалатын жүктерді тасымалдауға ұсынған кезде, осы Қағидаға сәйкес жүкқұжаттың "Жөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында жүк ылғалдылығының пайызын және оны мұз болып қатып қалудан сақтандыру үшін қолданылған шаралар, мысалы: "Жүк мұздатылған", "Әк...% мөлшерінде себілген", "...% мөлшерінде майланған", "Ағаш үгінділерімен қабатталып аударып салынған". Бұдан бөлек, жүкжөнелтуші жүкқұжатының жоғарғы жағында "Мұз болып қатып қалатын" мөрқалыбын соғады.

Жүкқұжатында топырақты, сазбалшықты, құмды, шағылтасты және малтатасты тиеген кезде, олардың ылғалдылығы туралы деректерді көрсетілмеуі мүмкін.

318. Тасымалдаушы жүкжөнелтушіден осындай шарттарда тасымалданатын жүктерді қабылдауға және оның уақтылы түсірілуін қамтамасыз ететін жылы

үйшіктері немесе басқа жылыту құрылғылары бар жүк алушының жазбаша келісімі болған кезде, мұз болып қатып қалатын жүктерді тасымалдауға профилактикалық құралдарды қолданбай қабылдайды.

Мұндай жағдайда жүкқұжатының "Жөнелтушінің ерекше өтініштері мен белгілері" бағанында жүкжөнелтуші "алушының келісімімен - сақтандырусыз" деген белгі соғады.

319. Егер жүкқұжатында жүкжөнелтушімен тиеу кезінде мұздауға қарсы шаралар қолданғаны туралы немесе жүкалушының сақтандыру құралдарын қолданбастан, жүкті тасымалдауға келіскені туралы көрсетілмеген болса мұз болып қатып қалатын жүктерді тасымалдауға қабылдауға рұқсат берілмейді.

320. Жүкжөнелтушінің сақтандыру шараларын немесе мұз болып қатып қалатын жүктерді жөнелту шарттарын бұзуы нәтижесінде жүктер мұз болып қатып қалған күйде келген жағдайда, тасымалдаушы жүк алушының қатысуымен жалпы нысанды ГУ-23 актісін жасайды. Актіде жүктің мұз болып қатып қалған күйде келу фактісі расталады, сондай-ақ осындай жүкті түсірумен байланысты уақыт мерзімінде вагондарды пайдаланғаны үшін жүк алушы енгізген төлемақы мөлшері көрсетіледі.

## **19. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау**

### **1-параграф. Жалпы шарттар**

321. Тасымалдауға ұсынылатын тез бүлінетін жүктер тасымалдау кезінде жүктің және жылжымалы құрамның қауіпсіздігі, сақталуы қамтамасыз етілетіндей болып дайындалады. Тасымалдауға ұсынылатын көкөністердің, жемістердің, картоптың, басқа тез бүлінетін жүктердің сапасы, сондай-ақ олардың ыдысы және орамасы нормативтік құжаттармен (стандарттармен, техникалық шарттармен және жүктің сапасы мен орамасына қойылатын талаптары бар өзге құжаттармен) белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

Тез бүлінетін жүктер көліктік ыдыстардың келесі түрлерімен: ағаш, тақтай, картон және полимер жәшіктерде, жәшік-тартпаларда, кеспектерде, қаптарда, торларда, бидондарда, флягаларда, мамандандырылған тіреуіш табандықтарда тасымалданады.

Ыдыс жүкті механикаландырылған тәсілмен тиеу, түсіру және қатарлап үю мүмкіншілігін қамтамасыз ететіндей түзу, берік, таза, тесіктен ағу іздері жоқ күйде ұсынылады.

Салқындатылған, мұздатылған және тоңазытылған етті (ұшаны, жартылай ұшаны, ширек ұшаны) буып-түюсіз тасымалдауға рұқсат етіледі. Жүк жөнелтуші тасымалдаушының өтініші бойынша жүктің немесе ыдыстың жағдайын тексеру үшін белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құжаттарды ұсынады. Жүк

пен ыдыс нормативтік құжаттарға сәйкес келмеген немесе бұл құжаттар ұсынылмаған кезде, тасымалдаушы жүк жөнелтушіден оларды қабылдаудан бас тартады.

322. Тасымалдаушының тасымалдауға ұсынылған тез бүлінетін жүктердің сапасын, ыдыстың жағдайын және олардың нормативтік құжаттарға сәйкестігін ішінара тексеруге құқығы бар.

Тексеру жүкті тасымалдауға ұсыну кезінде жүргізіледі. Мұздатылған, тоңазытылған, қатырылған және салқындатылған жүктердің температурасы вагондарға тиеу кезінде өлшенеді. Жүктің жекелеген орындарын ашуды және тексеруден кейін жүкті буып-түюді, сондай-ақ вагонды, контейнерді пломбылауды жүк жөнелтуші жүзеге асырады.

323. Жүк жөнелтуші тез бүлінетін жүктерді тасымалдауға ұсыну кезінде тасымалдау құжаттарымен бірге әр жүк вагонына өсімдіктер карантині, санитарлық-эпидемиологиялық саулық және ветеринария салсындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тасымалдаушыға ілеспе құжаттарды береді.

324. Ыдыстарға құйылған минералдық суларға, жүзімнен, жеміс-жидектен жасалған шараптарға сапасы туралы құжаттар ұсыну талап етілмейді.

325. Егер жүкқұжатында көрсетілген тасымалдауға жарамды мерзімі осы Қағиданың 8-тарауына сәйкес белгіленген жеткізу мерзімінен аз болса, тез бүлінетін жүктер тасымалдауға қабылданбайды.

326. Тасымалдаушы тез бүлінетін жүктерді тиеуге түзу вагондарды, контейнерлерді, ал қажет кезде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 3 тамыздағы № 587 бұйрығымен бекітілген "Тасымалдауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ережелерінде белгіленген ветеринарлық-санитарлық талаптарды қанағаттандыратын вагондарды, береді. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау кезінде вагондардың ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкестігін жүк жөнелтуші анықтайды.

Тасымалдаушыға тиесілі емес немесе ол сүт, шарап, шарап материалдары мен құйылатын басқа тағамдық жүктерді құюға жалға берген мамандандырылған цистерналарды дайындауды жүк жөнелтуші жүргізеді.

327. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау жылдамдығын жүк жөнелтуші таңдайды және жүкқағазында көрсетеді.

Егер осы жүктерді тек үлкен жылдамдықпен тасымалдауға рұқсат етілсе, жүк жөнелтуші тап сол жылдамдықты көрсетеді.

Бұл ретте тез бүлінетін жүктер изотермиялық вагондарда тек үлкен жылдамдықпен ғана тасымалданады.

328. Тасымалдаушы жүктің жеткізілу мерзімі бұзылып келген, рефрижераторлық вагондармен тасымалдау кезінде температуралық режим сақталмаған жағдайларда, тез бүлінетін жүктерді тағайындалған станциясында беруді жүргізеді, оның жағдайын, массасы мен орындарының санын тексереді.

329. Температуралық режимді ұстай отырып, рефрижераторлық вагондарда тасымалданатын тез бүлінетін жүктердің бүлінуіне коммерциялық акт жасау кезінде, жұмыс журналынан алынған, коммерциялық актіге қызмет көрсететін бригада басшысының қолымен расталған, жүру жолындағы температуралық режим туралы көшірме қоса беріледі.

330. Тез бүлінетін жүктерді пешпен жылытылатын вагондық жөнелтпелермен тасымалдау үшін тасымалдаушы жүк жөнелтушінің өтініші бойынша жабық вагондарды береді. Пештер мен пеш жабдықтарын жүк жөнелтуші өз есебінен сатып алады және орнатады.

Жекелеген жағдайларда, шарттық жағдайларда және тасымалдаушының рұқсатымен жолсерік рефрижераторлық секциялардың қызметтік вагонында немесе қызметтік бөлімшесі бар автономиялық рефрижераторлық вагондарда (АРВ-Э) сапар шегеді.

331. Изотермиялық вагондарды тазалауға және жууға ақы тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудан кейін барлық жағдайларда алынады.

Жабық вагондарды тазалауға және жууға ақы мына тез бүлінетін жүктерді: тұздалған балық пен май шабақты, картопты, ас қызылшасын, сәбізді, қарбыздарды, жаңа піскен қырыққабатты, бөшкелік ыдыста тұздалған және ашытылған көкөністер мен тірі өсімдіктерді тасымалдағаннан кейін ғана алынады.

Осы жүктерді тасымалдағаннан кейін изотермиялық және жабық вагондарды залалсыздандыруға ақы ветеринарлық, санитарлық немесе басқа ұйымдардан залалсыздандыруды жүргізуге талаптар келіп түскен жағдайларда алынады.

Жүк жөнелтуші тез бүлінетін жүктерді түсіргеннен кейін, жүгі түсірілген вагонды тасымалдауға және оған жүк тиеуге қосарланған операциялар ретінде пайдалану үшін жарамды деп санаған жағдайда, вагонды тазалауға және жууға алым алынбайды.

332. Ветеринарлық-санитарлық өңдеуден өткен вагондарға ветеринарлық қадағалау саласындағы құзырлы орган белгілеген тәртіппен тиісті құжат беріледі. Рефрижераторлық секцияларды немесе АРВ-Э-ні ветеринарлық-санитарлық өңдеуден кейін оларға тез бүлінетін, соның ішінде мемлекеттік ветеринариялық қызмет органдарының бақылауындағы жүктерді тиеуге негіз болып табылатын аталған құжаттың көшірмесі қызмет көрсететін бригаданың басшысына беріледі.

334. Рефрижераторлық секцияларда жүктерді тасымалдау кезінде жүк жөнелтуші әрбір жүк вагонына жүк қағазын және басқа ілеспе құжаттарын береді.

## **2-параграф. Тез бүлінетін жүктерді орналастыруға және қалауға қойылатын талаптар**

334. Жүк жөнелтуші тез бүлінетін жүктерді тиеу кезінде оларды вагонда, контейнерде орындарды ластамай, ыдысты және вагонның (контейнердің) ішкі жабдығын бүлдірмей, вагондар мен контейнерлерде жүкті орналастыру мен бекітудің техникалық шарттарына және вентиляциялау шарттарына сәйкес орналастырады және қояды.

335. Вагон, контейнер қабырғаларында вертикаль білеулер немесе гофралар болған жағдайда, тез бүлінетін жүктер оған жақын орналастырылады, ал вертикаль білеулер немесе гофралар болмаған жағдайда, бүйірлік және бойлық қабырғалардан 4-5 сантиметр қашықтықта орналастырылады.

336. Тез бүлінетін жүктер (жеміс-көкөністерді қоспағанда) бірте тақтайшаларды қолданусыз тығыздап қатарлап қаланады. Жәшіктерді тығыздап қалау кезінде вагонның (контейнердің) ұзына бойына бір-біріне және бүйірлік қабырғаларға тақау тығыздап орналастырылады. Вагонның (контейнердің) ені бойынша жәшіктердің көлемдері еселенбеуі мен жүк жайының ені есебінен пайда болатын саңылаулар жәшіктердің арасында біркелкі бөлінеді.

Бөшкелерде, қаптарда, торларда тасымалданатын жүктер жүк орындарының көлемдері мен вагонның (контейнердің) ені еселенбеуі жағдайында вагонның, контейнердің бойлық осіне симметриялы түрде орналастырылады.

337. Бөшкелерді жылдың қысқы мезгілінде жабық вагондар мен әмбебап контейнерлерде тасымалдау кезінде олардың сыйымдылығын 10-15%-ға толтырмай қалдырған жөн, бұл туралы жүк жөнелтуші жүк қағазының " Жөнелтушінің ерекше мәлімдемелері мен белгілері" бағанына белгі соғады.

338. Вагонда жүктер есіктердің екі жағынан да еркін ашылуы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

339. Осы Қағидада тиеу биіктігі көрсетілмеген жәшіктердегі тез бүлінетін жүктер тиелген жүктің массасы вагонның трафареттік жүк көтергіштігінен аспайтындай биіктікке дейін қаланады. Жүк қатарының жоғарғы жағы мен жабдығы жоқ вагон төбесінің арасында 70 сантиметрден кем емес аралық қалдырылады. Вагонда ауаарна мен ілмектері бар арқалықтар болғанда олар мен жүктің арасында кем дегенде 40 сантиметр қашықтықта орнатылады. Есік аралық кеңістікте мұндай жүктерімен орындарды қажет болғанда есіктерге жүктердің бастырмалатып құлауының алдын алатын, тақтайлар қатарының екі

жоғарғы қабаты биіктігінде есік тесіктерінде вагонның бойымен, көлденең немесе диагонали бойынша орналастыруға рұқсат етіледі. Жылжып кетуді болдырмас үшін жәшіктерді жоғарғы қабаттарға сатылап толық емес қатарлап қоюға рұқсат етілмейді.

340. Жүк жөнелтушінің тез бүлінетін жүктерді тиеу, бекіту және тасымалдау үшін қажетті жабдықтары, материалдары және басқа да тетіктері болады.

Тиеуді және түсіруді кім жүзеге асыратынына орай, тиеу кезінде мұндай айлабұйымдарды орнатуды және түсіру кезінде оларды алуды жүк жөнелтушілер, жүк алушылар немесе тасымалдаушы жүргізеді.

### **3-параграф. Ет және ет өнімдері**

341. Вагондарға ет пен ет өнімдерін тиеуге оларды мал дәрігері қарап тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Ет пен ет өнімдерін тиеуге тағайындалған уақыт туралы жүк жөнелтуші вагондарды жүк тиеуге бергенге дейін кем дегенде 24 сағат бұрын мемлекеттік ветеринарлық қызметтің органын хабардар етеді.

342. Жүк жөнелтуші ет пен ет өнімдерін тасымалдауға ветеринарлық куәлікте көрсетілген станцияға және сол жүк жөнелтушінің адресіне ғана ұсына алады. Жүк тиеу (адресін өзгерту) кезінде аталған ветеринарлық куәліктегі тағайындалған станция мен жүк жөнелтушіні өзгертуге тек мемлекеттік ветеринарлық қызмет органымен келісім бойынша рұқсат етіледі. Мұндай жүктердің адресін өзгертуге мемлекеттік ветеринарлық қызмет органымен келісім бойынша рұқсат етіледі.

343. Жүк жөнелтуші тасымалдауға келесі шарттарға жауап беретін мұздатылған етті ұсынады:

ірі қара мал мен басқа ірі жануарлардың ұшалары бойлық жартылай және ширек ұшаларға бөлінеді;

шошқалардың ұшалары - бойлық жартылай немесе тұтас бассыз ұшаларға бөлінеді;

қой еті мен басқа ұсақ жануарлардың еті тасымалдауға бассыз тұтас ұшаларымен ұсынылады.

Ұшаларда, жартылай және ширек ұшаларда ішкі органдардың қалдықтары, ұйыған қан, шашақтар, кір-қоқыстар, сондай-ақ мұз бен қар болуына рұқсат етілмейді. Ұшаларды, жартылай және ширек ұшаларды бет жағы бүлінбеген, тері астындағы майы алынбаған, қанды сүйелсіз және соғылмаған күйде тасымалдауға рұқсат етіледі. Көгеру, шырыштану белгілері, ашыған иісі бар, сондай-ақ беті дымқыл құс, қоян және жабайы құс еті тасымалдауға қабылданбайды.

Мұздатылған ет блоктары жарғаққа, жарғақшаға, целлофанға немесе басқа полимерлік қабыршақтарға оралып, кеңірдектелген картоннан жасалған жәшіктерге немесе тіреуішті немесе жалпақ табандықтарға орналастырылған мамандандырылған изотермиялық картон контейнерлерге салынады.

Тиелетін мұздатылған ет пен ет блоктары буылып-түйілген күйде ұсынылады және рефрижераторлық вагондар мен рефрижераторлық контейнерлерде тасымалданады. Мұздатылған етті қаптамасыз ұшалар және жартылай ұшалар күйінде тиеп жөнелтуге рұқсат етіледі. Бұл ретте жүк жөнелтуші вагонның едені мен қабырғаларын тиеу биіктігіне қарай таза қағазбен қаптайды.

344. Ет және ет өнімдерін жыл мезгілдері бойынша рефрижераторлық вагондарда тасымалдаудың шекті мерзімдері осы Қағидаға 38-қосымшада көрсетілген.

#### **4-параграф. Балық және балық өнімдері**

345. Тасымалдауға ұсынылатын мұздатылған балықтың, балықтың жон еті мен теңіздің тарақ балығының, мидиялардың, трепангтердің, таңқышаян таяқшаларының, таңқышаяндардың, пісірілген-мұздатылған асшаяндардың және басқа мұздатылған теңіз өнімдерінің температурасы минус 18<sup>0</sup>С-тан жоғары болмайды. Таңқышаян таяқшаларын, пісірілген таңқышаяндар мен асшаяндарды мұздатылмаған күйде тасымалдауға рұқсат етілмейді.

346. Мыналар мұздатылған балықтың сапалылығының белгісі болып табылады: денесінің бет жағы - таза, табиғи реңде; желбезектері - ашық-қызыл немесе қызыл-қоңыр; иісі (жібігеннен кейін) - бүлінген белгілерсіз жаңа ауланған балықтікіндей.

347. Мұздатылған балықты тек оралған: жәшіктерде, азық салатын қаптарда тасымалдауға рұқсат етіледі. Қабыршақты пакеттерге, балық алдын ала қабыршақты пакетке орай отырып, полимерлік бүркемесіз картон бумаларға оралған мұздатылған балық, мұздатылған балықтың жон еті жәшіктерге салынады.

348. Суытылған балық рефрижераторлық вагондарда жәшіктерде немесе құрғақ ыдыстық бөшкелерде тасымалданады.

349. Тасымалдауға ұсынылатын тұздалған, дәмдеп тұздалған және тұздықталған балық пен майшабақ полимерлік материалдардан жасалған қосымша қаптармен сыйымдылығы 50 текше дециметрден аспайтын ағаш, полимерлік құйма және құрғақ ыдыстық кеспектерге, тақтай жәшіктерге, ал полимерлік материалдардан жасалған пакеттерге өлшеп оралғандары -

кеңірдектелген картон жәшіктерге буылып-түйіліп салынады. Құйма кеспектерге салынған балық пен майшабақтың үстіне тиісті тығыздықта тұздық құйылады, ал ыдысқа салынғандары - сығымдалады.

Кеспекке салынған және тұздық құйылған тұздалған балық жүктері жүк жөнелтуші изотермиялық вагондардың едендік торлары мен жабық вагондардың еденіне қағаз, картон немесе басқа буып-түю материалдарын төсеген және оларға қабаттап үгінділер төккен жағдайда, рефрижераторлық вагондарда, вагон-термостарда және жабық вагондарда тасымалданады. Жүктерін түсіргеннен кейін жүк жөнелтушілер вагондарды төсеу үшін қолданылған үгінділер мен материалдардан тазартады, оларды жууға жібереді, оны тасымалдаушы жүк алушының есебінен жүргізеді.

350. Суық және ыстық күйде ысталған, кептірілген балық пен балық жон етінің өнімдері және басқа балық тауарлары тек ыдыста ғана тасымалданады. Ыстық күйде ысталған балық пен балық өнімдері тасымалдау тек мұздатылған күйінде жол беріледі.

351. Тірі, ширақ, механикалық зақымдалмаған және денесінде өңез шорлары жоқ, қабыршағы мен терісі бүтін, жүзу қанаттары бүтін және таза тірі балықтар тасымалдауға жарамды деп саналады.

Тірі балық пен балық өсіру материалдарын (шабақтарды) тірі балықты тасымалдауға арналған (жалға алынған немесе меншікті) рефрижераторлық секцияларда жүк жөнелтушінің жолсеріктерімен бірге тасымалданады және ол жауапты болады.

352. Балық және балық өнімдерін жыл мезгілдері бойынша рефрижераторлық вагондарда тасымалдаудың шекті мерзімдері осы Қағидаға 38-қосымшада көрсетілген.

## **5-параграф. Жаңа піскен жеміс-көкөністер**

353. Тасымалдауға жеміс-көкөністер жаңа піскен, таза, механикалық зақымдалмаған және зиянкестер мен аурулар бұлдірмеген, сыртының ылғалдығы көп емес, сондай-ақ әрбір вагон топтамасы бойынша пісу дәрежесі біркелкі күйде ұсынылады. Жемістердегі уытты элементтердің, пестицидтер мен нитраттардың мөлшері азық-түлік шикізаттары мен тағамдық өнімдердің медициналық-биологиялық талаптармен және санитарлық сапа нормаларымен белгіленген, рұқсат етілген деңгейден аспайды.

354. Жеміс-көкөністер олардың әрбір түріне сәйкес келетін ыдысқа салынады

355. Жаппай дайындау кезеңінде жүк жөнелтушімен және жүк алушымен келісім бойынша жеміс-көкөністерді жабық вагондарда ақтара тасымалдауға



рұқсат етіледі. Жеміс-көкөністер рефрижераторлық вагондар мен рефрижераторлық контейнерлерде тек ыдысқа салынып тасымалданады.

356. Жаңа піскен жеміс-көкөністерді тасымалдаудың шекті мерзімдері осы Қағидаға 38-қосымшада көрсетілген.

## **6-параграф. Сүт, май-ірімшік жасау және май өнеркәсібі өнімдері, жұмыртқалар**

357. Сүт, май-ірімшік жасау және май өнеркәсібі өнімдері, жұмыртқалар суытылған күйде, таза, бөтен дәмсіз және иіссіз, тұнбасыз, ептеген сарғыш реңді ақ түсті, бір түрлі сұйық күйде тасымалдауға ұсынылады. Мұздатылған ірімшік минус 12<sup>0</sup>С-тан аспайтын температурамен тасымалдауға ұсынылады.

358. Сүт пен сүт өнімдері изотермиялық вагондарда тасымалданады. Зарарсыздандырылмаған сүт жүк жөнелтуші мен жүк алушының цистерналарға құюға, қотарып алуға және жууға арналған құралдары бар, станциялар арасында меншікті немесе жалға алынған сүт цистерналарында тасымалданады.

Сүт цистерналарында сүт тасымалдауға сұйық жүктерді цистерналарға құйып тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар таратылады.

359. Сары май (тұтас немесе өлшеп оралған) тасымалдауға жәшіктерге салынып қабылданады. Қорытылған сары май полимерлік үлдірмен қосымша оралып ағаш кеспектерге немесе шыны және қаңылтыр банкаларға салынып, жәшіктерге орналастырылған күйде тасымалданады.

Сары май изотермиялық вагондарда тасымалданады. Қорытылған сары майды қысқы мезгілде және өтпелі кезеңде сыртқы ауаның температурасы минус 6<sup>0</sup>С-тан төмен болғанда жабық вагондарда тасымалдауға рұқсат етіледі.

360. Қатты маргарин, қатып қалған кондитерлік, наубайханалық және аспаздық (бұдан әрі - қатқан майлар), кесектеп өлшеп оралған, жарғаққа немесе түйіршіктелген фольгаға оралған майлар жәшіктерге салынады, ал өлшеп оралмағандары (тұтас түрде) жарғақ немесе полимерлік үлдір төселген жәшіктерге салынады, ал өтпелі кезеңде сыртқы ауаның температурасы +10<sup>0</sup> С-тан жоғары емес кезде бұл жүктерді жабық вагондарда тасымалдауға рұқсат етіледі.

361. Нетто массасы 100-ден 500 грамға дейінгі полимерлік қаптамаға өлшеп салынған және жәшіктің шекті нетто массасы 9 килограмнан аспайтын кеңірдекті картон жәшіктерге салынған жұмсақ маргарин тасымалдауға +10<sup>0</sup>С-тан жоғары емес температурамен қабылданады. Жұмсақ маргарин изотермиялық вагондарда тасымалданады.

Жылдың өтпелі кезеңінде сыртқы ауаның температурасы +10°C-тан жоғары емес жағдайда жұмсақ маргаринді жабық вагондарда тасымалдауға рұқсат етіледі.

362. Қатпаған кондитерлік майлар мен сұйық майлар болат немесе ағаш кеспектерге және құтыларға салынып тасымалданады.

363. Сүт, май-ірімшік жасау және май өнеркәсібі, жұмыртқа өнімдерін рефрижераторлық вагондарда тасымалдаудың шекті мерзімдері осы Қағидаға 38-қосымшада көрсетілген.

## **7-параграф. Өзге тез бүлінетін жүктер**

364. Металл және шыны ыдыстағы консервіленген өнім жәшіктерде, ал буылып-түйілмегендері - полиэтилен қосымшалары бар кеспектерде тасымалданады.

Консервіленген өнімдерді термотырғыш үлдірмен қапталған блок тәрізді қаңылтыр банкаларда тасымалдауға рұқсат етіледі. Блоктар пакетті термотырғыш үлдірмен байлау арқылы табандықтардағы пакеттерге біріктірілген күйде ғана тасымалданады.

365. Шыны, қаңылтыр ыдыстардағы, сондай-ақ ТБА пакеттеріндегі зарарсыздандырылған көкөніс, жеміс шырындары мен балшырындар изотермиялық және жабық вагондарда тасымалданады.

366. Шарап, соның ішінде шымырлайтын, көпіршікті шарап пен шампан, ликер-арақ өнімдері жәшіктерге орналастырылған шөлмектерде тасымалданады. Бұл жүктерді ашық жәшіктерде тасымалдауға жүк жөнелтушінің, жүк алушының жолсеріктерінің еріп жүруімен ғана рұқсат етіледі. Шарапты жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсеріктерінің еріп жүруімен құю арқылы меншікті арнаулы цистерна-термостарда және меншікті изотермиялық вагон-цистерналарда тасымалдауға рұқсат етіледі.

367. Минералды су, алкогольді және алкогольі әлсіз, соның ішінде газдалған сусындар тасымалдауға шыны, қаңылтыр немесе полимерлі орамада жәшіктерде немесе мамандандырылған контейнерлерде ұсынылады. Қаңылтыр банкалардағы және ПЭТ-шөлмектердегі өнімдер блоктарға қалыптастырылады. Минералды суларды, алкогольді және алкогольі әлсіз ішімдіктерді ыдыссыз (ақтара) тасымалдауға рұқсат етілмейді.

368. Шыны, полимерлік шөлмектердегі, қаңылтыр банкалардағы және кеспектердегі сыра изотермиялық вагондарда тасымалданады. Пастерленген сыраны жылдың жазғы және өтпелі кезеңдерінде жабық вагондарда тасымалдауға рұқсат етіледі.

369. Баларалар жүк жөнелтушінің, жүк алушының жолсеріктерінің еріп жүруімен ара ұяларында немесе фанера пакеттерде тасымалданады. Температуралық режимді, рефрижераторлық вагондарды желдету кезеңділігі мен ұзақтығын жүк жөнелтуші белгілейді.

370. ПЭТ-шөлмектердегі өсімдік майы оларды кеңірдек картон жәшіктерге салу арқылы немесе полимерлік термоотырғыш үлдірмен қапталған, бірнеше шөлмектерден тұратын блоктар түрінде тасымалданады. Блоктар олардың қатарларының арасына төсемдер салу арқылы табандықтардағы пакеттерге қалыптастырылады тығыз полимерлік үлдірмен қапталады. Табандықтың биіктігін ескере келгенде пакеттің жалпы биіктігі 180 сантиметрден аспайды.

371. Басқа тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудың шекті мерзімдері осы Қағидаға 38-қосымшада көрсетілген.

### **8-параграф. Изотермиялық, жабық вагондарды, рефрижераторлық және әмбебап контейнерлерді пайдалану шарттары**

372. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау үшін изотермиялық және жабық вагондар, рефрижераторлық және әмбебап контейнерлер пайдаланылады. Изотермиялық вагондардың, рефрижераторлық контейнерлер шанағының жүк пен сыртқы ауа арасында жылу алмастыруға мүмкіндік беретін жылу оқшаулағышы болады. Рефрижераторлық вагондарда және рефрижераторлық контейнерлерде жүктерді тасымалдау кезінде белгіленген температуралық режимді сақтау қамтамасыз етіледі. Вагон-термостарда белгілі бір мерзім ішінде жүк шоғырлап жинаған жылу немесе суық сақталады. Жабық вагондар мен әмбебап контейнерлер жүкті жауын-шашыннан қорғайды, ал жылытқан жағдайда , жүк шоғырлап жинаған жылуды немесе суықты белгілі бір мерзімге сақтайды. Жабық вагондар, бұдан басқа, жүктерді тасымалдау кезінде жүк үй-жайын реттелмейтін тура желдетуге мүмкіндік береді.

373. Санатына рефрижераторлық секциялар мен АРВ-Э жататын рефрижераторлық вагондарда осы Қағидада аталған тез бүлінетін жүктер тасымалданады.

374. Вагон-термостарда сақтау мерзімі 10 тәуліктен аспайтын термиялық дайындалған тез бүлінетін жүктер тасымалданады. Биологиялық жылу шығарушы ретінде жеміс-көкөністер вагон-термостарда тасымалданбайды.

375. Изотермиялық вагон-цистерналарда, цистерна-термостарда жүк жөнелтушінің, жүк алушының жолсеріктерінің еріп жүруімен шарап, шарап материалдары тасымалданады. Сүт цистерналарында сүт тасымалданады.

376. Жабық вагондарда, әмбебап контейнерлерде жүру жолында температуралық режимнің талап етпейтін тез бүлінетін жүктер тасымалданады.

Жылытылған жабық вагондарда, әмбебап контейнерлерде тасымалдау тасымалдаушының нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

377. Рефрижераторлық секциялардың жекелеген жүк вагондарына тасымалдаудың әр түрлі режиміндегі жүктерді тиеуге рұқсат етіледі.

378. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) өтінімі бойынша дизель-электростанциясы бар қызметтік вагоннан ағытылып алынған рефрижераторлық секцияның жүк вагонында тез бүлінетін жүктердің болу ұзақтығы 6 сағаттан аспайды.

379. Сыртқы ауаның температурасы теріс болған жағдайда, жүк жөнелтуші жеміс-көкөністерді тиеу кезінде олардың тоңазуын немесе үсуін болдырмайтындай шаралар қабылдайды.

380. Тез бүлінетін жүктерді рефрижераторлық вагондарда тасымалдау кезінде температуралық режим мен желдету қажеттігі осы Қағидаға 39-қосымшаға сәйкес тиеу сәтіндегі жүктің түріне немесе температурасына қарай белгіленеді.

381. Қысқы мезгілде тасымалдау жағдайында вагонға тиеу кезіндегі температурасы минус 5<sup>0</sup>С-тан төмен мұздатылған, тоңазытылған жүктердің, сондай-ақ қорытылған сары майдың температурасын шексіз төмендетуге рұқсат етіледі.

382. Суық түскенге дейін жылдың жазғы және өтпелі кезеңдерінде жабық вагондарда тасымалдау кезінде бүкіл жүру жолында: кепкен балық, жеміс-көкөністер, суытылмаған тағамдық тауық жұмыртқасы желдетіліп отырылады. Жабық вагондарды үздіксіз желдету: жартылай ашық бүйірлік люктер арқылы жүргізіледі.

383. Тез бүлінетін жүктерді рефрижераторлық контейнерлерде тасымалдауды тасымалдаушының рұқсатымен және мүдделі тараптармен (жүк жөнелтушілермен, жүк алушылармен, экспедиторлық ұйымдармен) келісім бойынша фитингілік платформалар мен дизель-электростанция вагонынан тұратын арнайы жабдықталған тіркемелерде ілесіп жүрген механиктер бригадасы жүзеге асырады.

## **20. Жануарлар мен құстарды тасымалдау**

384. Жануарларды жабық вагондарға тиеу мына мөлшерде жүргізіледі:  
ірі қара мал (үлкен) - 16-дан 24 басқа дейін оның көлемі мен салмағына қарай ;

ірі қара мал төлдері - 24-тен 28 басқа дейін;

бұзаулар - 36-дан 50 басқа дейін оның жасына қарай;

қойлар мен ешкілер - 80-нен 100 басқа дейін;

шошқалар - 50-ден 60 басқа дейін (бір жануардың салмағы 80 килограмға дейін болғанда), 44-тен 50 басқа дейін (салмағы 80-нен 100 килограмға дейін болғанда), 28-ден 44 басқа дейін (салмағы 100-ден 150 килограмға дейін болғанда), 20-дан 28 басқа дейін (салмағы 150 килограмнан артық болғанда);

жылқылар - 14 бастан артық емес;

түйелер - 8 бастан артық емес.

Жануарлардың көрсетілген санын вагонға орналастырғаннан кейін, тағы бір жануар сиятындай жеткілікті бос аралық қалдырылады. Асыл тұқымды және жоғары өнім беретін жануарларды тиеу нормаларын жүк жөнелтуші мемлекеттік ветеринарлық қызмет органымен келісім бойынша белгілейді.

385. Жылқылар вагонның бойлық осіне қатарластырып бастарымен есік аралық кеңістікке қарай, вагонның әрбір жартысында екі қатардан орналастырылады. Жолсеріктің өтуі үшін ортаңғы қатарларында шеткілеріне карағанда бір жылқы кем қойылады.

Вагондар жылқыларды тиеу үшін жылқы байлайтын төрт көлденең тақта-белдеулермен, екі есіктік тақта-төсемдермен, екі бойлық және төрт жемдік тақталармен жабдықталады.

Жылқыларды тек тағасыз күйде ғана тасымалдауға рұқсат етіледі.

386. Ірі қара мал вагонда көлденең немесе бойлық тәсілмен орналастырылады

Ірі қара малды мамандандырылған вагондарға тиеу тек көлденең тәсілмен ғана жүргізіледі.

Ірі қара малды тиер алдында, оны көлденең тәсілмен орналастыру кезінде вагонның бойлық қабырғасының алынбайтын тақталарына 1-2 жануарға бір шығыршық есебімен малдарды байлау үшін темір шығыршықтар (немесе қапсырма) бұрандасегелермен бекітіледі. Вагонның шетжақ қабырғаларына вагонға көлденең алынбайтын тақталарға салынатын, вагонның шетжақ қабырғаларына жақын әрқайсысы екі тақтадан тұратын сөрелер төселеді. Ірі қара малды тиегеннен кейін вагондардың есік ойығына торлар орнатылады.

Ірі қара малды бойлық тәсілмен орналастыру кезінде вагондар жылқыларды тасымалдауға арналғандағыдай жабдықталады, бірақ есік ойықтарына есіктік тақта-төсемдердің орнына торлар орнатылады. Қойлар, ешкілер, бұзаулар, шошқалар мен ірі қара мал төлдері вагондарға байлаусыз тиеледі.

387. Бір вагонда бұқалар мен сиырларды, қошқарлар мен саулық қойларды, қабандар мен мегежіндерді, сондай-ақ жануарлардың әр түрлерін бірге тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Шошқаларды қысқы мезгілде сыртқы ауаның температурасы минус 25°С-тан төмен, ал жазғы мезгілде - салмағы 100 килограмнан астам ірі семіз шошқаларды температура +25°С және одан жоғары болған кезде тиеуге рұқсат етілмейді.

388. Ұсақ жануарлар торлар мен жәшіктерде бірнеше қабаттарда тасымалданады. Вагонның бүйір қабырғасы бойынша тор мен төбе арасындағы аралықтар кем дегенде 0,2 метр болуы тиіс. Жәшіктер мен торлар малдарды күту және желдету үшін өтпе қалдыра отырып, бойлық қабырғаға орнатылады.

389. Вагондап жөнелтілетін жабайы жануарларды тасымалдау әрбір жеке жағдайда тасымалдаушы мемлекеттік ветеринарлық қызмет органымен және жүк жөнелтушімен келісім бойынша белгіленетін жағдайларда жүргізіледі.

Терісі бағалы аңдар олардың түрлеріне қарай металл торлы есіктерімен ағаш торларда тасымалданады. Торлардың есіктерінің өз бетімен ашылмайтын және құлыпқа жабылатын мықты ілмектері бар.

390. Құстарды тасымалдау су өткізбейтін тұтас түбі бар торларда жүргізіледі.

391. Араларды, сондай-ақ өсіруге және жерсіндіруге тағайындалған тірі шаяндарды, балықтарды, балық өсіру материалын (шабақтарды) тасымалдау осы Қағиданың 19-тарауына сәйкес жүргізіледі.

392. Жүк жөнелтуші жөнелтілетін жануарларды белгіленген тасымалдау мерзімдері мен екі күндік қорды ескере отырып, бүкіл жүру жолына сапалы жемдермен, сондай-ақ төсемелермен қамтамасыз етеді. Жемдер мен жем қосымшаларының ветеринарлық-санитарлық тұрғыдан зиянсыздығы ветеринарлық куәлікпен немесе шетелден импортпен келген жануарлар топтамасымен бірге жем әкелінген жағдайда, шекаралық ветеринарлық пунктте ветеринарлық куәлікке қайта ресімделген ветеринарлық сертификатпен расталады.

Жөнелту пунктінде сыртқы ауаның температурасы минус 15°С-тан төмен жағдайда сығындыны, барда мен сүрлем шөпті жем үшін қолдануға рұқсат етілмейді.

393. Жем мен төсеме вагондарда жануарлармен бірге тасымалданады және арнайы сөрелерге немесе вагонның есік аралық кеңістігіне тиеледі. Дәнді азық (сұлы, ұн, кебек пен құрама жем) қаптарға салынады, ал шөп пен сабан - теңдерге баспаланады.

Жем мен төсемелерді тасымалдау үшін жүк жөнелтушінің өтініші бойынша және оның есебінен жеке вагондар беріледі.

394. Жануарлары бар вагондарды дөңестен тарқату және мұндай вагондармен итерме маневрлер ерекше сақтықты сақтай отырып, жүргізіледі. Станция қызметкерлері жануарлары бар вагондардың жолсеріктерін маневрлерді жүргізу басталғаны туралы ескертеді.

395. Жануарларға ілесіп жүретін жолсеріктер жүктерді ілесіп осы Қағиданың 14-тарауында көзделген міндеттерді орындайды. Жүк жөнелтушінің өтініші бойынша және оның есебінен малдарға ілесіп жүрген жолсеріктер үшін жеке вагондар беріледі.

396. Жануарларды тасымалдау кезінде жолсеріктер оларды жазғы мезгілде тәулігіне кем дегенде екі рет, қысқы және өтпелі кезеңдерде бір-екі рет суарады.

Темір жол көлігімен тасымалданатын жануарларды суару жүргізілетін станцияларды тасымалдаушы белгілейді.

397. Ішінде жануарлары бар вагондарды жүру жолында көңнен тазартуды магистральдық темір жол желісінің операторымен және мемлекеттік ветеринарлық қызмет органымен келісім бойынша белгіленетін станцияларда ғана поездың тоқтап тұрған кезінде жолсеріктер жүргізеді. Мұндай станциялар жануарлары бар вагондардың вагондардың тазалануы көзделген темір жолдарға берілуін қамтамасыз етеді.

Ауру жануарлар табылған, сондай-ақ жануарларды ерекше жағдайларда тасымалдау кезінде вагондарды жүру жолында көңнен тазартуға тыйым салынады.

398. Сапар барысында малдың жаппай немесе жекелей ауруының, құлауының әрбір оқиғасы туралы, сондай-ақ мал азық пен су ішуден бас тартқан жағдайда, жолсеріктер жазбаша түрде станция бастығы арқылы Мемлекеттік ветеринарлық қызметке немесе осы станция орналасқан аумақтағы ауданның бас ветеринарлық инспекторына олар малдарды ары қарай тасу мүмкіндігі немесе оларды кідірту туралы шешім қабылдау үшін хабарлайды.

Ауру жануарларды жүру жолында союға рұқсат етілмейді.

399. Жануарлары бар вагондарды кідіртудің барлық оқиғалары, жануарларды вагоннан түсіріп тастау туралы станция, Мемлекеттік ветеринарлық қызмет органының өкілі мен жануарларға ілесіп жүрген жолсеріктің қатысуымен, осы Қағиданың 8-тарауында белгіленген тәртіппен жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасайды. Актінің көшірмелері мемлекеттік ветеринарлық қызмет органының жазбаша талабымен бірге тасымалдау құжаттарына қосып беріледі. Жүк қағазының "Темір жол белгілері" бағанында станция жалпы нысанда акт жасалғаны және ауырған немесе өлген малдармен жоспарланбаған жұмыстарды орындау кезінде тасымалдаушы шеккен нақты шығындар туралы белгі соғады. Тағайындалу (шекаралық немесе өтпелік) станциясында жүк қағазындағы белгінің негізінде жүк жөнелтушіден (экспедитордан) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауырған немесе өлген малдарды түсіріп алғаны үшін тасымалдаушы шеккен нақты шығыстар өндіріліп алынады.

400. Жүру жолында жануарлары бар вагондардың техникалық ақаулығы табылған жағдайда, ақауды анықтаған станция вагондарды дереу жөндеуге және

оларды мүмкіндігі бойынша сол немесе жақын маңдағы поезбен жөнелтуге шаралар қабылдайды.

401. Мал тиелген вагонның түсіруге келгені туралы жүк алушыға және мемлекеттік ветеринарлық қызметке хабарланады.

402. Жануарларды түсіру аяқталғаннан кейін жүк алушы вагондардың ( үшінші санат бойынша кейінгі өңдеуге жататын вагондардан басқасы) есік аралық кеңістігінде көнді және төсеме қалдықтарын қалап үюді жүргізеді.

Көң мен төсеменің қалдықтарын жүк алушылардың өтініші бойынша қалап үю үшін тасымалдаушы келген вагондардың саны мен жергілікті жағдайларға байланысты қосымша уақыт белгілейді.

403. Вагондарды зарарсыздандыру тасымалдаушының құралдарымен жүргізіледі.

404. Мемлекеттік ветеринарлық қызмет карантин жариялаған жағдайларда, тасымалдаушы жануарларды тиеуді уақытша тоқтату немесе шектеу туралы жариялайды.

Станцияға келген карантин жарияланған жануарлары бар вагондар жүк жөнелтушінің, жүк алушының өтініші негізінде және мемлекеттік ветеринарлық қызмет органының шешімі бойынша басқа станцияларға адрестері өзгертіледі.

## **21. Ветеринарлық, фитосанитарлық бақылауға жататын жүктерді тасымалдау**

### **1-параграф. Жалпы шарттар**

405. Жанаурлар өнімі мен шикізатын жануарлардың жұқпалы аурулары ықпал етпеген аумақтардан темір жол көлігімен тасымалдауға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасында мемлекеттік ветеринарлық қызмет органдарының бақылауымен жол беріледі.

406. Тасымалдаушы мемлекеттік ветеринарлық қызмет органдарының бақылауындағы жүктерді ветеринарлық қадағалау саласындағы тиісті уәкілетті органдар берген ілеспе ветеринарлық құжаттары болғанда және жүкқұжатта " Жөнелтуші қоса беретін құжаттар" бағанында көрсете отырып қоса берілгенде ғана қабылдайды.

407. Бақылаудағы жүктерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдау ветеринария саласындағы ынтымақтасу туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

408. Мемлекеттік ветеринарлық қызметтің бақылауына жататын жүк ветеринарлық ілеспе құжаттары жоқ екендігі немесе мұндай жүк жұқпалы аурумен ауыратын, сойылған малдың өнімі болып табылатындығы байқалған жағдайда, жүк Мемлекеттік ветеринарлық қызметтің талап етуі бойынша



кідіріледі. Мұндай жүкті ары қарай тасымалдау мүмкіндігі туралы мәселе Мемлекеттік ветеринарлық қызметпен шешіледі.

409. Мемлекеттік ветеринарлық қызметтің бақылауына жататын жүктің жүрген жолда тексеру үшін кідірілуі туралы станция мемлекеттік ветеринарлық қызмет органы өкілінің қатысуымен, осы Қағиданың 8-тарауында белгіленген тәртіппен жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасайды, онда кідірту себептері және оларды жою жөніндегі шаралар көрсетіледі. Актінің көшірмесі тасымалдау құжаттарына қоса беріледі, ол туралы тасымалдаушы оларда "Тасымалдаушының белгілері" бағанында белгі қояды.

410. Тұздалмай кепкен және тұздалып кепкен былғары және тері шикізаты, аң терісі, өңделмеген тері кесінділері, құрғақ түрдегі терінің шелі, жүн, түк, шаш, қауырсын мен мамық, құрғақ ішек шикізаты, қуықтар, мүйіздер, тұяқтар, сүйектер оларды жоғалудан, зақымданудан және тасымалдаған кезде басқа себептер бойынша сапасының төмендеуінен сақтандыру үшін, тасымалдау құралдарын және басқа жүктерді зақымданудан, сондай-ақ адамдарға зиян келтіруден сақтандыру үшін тасымалдауға ыдыста немесе орамада қабылданады.

411. Мал шикізатын тағам өнімдерімен, жануарларға арналған жемдермен, металл бұйымдарымен, бояйтын және буға айналатын заттармен, жеке (тұрмыстық) қажеттіліктерге арналған жүктермен бірге, соның ішінде ұсақ жөнелтулермен тасымалдауға жол берілмейді. Тағамдық шикізатты техникалық мал шикізатымен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

Сібірлік күйдіргі қарсы зерттеуге жатпайтын бағалы аң терісі мен тері шикізатын қоспағанда, мал шикізатын контейнерлерде (меншікті және жалға алынғандардан басқасы) тасымалдауға рұқсат етілмейді.

412. Жануар тектес техникалық шикізатты және жемдерді ұсақ жөнелтпелермен тасымалдау ыдыс пен орамаға қойылатын талаптарды сақтай отырып осы Қағиданың 16-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

413. Жануар тектес мал өнімдері мен шикізаты, сондай-ақ ет пен ет өнімдерін тасымалданғаннан кейін вагондар ветеринарлық-санитарлық өңдеуден өтеді.

Вагондарды ветеринарлық-санитарлық өңдеу санатын Мемлекеттік ветеринарлық қызмет органының өкілі белгілейді, ол өңдеуге жіберілетінін көрсете отырып, әрбір вагонға белгіленген нысанда ветеринарлық тағайындау береді.

Вагондарды ветеринарлық-санитарлық өңдеу жүк алушылардың есебінен тасымалдаушының немесе жүк алушының құралдарымен жүргізіледі.

## **2-параграф. Карантин жарияланған аймақтардан шығатын өсімдік өнімдерін тасымалдау**

414. Карантиндік зиянкестерді және өсімдіктер мен арамшөптердің ауруларын қоздырғыштарын (бұдан әрі - карантин объектілері) жұқтырушы болуы мүмкін фитосанитариялық бақылауға жататын жүктерді, соның ішінде өсімдік өнімдері мен басқа да карантиндегі материалдарды (бұдан әрі - карантиндегі жүктер) карантин салынған аумақтардан Қазақстан Республикасының шектерінде тасымалдауға тек жүк жөнелтуші карантиндегі жүктерді тиіп жөнелту орындарында өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдары берген жүктерде карантиндік организмдердің жоқтығын растайтын сертификатты берген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

415. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органнан карантинге жатқызылған аймақтарды, сондай-ақ тасып әкетуге шектеулер енгізілген карантиндегі жүктер тізбесін жариялау туралы ресми хабарлама алғаннан кейін, өзінің қызмет ауданында осындай аумақ бар тасымалдаушы бұл туралы темір жол станцияларына дереу хабарлайды.

416. Бір вагонда, контейнерде жүктің бірнеше жөнелтілімдері (топтамалары) болған кезде әрбір вагонға, контейнерге немесе карантиндегі жүктің әрбір жөнелтіліміне (топтамасына) сертификат (сертификат нысаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6029 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 761 бұйрығымен бекітілген) ұсынылады. Сертификаттың бір данасы тасымалдау құжаттарына қоса беріледі, екінші данасы жөнелту станциясында қалады және қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады. Жүк жөнелтуші жүк қағазына сертификаттың нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, оның қоса берілгені туралы белгі енгізеді.

417. Жүк жөнелтушінің карантинде деп жарияланған аймақтардан келіп түскен карантиндегі жүктерді түсіруі өсімдіктер карантині жөніндегі меминспекция органының рұқсатымен ғана жүргізіледі.

418. Карантиндегі жүктерді түсіргеннен кейін жүк алушы вагондарды, контейнерлерді тазалауды жүргізеді, ал жүк қалдықтары мен қоқыстарды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың нұсқауы бойынша осы үшін арнайы бөлінген орындарда жояды.

419. Карантиндік зиянкестер мен аурулар жұққан өсімдік жүктерін жоюға, темір жол көлігі паркінің карантиндегі жүктері бар вагондар мен қоймаларға карантиндік зарарсыздандыру жүргізілуіне байланысты барлық шығыстарды жүк алушы төлейді, тиісті жағдайларда оның жүк жөнелтушімен қайта есеп айырысуға құқығы бар.

### **3-параграф. Карантиндік бақылаудағы импорттық, экспорттық және транзиттік өсімдік жүктерін тасымалдау**

420. Карантиндік бақылаудағы импорттық өсімдік жүктерін (бұдан әрі - карантиндегі жүктер) тасымалдауға өсімдіктер карантині жөніндегі құзыретті мемлекеттік орган берген фитосанитариялық сертификат болған кезде ғана рұқсат етіледі.. Жүк жөнелтуші карантиндегі жүктерді экспортқа тасымалдау кезінде Халықаралық теміржолдық жүк қатынасы туралы келісімнің (ХЖүкҚК) теміржолдық жүк қағазына, "Жөнелтушінің қосып берген құжаттары" бағанында оның нөмірі мен берілген датасын көрсете отырып, фитосанитариялық ( карантиндік) сертификатты қоса береді.

Карантиндегі жекелеген жүктерді сертификатсыз тасымалдауға өсімдіктер карантині туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

421. Карантиндегі жүктерді Қазақстан Республикасына әкелу, сондай-ақ оның транзиті өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік органның рұқсаты болғанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

422. Импорттық карантиндік өнім Қазақстан Республикасының аумағы бойынша пломбыланған, жабық немесе изотермиялық, түзік контейнерлерде, герметикалық қаптамаларда, вагондарда тасылады.

423. Карантиндегі жүктерді ауыстырып тиеуге өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың рұқсатымен ғана жол беріледі.

Карантиндік фитосанитариялық бақылау бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде станция жұмысының технологиялық үдерісінде көзделген поезды өңдеуге кететін уақыт нормасынан асып кетуге жол берілмейді.

424. Өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттердің мемлекеттік инспекторлары тексеру және зертханалық талдау немесе сараптама жүргізу үшін карантиндегі жүктердің үлгілерін іріктеп алған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен акт ресімдейді, ол шекаралық беру станциясы мен кедендік орган, тасымалдаушы өкілдерінің қатысуымен жасалады. Акт даналарының біреуі тасымалдау құжаттарына қоса беріледі, екіншісі - үлгілерді алу жүргізілген станцияның істерінде сақталады.

425. Міндетті карантиндік шараларды орындау кезінде вагонның, контейнердің кідіртуші тасымалдаушы өкілінің және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен станция өкілі іс-шаралардың басталуы мен аяқталуын көрсетумен жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасай отырып, ресімдейді. Жалпы нысандағы актінің бір данасы жүк алушыға көрсету үшін тасымалдау құжаттарына қоса беріледі.

426. Жүк алушы импорттық карантиндегі жүктерді түсіргеннен кейін вагондар мен контейнерлердегі қалдықтарды жою отырып мұқият тазалайды, ал осы Қағиданың 31-тармағында көзделген жағдайларда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың жазбаша өкіміне сәйкес жуады.

427. Карантиндік объектілерден табылған карантиндік өнім қайтарылуы, зарарсыздануы, карантиндік арам шөптерден тазартылуы немесе техникалық өңделуі тиіс. Карантиндік өнімді қайтарумен, зарарсызданумен, тазартумен немесе техникалық өңдеумен байланысты шығыстарды жүк иелері өтейді.

Егер карантиндік объектілер жүкқан карантиндік өнімнің зарарсыздануы, тазалануы немесе қайта өңделуі мүмкін болмаса, онда мұндай өнім алынып тасталуға немесе "Карантиндік объектілермен залалдаған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ережені (бұдан әрі – Карантиндік объектілермен залалдаған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ереже) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 18 шілдедегі № 465 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 5 қыркүйекте № 4370 тіркелген) белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

Карантиндік өнімді алып тастауды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүзеге асырады, ол жайында Карантиндік объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін, карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ережемен белгіленген нысан бойынша алып тастау актісі жасалады.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор импорттық карантиндік жүкті алып тастау, жою, зарарсыздандыру, қайтару туралы карантиндік фитосанитариялық актіні жасайды. Актінің бір данасы кеден органына, екіншісі – станция әкімшілігіне тапсырылады.

428. Карантиндегі жүктері бар вагондар мен контейнерлердің зақымданғаны, бұл жүктердің жоғалған іздері анықталған барлық жағдайларда тасымалдаушы немесе станция әкімшілігі бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі меминспекцияның жергілікті органдарына дереу хабарлайды.

## **22. Қауіпті жүктерді тасымалдау**

429. Жүкжөнелтуші тасымалдаушыға қауіпті жүктің әрбір жөнелтіліміне 1996 жылғы 5 сәуірдегі Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің он бесінші мәжілісінде бекітілген Темір жол бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес толтырылған жүкқағазды береді.

Жүкқағаздың жоғарғы бөлігінде жүк жөнелтуші осы жүкке көзделген қызыл түсті мөрқалыпты қояды.

430. Жүкжөнелтуші (жүк алушы) жолсерігінің (мамандарының) сүйемелдеуіне жататын қауіпті жүктер 1996 жылғы 5 сәуірдегі Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің он бесінші мәжілісінде бекітілген Темір жол бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау ережесінің талаптарын сақтай отырып тасымалданады.

Жүк жөнелтуші жолсеріктерді арнайы құралдармен және киіммен, дәрі-дәрмек қобдишасымен, құрал-саймандар жиынтығымен, өрт сөндірудің, газдан тазартудың бастапқы құралдарымен жабдықтайды.

431. Жүру жолында ақаулығына байланысты тағайындалуы бойынша жүре алмайтын ақаулы вагондар анықталған жағдайда, вагон поездан ағытылып алынады, арнайы бөлінген жолға беріледі және оны күзетеді.

432. Ыдыс пен бума берік, ақаусыз болуы, жүктің кемуін және шашылуын мүлде болғызбауы, оның сақталуын және тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

### **23. Вагон-цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондарға құйылған сұйық жүкті тасымалдау**

433. Құйылмалы жүктерді тасымалдау үшін осы мақсаттарға техникалық түзу вагон-цистерналар мен мамандандырылған цистерналар, бункерлік үсті ашық вагондар, мүкәммал, сондай-ақ меншікті (жалданғандар) вагондар.

Құйылмалы жүктерді тасымалдауға арналған цистерналар нормативтік құжаттардың талаптарына (стандарттарға, техникалық шарттар, техникалық пайдалану ережелері) сай болуы тиіс және жылжымалы құрамға қойылатын талаптар көлемінде сынақтардан өтуге тиіс. Цистернаның нақты үлгісін әзірлеуге арналған техникалық шарттарда жүктің атауы немесе олардың (жүктердің) тізбесі, оларды тасымалдауға арналған цистерна көрсетіледі.

Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған цистерналарда мына трафареттердің болуы тиіс: "бензин - мұнай" ("СТ"), " бензин" ("С"), "мұнай" ("Т"), ал арнайы және мамандандырылған цистерналарда - мұнай өнімінің дәл атауы

434. Бункерлік үсті ашық вагондар тұтқыр мұнайбитумын және мұнай коксын тасымалдауға пайдаланылуы мүмкін. Бұларда қатты маркалардағы мұнайбитумын тасымалдауға жол берілмейді.

435. Ашық түсті мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған цистерналарда мұнайды, мазутты, мотор отынын және басқа күнгірт түсті мұнай өнімдерін, сонымен қатар майларды тасымалдауға жол берілмейді.

"Бензин" және "ашық түсті мұнай өнімдері" трафареті бар, қазандығының сыйымдылығы 140 және 161 текше метр, жүк көтергіштігі 120 және 125 тонна сегіз осьті цистерналар, қазандығының сыйымдылығы 85,6 текше метр (калибрлеу үлгісі 66), жүк көтергіштігі 120 тонна және қазандығының сыйымдылығы 72,7 текше метр (калибрлеу үлгісі 53), жүк көтергіштігі 60 тонна төрт осьті цистерналар бензин, керосин, дизель отынын және басқа ашық түсті мұнай өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылады.

436. Мына жағдайларда:

егер олардың жоспарлы жөндеуге дейін және немесе қазандық пен арматураны техникалықты куәландыруға дейін бір айдан кемірек қалса;

вагонның анық нөмірі, таңбалаушы тақтайшасы, әзірлеуші-зауыттың тақтайшасы болмаса;

сыртқы баспалдақтар (егер ол вагон конструкциясында көзделген болса), өтпелі көпірлер, жұмыс алаңшалары және олардың қоршаулары болмаса немесе ақаулы болса;

үсті ашық вагон бункері, цистерна қазандығы ақса, бекіткіш-сақтандырғыш және төгу-қюю арматуралары ақаулы болса, цистернаның бу жейдешесінде, үсті ашық вагон бункерінде жарықшақ болса;

қюю және төгу люктерінің қақпақтарында жарықшақ болса;

цистернаның тиеу люгінің қақпағында тығыздаушы аралық төсем болмаса;

қауіптілік белгілері, жазулар, трафареттер мен ажыратушы бояу болмаса;

цистерна қалпағының тиеу люгінбекіту үшін екі не одан аса қатар тұрған лақтырмалы бұрандамалардың болмаса немесе ақаулы болса, вагондарды және контейнерлерді бекітуші-пломбылаушы құрылғылармен пломбылаудың белгіленген ережелеріне сәйкес люк қақпағын пломбылауға арналған тесіктер болмаса, жүкті цистерналарда, бункерлік үсті ашық вагондарда тасымалдауға жол берілмейді.

Қауіпті жүктерді тиеуге берілетін бос цистерналар тиеу басталғанға дейін Ву-14 нысанындағы жеке кітапта тиісті белгі қойыла отырып, тәулік ішінде техникалық қызмет көрсетуге ұсынылады.

Жүк жөнелтушілер бірмезгілде тасымалдаушының өкіліне нақты қауіпті жүкті тасымалдауға қауіпсіздік кепілдігін беретін қазанның, арматураның және әмбебап төгу аспабының техникалық түзіктігін қоса алғанда, қауіпті жүкті тасымалдауға арналған цистернаның техникалық жай-күйі туралы куәлікті (осы Қағидаға 40-қосымша) береді. Куәліктің нөмірі Ву-14 нысанындағы кітапта белгіленеді.

Цистернаны коммерциялық қарап тексеру кезінде қазандық бояуының дұрыстығы және оған меншік иесімен (жалға алушымен) арнайы жазбалардың және трафареттердің дұрыс енгізілуі тексеріледі.

437. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде жүк жіберуші цистерналарға Вагон-цистерналарда және бункерлік үлгідегі вагондарда құйып тасымалданатын жүктердің алфавиттік көрсеткішіне (осы Қағидаға 41-қосымша) сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) қауіптілік белгілерін және нөмірлерін жазып қояды.

Цистерналарға салынатын қауіптілік белгілері қабырғаларының өлшемі 250 миллиметрден кем болмайтын квадрат нысанында болуы тиіс. Белгінің периметрі бойынша жиегінен 15 миллиметр қашықтықта қара түстегі рамка орналасуы тиіс. Белгінің жоғарғы бөлігінде (бұрышта) қауіптілік символы, төменгі (қарама-қарсы бұрышта) - қауіптілік сыныбы, кіші сыныбының нөмірі жазылады. Қауіптілік символы мен қауіптілік сыныбы, кіші сыныбының нөмірі арасында, белгіде апаттылық карточкасының нөмірі қойылатын ақ түсті тік төртбұрыш болуы тиіс. Қауіптілік белгісіндегі символдар мен цифрлар қара түсте болуы тиіс. Апаттылық карточкасы нөмірі цифрының биіктігі 65 миллиметрден, сыныбы, кіші сыныбының нөмірі цифрының - 50 миллиметрден кем болмауы тиіс.

Вагонда қауіптілік белгісінің астында периметрі бойынша ені 10 миллиметр қара рамкамен жиектелген, өлшемдері 120-300 миллиметрден кем емес алқызыл түсті тікбұрышты тақтайшадағы белгі орналасуы тиіс, онда биіктігі 25 миллиметрден кем емес цифрлармен БҰҰ нөмірі көрсетіледі.

Цистерналарда қауіптілік белгілері және БҰҰ нөмірлері екі тараптан қазанның оң жақ төменгі бөлігінде түбі мен қамытының ортасында жайғасады.

Қауіптілік белгілері және БҰҰ нөмірлері цистерналардан қауіпті жүк төгіліп, реттелуге кететін цистерна тазаланып және қазаны жуылғаннан кейін алынады.

Мұнай және мұнай өнімдері төгілгеннен кейін ГУ-27дс және ГУ-27дт нысандарындағы көшпелі жүкқұжаттармен реттеуші тапсырма бойынша жіберілетін жуылмаған, босаған цистерналарды қайтару да осылай олардың ішінде тасымалданған қауіпті жүк тасымалы талабымен жүзеге асырылады. Қауіптілік белгісі және БҰҰ нөмірі жүктен босағаннан кейін мұндай цистерналардан алынбайды. Егер босағаннан кейін цистерналар жуылмайтын болса, онда жүк алушы оларды жол тасымалына ұсынғанда мұндай цистерналарда қауіптілік белгісі болуын қамтамасыз етуі тиіс, ал тасымал құжаттарында цистерна қауіпті жүктен (жүктің атауы көрсетілсін) босатылған, жуылмағандығын көрсетуге және онда бұрын тасымалданған жүк үшін осы Қағидада көзделген мөрқалып қоюға міндетті.

Магистральды темір жол жүйесімен тиесілігіне тәуелсіз цистерналардың жол жүруіне, оның ішінде басқа мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінен қауіптілік белгілерінсіз, жазуларсыз, трафареттерсіз және ажыратушы бояусыз қабылданып алуына рұқсат етілмейді.

438. Цистерналарға қауіптілік белгілерімен, жазулармен және әзірлеуші зауыттың тақтайшасымен қатар қызғыш сары тақтайшалар, егер бар болса апат карточкасының нөмірімен ақ тақтайшалар жабыстырылады.

Цистернаның қазандары тиісті ажыратушы түспен боялған болуы тиіс.

Егер осы Қағидада өзгедей көрсетілмесе меншікті цистерналардың түбі және шеттері жасыл түспен боялып, қазанның бойына жалпақтығы 300 миллиметр ақ жолақ сызылады.

Меншікті және жалдамалы цистерналардың түптеріне: "(жазылған станция көрсетіледі) жедел қайтарылсын" деген трафарет, оның астына цистернаны жалға берушінің немесе иесінің атауы көрсетілген: "Жал..." немесе "Меншік..." деген трафареттер қыстырылады.

Цистерналардың қазандарына осы Қағидада көзделген қажетті жазулар мен трафареттердің қыстырылуын, сондай-ақ боялуын, соның ішінде ажыратушы бояуды:

меншікті және жалға алынған цистерналарды - цистерна иелері немесе жалға берушілер;

түгендеу цистерналарын - тасымалдаушы жүзеге асырады.

Цистернадағы қауіптілік белгілерін, қызғыш-сары және ақ тақтайшаларды жүк жіберуші қазанның оң жақ төменгі бөлігіне, цистернаның екі жағынан қазанның түбі мен қамытының арасына қыстырады. Цистернадағы өзі желімделетін пленканы пайдаланып орындалған қауіптілік белгілері, қызғыш-сары және ақ тақтайшалар вагон-цистерна қазанының материалымен және бояуымен, тасымалданатын жүкпен химиялық үйлесімділікте болуы тиіс және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін материалдан жасалған болуы тиіс; -50-ден +50-градусқа дейінгі температура диапазонында атмосферадағы жауын-шашын және климаттық жағдайлар әсеріне төзімділік; көрсетілген маркалауды алғаннан кейін желім құрамының қалдықтарымен қазанның бүлінбеуі тиіс. Қауіптілік белгілері мен тақтайшаларды қағаздан жасауға жол берілмейді.

Осы Қағидада көзделген қазандардың ажыратушы бояуы, сондай-ақ барлық қажетті жазулар мен трафареттер цистерналарға майлы бояумен жазылады.

439. Жүк жіберуші қауіпті жүгі бар цистерналарды жібергені туралы жүкті алушыны жазбаша түрде хабардар етеді. Хабарламада жүктің атауы, цистерналардың және жүкқұжаттардың нөмірлері, жүктелген күні көрсетіледі.

440. Цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондарда тасымалданатын жүктің құйылуы арнаулы жабдықталған және қауіпсіздік талаптарына жауап беретін орындарда жүргізіледі.

Жүк құйылатын және төгілетін орындардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін жүк жіберуші қамтамасыз етеді.



Атмосфералық жауын-шашын (мысалы, жаңбыр және қар жаууы) кезінде мұнай битумдарын бункерлік үсті ашық вагондарға құю мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін майдан бункерге атмосфералық жауын-шашын түсуінің алдын алатын құрал-саймандармен жабықталған болуы тиіс.

441. Цистерналарды, бункерлік үсті ашық вагондардың құйылуын, төгілуін қамтамасыз ететін персонал бункерлік үсті ашық вагондардың конструкциясын және жабдықтарын, сондай-ақ олардың жеке бөлшектерінің неге арналғанын білуге, құю және төгу жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде теміржолдың қозғалыс құрамының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

442. Мамандандырылған цистерналарды құюға жүк жіберуші, ал мүмкіндігі болса, жүк тасымалдаушы, олардың арасындағы келісімге сәйкес, жүк жөнелтушінің есебінен дайындайды.

443. Мұнай өнімдерін жаппай құятын пункттерде жүктеуге беруден алдын жүк құюға берілген цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондарды коммерциялық тұрғыдан қарауды және қабылдап алуды жүк жіберушінің өкілі мен жүк тасымалдаушы қабылдау-тапсыру пункттерінде немесе жуу-булау кәсіпорындарының бағыттарында бірігіп жүзеге асырады.

Жүк жіберушінің цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондардан оларды жүктеуге қабылдап алғаннан кейін табылған коммерциялық тұрғыдан жарамсыздық жүк жіберушінің күшімен және оның есебінен жойылады.

444. Ашық түстегі мұнай өнімдерін құю не цистернаның түбіне дейін жететін шлангаларды (трубаларды) қолданумен немесе құюдың көбік және электрлік статистика пайда болуының алдын алатын, басқа тәсілдерін пайдаланып жүргізіледі.

445. Жүк жіберілетін станцияның темір жол бағыттарында цистернадан жүктің тамуы пайда болған жағдайда, жүк жіберуші жүкті, қоршаған табиғи ортаны сақтап қалуды қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды, оның ішінде жүкті басқа цистерна немесе сыйымдылыққа ауыстырып құйып алу арқылы дереу шара қабылдайды.

Жүк жіберілетін станцияның (бұдан әрі - станция) темір жол бағыттарында цистернадан жүктің тамуын жою тәртібі станцияның техникалық-басқару актісіне қосымшада жазылады.

446. Жан-жақты құю құралымен жабдықталған цистерналарға құйылатын жүктің температурасы  $100^{\circ}\text{C}$  градустан аспауы тиіс.

Бункерлік үсті ашық вагондарға құйылатын битумның температурасы  $150^{\circ}\text{C}$  градустан аспауы тиіс.

447. Цистернаға жүктің құйылуы цистерна қазанында көрсетілген жүк көтеру шамасынан аспауы тиіс.

Цистернаны толтыру деңгейін есептеу осы Қағидаға 42-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Бункерлік үсті ашық вагондарға құю кезінде бункерлерге, олардың жоғарғы кабаттарына дейін 250 миллиметр жетпейтіндей етіп толтырылады.

448. Жүк жіберуші құйылып болғаннан кейін:

тығыздаушы қабаттың, қақпақтың диаметріне сәйкес құрылманың дұрыстығын;

тиеу люгі қақпағының, бункердің, төгу-қю арматурасының, бітеулердің герметикалық жабылуын;

цистерна қалпағының бітеу-пломбылау құралдарымен вагон және контейнерлерді пломбылау тәртібіне сәйкес пломбалауын;

жүк құю кезінде вагонның жүк құбырларының сыртқы бетінде, цистерна және бункерлік жартылай вагондардың рамаларында, жүру бөлшектерінде, тежеу жабдықтарында пайда болған ластануларды жоюды қамтамасыз етеді.

Осы тармақта айтылған талаптар бұзылған жағдайда, тасымалдаушы анықталған бұзушылықтар жойылғанша жүк жіберушіден цистернаны, бункерлік үсті ашық вагондарды қабылдамайды.

449. Жүк алушылар жүкті құйып алуды ұйымдастыру, ал қажет болған жағдайда - оны жылыту бойынша алдын ала шараларды қабылдайды. Цистерна қазанында вакуум пайда болуы мүмкін болғандықтан, жоғарғы люктің қақпағы жабық кезде төменгі төгу құралы арқылы жүктің төгілуін жүргізуге жол берілмейді.

450. Бункерлік үсті ашық вагондардан битумды түсіріп алу үшін жүк алушыларда тиісті қабылдап алушы және бумен жылытушы құралдар болуы міндетті.

451. Бункерлік үсті ашық вагондардан битумды түсіріп алу әр вагоннан біртіндеп ретпен жүргізіледі. Үсті ашық вагон аударылып кетпесі үшін екі және одан да көп үсті ашық вагон бункерлерінен бір уақытта жүк түсіруге тыйым салынады.

452. Жүктерді цистерна және бункерлік үсті ашық вагондардан құйып алу қазан және бункердің ішкі бетінен тұтқыр өнімдерді толығымен алу арқылы жүргізілуі тиіс. Мұнай өнімдері жоғарғы құйылымды цистерналардан 1 сантиметрден аспайтын қалдық қалғанда ғана (қалпақтың астының өлшемі бойынша) толық құйып алынған болып саналады. Бункерлік үсті ашық вагондарда 3 сантиметрден аспайтын қалдыққа жол беріледі (бункердің орта бөлігін өлшеу бойынша). Жіберуші мен алушының арасындағы келісім бойынша меншікті (жалдамалы) цистерналардың ішкі бетін тазалау жүргізілмеуі мүмкін.

Тасымалдаушы цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондардың толық құйылып алынғанын тексеруі мүмкін. Құйып алғаннан кейін толық тасымал

құжаттары бойынша жүк алушының пломбасын алуға жіберілген цистерналардың толық ағызып алынғанына тексеру жүргізілмейді.

Құю станцияларында жүктің қалдығы бар, сондай-ақ қазандарының (бункерлердің) сыртқы беті тазаланбаған цистерналар және бункерлік үсті ашық вагондар табылса, жалпы нысандағы ГУ-23 актісі жасалады және вагондар алушыға тазалау үшін қайтарылады.

453. Тасымалданатын құйылмалар қатарынан кейбір жүктер қоймалжыңданып суып қалады немесе оларды құйып алудан алдын жылыту қажеттігін туғызатын көтеріңкі жабысқақтыққа ие болады.

Цистернадағы жүкті жылытумен бір уақытта, әсіресе қыс мезгілінде, ашу кезінде бұзып алмау үшін сыртқы құю құралын қыздыру керек. Бу жейделі цистерналардан құйып алуды тездету үшін құю құралын қысқа уақыт жылытқаннан кейін ашып қояды (15-20 минут), осы ретте жүк цистернадан қоймалжың түрде құйылуды бастайды.

Цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондардағы жүкті алаумен, қыздырғыштармен, форсункалармен және басқа ашық от көздерімен жылытуға, сондай-ақ битумды жылытпастан істікпен, киркамен шұқып түсіруге рұқсат берілмейді.

Бу жейделі цистерналарда келген тұтқыр немесе қоймалжың жүк бумен жылытылады. Бұл үшін құярдың алдында құю құралының корпусындағы шығу (жоғарғы) патрубкасына бу сымнан шығатын шланга қосылады. Сонымен бір уақытта цистернаның бүйірлік түптерінің жанында орналасқан патрубкаларға конденсат шығару үшін шланг кигізіледі. Қысымы 0,3-0,4 Мега Паскаль болған бу құю құралының бу жейдесіне, конденсатқа арналған соңғы патрубкалардан алдымен аз көлемде бу, ал кейін тек конденсат шығатындай етіп ақырындап беріледі.

Бу жіберу және жүкті құйып алу үдерісінде құю құралының конденсат шығаруға арналған төменгі патрубкасы жабық болуы тиіс. Бу берілгеннен кейін құю құралы және цистернаның асты жылытылған соң 15-20 минуттан кейін құю клапандары ашылады. Ерітіліп алынуға тиісті мұз тығыны (суланған мұнай немесе мұнай өнімдерін тасымалдау кезінде пайда болатын) пайда болғандықтан, клапанды ашу кезінде қиындықтар туындаған жағдайда, жылыту уақытын біраз ұлғайту қажет.

454. Цистерна мен бункерлік үсті ашық вагондардағы жүкті құйып алғаннан (түсіріп алғаннан) кейін жүк алушы:

бункерлік үсті ашық вагонды жүк қалдығынан, ластықтан, мұздан, шөп-шаламнан тазартуды;

цистерна және бункерлік үсті ашық вагонның қазанының, рамаларының, жүру бөлшектерінің, тежеу жабдықтарының сыртқы бетін тазартуды және

казандағы белгілер, жазулар және трафареттерді айқын көрінетіндей етіп, қалпына келтіруді;

барлық ілгіш-ілдіргіштерді қалыпты жағдайда қондыруды және қажет болса қысқа істікшені қолданып құлып бұрандарын толығымен бұрап қоюды;

рама жазықтығына қатысты алғанда, сондай-ақ бір-біріне қатысты алғанда үсті ашық вагонның бункерлерін қисайтпастан дұрыс қоюды және бекітуді;

егер цистерна қауіпті жүк тасымалынан кейін тазаланған және жуылған және реттеуге жіберілген болса, қауіптілік белгілерін алып тастауды;

цистернаның төгу-қю бөлшектерін, бекітуші-сақтандырушы арматурасын, басқа жабдықтарын да көліктік жағдайда келтіру, клапанның және қю құралының бітеушесінің тығыз жабылуын;

орнына қондырылған тығыздаушы аралық төсемшелердің болуын, цистерна люгі қақпағының нығыз жабылуын;

босаған цистернаның бекітуші-пломбылаушы құрылғылармен пломбалуын қамтамасыз етеді, егер ол осы Қағидаға сәйкес толық тасымал құжаттары бойынша қайтарылуы тиіс болса.

Осы тармақта айтылған талаптар бұзылған жағдайда, тасымалдаушы жүк алушыдан анықталған бұзушылықтарды жойғанша цистернаны, бункерлік үсті ашық вагондарды қабылдамайды.

455. Жүктің сәйкес емес цистернада, қю құралы жарамсыз цистернада немесе астынан қыздыратын құрылғылары жарамсыз бункерлік жартылай вагонда келгені туралы құйып алу станциясы жүк алушының қатысуымен жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасайды.

456. Жүкті тасымалға ұсыну кезінде жүк жөнелтуші әрбір цистернаға, бункерлік үсті ашық бункерлік вагонға немесе осындай вагондар тобына осы Қағиданың 25-тарауына сәйкес толтырылған жүкқұжат ұсынады.

457. Жүк жіберуші жүкқұжаттың "Жүктің атауы" бағанында әліпбилік көрсеткішке (осы Қағидаға 41-қосымша) сәйкес жүктің толық атауын көрсетеді.

Егер әліпбилік көрсеткіште жүктің атауы болмаса, онда оның аты және рұқсат беруші нұсқаманың нөмірі көрсетіледі.

Егер әліпбилік көрсеткіште жүктің тиісті апаттық карточкасының нөмірі болмаса, онда жүк жіберушінің жіберілген жүкке жасаған апаттық карточкасын жүк жіберуші жүкқұжатқа қоса береді. Бұл жағдайда жүк жіберуші жүкқұжаттың "жүктің атауы" бағанында "А.К. қоса берілген" деген белгі жасайды.

458. Жүктер тасымалға жіберуге болатындай ингибирленіп, флегматизацияланып немесе бұл жайында әліпбилік көрсеткіште тиісті жазуы бар, негізгі заттың белгілі бір концентрациясымен ұсынылған жағдайда, жүк

жіберуші жүкқұжатта жүктің атауынан кейін оның жай-күйін көрсетеді, мысалы: "Су араласпасы 20-дан 60%-ға дейін пероксид сутегі", "Ингибирленген бутацион".

459. Жүкқұжаттың жоғарғы жағында жүк жіберуші Вагон-цистерналарда және бункерлік үсті ашық вагондарда құйылып тасымалданатын жүктердің алфавиттік нұсқағышына сәйкес осы жүк үшін "Тасымал құжаттарындағы мөртабандар" бағанында (осы Қағидаға 41-қосымша) көзделген қызыл түсті мөртабан басады. Жүк жіберушінің жүкқұжатта көрсеткен мөртабандары негізінде жіберу станциясында тасымалдаушының өкілі вагон парағына да осыған ұқсас мөртабандарды басады.

460. Қауіпті жүкті меншікті немесе жалдамалы цистерналарда тасымалдауға тасымал құжаттарын ресімдеу кезінде жүк жіберуші жүкқұжаттың сыртқы бетіндегі бағанда "Вагон (қазан) және арматура жарамды және белгіленген талаптарға сай" деген белгі жасайды.

Цистерналарға және бункерлік үсті ашық вагондарға құйылма жүктердің жүктелуіне жауапты жүк жіберушілер жүкқұжаттың сыртқы бетіндегі бағанда "Жүк Жүк тасымалдауды жоспарлау. Тасымалдау үдерісін, жүк тасымалдаумен байланысты операцияларды жүзеге асыру, құжаттарды ресімдеу және актілерді жасау, арнаулы зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу технологиясы мен қағидасына сәйкес тиелді" деген, қолдарын қойып куәландырған белгі жасайды.

461. Мұнай өнімдерін вагондар топтарымен және бағыттарымен бір жүкқұжат бойынша тасымалдау кезінде сапа төлқұжаты (сәйкестік сертификаты) цистерналардың ажыратылуы (мысалы: жарамсыздығына байланысты себелеу кезінде) жағдайларында пайдаланылатын етіп, ең кемінде 5 дана қылып қосылады.

462. Толық тасымал құжаттары бойынша босаған меншікті немесе жалдамалы цистерналар және бункерлік жартылай вагондар тасымалданады.

Бұл ретте жүкқұжаттың "Жүк атауы" бағанында босаған цистернаның (оны тазартқаннан кейін) жүк жіберушісі: "Тасымалдан босаған (жүк атауы толық көрсетіледі), \_\_\_\_\_ станциядан №\_\_\_ жүкқұжат бойынша келген (жүкқұжат нөмірі, станция атауы көрсетіледі), толық төгілген, тазаланған, жуылған және нейтралданған" деп көрсетеді.

Бұл ретте жүк жіберуші жүкқұжатта ондағы жүкке тиісті, қауіптілік туралы мөртабан басады және апат карточкасының нөмірін қояды.

463. Реттеуші тапсырма бойынша мұнай және мұнай өнімдерін құятын пункттерге жүретін босаған цистерналар, бункерлік үсті ашық вагондар ауыспалы жүкқұжаттар бойынша тасымалданады.

Ашық түстегі мұнай өнімдері құйылып алынып, босаған цистерналар ГУ-27 дс нысандағы ауыспалы жүкқұжат бойынша (осы Қағидаға 45-қосымша), ал

күңгірт түстегі мұнай өнімдері құйылып алынып, босаған цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондар тасымалы - ГУ-27 дт нысандағы ауыспалы жүкқұжаттар бойынша (осы Қағидаға 45-қосымша) жүзеге асырылады.

464. Жүк алушы ауыспалы жүкқұжатпен бір уақытта ауыспалы жүкқұжаттың жіберу станциясында қалатын бөлігін де толтырады.

Жүк алушыдан ауыспалы жүкқұжатты алып, станция оның толтырылуының дұрыстығын, толық құйылып алынғандығын және цистернаның тазартылғанын растайтын бағанда алушының қолы мен мөрі (мөртабан) барлығын тексереді.

Босаған цистерна және бункерлік үсті ашық вагондарды қарау нәтижелері бар ауыспалы жүкқұжаттың сыртқы беті жаңа жүк жүктеу станциясында толтырылады.

Жуу-булау пункттерінде рұқсат етілген нормадан асатын жүктің төгілмеген қалдықтары бар цистерналар және бункерлік үсті ашық вагондар анықталған жағдайда, құю немесе жуу-булау пунктінде анықталған цистернаның (бункерлік үсті ашық вагонның) толық төгілмегені туралы ГУ-7а нысаны бойынша акт (осы Қағидаға 55-қосымша) жасалады. Жасалғаны туралы тиісті белгісі ауыспалы жүкқұжатта бар бұл акт, онымен бірге тасымалдаушыға тергеу және кінәлілерді жауапкершілікке тарту үшін жолданады, сондай-ақ жүк алушыдан тазарту және цистерналардың (бункерлік жартылай вагондардың) тазарту астында тұруымен байланысты шығындар үшін төлем өндіріп алуға негіз болып табылады.

465. Қысым астындағы жүктерді тасымалдауға есептелген қысылған, сұйытылған 2 сыныпты газдарды тасымалдау мамандандырылған, меншікті цистерналарда жүзеге асырылады.

Терең суыту әдісімен сұйытылған газдар (мысалы азот, оттегі) қалыпты атмосфералық қысымда тасымалданады.

Цистернадан шығатын газды (газ шығару) алып кетуге арналған цистерна құрылғысы әр уақыт ашық болуы және тасымал уақытында шығатын газдың кедергісіз жойылып кетуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мұндай жүк тасымалы үшін ұсынылатын цистернаның сыртқы беті ашық-күлгін түске боялуы тиіс. Аммиак үшін ені 300 миллиметр сары түсті, хлор үшін қорғаныс түстегі, күкіртті ангидрид үшін қара түсті, бутан, бутилен, пропан және басқа жанғыш газдар үшін қызыл түсті ажыратушы жолақтар цистерна қазанының бойымен, орта сызық бойынша, екі жағынан жүргізіледі.

Цистернаның қазандығында осы Қағиданың 41-қосымшасына сәйкес жүк жіберушімен қауіптілік белгілері жабыстырылады.

Газ шығаратыны бар цистерналарда: "Газ шығарушы жабылмасын" деген жазу болуы тиіс.

Мұндай жүк тасымалына арналмаған цистерналарға құюға жол берілмейді.

Цистерналардың сұйытылған газбен толтырылуы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы құзырлы органдарымен белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қазанның белгіленген нормадан жоғары толтырылуына жол берілмейді.

Тасымалдау жағдайында вентильдердің жай-күйін бақылауды цистерна пайдаланушы қамтамасыз етеді.

Жөнелтілердің алдында цистерналардың қазандарынан түтікшелі манометр мен үш жүрісті кран алынған болуы тиіс. Манометрге арналған саңылауға оймасы бар тығын орнатылған болуы тиіс.

Жолсеріктермен қосталып жүретін цистерна тасымалданған жағдайда, манометр алынбайды.

Бұл құралдар орналасқан, құлыптанатын арматуралы кебежелермен жабдықталған цистерналардан манометр және басқа бақылау-өлшеу құралдары алынбайды.

Арматуралы кебеженің есігі кілтпен жабылған және жүк жіберушінің пломбасымен пломбыланған болуы тиіс.

Арматуралы тамбурдың сыртқы есіктерін жүк жіберуші бекіту-пломбылау құрылғысымен пломбалайды.

Жүк жіберуші 2-сынып жүктерін жолсеріктерге арналған тамбурмен жабдықталған цистерналарға құю және мұндай цистерналарды бірге алып баратын кісісіз жіберу кезінде тамбурдың терезе әйнектерін фанерамен немесе басқа материалмен қорғайды, тамбурды кілтке жабады, тамбур есіктерін өз пломбасымен пломбалайды.

Жүк алушы цистернаны толығымен ағызып алады. Құйып алынғаннан кейін цистернадағы қысым 0,04-тен 0,07 Мега Паскальға дейін болуы тиіс.

Босаған цистернаны жіберетін жүк жіберуші жүкқұжаттың "Жүк атауы" бағанында: "Цистерна (жүктің толық атауы көрсетіледі) босаған, құйып алынған. Қазандағы қысым \_\_\_\_\_ МПа" деп көрсетеді.

Жүк жіберуші жүкқұжаттың жоғарғы бөлігінде және тасымалдаушы вагон парағында осы Қағидада көзделген, жүгі бар цистерналарға арналған мөртабандар басылуын қамтамасыз етеді.

466. 3-сыныптағы тез жанатын сұйықтық тасымалына арналған цистерналардың қазандары диметилдихлорсилан, метилтрихлорсилан үшін ашық-күлгін, акролейн және ингибирленген акролейн, метанол үшін сары, күкіртті көміртек үшін күлгін түске боялуы тиіс.

Қазанның екі жағынан да цилиндрлік бөлігінің бойындағы осьтік сызықпен 500 миллиметр жалпақтықта жолақтар сызылады.

Қазанның оң бөлігінде оның екі жағынан да қамыттан 50 миллиметр қашықтықта қара сызықта ақ түспен боялған тікбұрыштар құратын "үзінділер"

қалдырылады. Осы тікбұрыштар көлемінде жүктің атауы орналастырылады ( әріптер биіктігі 150 миллиметр).

Осыған ұқсас жазулары бар осындай тікбұрыштар кесесіндегі осьтің астынан екі түптің де орта бөлігінде жабыстырылады.

Жүк жіберуші босаған цистернаны тасымалға ұсыну кезінде жүкқұжаттың " Жүктің атауы" бағанында "Цистерна толығымен құйылып алынған, жуылған, азотпен толтырылған және герметикалық түрде жабылған. Қазандағы қысым \_\_\_\_ МПа" деп көрсетеді.

Вагон-цистерналарда және бункерлік үлгідегі вагондарда құйып тасымалданатын жүктердің алфавиттік көрсеткішінде (осы Қағидаға 41-қосымша ) сәйкес көрсетілген, "\*" белгісімен белгіленген 3.1-сыныпшасына жататын, 35 градус және одан да төмен қайнау температурасымен тез жанатын сұйықтықтар қысымды жүкке арналып есептелген және көлеңкелі қорғанышы бар мамандандырылған меншікті цистерналарда тасымалданады. Құю-төгу құрылғысы және алдын-ала сақтандыру клапандары люктің қақпағында монтаждалып жасалған және бекіту-пломбылау құрылғысын пломбылауға арналған алдын-ала сақтандыру қалпағымен жабылған болулары тиіс.

Күкіртті көміртек жоғарғы құю құралы бар меншікті цистерналарда тасымалданады.

Күкіртті көміртек тасымалы инерттік газдың (азоттың) артық қысымы текше сантиметрге 0,1-ден 0,3 килограмм-күш астында жүзеге асырылады.

Артық қысымның шамасын жүк жіберуші жүкқұжатта жүк атауының астында көрсетеді.

Метанол төменгі құю құралынсыз, люктің қақпағының үстінде алдын-ала сақтандыру кожухтарымен жабдықталған мамандандырылған меншікті немесе жалдамалы цистерналарда тасымалданады.

Метанолдың басқа цистерналарда тасымалдануы, сондай-ақ метанолға арналған цистерналардың мақсатсыз пайдаланылуына жол берілмейді.

Метанолдың тасымалы да солай инерттік газдың (азоттың) артық қысымы текше сантиметрге 0,1-ден 0,3 килограмм-күш астында жүзеге асырылады. Бұл жағдайда цистерналар манометр мен бекіту арматурасымен жабдықталады.

Метанол толтырылған, сондай-ақ метанолдан босаған цистерналар тасымалы жүк жіберуші (жүк алушы) жолсеріктерінің бірге алып жүруімен қамтамасыз етіледі.

Метанолды құю аяқталғаннан кейін жүк жіберуші осы Қағиданың 465-тармағында белгіленген талаптарды орындайды және қосымша аттандыру таңбасы бар белгі іледі.

Метанол тиелген цистерналарды қабылдау кезінде тасымалдаушы өкілі жүк жіберушінің осы Қағиданың 448-тармағында белгіленген талаптарды сақтауын



тексереді. Алып жүруге жауапты тұлға цистерна қалпағының алдын-ала сақтандыру кожухтарында бекіту-пломбылау құрылғысының барлығын және жарамдылығын тексереді.

Құрамында метанола бар цистерналар болатын пойызды құру кезінде тасымалдаушының өкілі натурлық парақта сол цистерналардың нөмірлеріне қарсы "Метанол" белгісінің болуын тексереді.

Метанола бар цистерна тағайындау станциясына түскенде жүк алушы: тасымалдаушыдан цистернаны қабылдаған кезден бастап оның күзетілуін; цистернадан жүктің құйылып алынуын, метанолдың иісі толық кеткенше цистернаның сумен тазартылуын, судан толық кептірілуін және цистернаның азотпен үрленуін қамтамасыз етеді.

Осы жұмыстар өткізілгеннен кейін цистерна тағайындау станциясында тасымалдаушының өкілімен тексеріледі. Станцияда электр-аккумуляторлық немесе өрттен қауіпсіз шамдар жоқ болғанда, цистерналардан ағызып алудың толықтығын тексеру тек тәуліктің жарық мезгілінде өткізіледі.

Тексеруден кейін бос цистернаның жүк жіберушісі қақпақты тығыз жабады, сақтандыратын қаптаманы жабады және оны бекіту-пломбылау құрылғысымен пломбылайды.

Бекіту-пломбылау құрылғысымен бірге цистернаның жүк жіберушісімен таңба ілінеді, таңбаға "Бос - метанол" жазбасы жазылады, сонымен қатар жүк алушының атауы, жөнелту станциясы және бос цистернаның тағайындау станциясы көрсетіледі.

Азот қабат астында тасымалданған метанол цистернадан түсірілгеннен кейін, цистерна осы цистерналарды пайдаланудың нормативтік құжатнамасымен қарастырылған азотпен толтырылады, ол туралы жүк жіберуші арнайы жүк қағазға белгі қояды.

"Метанол" трафаретімен құжаттарсыз цистерна (тиелгені де, босы да) табылған жағдайда, тасымалдаушы коммерциялық акт жасайды, бекіту-пломбылау құрылғысымен бірге болатын белгідегі жазбаларға сәйкес тасымалдау құжаттарын рәсімдейді және цистернаны жолсеріктің алып жүруімен тіркелу трафаретіне сәйкес станцияға жолдайды.

Құжатсыз цистерналардың кешігу уақыты тасымалдаушының өкілімен жалпы үлгідегі ГУ-23 актісімен ресімделеді, оның көшірмесі тасымал құжаттарға қыстырылады.

467. 4-сыныпқа жататын тез тұтанатын қатты заттар, өздігінен жанатын заттар және сумен әрекет еткенде тұтанатын газдар бөліп шығаратын заттар үш ішкі сыныпқа бөлінеді: 4.1 - тез тұтанатын қатты заттар, 4.2 - өздігінен жанатын заттар, 4.3 - сумен әрекет еткенде тұтанатын газдар бөліп шығаратын заттар, мұндай жүктер қасиеттеріне байланысты жоғарғы ағызу немесе төменгі ағызу

аспабымен жабдықталған мамандандырылған меншікті цистерналарда тасымалданады. Цистерналар жанбайтын материалдардан жылу оқшаулағышпен және қыздыруға арналған құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

4.1-ішкі сыныпқа жататын тез тұтанатын қатты заттар (мәселен, капролактама, нафталин, сұйық күкірт) балқытылған күйінде тасымалданады. Цистернаның қазаны жарық-сұр түске боялуы және осы осы Қағиданың 465-тармағында көрсетілген қызыл түсті жолағы болуы тиіс.

Цистернаның түбі және рамасы осы Қағиданың талаптарына сәйкес боялады.

4.2-ішкі сыныпқа жататын өздігінен жанатын заттар (мәселен, сары фосфор) су (кальций хлорид ерітіндісінің) қабаты астында төменгі ағызу аспабы жоқ, қыздыруға арналған құрылғысымен жабдықталған мамандандырылған меншікті цистерналарда тасымалданады.

Цистернаның қазаны сары түске боялуы тиіс, қазанда: "Сары фосфор" деген жазу жазылады.

Қазанды бойлай оның екі жағы ені 500 миллиметр қызыл жолақпен боялады.

Цистернаға сары фосфор құйылғаннан кейін жүк жіберуші оған су құяды, ал жол жүру маршруты бойындағы аудандарда сыртқы ауаның температурасы 0° С-тан төмен болғанда қабат биіктігі 30 сантиметр болатын кальций хлоридінің қатпайтын ерітіндісін құяды. Сары фосфор ауа температурасы 40°С-тан жоғары аудандарға жөнелтілгенде су қабатының биіктігі 60 сантиметр құрауы тиіс. Сары фосфордың құйылу биіктігі осы Қағиданың талаптарына сәйкес анықталады.

Толтыру аяқталысымен цистернаны жүк жіберушінің өкілі қарап тексереді, одан кейін құю штуцері фланецпен басып тасталынады, қалпаққа сақтандыратын қаптама киіледі, ол бекіту-пломбылау құрылғысымен пломбаланады.

Сары фосфор цистернадан жүк алушымен толық құйылып алынады.

Құйылып алынғаннан және тасымалға ұсынылғаннан кейін бос цистерналар: азотпен толтырылады, немесе олардың сыйымдылығының 96 %-нан кем емес және 98%-нан көп емес сумен толтырылады; 1 қазан мен 31 наурыз аралығы кезеңінде тасымалданғанда суда оның қатуын алдын алу үшін антифриздің жеткілікті мөлшері болуы тиіс; антифриз коррозиялық белсенділігінен және фосформен реакцияға түсу қабілетінен айрылған болуы тиіс.

сары фосфордан босатылған цистернаның жүк жіберушісі жүкқұжаттың " Жүктің атауы" бағанында:

"Сары фосфордан босатылған цистерна, толық құйылып алынған, сары фосфордың қалдықтарынан және кірден (шламнан) тазартылған және биіктігі \_\_ см. сумен (кальций хлоридінің ерітіндісімен) құйылған. Цистернаны тасымалдау сары фосфорды тасымалдау шарттарында жүзеге асырылады.

468. 5-сыныпқа жататын тотығатын заттар және органикалық пероксидтер екі ішкі сыныптарға бөлінеді: 5.1-сыныпқа жататын тотығатын заттар және 5.2-сыныпқа жататын органикалық пероксидтер және олар жүк жіберушілердің, жүк алушылардың мамандандырылған цистерналарында тасымалданады. Цистерналарда, олардың ішінде артық қысымның пайда болуын, сұйықтықтың ағып кетуінің алдын алатын, сонымен қатар цистернаның ішіне бөтен заттардың түсу мүмкіндігін болдырмайтын цистернаның үстінде орналасқан сырмалар болуы тиіс.

5.1-ішкі сыныпқа жататын сутегінің пероксиді, концентрациясы 60 %-дан жоғары су ерітіндісі, тұрақтандырылған, артық қысымға есептелген мамандандырылған меншікті алюминий цистерналарда жүк жіберуші (жүк алушының) жол серігінің алып жүруімен тасымалданады.

Жүкті тасымалдау:

сутегінің пероксиді құйылған әр үш цистернаға кемінде су құйылған бір цистерна есебімен жылу оқшаулағышпен жабдықталған цистернадан;

ілесіп жүру бригадасы, сонымен қатар техникалық жабдықтар мен мүлік орналасып бір жабық вагоннан;

сутегінің пероксиді тиелген цистернадан және қысым астындағы жүктерді тасымалдауға есептелген ұқсас бос цистернадан тұратын арнайы технологиялық секция (вагондардың топтары) құрамында жүзеге асырылады.

Бұл ретте сумен толтырылғандар цистерналар және бос цистерна сутегінің пероксиді тиелген цистернаны ілесіп жүру вагонынан тасалау үшін қолданылады.

Көрсетілген технологиялық секциялар жүк жіберушімен қалыптастырылады.

Секция құрамына оған жатқызылмаған вагондарды қосуға жол берілмейді.

Тасымалдау құжаттарында "Секция. Ағытуға болмайды" мөрқалыбы қойылуы тиіс.

469. 6-сыныпқа жататын улы және жұқпалы заттар екі ішкі сыныпқа бөлінеді: 6.1 - улы заттар, 6.2 - жұқпалы заттар.

6-сыныпқа жататын улы және жұқпалы заттарды тасымалдағанда цистерна қазанының түбі және рамасы осы тараудың талаптарына сәйкес боялады.

6.1 ішкі сыныбына жататын улы заттар олардың қасиеттеріне байланысты жоғарғы ағызу аспабымен жабдықталған мамандандырылған меншікті цистерналарда тасымалданады.

Құюдан кейін жүк жіберуші осы Қағиданың 448-тармағында белгіленген талаптарды орындауы тиіс.

Түсіру барысында жүк алушы цистернадан жүкті толық қалдықсыз ағызып алады, оны жуып, содан соң одан жуу сұйықтығын тазартады, және осы цистернаны пайдаланудың нормативтік құжатнамасымен қарастырылған қысым

астында азотпен цистернаны толтырылады және цистерна қалпағын бекіту-пломбылау құрылғысымен пломбалайды.

Ағызып алудың толықтығы, тазартудың мұқияттылығы, цистернаның азотпен толтырылуы және барлық вентильдердің саңылаусыз жабылуы жүк алушымен бос цистернаны қайтару жүкқағазында "Жүктің атауы" бағанында келесі мазмұндағы жазумен расталады: "Цистерна толық ағызып алынған, жуылған, қазандағы қысым \_\_\_\_ МПа және саңылаусыз жабылған".

Параантрацен тек жүк жіберуші (жүк алушы) өкілінің ілесіп жүруімен тасымалданады. Цистернаның қазаны сары түске боялған болуы тиіс.

Қазанды бойлай оның екі жағы ені 500 миллиметр көк жолақпен боялады. Цистернаның түбі және рамасы осы тараудың талаптарына сәйкес боялады.

470. 8-сыныпқа жататын улы және коррозиялық заттарды тасымалдау, олардың қасиеттеріне байланысты ішкі қорғау қабаты бар мамандандырылған меншікті цистерналарда жүзеге асырылады.

Қышқылдарды тасымалдауға арналған цистерналарда келесі айырмалық бояулар және трафареттер болуы тиіс:

қазанды бойлай оның ені 500 миллиметр сары жолақпен боялады, ал қазанның шеткі түптерінде - сондай түсте 1x1 метр мөлшеріндегі төртбұрыш;

екі жағындағы сары жолақтардың ортаңғы бөліктерінің ажырамасында төртбұрыштар ішінде және қазанның түптерінде қара бояумен қышқыл атаулары көрсетілген трафареттер (әріптердің биіктігі 150 миллиметр) салынады (мысалы, "Қауіпті/Күкірт қышқылы", "Қауіпті/Меланж", "Қауіпті/Олеум", "Қауіпті/Тұз қышқылы").

Сонымен қатар, қышқыл цистерналарының шеткі түптерінде цистернаның тіркелуі туралы трафареті салынады: " \_\_\_\_\_ ст. жедел қайтару (тіркелу станциясы және жолы көрсетіледі)".

Қышқылдардың концентрациясы мен құрамы техникалық құжатнамалардың талаптарына сай болуы тиіс.

Күкірт қышқылы және оған жатқызылған аккумуляторлық, мұнаралық немесе гловерлік, моногидрат және купорос майы, тек қана арнайы күкірт қышқылдық цистерналарда тасымалданады.

Олеумді (күкіртті түтіндеуші қышқыл) тек жүк жіберушіге тиесілі арнайы олеумдік жылытылатын цистерналар-термостарда тасымалдауға жол беріледі.

Меланж (азоттық қышқылының күкірт қышқылымен қоспасы) тек арнайы меланждық цистерналарда тасымалданады, және тасымалдаушының рұқсатымен - күкірт қышқылдық цистерналарда.

Тұз қышқылын тек арнайы лайықталған, ішінен гуммирленген, жүк жіберушіге тиесілі цистерналарда тасымалдауға жол беріледі.

Ингибирленген, тұзды және хлорсульфонды қышқылдар арнайы бөлінген, жүк жіберушіге тиесілі, күкірт қышқылды цистерналарда тасымалданады.

Жіберуші-зауыт ингибирленген, тұз қышқылын тасымалдау үшін бөлінген цистерналар ішінен химиялық тұрақты үш қабат эмальмен, содан соң химиялық тұрақты екі қабат лакпен боялуы тиіс.

Азот, сірке және фосфор қышқылдары тек жүк жіберушінің немесе жүк алушының арнайы цистерналарында тасымалданады.

Мүкәммал паркінің цистерналарын қышқылдарды тасымалдау үшін пайдалануға жол берілмейді.

Жүк жіберуші қышқылды өз бетімен осы жүкті тасымалдауға бөлінбеген кәдімгі цистерналарға құйған жағдайда, сонымен қатар қышқылды тиісті емес қышқылды цистерналарға құйған жағдайда (мысалы, тұз қышқылын күкірт қышқылды цистернаға құйғанда), жөнелту станциясы цистерналарды ағызып алу, тазарту және бейтараптандыру үшін жүк жіберушіге дереу қайтаруы тиіс.

Қышқыл құйылар алдында цистерна жүк жіберушімен коммерциялық тұрғыдан мұқият қаралып тексерілуі тиіс. Бұл ретте қазанның ішкі бетінің тазалығына және қақпақ жапқышының тығыз жабылуының қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударылуы тиіс.

Қарау барысында цистернаның қақпақ жапқышы тек қарау уақытында ғана ашылады, ал қарау аяқталғаннан кейін оның астына қышқыл әсеріне тұрақты аралық төсемі орналастырылып жабылады және толық герметикалық бекітіледі. Мұндай жай-күйде цистерна, егер тазарту талап етілмесе, құйылу уақытына дейін қалады. Цистерналарды селдір жабылған қақпақ жапқышпен қалдыруға жол берілмейді.

Егер цистерна қоқыстан (шламнан) тазалау немесе құюдың алдында жуу талап етілсе, бұл операциялар жүк жіберушінің күшімен және өз есебінен орындалуы тиіс.

Меланжды даярлау, сонымен қатар тұз қышқылын ингибирлеу жүк жіберушімен құйғанға дейін кәсіпорын иелігіндегі арнайы лайықталған сыйымдылықтарда жүргізіледі. Бұл операцияларды құю үдерісінде тікелей цистерналарда жүргізуге жол берілмейді. Цистернаға құю кезінде меланжтың температурасы  $+30^{\circ}\text{C}$  жоғары емес, ал жазғы уақытқа  $+40^{\circ}\text{C}$  жоғары емес болуы тиіс.

Қышқылды құйғаннан (ағызғаннан) кейін жүк жіберушімен (жүк алушымен) қышқыл әсеріне тұрақты аралық төсемімен цистернаның қақпақ жапқышы жабылады, оның бимешіктері мұқият оралып және бекіту-пломбылау құрылғысымен пломбланады, цистерна қазанының сыртқы бетіне аққан қышқыл бейтараптандырылады.

Қышқыл қалдықтары жойыла отырып, толық қотарып төгілуі тиіс. Сонымен қатар жүк алушы қазанның сыртына аққан жерлерді сүртуі тиіс. Қышқылды төккеннен кейін жүк алушы қышқыл әсеріне тұрақты аралық төсемімен қақпақ жапқышы тығыз жабады, бимешіктерді орайды және цистернаны пломбалайды.

471. Тиелген цистернада ақау табылып, оның салдарынан цистернаның тағайындау бойынша одан әрі жүруі мүмкін болмаған жағдайда, мұндай цистерна станцияның арнайы бөлінген жолында қалдырылады.

Жолсерігі болған жағдайда, цистерна оның күзеті астында болуы тиісті. Егер цистерналардың тобы бір жолсерігінің ілесуімен ғана тасымалданса, онда пойыздан барлық топ ағытылады.

472. Ақаулы цистернаның кешігуі туралы тасымалдаушының өкілі, ал жолсерігі болған жағдайда, соңғысы телеграфпен (факске) жүк жіберушіні хабардар етеді және қажеттігіне қарай мамандарды іссапарға жіберуі және/немесе жүкті қайта қоюға алуға арналған құрылғылары бар цистернаны жіберуді талап етеді.

Меншігіндегі немесе жалданған цистернаны ағыту туралы хабарландыру алғанда жүк жіберуші (жүк алушы) цистернаны ағытқан жерге мобильді бөлімшені немесе өз өкілін жолдайды.

473. Жол жүріп келе жатқанда, қауіпті жүгі бар цистернада ақау табылған жағдайда, қауіпті жүкті қайта айдау, цистернаны тазарту және тазартуға пайдаланған суды жою тасымалдаушы өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Қауіпті жүкті қайта айдау уақытында жүк қалдықтарын жою аяқталғанға дейін цистерна күзет астында болуы тиіс.

474. Жүктің ағысы пайда болған немесе басқа апаттық жағдай орын алған жағдайда, осы жүкке апаттық карточкадағы нұсқауларға сәйкес қажетті шаралар қабылданады.

Цистернаның ақауы туралы жолсерігінің қатысуымен цистернаның техникалық жан-күйі көрсетіле отырып, жалпы нысанды ГУ-23 актісін толтырылады, онда: ақау түрі, оның пайда болу себептері, ақауларды жою жөнінде қабылданған шаралар, сонымен қатар цистернаның одан әрі жүру мүмкіншілігі туралы, ал ол мүмкін болғанда - тасымалдаушы өкілімен. Жалпы нысанды ГУ-23 актісінің көшірмесі тасымал құжаттарына қосылады.

475. Тиелген, сонымен қатар газдан тазартылмаған бос цистерналарды жөндеу ерекше сақтықпен жүргізіледі, бұл ретте:

цистерна қазанын жөндеуге;

қазан бойынша соққылар жасауға;

жарылыс қаупі бар аспаптарды пайдалануға және ашық отпен цистерналар жанында болуға;

дәнекерлеу құрылғысы қолданылатын кез келген жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

Отты, дәнекерлеуді және соққыларды пайдалана отырып, арбашықтарды жөндеу қажеттігі туындаған жағдайда, олар цистерна астынан домалануы және қазаннан 20 метрден кем емес ара қашықтыққа апарылуы тиіс.

476. Бос немесе жалданған, меншікті цистернаны жөндеуге жолдау қажеттілігі болған жағдайда, оның иесі тазартуды, бейтараптандыруды, ал қажет жағдайда, цистерна қазанының ішкі және сыртқы беттерін, сонымен қатар раманы, өтетін бөлімдерін, тежегіштерін газдан тазартылуын қамтамасыз етеді және тасымалдаушының өкіліне көрсетілген шараларды өткізу туралы анықтама береді.

Цистерналармен мұндай жұмыстар жалға алынған цистерналарды жалдау мерзімі біткен соң, оларды меншік иелеріне қайтару кезінде жүргізіледі.

477. Азық-түлікті (өсімдік майын, сірнені, саломасты, салолинді, гидролды, глицеринді және басқалар) тасымалдау құйылу станцияларына тіркелген төменгі ағызу аспабымен жабдықталған мамандандырылған меншікті цистерналарда немесе тасымалдау үшін қолданылмаған жаңа цистерналарда жүзеге асырылады.

1937 жылға дейін тіркелген бүркемеленген қазандарымен цистерналар мұндай жүктерді тасымалдау үшін қолданылмайды.

Азық-түлік тасымалдауға мамандандырылған темір жолдардың цистерналарда қазанды бойлай оның екі жағында ені 100 миллиметр екі қызыл жолақтары (жолақтардың арақашықтығы 500 миллиметр), ал түбінің периметрі бойынша ені 100 миллиметр болатын қызыл айналма жолақтары болуы тиіс. Жолақтар арасында қазан ортасының оң жағында әріптердің биіктігі 126 миллиметр болатын қара бояумен жүктің атауы жазылады: "Сірне". "Өсімдік майы", "Гидрол" және тағы басқа. Бұл атаулар сонымен бірге әріптердің биіктігі 70 миллиметр болатын түптің жоғарғы бөлігінде жазылады. Сонымен қатар, қазандар түбінің төменгі бөлігінде цистерналардың тіркелуі туралы трафарет салынады:

" \_\_\_\_\_ станциясына жедел қайтару (тіркелу станциясы және жолы көрсетіледі)".

Азық-түлік өнімдерін қоюға арнайы бөлінген цистерналарды дайындау жүк жіберушімен жүргізіледі.

Жаңа цистерналарға азық-түлік өнімдерін қою алдында жүк жіберуші қажет болған цистернаның ішкі бетін қоюға арналған өнімдер сіңдірілген шүберектермен немесе соңылармен сүртеді. Әсіресе мұқият қазанның жапсарлары тазартылуы қажет.

Ағызғаннан кейін жүк алушымен мамандандырылған цистернаға бекіту-пломбылау құрылғысы қойылады және толық тасымал құжаттарымен жазылу станциясына бағытталады.

Азық-түлік өнімдерін тасымалдауға мамандандырылған цистерналарды тікелей мақсатына сәйкес емес пайдалануға жол берілмейді.

478. Этил (шараптық) спирті арнайы спирттік цистерналарда тасымалданады.

Спиртті құю алдында жүк жіберуші цистернаны мұқият қарап шығады. Қарау кезінде цистерна қазаны мен қақпағының жарамды жағдайда болуына және тазалығына, қақпақ люгі мен кузовтың жабылу тығыздылығына, төсемдер мен бекіту-пломбылау құрылғыларын орнатуға арналған тетіктердің болуына ерекше назар аударылады.

Спирттік цистерналар қақпағының ішкі бетінде спиртті құю биіктігін көрсететін сызық салынады.

Спиртті белгіленген биіктіктен жоғарырақ немесе төменірек құю 5 сантиметр көбірек емес мөлшерде жол беріледі.

Цистернаға спиртті белгіленген деңгейге дейін құйғаннан кейін спирттің температурасы анықталады және үлгі алынады, ол бойынша жүк жіберуші спирттің күштілігін белгілейді.

Үлгі алынғаннан кейін жүк жіберуші тасымалдаушының өкілімен бірге қақпақтың жоғарғы жағынан құйылған спирттің деңгейіне дейін цистерна қақпағында спиртті жеткізбей құю биігін арнайы өлшеуіш сызғышпен анықтайды.

Екі қақпақтары бар цистерналарда жеткізбей құюдың биігін өлшеу тек цистернаның ортасына жақынырақ орналасқан қақпақтан жүргізіледі (бұл қақпаққа саты қосылады). Өлшеу кезінде спирт екі қақпақта бір деңгейде болу үшін екінші қақпақтың люгін аздап ашу қажет.

Спиртті жеткізбей құюдың деңгейі мемлекеттік сенім таңбасы және жоғарыдан төменге қарай интервалы 1 миллиметр болатын бөлімдері бар арнайы стандартты темір сызғышпен өлшенеді.

Өлшеген кезде сызғыш цистернаға оның көлденең аспағы цистернаның бойлай осіне перпендикулярлы қақпақтың шеттерінде жататындай етіп цистернаға батырылады. Батыру сызығы бойынша жоғары жылдам көтеріп, спиртті жеткізбей құю деңгейін 1 миллиметр дейінгі дәлдікпен анықтайды.

Өлшеп болғаннан кейін жүк жөнелтуші люк қақпағының қиысқан жіктеріне резеңке төсем қойып, люк қақпағын тығыз жабады сымнан бұрамалар салады, одан кейін цистернаны пломбалайды.

Жүкқағазда "Жүктің атауы" бағанасында жүк жөнелтушімен:

спирттің сорты (шит, ректификат);

спирттің күштілігі 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен;



жеткізбей құюдың деңгейін өлшеу кезіндегі цистернадағы спирттің температурасы  $0,1^{\circ}\text{C}$ -ға дейінгі дәлдікпен;

жеткізбей құюдың деңгейі 1 миллиметрге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Жүк жөнелтушімен жүкқағазда көрсетілетін спирттің салмағы тек тасымалдау ақысын анықтау үшін ғана қолданылады.

Жүк жөнелтуші жүкқағазға спиртті тиеу жөніндегі актіні қоса береді, ол тікелей жүк жөнелтуші мен жүк алушының арасындағы қарым-қатынасты реттейтін құжат болып табылады.

Тағайындалу станциясына жарамды цистернада, жарамды жүк жөнелтушінің бекіту-пломбылау құрылғысымен келген спирт жүк алушымен тасымалдаушы өкілінің қатысуынсыз ағызып алынады. Мұндай жағдайларда анықталған спирттің кем болу немесе күштілігінің төмендеуіне тасымалдаушы жауапты болмайды.

Тағайындалу станциясына жарамсыз цистернада немесе жүк жөнелтушінің люк қақпағындағы бекіту-пломбылау құрылғысының бүлінуімен келген спиртті жүк алушыға тапсыру құрамында тасымалдаушының, әскерилендірілген темір жол күзетінің өкілдері бар комиссиямен тапсырылады.

Құрамында тасымалдаушының, әскерилендірілген темір жол күзетінің өкілдері бар комиссия спиртті тапсыру туралы коммерциялық акті жасайды, онда жеткізбей құюдың деңгейі, қақпақ биіктігі, цистернадағы спирттің күштілігі мен температурасы көрсетіледі. Цистернадағы спирттің мөлшері актіде көрсетілмейді.

Коммерциялық актіге жүк алушымен жасалған тасымалдау барысындағы спирттің сақталуы немесе кем болуының алдын-ала есептері қоса беріледі.

Ағызып болғаннан кейін жүк жөнелтуші люк қақпағының астына қайтадан резеңке төсеп қояды, сымнан бұрама салады және цистернаны пломбалайды. Бос цистерналар толық тасымал құжаттармен жолданады.

479. Техникалық талаптарды қанағаттандыратын 5 атмосфералық артық қысымдық жұмысқа есептелетін этилдік сұйықтық тек қана жүк жіберушімен арнайы цистерналарда тасымалданады. Запастағы авариялық газсыздандыру құралдарын (керосин, хлорлы әк, сүртетін материалдар) сақтауға бейімдеу үшін және цистерна қорғағыш қабымен, цистернаны жабатын қақпақпен, сыртқы оқшаулаумен жабдықталған.

Этил сұйығына арналған цистерна қазандығының сыртқы беті алюминийлік бояумен, ең төменгі бөлігі - 250 миллиметр биіктікке дейін қара майлы бояу боялған. Қазанды бойлай оның екі жақ ені 500 миллиметр жасыл жолақпен боялады. Цистернаның түбі және рамасы жасыл түспен боялған, түп жағы алюминийлік бояумен көлденең жасыл жолақпен 300 миллиметр боялады.

Қазанның екі жағындағы ортаңғы бөліктерінде екі қатар жазу көрсетілген: "Этилдік сұйықтық/от қауіптілігі - улылығы".

Қазанның оң жағында: "дөңестен түсірілмесін", сол жағынан шеткі түптерінде: "\_\_\_\_\_ ст. жедел қайтару (тіркелу станциясы және жолы көрсетіледі)".

Этилдік сұйықтықты басқа цистерналарға және де тікелей тағайындаусыз қолданған жағдайда қатаң тыйым салынады.

Этилдік сұйықты құю және айдау жүк жеткізуші мен жүк қабылдаушы жол жүрген кезде жүзеге асырылады.

Құйылудың алдында жүк жіберуші жүк тасушыға цистернаның қозғалғышын және жеке бөлімдерін қарауын ұсынады.

Цистернаға этильді сұйықтық құйылу тек қана жүк жіберуші дайындаған жағдайда рұқсат етіледі.

Қазанның сыйымдылығы 95%-дан көп емес, бірақ цистернаны толтыру оның жүк көтерімділігі шегінен шығарылады.

Цистернада этильді сұйықтық салмағы жүк жіберушімен анықталады.

Арматуралардың, люктердің, салулардың түзулігі, цистернаны дұрыс толтыру және сапар жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету (теміржол көлігіне қатыстыдан басқа) үшін жүк жіберуші жауап береді.

Құюдан кейін жүк жіберуші: этил сұйықтығымен кездейсоқ ластанғандар қазанның, рамасы мен жүріс бөлігінің барлық орындарын мұқият газсыздандырады; барлық вентильдерін герметикалық жабады, цистернаны пломбалайды және оған жөнелтуші таңбалаумен бирка іліп қояды.

Этильді сұйықтығын тасымалдау жүкқағазында "Қауіпті - У - Тез тұтанады", "Дөңестен түсірілмесін", "Қорған 3/1-1-1-1" штемпельдері қойылады. Жүкқағазда жүктің қауіптілігі туралы штемпельді жүк жіберуші қояды.

Цистернаны тасымалдауға тапсырған кезде жүк жіберуші жүк алушыны оған этил сұйықтығымен цистерна бара жатқаны жөнінде хабардар етеді. Цистерна белгіленген мерзімде келмеген кезде жүк алушы ол туралы жүк жіберуші мен жіберу станциясына телеграфпен хабарлайды.

Этил сұйықтығын цистерналарда жолсерігінің ілесіп жүруінсіз тасымалдауға болады.

Жүріп келе жатқан кезде жолда ақау табылған жағдайда және де ол себептен этил сұйықтығымен цистерна тағайындалуы бойынша ере алмаса, мұндай цистерна пойыздан ағытылады, қауіпсіз орынға алыс жолға апарылады. Жүк аққан жағдайда, ағу орнында сұйықтықты жинауы және оның жерге ағуын болдырмау үшін лайықты ыдыс қойылуы тиіс. Этил сұйықтығы төгілген орындар хлорлы әкпен газсыздандырылады.

Цистернаның кешігуі жөнінде тасымалдаушы ақаудың сипаттамасын бере отырып, жүк жіберушіні (жөнелту станциясы арқылы) телеграфпен хабарлайды.

Цистернаның ағытылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін жүк жіберуші тез арада ақауды жою үшін ағыту станциясына жауапты өкілін және жұмысшыларды жолдайды, ал оның жай-күйі түзу болған жағдайда жүкті қайта айдау үшін ақаусыз бос цистернаны жөнелтеді.

Цистернада ақау табылған кезде цистернаның техникалық жай-күйі туралы ГУ-106 нысанындағы акті (осы Қағидаға 17-қосымша) жасалады, онда: ақаудың түрі, оның пайда болу себебі, ақауды жою бойынша қабылданған шаралар, сондай-ақ цистернаның одан әрі жүру мүмкіншілігі туралы мәліметтер көрсетіледі. Актінің көшірмесі тасымал құжаттарына қоса ілінеді.

Жүкті алушы цистернадан этил сұйықтығын толық қалдықсыз ағызады, ағызғаннан кейін таза бензинмен екі рет тазартады, оны қазаннан ағызады және цистернаны азотпен 1 атм. қысым астында толтырады, барлық вентильдерді саңылаусыз жабады және цистерна қалпағын пломбалайды.

Ағызған кезде этил сұйықтығымен кездейсоқ ластанған арматураны және цистернаның сыртқы бөлігін, сондай-ақ рамасы мен жүріс бөлігін жүкті алушы газсыздандырады.

Ағызып алудың толықтығы, тазартудың мұқияттылығы, цистернаны азотпен толтырылуы және барлық вентильдердің саңылаусыз жабылуы жүк алушының техникалық бақылау бөлімінің өкілімен тексеріледі және ол жүк алушымен бос цистернаны қайтаруға толтырылған жүкқағазда "Жүктің атауы" бағанында келесі жазбаны енгізеді: "Цистерна толық ағызып алынған, тазартылған, азотпен толтырылған және саңылаусыз жабылған" және оны өз қолымен және мөрімен растайды.

Этил сұйықтығына арналған бос цистерна толық тасымал құжаттарымен қайтарылады.

Цистерна қазанын жөндеу цистерналардың жазылу кәсіпорындарында соңғылардың күштермен және құралдармен жүргізіледі, ал жүріс бөліктерін жөндеу темір жолдардың жөндеу кәсіпорындарымен жүргізіледі.

Жүріс бөліктерін жөндеу алдында жүк жөнелтуші кәсіпорындар цистерналарды жөндейтін жұмысшылардың қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету мақсатында цистерна қазанының ішкі және сыртқы беттерін, сондай-ақ рамасы мен жүріс бөліктерін газсыздандырады және өткізілген газсыздандыру туралы төлқұжат береді.

480. Этилденген жанармай жарық - қызғылт сары, сары немесе көк түске боялған. Улы, адамға уландырғыш әсер етеді, түтінді дем арқылы ішке тарту

және дәл осылай организмге тері арқылы өтіп әсер етеді. Этильденген жанармай әсіресе қауіпті, организмді баяулатып уландырып және бастапқысында зардап шегушіге білінбейді.

Этильденген жанармайды темір жолмен тасымалдау әдетте, төрт білікті бензиндік (күю аспабынсыз) цистерналарда жүргізіледі. Этильденген бензині бар цистернаның сыртында бояуы кетпейтін трафаретпен "Этильденген бензин/Улы" деген сөздер жазылу керек.

Этильденген бензинді тасымалдаушы үшін, сондай-ақ құйылатын құралы бар, әмбебап цистерналар тасымалдаушының рұқсатымен жол беріледі. Бұл жағдайда , сол цистерналардың қазандарына сол трафарет жазылады.

мотор отыны ретінде қолданылмайтын ерекше сортты бензинді (өндірісте еріткіш ретінде және тұрмыстық мақсатта пайдаланылатын экстрактылық бензинді, "Калоша" сортын, уайт-спиртті және тағы басқаларды), сонымен қатар жарық беретін керосинді тасымалдау үшін "Улы/Этильденген бензин" трафареті бар цистерналарды пайдалануға тыйым салынады.

Этильденген бензин ағызылғаннан кейін цистернаға мотор немесе қазан отыны ретінде пайдаланылатын этильденбеген мұнай өнімдерін (бензиннің аталған арнайы сорттарын қоспағанда) құюға жол беріледі.

Этильденген жанармай құйылып ағызылғаннан кейін цистерна қазанының сыртқы бетіндегі аққан іздер жүк жіберушімен немесе жүк алушымен таза керосин немесе кәдімгі бензин сіңген шүберекпен мұқият сүртіледі.

Этильденген бензиннің тасымалдау құжатында "Жүк атауы" бағанында " Этильденген бензин" және бензин сорты көрсетілуі қажет, мысалы, "Этильденген авиациялық бензин Б-100".

Жүкқағаздың жоғарғы бөлігінде бензинге арналған "Қауіпті", "Тез тұтанғыш" мөрқалыптарынан басқа, "Улы" мөрқалыбы қойылуы қажет.

Бос цистернаға арналған қабылдап алынып жіберілетін жүкқағазда " Цистернадан құйылған жүк атауы" бағанында жүк алушы міндетті түрде " Этильденген бензин" деп көрсетуі қажет.

Жол үстінде цистернадан ағу байқалса, тасымалдаушы ағысты тоқтату және түзік, "Этильденген бензин" трафареті бар цистернаға жүкті қайта айдау бойынша тез арада шаралар қолданады.

Қайта айдау кезінде негізгі қауіпсіздік шараларын ұстану керек және сұйықтың қолға және басқа дене мүшелеріне тиіп кетуіне жол бермеу керек.

Егер мұнай қоймасы бар станцияда ағым байқалса, цистерна жедел түрде белгіленген қоймаға ағызуға беріледі. Мұндай қойма болмаған жағдайда этильденген бензин басқа мекемеге беріледі.

Этильденген бензинді құю және ағызу кезіндегі уланудан сақтану мақсатында:

герматизация барынша қамтамасыз етіле отырып, құю және ағызу жұмыстары механикаландырылған болуы қажет;

этилденген бензинді құю және ағызу жұмыстарын жүргізетін жұмысшылар жұмыс басталар алдында оның қасиеттерімен таныстырылуы, этилденген бензинмен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша нұсқаулық алуы және тиісті арнайы киіммен жабдықталуы керек.

Ерекше жағдайларда жүктер тасымалын жүзеге асыру тәртібі:

Жұмыстарды жүргізу кезінде жұмысшылар жел жақ бетінде тұруы керек.

Цистерна қазанының ішінде жүргізілетін барлық жұмыстар міндетті түрде шлангілі протиговазбен жүргізіледі.

## **24. Ерекше жағдайларда жүктер тасымалын жүзеге асыру тәртібі**

481. Кейбір жүктерді тасымалдауды осы Қағидаға сәйкес жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, жүктерді тасымалдау шарт негізінде ерекше жағдайларда, жекелеген, бір реттік жағдайларда кепілдік хат негізінде жүргізілуі мүмкін. Ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдау жөнелту станциясы мен тағайындау станциясы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жағдайларда қолданылады.

Ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдау келесі жағдайларда қолданылады:

1) тасымалдануы осы Қағидада қарастырылмаған жүктерді тасымалдау кезінде;

2) жүк тасымалдау ыдысы, орамасы және жүктің жағдайы стандарттық талаптар мен техникалық жағдайларға сәйкес келмегенде немесе ыдыс пен ораманың жаңа түрлері қолданылған кезде;

3) тез бұзылатын жүктердің тасымалдану мерзімі осы Қағидада белгіленген мерзімнен асатын шектерде тасымалданған кезде;

4) жүктің жекелеген түрлерін тасымалдау осы Қағидада қарастырылмаған кезде, жылжымалы құрамды, контейнерлерді пайдалана отырып, тасымалдау кезінде;

5) осы Қағидада қарастырылмаған басқа жағдайларда.

482. Ерекше жағдаймен жүктер тасымалданғанда мыналар:

жүкті тасымалдауға қабылдау шарты;

жүктің массасын анықтау және тасымалдау құжаттарын толтыру тәртібі;

жүкті жүкалушыға беру тәртібі;

тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде тараптардың жауапкершілігі;

тасымалдаушы шарт бойынша өзінің міндетін орындаған жағдайда, оны жауапкершіліктен босату;

жүктерді ерекше жағдайларда тасымалдауға байланысты тасымалдаушының шығыстарын өтеу;

өзге жағдайлар, соның ішінде ерекше жағдайларда тасымалдауды алып жүру және сапар барысында қызмет көрсету ерекшелігі және тәсілі, тасымалдылық мерзімі көзделуі тиіс.

483. Егер жүктерді ерекше жағдаймен тасымалдау қажет болса, жүк жіберуші тасымалдаушыға осы Қағидада белгіленген жүктерді тасымалдауға өтінім беру мерзімінен 5 күн бұрын хат түрінде өтінім береді.

484. Ерекше жағдайларда жүк тасымалдау кепілдік хат немесе шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін, онда жүк жіберуші (жүк алушы) тасымалданатын жүктің сапасы мен санына кінәрат тақпауға кепілдік береді.

485. Тасымалдаушы өтінім алғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде ерекше жағдайларда тасымалдау мүмкіншілігі туралы шешім шығарады.

486. Ерекше жағдаймен жүк тасымалдау бойынша тасымалдаушы оң шешім қабылдаған жағдайда:

өзінің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жеделхат түрінде хабарлайды, онда осы тасымалдаудың негізгі шарттары туралы (жөнелту және тағайындау станциясы, жүк түрі, жылжымалы құрамның түрі және кімге тиесілілігі, тараптардың жауапкершілігі, ерекше жағдайдың қолданылу кезеңі) хабарланады;

Ерекше жағдайда жүк тасымалдау шартын әзірлейді және оның қол қойылған екі данасын жүк жөнелтушіге жібереді.

Жөнелтуші тасымалдаушының қолы қойылған шарттың екі данасын алып, оларға қол қойып, бір данасын қайтарып береді.

Ерекше жағдайда жүк тасымалдау мүмкін болмаса, тасымалдаушымен жүк жіберушіге дәлелді бас тарту білдіріледі.

487. Жүкқағаздың "Жүк атауы" бағанында жүк жіберуші жүк атауының астына "Ерекше жағдайда тасымалдау, жеделхат нөмірі, датасы көрсетілуі тиіс, жеделхатта ерекше жағдайда жүк тасымалдау шартының нөмірі көрсетіле отырып, бұл жүкті тасымалдау тәртібі жариялануы тиіс" белгісін қоюы тиіс.

#### **4-бөлім. Жүк тасымалдаумен байланысты операцияларды жүзеге асыру. Құжаттарды ресімдеу**

##### **25. Жүк қағазын және тасымалдау құжаттарын ресімдеу**

488. Тасымалдау құжаттарының бланктері машинкамен басу тәсілімен, тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орны пайдаланылып немесе шарикті қаламмен қолмен жазу арқылы толтырылады. Жекелеген мәліметтер мөрқалыптар түрінде көрсетіледі. Тасымалдау құжаттарын өшіруге және түзетуге жол берілмейді. Жүк жөнелтушінің тасымалдау құжатына енгізген

мәліметтерін өзгерту қажет болғанда, жүк жөнелтуші осындай құжаттың жаңа бланкін толтырады. Тасымалдаушының тасымалдау құжатына енгізген өзгерістері мен қосымша мәліметтері тасымалдау құжатын ресімдеген тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен куәландырылады.

489. Жүк жөнелтушінің осы Қағидаға сәйкес ресімдеген жүкқағазы мен оның негізінде жүк жөнелтушіге жүкті қабылдау туралы берілген квитанция жүкті тасымалдауға жасасылған шартты растайды.

Жүк қағазы жол тізімдемесімен қоса жүкпен тағайындалу станциясына дейін жүреді, ол жерде жүк алушыға жол тізімдемесіне қолын қойғызып беріледі. Жүкті қабылдау туралы квитанция жүк жөнелтушіге жол тізімдемесінің түбіртегіндегі тиісті бағанда қол қойғызылып беріледі. Жол тізімдемесінің түбіртегі тасымалдаушыда қалады.

Тасымалдауды тасымалдардың электрондық досьесін қолданып ресімдегенде, жүк темір жол көлігінде қабылданған тасымалдарды ұйымдастыру технологиясына сәйкес ілеспе қағаз тасымалдау құжаттарымен (электрондық құжаттардың көшірмелері) бірге немесе оларсыз (қағазсыз технологияда) жол жүреді.

Егер тасымалдар үшін төлемші экспедитор болып табылатын болса, онда оның өтініші бойынша тасымалдаушы жол тізімдемесінің қосымша данасын олардың арасында жасалған жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартқа сәйкес жеке төлем бойынша береді.

490. Мынадай тасымалдарды бір тасымалдау құжатымен ресімдеуге жол берілмейді:

1) басқа жүктермен бірге келе жатқан тез бүлінетін жүктерді, жолсеріктер алып жүретіндерді қоспағанда;

2) тоңазытқыш секцияларда келе жатқан тез бүлінетін жүктерді;

3) өздерінің қасиеттері бойынша бір вагонда бірге тасымалдауға жол берілмейтін жүктерді;

4) тасымалдауда сақтанудың ерекше шараларын қолдануды талап ететін жүктерді мұндай шараларды талап етпейтіндермен бірге;

5) санитарлық, ветеринарлық, өзге де ерекше нормалар мен ережелерді талап ететін жүктерді мұндай нормалар мен ережелердің сақталуын талап етпейтін жүктермен бірге;

6) осы Қағидаға сәйкес сақтау мерзімдері әр түрлі жүктерді.

491. Тасымалдаушы жүк жөнелтушінің жүк қағазында көрсеткен мәліметтерінің дұрыстығын және ілеспе құжаттардың болуын тексереді.

492. Тасымалдау құжаттары мәтіндік ақпаратымен қатар оның кодтық ақпаратынан тұрады. Кодтық ақпаратқа арналған орындар тасымалдау

құжаттары бланктерінің рамкамен қоршалған орындарында көзделген. Тасымалдау құжаттарындағы ақпаратты кодтау тәртібін тасымалдаушы белгілейді.

493. Тасымалдардың электрондық досьесі тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орнында ресімделеді және тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық желісіне деректермен электрондық алмасу желісі арқылы беріледі. Ақпараттық жүйе электрондық тасымалдау құжаты деректерінің сақталуын және қауіпсіздігін, құпиялылықтың сақталуын және мәліметтерді рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етеді.

Тасымалдардың электрондық досьесі қолданылған тасымалдау шарты тасымалдаушының автоматты ақпараттық жүйесінен автоматтандырылған ақпарат жүйесінен хабарламаның - электрондық құжаттың (квитанцияның) алынғандығы оң растауды тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орнына қабылдағаннан және жүк жөнелтушіге жүкті қабылдау туралы квитанцияны ( қағаз немесе электрондық түрде) бергеннен кейін жасасылған болып саналады.

Жүк жөнелтушіде немесе жүк алушыда меншікті автоматтандырылған жүйе болғанда, тасымалдау құжаттарын жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында қабылданған технология мен ақпараттық өзара байланыс стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы ресімдеуге жол беріледі. Деректермен электрондық алмасуда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына немесе тараптардың келісіміне сәйкес электрондық-цифрлық қолтаңба да қолданылады.

494. Тасымалдардың электрондық досьесіне құқылы тұлғаның деректемелері бойынша деректер енгізуді: жүк жөнелтуші, жөнелту станциясы, жол жүру барысындағы станциялар, тағайындалу станциясы жүргізеді.

## **1-параграф. Жүк жөнелтушінің жүк қағазын толтыруы**

495. "Жылдамдық" бағаны - жүк тасымалдарының қандай жылдамдықпен ( жүктік немесе үлкен) жүзеге асырылуы керектілігі көрсетіледі. Егер жүкті тасымалдау тасымалдаушының тарифтік басшылығына (прейскурантқа) сәйкес үлкен жылдамдықпен жүзеге асырылуы тиіс болса, жүк жөнелтуші бұл бағанда осы жылдамдықты көрсетеді.

496. "Вагонның түрі", "Вагонның №", "Вагонның жүк көтергіштігі", " Біліктердің саны", "Мойынтіректер туралы мәліметтер", "Тіркеменің коды, Вагонның типі", "Вагон шанағының көлемі", "Тиеудің техникалық нормасы" бағандары жүкті жүк жөнелтушінің құралдарымен тиегенде, әр вагонға қатысты толтырылады.



Жүктерді тоңазытқыш секцияларда тасымалдағанда, "Вагонның түрі" бағанында "РС" әріптері қойылады, ал "Вагонның №" бағанында бөлшекпен көрсетіледі: алымында - рефрижераторлық секцияның нөмірі, бөлімінде - вагонның нөмірі көрсетіледі.

"Вагонның №" бағанын толтырғанда, ХЖүкҚК-ға сәйкес вагонның нөмірінен басқа қосымша вагонның меншік иесі - темір жол көлігі әкімшілігінің цифрлық коды көрсетіледі.

Жүктерді тіркеспен немесе жабық түрде тасымалдағанда вагондарға қатысты мәліметтер тіркестің барлық вагондары бойынша көрсетіледі.

Жүкқағазына Достастық мемлекеттерінің, Латвия Республикасының, Литва Республикасының және Эстония Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарының меншігіндегі вагондар, темір жолдардың мүкәммал паркінің жүк вагондары туралы деректер жиынтығынан тұратын Вагондар паркінің автоматтандырылған деректер банкінде тіркелген вагондардың нөмірлері ғана енгізіледі.

497. "Габаритсіздіктің индексі" бағанында келесі реттілігімен бес сандық индексмен габаритсіздік индексі көрсетіледі: 1-ші белгі - "Н" әрпі, 2-ші белгі - төменгі габаритсіздіктің дәрежесі, 3-ші белгі - бүйірлік габаритсіздіктің дәрежесі, 4-ші белгі - жоғарғы габаритсіздіктің дәрежесі, 5-ші белгі – вертикаль аса габаритсіздік. Жүк габаритсіздігі болмағанда, "Габаритсіздіктің индексі" бағаны толтырылмайды.

498. "Тиеудің техникалық нормасы" бағаны - вагонды тиеудің техникалық нормасы көрсетіледі. Техникалық нормалар белгіленбеген жүктер бойынша бұл бағанда қысқаша "Н/Б" деп көрсетіледі.

499. "Жөнелту станциясы және тасымалдаушы" бағанында - №4 тарифтік басшылыққа сәйкес тасымалдаушының және жүкті жөнелту станциясының толық атауы көрсетіледі. Аталған баған станцияның мөрқалыбын қоюмен толтырылады.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, жөнелту станциясының атауы тасымалдаушының № 4 Тарифтік басшылық негізінде жасалған магистральдық темір жол желісі операторының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің станциялар жіктегішіне сәйкес көрсетіледі.

500. "Тағайындалу станциясы және тасымалдаушы" бағанында - тасымалдаушының және жүктің тағайындалу станциясының толық атауы №4 тарифтік басшылыққа сәйкес көрсетіледі. Жүкті түсіру станцияның кірме жолдарында ғана жүзеге асырылатын станцияға жүк бара жатқан жағдайларда, "

Тағайындалу станциясы және тасымалдаушы" бағанында станцияның атауы тұсында "кірме жолға беріліп..." деген белгі соғылады және кірме жолы қызмет көрсетуге тағайындалған жүк алушының атауы көрсетіледі.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, тағайындалу станциясының атауы № 4 Тарифтік басшылықтың негізінде жасалған магистральдық темір жол желісі операторының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің станциялар жіктегішіне сәйкес көрсетіледі.

501. "Жүк жөнелтуші" бағанында - жүк жөнелтушінің дәл және толық атауы және оның коды Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарының жіктегішіне сәйкес көрсетіледі. Егер жүкті жеке тұлға жөнелтіп отырса, жүкті жөнелтіп отырған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (толығымен) көрсетіледі.

502. "Жүк жөнелтушінің почталық мекен-жайы" бағаны - жүк жөнелтушінің почталық толық мекен-жайы (индексімен) республиканың, облыстың, ауданның, қаланың, селоның, көшенің атауы және үйдің нөмірі көрсетіледі.

503. "Жүк алушы" және "Жүк алушының почталық мекен-жайы" бағандары осы Қағидада белгіленген тәртіппен толтырылады.

"Жүк жөнелтуші" және "Жүк алушының почталық мекен жайы" бағандарын толтыру кезінде, тек қана бір заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

504. "Төлем төлеуші" бағанында – тиісінше жүкті жөнелткенде және бергенде тасымал үшін есеп айырысуды жүзеге асырған тасымалдау үдерісіне қатысушы заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) және төлем жасаушының коды көрсетіледі.

505. "Жүк жөнелтушінің белгілері" бағанында - жүк жөнелтушінің жүк орындарында белгілеген ерекше белгілері көрсетіледі.

506. "Орындардың саны" бағанында - жүктің әрбір атауы (құрама жөнелтілім) бойынша, ораманың әрбір түрі бойынша жүктердің жеке орындарының саны және орындардың жалпы саны көрсетіледі.

Жүктерді пакеттермен табандықтарда тасымалдағанда, бұл бағанда бөлшекпен:

алымында - табандықтарда қалыптастырылған пакеттердің саны;

бөлімінде - пакеттердегі орындардың жалпы саны көрсетіледі.

үйіндімен жөнелтілетін жүктер үшін, - "Үйінді" сөзі;

ақтара тиеумен жөнелтілетін жүктер үшін, - "Ақтара тиеу" сөзі;

құю арқылы жөнелтілетін жүктер үшін, - "Құйылу" сөзі.

507. "Орама" бағанында - жүк ыдысының түрі қысқартылып көрсетіледі, мысалы, жүктер жәшіктерге, қораптарға, бөшкелерге, себеттерге салынғанда, тиісінше "жәш.", "қор.", "бөш.", "себет".

Тасымалдауға оралмаған жүк берілсе бұл бағанда "Н/Б" деп қысқартылып көрсетіледі.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделуге берілгенде, ораманың қысқартылған атауы тауар кассирі автоматтандырылған жұмыс орнының жіктегішіне сәйкес көрсетіледі.

508. Жүктің атауы" бағанында - жүктің толық атауы Жүктердің бірыңғай тарифтік-статистикалық номенклатурасына сәйкес көрсетіледі.

"Жүктің атауы" бағанында жүктердің әртүрлі атауларын көрсеткенде, Жүктердің бірыңғай тарифтік - статистикалық номенклатурасына және Жүктердің үйлестірілген номенклатурасына (ЖБТСН және ЖҮН) сәйкес әрбір жүктің толық атауы көрсетіледі.

Жүктер номенклатурасының бір позициясына жататын, жүктердің әртүрлі атаулары бағанында код ретінде ЖБТСН және ЖҮН-ге, № 4 тарифтік басшылыққа сәйкес позиция коды көрсетіледі.

Жүктер номенклатурасының әртүрлі позициясына жататын, жүктердің әртүрлі атаулары бағанында код ретінде осы позицияға сәйкес жүк коды, сондай-ақ ЖБТСН, ЖҮН-ге сәйкес құрама жөнелтілім үшін қосымша код беріледі.

Жүк қағазында бір жөнелтіліммен тасымалданатын барлық жүктерді атап көрсету үшін орын жетпегенде, жүк жөнелтуші өз ұйымының бланктерінде ( тасымалдау құжатының форматынан артық болмайтын) тасымалданатын барлық жүктердің белгілерін, маркаларын, орындарының санын, орамасын, атауын және массасын көрсетіп тізбе жасайды. Тізбе қаржылық операцияларда қолданылатын мөрмен және жүк жөнелтуші-ұйымның басшысы уәкілеттендірген тұлғаның қолымен расталып, төрт данада жасалады.

Орындардың жалпы саны және жүктердің массасы жүкқағазының тиісті бағандарында көрсетіледі, ал "Жүктің атауы" бағанында "Құрама жөнелтілім, жүктің тізбесі қоса берілген" деп көрсетіледі.

Тізбенің даналары жүкқағазына және жол тізімдемесінің түбіртегіне мықтап қыстырылады. Тізбенің бір данасы жүк жөнелтушіге жүкті қабылдау туралы квитанциямен бірге беріледі.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, жүктің атауы тарифтік басшылықтың негізінде жасалған магистральдық темір жол желісі операторының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің станциялар жіктегішіне сәйкес көрсетіледі.

"Жүктің атауы" бағанында сондай-ақ мыналар көрсетіледі:

негізгі штабельдердің саны мен биіктігі және тиеу сұлбасының жоғарғы тар бөлігінде ("үймесінде") төселген штабельдердің саны. Аталған мәліметтер ағаш

жүктерін тиеу сұлбасының жоғарғы тар бөлігі пайдаланылып тасымалдағанда көрсетіледі;

үсті ашық вагон ернеуінің деңгейінен жоғары тиелген ағаштың, кесінді материалдардың биіктігі - ағаш жүктерін, кесінді материалдарды тасымалдағанда ;

құйылып тасымалданатын жүктерді тасымалдағанда құйманың биіктігі, жүктің тығыздығы, температурасы, егер ол осы Қағидада көзделген болса;

жүктерді жүк жөнелтуші жолсерігінің (жолсеріктерінің) ілесіп жүруімен тасымалдағанда - жолсеріктің (жолсеріктердің) тегі, аты және әкесінің аты, жеке басы куәлігінің (төлқұжаттың) сериясы, нөмірі және іссапар куәлігінің нөмірі. Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, сондай-ақ жолсеріктерінің саны да көрсетіледі.

Тасымалдаушының иелігіне жатпайтын немесе ол жалға берген жүк тиелген вагондарды тасымалдауға бергенде, жүк жөнелтуші жүкқағазының "Жүктің атауы" бағанында: "Тасымалдаушының иелігіне жатпайтын вагон. Меншік иесі \_\_\_" немесе "Вагон жалға берілген. Жалға алушы \_\_\_" деп көрсетеді.

Тасымалдауға осындай бос вагон берілгенде, жүк жөнелтуші жүк қағазының "Жүктің атауы" бағанында: "Тасымалдаушының иелігіне жатпайтын бос вагон. \_\_\_ (жүктің атауы). Меншік иесі \_\_\_\_\_" немесе "Жалға берілген вагон. \_\_\_ (жүктің атауы). Жалға алушы \_\_\_".

Жүктерді ерекше шарттармен тасымалдағанда, бұл бағанда " тасымалдаушының "\_\_\_" \_\_\_\_\_" № \_\_\_ жеделхатына сәйкес ерекше шарттармен тасымалдау".

Осы белгіні жасау үшін орын болмағанда, ол жүкқағазының 4-бағанында жасалады.

509. "Жүктің жүк жөнелтуші белгілеген массасы, кг-мен" бағаны жүк жөнелтушімен толтырады, егер жүктің массасын онымен не болмаса оның қатысуымен анықталса. Жүктің массасы вагон таразыларымен анықталса, тиісті бағандарда оның бруттосы, неттосы және вагон ыдысының массасы көрсетіледі.

Әр түрлі атаудағы және әр түрлі орамдағы ыдыстағы-дара жүктерді тасымалдауға бір тасымалдау құжатымен бергенде, әр атаудағы жүктің массасы ораманың әрбір түрі бойынша жеке және аталған құжат бойынша берілген жүктердің жалпы массасы көрсетіледі.

Жүк өз осімен тасымалданған кезде "Нетто масса қорытындысы" және "Вагон ыдысы" толтырылмайды, ал "кг-мен анықталған жүк массасы" және "Масса брутто" бағандарында өз осьтерінде тасымалданатын жүктің массасы көрсетіледі .

Вагон таразыларымен "Нетто масса қорытындысын" анықтағанда, тиісті бағандарда мыналар көрсетіледі:

вагонның брутто массасы мен оның ыдысы арасындағы айырма ретінде анықталатын "Нетто масса қорытындысы";

таразымен өлшеу арқылы анықталған вагонның брутто массасы;

вагон ыдысының массасы – таразымен вагон ыдысының массасы анықталғанда, "бр." қысқартпасы сызылып тастала отырып, өлшеу арқылы алынған мәліметтер көрсетіледі, егер ыдыс массасы вагондағы мәліметтер негізінде анықталса, онда "пров" сызылып тасталады.

вагон ыдысының массасы тағайындалған станцияда жүкпен бірге жүк алушыға берілмейтін, бірақ вагон ыдысының массасына қосылмаған, ондағы алынбалы және алынбалы емес құрал-жабдықтарының массасы ескеріле отырып, анықталады.

"Жүктің атауы" бағанында әртүрлі жүк атауларын немесе әртүрлі орамадағы атауы бір жүкті көрсеткенде, "кг-мен анықталған жүк массасы" бағанында ораманың әрбір түрі бойынша әрбір атаудағы жүктің массасы жеке және жөнелтілімдегі жүктің жалпы массасы көрсетіледі.

510. "Орындардың жиынтығы" бағанында - тасымалдауға берілген барлық жүк атаулары орындарының жалпы саны жазбаша көрсетіледі.

511. "Масса жиынтығы" бағанында тасымалдауға берілген жүктің жалпы массасы жазбаша көрсетіледі.

512. "Массаны анықтау тәсілі" бағанында жүктің массасы қандай тәсілмен анықталғандығы көрсетіледі (жүктің массасы жүк жөнелтушімен не болмаса, оның қатысуымен анықталған жағдайларда толтырылады).

Егер жүктің массасы стандарт бойынша анықталса, бұл бағанда бір жүк орнының стандарттық брутто және нетто массасы көрсетіледі.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, "Массаны анықтау тәсілі" бағаны тауар кассирінің АЖО-сының жіктегішіне сәйкес толтырылады.

513. "БПҚ туралы мәліметтер" бағанында пломбылау кіммен жүргізілгені көрсетіледі: жүк жөнелтушімен әлде тасымалдаушымен бе.

"БПҚ типі" бағанында вагонға орнатылған бекіту-пломбылау құрылғысының типі көрсетіледі.

"К/ белгілері" бағанында бекіту-пломбылау құрылғылары бақылаулық белгісі көрсетіледі.

"БПҚ типі" және "К/белгілері" бағандары осы Қағиданың 27-тарауының талаптарына сәйкес вагондарда орнатылған барлық бекіту-пломбылау құрылғылары үшін толтырылады.

514. Тасымалдағанда және сақтағанда сақтанудың ерекше шараларын сақтауды талап ететін жүктер бойынша жүк қағазының жоғарғы бөлігінде ("ерекше белгілер мен мөрқалыптарға арналған орын") жүк жөнелтуші осы

Қағидада көзделген жазбаларды, соның ішінде мөрқалыптар түрінде, жүктің ерекше қасиетін сипаттайтын өзге де белгілерді қояды.

515. "Мәлімделген құндылық" бағанында - жүк жөнелтушімен мәлімделген жүктің құндылығы теңгемен жазбаша көрсетіледі.

516. "Жүк қағазына енгізілген мәліметтердің дұрыстығына жауап беремін" бағанында - жүк жөнелтуші немесе сенімхат бойынша ол уәкілеттік берген тұлға қолын анық қояды және өзінің лауазымын (жүк жөнелтуші жеке тұлға болып табылатын жағдайды қоспағанда) көрсетеді.

Электрондық жүкқағаз толтырылғанда, оған жүкқағаздың толтырылуына жауапты тұлғаның лауазымы, тегі және инициалы туралы мәліметтер енгізіледі.

517. Жүк қағазының сырт жағындағы "Жүк Техникалық шарттардың \_\_\_ \_\_\_ тарауының \_\_\_\_\_ суретіне \_\_\_\_\_ сәйкес дұрыс орналастырылған және бекітілген" 1-бағаны жүктерді вагондар мен контейнерлерде орналастырудың және бекітудің техникалық шарттарының (бұдан әрі - техникалық шарттар) талаптарына сәйкес толтырылады. Бұл мәліметтер қол қойған тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні көрсетіліп қойылып куәландырылады.

Жүк тасымалдары тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, оған техникалық шарттарға сәйкес деректер, сондай-ақ жүкті орналастыруға және бекітуге жауапты тұлғаның лауазымы мен тегі енгізіледі.

518. Жүк жөнелтуші 4-ші бағанда осы Қағидада қарастырылмаған, өзге белгілерді де қояды (мысалы: жүктің түрлілігі мен өнімнің маркасы жайлы жүк алушыға қажетті мағлұматтар);

"ашық жылжымалы құрамда тасымалдау жүк жөнелтушімен келісілген рұқсатнама \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_";

табандықтардың саны - жүкті табандықтарда тасымалдауға бергенде; жөнелтушінің вагонда орнатқан айлабұйым құралдарының (мысалы, көкөніс қалқандары, пештер, астық қалқандары) атауы мен саны;

жүктерді алынбалы жабдықпен және қымтаумен тасымалдағанда, жабдық пен қымтау материалдарының массасы;

жүк жөнелтушінің жүкті қатудан сақтау үшін қабылдаған профилактикалық шаралары;

тасымалдауға берілген орамасыз жүкте көзге көрінетін зақымдардың болуы, (мысалы, "станоктің \_\_\_ деталі түсіп қалған", "машинаның фарасы сынған");

осы Қағиданың талаптарына сәйкес жүк жөнелтушілердің қоса беретін құжаттарының атауы (мысалы, ерекшелік, техникалық паспорт, мүкәммалдық алынбайтын бекітпені бекіту сызбалары), сондай-ақ мемлекеттік бақылау жасауға уәкілетті органдардың талаптарымен белгіленген құжаттардың атаулары . Қоса берілетін құжаттар тасымалдау құжаттарына мықты тіркеледі.

519. Жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында деректерді электрондық алмасу ұйымдастырылғанда, жөнелтуші электрондық тасымалдау құжатында бағандарды толтырғанда, жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара іс-қимыл жасау технологиясы мен стандарттарына және тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орны мен тасымалдаушының автоматты ақпарат жүйесінде қолданылатын жіктегішке сәйкес кодтауды жүргізеді.

Жекелеген жүк түрлерінің тасымалына тасымалдау құжаттарын әзірлеудің қосымша талаптары, осы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес белгіленеді.

## **2-параграф. Жөнелту станциясының жүк қағазды толтыруы**

520. "Ерекше белгілер мен мөрқалыптарға арналған орын" бағанында мынадай белгілер қойылады:

Қауіпті жүктерді тасымалдау ережесінде, Темір жол көлігін техникалық пайдалану ережелерінде және Жолтабаны 1520 миллиметр темір жолдарда габаритсіз және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулықта, Поездар қозғалысы және маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықта көзделген жағдайларда пойыз құрамындағы вагонды жабу туралы;

тасымалдардың осы бағытында жылжымалы құрамның массасы, түрі немесе тиеу габариті бойынша шектеулер туралы (ол жайында белгі жүкқағазына бұрыштама қойғанда жасалады);

"дөңестен түсірілмесін" - Қауіпті жүктерді тасымалдау ережесінде, Темір жол көлігін техникалық пайдалану ережелерінде және Жолтабаны 1520 миллиметр темір жолдарда габаритсіз және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулықта көзделген жағдайларда;

\_\_\_\_\_ ст. жүктерді жөнелтілушілік маршрутпен тасымалдағанда, "№ \_\_\_\_ тікелей жөнелтілушілік маршруты", "\_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_ жөнелтілушілік маршруты" немесе "\_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_ жөнелтілушілік маршруты"; жүктерді сатылы маршруттармен тасымалдағанда, "№ \_\_\_\_ тікелей сатылы маршрут" немесе "\_\_\_\_\_ ст. таратылатын № \_\_\_\_ сатылы маршрут".

Сонымен қатар, егер жүк барлық жол бойында әскериленген күзетпен бірге алып жүру жағдайы туындаса, аталған жүкқағаз бөлімінде "Күзет" деген мөрқалып қойылады.

521. "№ \_\_\_\_ жүкқағазы" бағанында жол тізімдемесінің типографиялық нөмірі немесе тасымалдаушы берген жөнелтілімнің нөмірі көрсетіледі.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, жөнелтілімнің нөмірі темір жол көлігінде белгіленген тәртіппен

бөлінген станция жөнелтілімдерінің нөмірлеріне сәйкес машиналық тәсілмен қойылады.

522. "№\_\_ өтінім бойынша" бағанында тасымалдаушы қабылдаған өтінімнің нөмірі көрсетіледі. Жүктер өтінімсіз қабылданған да тиеу өкімінің нөмірі көрсетіледі.

523. "Жүкті "\_\_\_" \_\_\_\_\_ енгізуге рұқсат етілген" - тиеу және түсіру орындарында жүктерді тасымалдауға берудің барлық жағдайларында толтырылады.

524. "Тиеу "\_\_\_" \_\_\_\_\_ тағайындалған" - жүктерді тиеуге тиеу және түсіру орындарына берудің де, бір жүк жөнелтуші/жүк алушы пайдаланатын кірме жолдарға берудің де барлық жағдайларында толтырылады. Жүк қағаздарға виза қоюдың тәртібін тасымалдаушы белгілейді.

525. "Жүктің тасымалдаушы анықтаған кг-дағы массасы" және "Массаны анықтау тәсілі" бағандары - жүктің массасын тасымалдаушы анықтағанда, тасымалдаушымен толтырылады. Бұл ретте таразының үлгісі көрсетіледі.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде "Массаны анықтау тәсілі" бағаны тауар кассирі автоматтандырылған жұмыс орнының жіктегішіне сәйкес толтырылады.

526. "Тасымалдаушының қабылдаушы-тапсырушысы" бағанында жүктің массасы тасымалдаушымен не болмаса оның қатысуымен анықталғанда, тасымалдаушының жөнелту станциясындағы қабылдаушы-тапсырушысы анық қол қояды.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, егер жүктің массасы тасымалдаушымен не болмаса тасымалдаушының қабылдаушы-тапсырушысымен бірлесіп жүк жөнелтушімен анықталғанда, қабылдаушы-тапсырушының тегі енгізіледі.

527. "Т.ж. маркасы" бағанында (жүктерді шағын жөнелтіліммен тасымалдағанда толтырылады) жүктерді жөнелтуге қабылдау кітабы бойынша реттік нөмірі, жөнелтілімдегі орынның саны және жөнелту станциясының коды көрсетіледі.

"Жөнелту станциясы" бағанында жөнелту станциясының атауы және осы станцияға № 4 Тарифтік басшылыққа сәйкес берілген коды мөрқалыппен көрсетіледі.

528. Жүк қағазының сырт жағында "Жүкті бөліп әкелу" 2-бағанында тасымалдаушының қабылдаушы-тапсырушысы аталған жөнелтілімге жататын жүктің тиеу және түсіру орындарына жеке әкелінген әрбір бөлігі бойынша датасын, орындардың санын және жүктің массасын қояды. Бұл мәліметтер қабылдаушы-тапсырушының қолымен куәландырылады.



529. "Тарифтік белгілер", "\_\_\_ км үшін төлемдермен есеп айырысу", "Жөнелткенде" бағандары тасымалдаушының тарифтік басшылығына (прейскурантқа) сәйкес толтырылады, "ерекше тариф №" бағанында ерекше тарифтің коды көрсетіледі.

"Жөнелткенде" бағанында тасымалдаушының жүк тасымалдары үшін есептеулерді немесе төлемдерді өндіріп алуды жүргізетін тасымалдаушы тасымал ақысының, жолсеріктің (жолсеріктердің) жол жүргені үшін, жүктің мәлімделген құндылығы үшін алымдардың мөлшерлерін және төлемдер үшін басқа белгілерді, оның ішінде тарифтің құраушыларын көрсетеді.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, тарифтік белгілердің кодтары магистральдық темір жол желісі операторының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жіктегішіне сәйкес қойылады. "\_\_\_ км үшін төлемдермен есеп айырысу", "Жөнелткенде" бағандары тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орнында бағдарлама түрінде қалыптастырылады.

530. "Төлемдер жөнелту станциясында өндіріп алынған" бағанында - әртүрлі алымдар квитанциясының нөмірі немесе төлем картасының нөмірі көрсетіледі. Төлемдерді өндіріп алу тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен куәландырылады.

Егер жүктерді жөнелтуші және алушы жеке тұлғалар болып табылғанда, "Жөнелтуші" және "Алушы" бағандары цифрлық кодпен толықтырылады.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, тасымал төлемдері туралы мәліметтер оларды өндіріп алу орнына және есеп айырысу түріне қарай тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орнында бағдарламалық қалыптастырылады.

531. Жүк қағазының және жол тізімдемесінің сыртқы жағының сол жақ жоғарғы бұрышында, сондай-ақ жол тізімдемесі түбіртегінің және жүкті тасымалдауға қабылдау квитанциясының бет жағында станцияның жүкті тасымалдауға қабылдау уақыты туралы күнтізбелік мөрқалыбы соғылады.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, жүкті тасымалдауға қабылдау датасы тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орны арқылы электрондық тасымалдау құжатына енгізіледі.

532. Жөнелту станциясының, тағайындалу станциясының атауларынан кейін, станцияларға № 4 тарифтік басшылыққа (прейскурантқа) сәйкес берілген код қойылады. Жүк жөнелтушімен ресімделген жүк қағазы ұсынылғанда, жөнелту станциясы ондағы мәліметтер мен белгілерді жол тізімдемесіне, жол тізімдемесінің түбіртегіне және жүкті қабылдау туралы квитанцияға көшіреді.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, кодтар тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орнында және магистральдық темір жол желісі операторының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қолданылатын жіктегішке сәйкес қойылады.

Жүк тасымалы электрондық жүкқағазы қолданылып ресімделгенде, жүкті тасымалдауға қабылдауды ресімдеу күні электрондық жүкқағазға енгізіледі.

### **3-параграф. Жүк қағазын жол жүру барысындағы станциялардың толтыруы**

533. Жол жүру барысында осы Қағидада көзделген барлық белгілерді тасымалдаушының станциядағы өкілі жүкқағазының сырт жағындағы "Тасымалдаушының белгілері" 5-бағанында жасайды.

Аталған жөнелтілімге жататын актілер жасалғанда, актінің нөмірі, оның жасалу датасы, акт не туралы жасалғандығы көрсетіледі (мысалы, "\_\_\_\_ орынның кем болуы туралы", "\_\_\_\_ кг массаның кем болуы туралы"). Жеткізу мерзімін ұзартуға құқық беретін жүктің кідіртуі себептері туралы.

Жүк тасымалы тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып ресімделгенде, белгілер тасымалдардың электрондық досьесіне автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің қызмет ету технологиясына сәйкес енгізіледі және электрондық жүк қағазының қағаз көшірмесіне (егер жүк электрондық тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен келе жатса) қойылады.

534. Жүкті жаңа тасымалдау құжаттарын ресімдеумен барар жері өзгертілгенде мына мазмұндағы белгілер қойылады:

жаңа тасымалдау құжаттарында "Жүктің атауы" бағанында - "Жүктің барар жері \_\_\_\_\_ (рұқсат берген тұлғаның тегі, лауазымы) "\_\_\_" \_\_\_\_\_" № \_\_\_ өкімі бойынша өзгертілген, бастапқы жүк қағазының № \_\_\_\_\_, жөнелту станциясы \_\_\_\_\_, тағайындалу станциясы \_\_\_\_\_".

Белгілер тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және мекен-жайды ауыстыруды ресімдеген станцияның мөрқалыбымен куәландырылады.

Жүкті тасымалдардың электрондық досьесін қолданып тасымалдағанда, осы тармақта аталған деректер мен оларды тасымалдау құжаттарына енгізген тасымалдаушының станциядағы өкілінің тегі тиісінше жаңа және бастапқы электрондық тасымалдау құжаттарында толтырылады. Барар жерін ауыстыруды ресімдеуде басылған ГУ-27-У-ВЦ нысаны бойынша жаңа және бастапқы

электрондық жүк қағазының қағаз көшірмелері тасымалдаушының тауар кассирінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен "Тасымалдаушының белгілері" бағанында куәландырылады.

535. Жүктің барар жерін бастапқы тасымалдау құжаттары бойынша өзгерткенде тасымалдау құжатындағы тағайындалу станциясының атауы және оның коды, жүк алушы және оның коды (қажет болғанда, сызылғанды оқуға болатындай) сызылып тасталады және барар жерін өзгерту туралы өкімге сәйкес жаңа деректер мен олардың коды көрсетіледі. Түзетулер тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен куәландырылады. Сонымен қатар, Жүктің барар жері \_\_\_\_\_ (рұқсат берген тұлғаның тегі, лауазымы) "\_\_\_" \_\_\_\_\_" № \_\_\_ өкімі бойынша \_\_\_\_\_ т.ж. \_\_\_\_\_ станциясына өзгертілген" деген белгі соғылады. Белгі тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен куәландырылады. Жүкті тасымалдардың электрондық досьесін қолданып, тасымалдағанда осы тармақта аталған деректер ГУ-27-У-ВЦ нысанды бастапқы электрондық жүк қағазының және ГУ-29-У-ВЦ нысанды жол тізімдемесінің қағаз көшірмелерінде толтырылады, олар тауар кассирінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен "Тасымалдаушының белгілері" бағанында куәландырылады. Тасымалдардың электрондық досьесінде тағайындалу станциясын және алушыны өзгерту тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің қызмет ету технологиясына сәйкес жүргізіледі.

536. Тағайындалу станциясын өзгертусіз жүк алушыны өзгерткенде жүк алушының атауы және оның коды (қажет болғанда, сызылғанды оқуға болатындай) сызылып тасталады және жүк жөнелтушінің арызы негізінде жаңа жүк алушының атауы және оның коды көрсетіледі. Жасалған түзетулер тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен куәландырылады. Жүкті тасымалдардың электрондық досьесін қолданып, тасымалдағанда жаңа жүк алушының атауы және оның коды ГУ-27-У-ВЦ нысанды бастапқы электрондық жүк қағазының және ГУ-29-У-ВЦ нысанды жол тізімдемесінің қағаз көшірмелерінде толтырылады, олар тауар кассирінің қолымен және станцияның мөрқалыбымен "Тасымалдаушының белгілері" бағанында куәландырылады. Тасымалдардың электрондық досьесінде алушыны өзгерту автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің қызмет ету технологиясына сәйкес жүргізіледі.

537. Сапар барысында жүк басқа вагонға қайта тиелген жағдайда, тасымалдау құжатында вагонның нөмірі және ол жайындағы басқа мәліметтер сызылып тасталады (қажет болғанда, сызылғанды оқуға болатындай), содан кейін жүк қайта тиелген вагон туралы жаңа деректер қойылады. Бұл түзету қайта тиеуді

басқарған тасымалдаушы өкілінің қолымен және басқа вагонға жүк қайта тиелген станцияның мөрқалыбымен расталады.

Электрондық жүкқағаз пайдаланыла отырып, жүкті тасымалдау кезінде оған осы тармақта көрсетілген деректерден басқа тасымалдаушының қайта тиеуді басқарған станциядағы өкілінің тегі және лауазымы енгізіледі.

Тасымалдаушының электрондық досьесін қолдана отырып, жүкті тасымалдау кезінде осы тармақта көрсетілген деректерге, сондай-ақ тасымалдаушының қайта тиеуді басқарған станциядағы өкілінің тегі және лауазымы ГУ-27-У-ВЦ нысанды бастапқы электрондық жүк қағазының және ГУ-29-У-ВЦ нысанды жол тізімдемесінің қағаз көшірмелеріне енгізіледі. Тасымалдардың электрондық досьесінде вагон нөмірін өзгерту тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің қызмет ету технологиясына сәйкес жүргізіледі.

#### **4-параграф. Жүк қағазын тағайындалу станциясында толтыру**

538. "Келуі бойынша" бағанында - ақтық есеп айырысу бойынша тасымалдау ақысының сомасы, тасымалдау құжаттары бойынша тағайындалу станциясында өндіріліп алынған қосымша алымдар, тасымал ақысының және тасымалдаушыға тиісті барлық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

539. "Төлемдер тағайындалу станциясында өндіріп алынған" бағанында - әртүрлі алымдар квитанцияларының нөмірі немесе төлем картасының нөмірі көрсетіледі. Төлемдерді өндіріп алу тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен куәландырылады, жүк қағазының және жол тізімдемесінің сырт жағында жүкті беру уақыты туралы станцияның күнтізбелік мөрқалыбы қойылады.

Жүкқағаздың сырт жағында "Жүкті шығару" 3 бағаны тиеу және түсіру орындарында жүкті түсіру және тағайындалған станциядан жүкті әкету кезінде тасымалдаушының станциядағы өкілімен толтырылады.

540. "Жүкті тасымалдаушының түсіруі немесе жүк алушының құралдарымен түсіруге беру" бағанында - жүк қағазының және жол тізімдемесінің сырт жағында жүкті тасымалдаушының құралдарымен түсіруге беру уақыты немесе алушының құралдарымен түсіруге беру уақыты туралы станцияның күнтізбелік мөрқалыбы қойылады.

541. Жүк қағазының сырт жағындағы "Жүкті әкету" 3-бағаны жүктерді тиеу және түсіру орындарына түсіргенде және тағайындалу станциясынан әкеткенде тасымалдаушының станциядағы өкілімен толтырылады. Егер жүк кезең-кезеңмен әкетілсе, оның әр бөлігінің әкетілуі туралы аталған бағанда тиісті белгі қойылады.

Жүктерді станциядан рұқсатнама бойынша әкету тәртібі белгіленген станцияларда, аталған бағанның атауында "Жүкті әкету" сөздерінен кейін " рұқсатнама № \_\_\_\_\_ " деп көрсетіледі.

542. Жүк қағазының сыртқы жағындағы "Тасымалдаушының белгілері" - келген жүктің барар жері өзгертілген жағдайда, осы Қағидада көзделген белгілер жасалады.

543. Жүк қағазының сыртқы жағындағы "Жүкті беру туралы белгілер" 6-бағанында жүкті жүк алушыға беру туралы осы Қағидада көзделген белгілер жасалады.

544. Жүкті тасымалдардың электрондық досьесін қолданып тасымалдағанда, осы Қағидада көзделген деректер тасымалдардың электрондық досьесіне электрондық жүк қағазының қағаз көшірмесі беріліп енгізіледі.

### **5-параграф. Жүк қағазын тағайындалу станциясында толтыру**

545. Жүкті және тасымалдар үшін есеп айырысуларды алғанын растап жүк алушы мен тасымалдаушы жол тізімдемесінің келесі бағандарын толтырады.

"Жүкті \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ алдым." бағанын - жүк алушы толтырады.

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхат бойынша" бағанын - тағайындалу станциясының уәкілетті тұлғасы жүкті алуға берген сенімхаттың нөмірі мен оны беру датасын көрсетіп толтырады.

" \_\_\_\_\_ сериялы № \_\_\_\_\_ жеке басының куәлігі (төлқұжаты), \_\_\_\_\_ қаласында \_\_\_\_\_ көшесі № \_\_\_\_\_ үй № \_\_\_\_\_ пәтерінде тіркелген" бағанын - тасымалдаушының станциядағы өкілі толтырады, жүкті алуға уәкілеттендірілгеннің төлқұжатының сериясы мен нөмірі көрсетіледі және төлқұжаттың иесі тіркелген мекен-жайы көрсетіледі.

546. Жол тізімдемесіне енгізілген мәліметтер жүк алушының және тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолдарымен куәландырылады.

### **6-параграф. Қосымша жіберу жол ведомосын толтыру**

547. Тағайындалған станцияға жүкті жіберу кезінде жүк пен тасымалдау құжаттарын айыру, сондай-ақ негізгі жөнелтілімнен жүктің бөлігін бөліп алу жағдайларында, қосымша жіберу жол ведомосы сапар барысында тасымалдаушымен ГУ-29-О нысаны (осы Қағидаға 43-қосымша) бойынша толтырылады.

548. Жол ведомосы жүкпен бірге тағайындау станциясына дейін жетеді де, жол ведомосының түбіртегі тасымалдаушыда қалады. Жүкті электрондық

жүкқағазбен тасымалдағанда, тасымалдаушы ГУ-29у-ВЦ нысаны бойынша электрондық қосымша жіберу жол ведомосын толтырады.

549. Қосымша жол ведомосы келесідей ретпен толтырылады:
- жол ведомосы мен жүкқағаз түбіртегінде "Қосымша жөнелту" көрсетіледі;
  - "жеткізу мерзімі аяқталады" бағаны толтырылмайды;
  - "вагон түрі" бағанында вагон түрі көрсетіледі;
  - "вагон нөмірі", "вагонның жүккөтергіштігі", "осьтерінің саны", "габаритсіздік индексі", "Цистернаның түрі/көлемі", "Тасымалдаушы", "Беру станциясы" бағандары осы Қағидада белгіленген тәртіппен толтырылады;
  - "Жол ведомосының №" және "Жол ведомосы түбіртегінің №" бағандарында тасымалдаушымен берілген жөнелтілім нөмірі көрсетіледі;
  - "Жылдамдық" бағанында "Жүктік" көрсетіледі;
  - "Жөнелту станциясы" бағанында № 4 тарифтік басшылыққа сәйкес қосымша жол ведомосын ресімдейтін станцияның дәл атауы және коды көрсетіледі;
  - "Жөнелтуші" бағанында қосымша жол ведомосын ресімдеген тасымалдаушы өкілінің атауы көрсетіліп жазылады;
  - "Пошталық мекен-жай", "Төлеуші", "Құралдармен тиеу", "Жарияланған бағалылық" және "Тарифтік белгілеулер" бағандары толтырылмайды;
  - "Тағайындалған станция" бағанында № 4 тарифтік басшылыққа сәйкес тағайындалған станцияның коды және дәл атауы көрсетіледі;
  - "Алушы" бағанында тағайындалған станциядағы тасымалдаушы өкілінің атауы көрсетіліп жазылады;
- жүк және оның массасы туралы мәліметтері бар бағандарды толтыру жүкқағаздың түпнұсқасындағы мәліметтер негізінде жүргізіледі. Сондай-ақ, жүк атауының астында " \_\_\_\_\_ беру үшін (жүк алушының атауы, оның пошталық адресі) № \_\_\_\_\_ жөнелтілімге қосымша жіберіледі" белгісі жасалынады, БПҚ, сондай-ақ жасалынған жалпы нысандағы акті немесе коммерциялық акт туралы мәліметтер көрсетіледі;
- "Жөнелту станциясында төлемдер төленген" бағаны толтырылмайды. Қосымша жол ведомосын ресімдеген тасымалдаушының өкілі онда өзінің тегін, әкесінің атын, өз атын көрсетеді және қолын қояды;
- Жол ведомосының "Күнтізбелік мөрқалыптар" бағанында және жол ведомосының түбіртегінде қосымша жол ведомосын ресімдеген станцияның күнтізбелік мөрқалыбы қойылады.
550. Қосымша жіберу жол ведомосы тағайындалған станцияда осы Қағидада көрсетілген тәртіпте, жүк алушымен келесі жағдайларда толтырылады: негізгі жөнелтілімге келген бөлікке арналған қосымша жіберу жол ведомосы бойынша жүкті беру кезінде, сондай-ақ тағайындау станциясына негізгі тасымалдау құжаттары келіп түспегенде.

## **7-параграф. Тасымалдау құжаттарының жинағын толтыру**

551. Жүктерді вагондап және шағындап жөнелткенде, тасымалдау құжаттарын ресімдеуді тездету мақсатында жүк қағазынан, жол тізімдемесінен, жол тізімдемесінің түбіртегінен және жүкті қабылдау туралы квитанциядан тұратын ГУ-29-0 нысанды тасымалдау құжаттарының жинағы (осы Қағидаға 43-қосымша) не болмаса ГУ-27 нысанды жүкқағазы (осы Қағидаға 44-қосымша) қолданылады.

552. Тасымалдау құжаттарының жинағына кіретін бланктердің нысаны аталған құжаттарда сәйкес орналастырылған бағандарды көшіргі қағаздың көмегімен бір уақытта толтыруға мүмкіндік береді.

553. Жүк жөнелтушінің және тасымалдаушының тасымалдау құжаттарының жинағын толтыруы осы Қағидаданың 25-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

554. Тасымалдау құжаттарының жинағын толтырғаннан кейін оған станцияларға бөлінетін нөмірлерге орай, тиісті нөмір беріледі.

## **8-параграф. Жүк қағазын тасымалдардың электрондық досьесін қолданып толтырудың ерекшеліктері**

555. Жүк жөнелтушінің меншікті автоматтандырылған жүйесі болғанда және жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында деректерді электрондық алмасу ұйымдастырылғанда, жүк жөнелтуші тасымалдардың электрондық досьесінде деректерді осы тараудың "Жүк жөнелтушінің жүк қағазын толтыруы" 1-параграфында белгіленген тәртіппен толтырады. Жөнелту станциясы тасымалдардың электрондық досьесін осы тараудың "Жүк қағазын жөнелту станциясының толтыруы" 2-параграфында белгіленген тәртіппен толтырады. Деректерді электрондық алмасудың тәртібі тасымалдаушының автоматты ақпараттық жүйесінің қызмет ету және жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында өзара ақпараттық әрекеттесу технологияларымен белгіленеді.

556. Тасымалдардың электрондық досьесі қолданылып, ресімделген құжаттарды кредиттен шығарғанда, тағайындалу станциясы тасымалдардың электрондық досьесіне мәліметтерді осы тараудың "Жүк қағазын тағайындалу станциясында толтыру" 4-параграфында және "Жол тізімдемесін тағайындалу станциясында толтыру" 5-параграфында белгіленген тәртіппен енгізеді.

557. Электрондық тасымалдау және ілеспе құжаттар қажет болған жағдайда, тағайындалу станцияларында электрондық және қағаз түрінде беріледі. ГУ-27-У-ВЦ, ГУ-29-У-ВЦ нысандардың және электрондық ілеспе құжаттардың қағаз

көшірмелерін басып шығарғанда, қағаз тасымалдау құжаттарында жөнелту станциялары мен жол жүру барысында қойылуы осы Қағидада көзделген барлық мөрқалыптар, жазбалар мен қолдар машинамен басу түрінде қойылады.

Қағаз көшірмелер:

тасымалдардың электрондық досьесінің ГУ-27-У-ВЦ нысан бойынша басылған қағаз көшірмесі - "Жүкті беруді ресімдеу" бағанында тауар кассирінің, тасымалдаушының станциядағы өкілінің қолымен және станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен;

тасымалдардың электрондық досьесінің ГУ-29-У-ВЦ нысан бойынша басылған қағаз көшірмесі - кредиттен шығару туралы деректерден кейін электрондық жүк қағазын кредиттен шығарған жүк алушы өкілінің және тауар кассирінің қолымен, сондай-ақ "Жүкті беруді ресімдеу" бағанында станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен;

электрондық түрде ресімделген басқа да ілеспе құжаттардың қағаз көшірмелері - тағайындалу станциясының күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылады.

Жүк жөнелтушінің меншікті автоматтандырылған жүйесі болғанда және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жеткізуі болғанда, оның атына келген жүкке жүк қағазын жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған өзара ақпараттық әрекеттесу технологиясы мен стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу арқылы беруге жол беріледі.

Тасымалдау немесе ілеспе құжаттарды деректермен электрондық алмасуды қолдану арқылы бергенде, электрондық құжаттың түпнұсқалылығы және электрондық цифрлық қолтаңбаларды қолдану қажеттілігі тараптар келісімдерінің, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасы, электрондық құжат айналымы жүйесінің ережелері негізінде белгіленеді.

558. Тасымалдау құжаттарын жүкті тарату пунктінде ресімдегенде, жүк жөнелтуші, жүк алушы уәкілеттендірген тұлға, егер ол автоматтандырылған ақпараттық желінің абоненті болып табылатын болса, электрондық жүк қағазына тасымалдаушының автоматтандырылған жүйесінің қызмет ету технологиясымен көзделген мәліметтерді енгізеді. Қажет болғанда, электрондық жүк қағазының қағаз көшірмесі беріледі.

## **9-параграф. Бір жерден екінші жерге жіберілетін жүк қағазын толтыру**

559. Цементтен, әктен және үйіліп тасымалданатын басқа материалдардан босатылған бос цистерналарды, хоппер-цемент тасығыштарды, минерал



тасығыштарды, астық тасығыштарды, апатит тасығыштарды, шекемтас тасығыштарды, суық илек болатты тасымалдауға платформаларды, қағаздарды тасымалдауға арналған үсті жабық вагондарды, жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған үсті жабық вагондарды, жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған екі ярусты платформаларды, тұтас металдан жасалған жүк вагондарын, транспортерлерді, үсті ашық вагондарды, платформаларды және мүкәммал парктің жабық вагондарын тасымалдау ГУ-27сп (осы Қағидаға 45-қосымша) нысанды бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазымен ресімделеді.

560. Тасымалдаушының тапсырмасы бойынша мұнай және мұнай өнімдерін құю пункттеріне бара жатқан бос цистерналар, бункерлік үсті ашық вагондар былай ресімделеді:

ГУ-27дс нысанды (осы Қағидаға 45-қосымша) бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазымен - мөлдір мұнай өнімдері ағызып алынған бос цистерналарды тасымалдағанда;

ГУ-27дт нысанды (осы Қағидаға 45-қосымша) бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазымен - бункерлік үсті ашық вагондарды және қара мұнай өнімдері ағызып алынған бос цистерналарды тасымалдағанда.

561. Жүк жөнелтушімен ол түсірген әрбір вагонға бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазы ресімделеді және жүкті түсіру (ағызу) аяқталғаны туралы хабарламамен бірге бірмезгілде станцияға ұсынылады.

562. Жүк алушы бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазымен бірге бірмезгілде өзі түсірген әрбір вагонға бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазының бос вагонды жөнелту станциясында қалатын түбіртегін толтырады.

563. Тасымалдаушы жүк алушыдан бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазын алғаннан кейін, оның толтырылу дұрыстығын, жүктен толық босатылуын (құйып алынуын) және вагонның тазартылуын растайтын бағанда жүк жөнелтушінің қойған қолының анықтығын және мөрдiң (мөрқалыптың) болуын тексереді.

564. Әскери бөлімшелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару мекемелерінің жүктерінен босатылғаннан (құйылып алынғаннан) кейінгі бос вагондарға бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағаздарында жүктен босатқан немесе құйып алған ұйымның атауы және жүкті алушы агентінің лауазымы туралы бағандар толтырылмайды, жүк алушы мөр немесе мөрқалыбын қоймайды.

565. Вагон кезекті тиеуге жарамаған, жүктен толық босатылмаған, вагон тазаланбаған жағдайларда, келген вагонды қарап тексерудің нәтижелері бар бір

жерден екінші жерге жеткізу жүк қағазының сыртқы жағы вагонға жаңа жүк тиелетін станцияда толтырылады.

566. Бір жерден екінші жерге жеткізу жүкқағазының барлық нысандарының типографиялық нөмірі бар және жүкқағазы мен жүкқағазының түбіртегінен тұрады. Бір жерден екінші жерге жеткізу жүк қағазы бос вагондармен ілесіп жүреді, ал осы жүкқағазының түбіртегі жүктен босату (құйып алу) және бос вагонды жөнелту станциясының істерінде қалады.

## **26. Тасымалдау және тасымалдау төлемі бойынша есеп**

567. Жүк тасымалдары үшін тиесілі барлық төлемдер және осы Қағидада және № 4 тарифтік басшылықпен белгіленген өзге төлемдер мен алымдар жүк жөнелтілер сәтке дейін жүк жөнелтушімен, экспедитормен енгізіледі, егер шартпен өзгедей көзделмесе. Тасымалдау төлемінің сомасы көрсетілген жүкті қабылдау квитанциясы жүк жөнелтушіге жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілімен тасымалдау құжаттарын ресімдеу кезінде беріледі.

568. Жөнелту кезінде алынған төлемдердің сомасы жүкқағаздың, жол ведомосының, жол ведомосы түбіртегінің және жүкті тасымалдауға қабылдау квитанциясының тиісті бағандарында цифрмен және жазбаша көрсетіледі.

569. Жүктерді тасымалдау үшін түпкілікті есеп айырысуды жүк алушы жүктің тағайындалған станцияға келуі бойынша жүргізеді. Бұл ретте жүкті беру ресімделгенге дейін тасымалдаушының станциядағы өкілі өндірілген тасымалдау төлемінің дұрыстығын тексереді, жөнелту станциясында жол берілген жетімсіздіктерді, сондай-ақ сапар барысында және тағайындау станциясында пайда болған барлық төлемдер мен алымдарды ұсынады және есептейді.

Бұл жағдайларда артық төлем сомаларын қайтару шағым-талап тәртібінде жүргізіледі.

570. Жүктің тасымалданғаны үшін төлемді және тасымалдаушыға төленуі тиіс өзге де төлемдерді төлеуші, егер өзгесі шартпен көзделмесе, жүкті жөнелткенге дейін енгізеді. Жүктің қабылданғаны жөніндегі тасу ақысы көрсетілген квитанцияны барлық жағдайларда жүк жөнелтушіге жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі тасымалдау құжаттарын ресімдеген кезде береді. Жүк жөнелтушіде меншікті автоматтандырылған жүйесі болса және /немесе ол тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алса Жүктің қабылданғаны жөніндегі тасу ақысы көрсетілген квитанцияны жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара қимыл жасау технологиясы мен стандарттарына сәйкес деректермен электрондық алмасу жолымен беруге болады. Деректермен электрондық алмасуда Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба

туралы заңнамасына, электрондық құжат айналымы жүйесінің ережелеріне сәйкес электрондық-цифрлық қолтаңбаның қолданылуына жол беріледі.

571. Жүк алушыдан қосымша тасу ақысын немесе алымдарды өндіріп алу қажеттілігі пайда болған (жолда немесе тағайындалған станциясында пайда болған) жағдайларда, өндіріп алу сол тәртіппен жүргізіледі.

Қалғанын жіберу ведомосы бойынша тасымалдау төлемі алынбайды.

Жүк түсірілетін вагонның параметрлері сол жүк қайта тиелетін вагонның параметрлерімен, жүк қайта тиелетін вагон шанағы параметрлерінің еселілігі, жүк орындарының еселілігі сай келмегенде немесе жүкті тасымалдау кезінде жүкті орналастыруға және бекітуге қойылатын ХЖүкҚК-ға 14-қосымша талаптарының орындалуына байланысты, шекара станциясында жүкті жолтабанының ені басқа жолдағы вагоннан жолтабанының ені тіптен басқа жолдағы екі немесе бірнеше вагонға қайта тиеу кезінде, қайта тиелген жүктер үшін төлем дербес вагондық жөнелтілім ретінде есептеледі.

572. Осы Қағидаға және тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу технологиясына сәйкес тасымалдау тасымалдардың электрондық досьесін пайдаланып ресімделген кезде осы Қағидада аталған тасымалдар үшін есеп айырысу туралы белгілер тасымалдардың электрондық досьесінде қалыптастырылады.

573. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың электрондық нысанын қолданған кезде, төлеуші электрондық төлемдер ережелеріне және/немесе электрондық төлемдер жүйесіне қатысушылардың арасында жасалған шарттарға сәйкес оған есептелген жүктің тасымалданғаны үшін төлемдер мен тасымалдарға байланысты қосымша алымдарды төлем картасы немесе электрондық-цифрлық қолтаңбаны ұстаушы арқылы оның жеке шотынан сомаларды есептен шығару үшін акцептілейді.

## **27. Вагондар мен контейнерлерді пломбылау үшін бекіту-пломбылау құрылғыларын қолдану**

574. Бекіту-пломбылау құрылғылары мыналарға орнатылады:

жабық әмбебап вагонда - вагонның әр жағындағы есіктердің жапсырмаларында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғылары;

цистернада - жоғарғы жүк тиеу люгінің қақпағында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғылары, осы Қағидада пломбылаудың ерекше тәртібі көзделген жағдайларды қоспағанда;

астыққа арналған жабық хоппер-вагонда - әрбір жүк түсіру люгі штурвалының және тиеу люктерін бекітетін қарнақтардың бекіту құрылғысында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғысы;

минерал тыңайтқыштарға арналған жабық хоппер-вагонда - әрбір жүк түсіру люгі штурвалының және жүк тиеу люктерін бекітетін қарнақтардың бекіту құрылғысында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғысы;

цементке арналған жабық хоппер-вагонда - әрбір жүк түсіру люгі штурвалының бекіту құрылғысында және әрбір тиеу люгіне - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғысы;

жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған жабық вагонда - әр бүйірлік алаңша есіктерінің бекітпе құрылғыларында және өту алаңында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғылары;

контейнерлерде - сол жақта орналасқан тұтқада, соңғы болып жабылатын есіктің оң жақ жақтауында - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғысы;

арнайы изометриялық вагонда - баспа тақтайшаларымен және бекіту құрылғысының рычагымен жабдықталған вагонның әрбір жағындағы есіктерде - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғылары немесе вагонның әрбір жағын пломбылауға арналған төмендегі құлақшаларымен жабдықталған есіктерде - бір-бірден бекіту-пломбылау құрылғылары.

Вагондардың басқа түрлерінде бекіту-пломбылау құрылғыларын орнату бекіту үшін арнайы қарастырылған орындарда немесе түйіндерде жүргізіледі.

575. Бекіту-пломбылау құрылғылары мынадай белгілерден тұрады:

- 1) Темір жол әкімшілігінің әріппен қысқартылған атауы;
- 2) кемінде алты белгіден тұратын жеке бақылау белгісі;
- 3) жасаушы кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- 4) бекіту-пломбылау құрылғысының шығарылған жылының соңғы цифры;
- 5) бекіту-пломбылау құрылғысының атауы.

Жеке бақылау белгілері бірдей, сондай-ақ анық емес және толық емес бекіту-пломбылау құрылғыларын қолдануға жол берілмейді.

Вагондар мен контейнерлер үшін бекіту-пломбылау құрылғыларына арналған техникалық талаптар осы Қағидаға 46-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

576. Бекіту-пломбылау құрылғысы оған қондырылған жеке бақылау белгісімен әзірлеушімен, жүк жөнелтушімен, тасымалдаушымен қатаң есепке алынады (олар бекіту-пломбылау құрылғыларын қолданған жағдайда).

Пайдаланылған бекіту-пломбылау құрылғылары тасымалдаудан кейін жүк алушымен жоюға жатады.

577. Егер шекаралық және кедендік бақылау, сондай-ақ санитарлық, фитопатологиялық және басқа да түрлер бойынша тексеру жүргізу мақсатында вагондардың, контейнерлердің ашылуы орын алған жағдайда, соның салдары ретінде алғашқы салынған пломбалар немесе бекіту-пломбылау құрылғылары ауыстырылса, онда кедендік органдардың түзік бекіту-пломбылау құрылғылары жөнелтушінің бекіту-пломбылау құрылғыларына теңестіріледі.

578. Вагондардың, контейнерлердің, ашылулары белгіленген тәртіпте тасымалдаушымен жасалынатын ИНУ-49 нысанды шекаралық, кедендік, карантиндік, фитосанитарлық және бақылау мен тексерулердің басқа түрлерін жүргізу үшін вагонды, контейнерді, автомобильді, тракторды немесе басқа өзі жүретін машинаны ашу актісімен (осы Қағидаға 47-қосымша) немесе жүкқағаздағы "Тасымалдаушы белгісі" бағанына тасымалдаушымен енгізілетін ашу туралы тиісті белгі қою арқылы куәландырылады. Пломбылары немесе бекіту-пломбылау құрылғылары ауыстырылған вагондарды, контейнерлерді ашу актісі бақылауды жүзеге асыратын тиісті тұлғалардың қол қоюларымен, тасымалдаушы өкілінің қол қоюымен және станцияның күнтізбелік мөрқалыбын басумен куәландырылады, ал жүкқағаздағы ашу туралы белгі пломбылары немесе бекіту-пломбылау құрылғылары ауыстырылған станциядағы тасымалдаушының тиісті өкілінің қол қоюымен және осы станцияның күнтізбелік мөрқалыбын басумен, сондай-ақ бақылауды жүзеге асыратын тиісті тұлғалардың қол қоюымен, егер олардың қол қоюлары Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған болса, расталады.

579. Сапар барысында бекіту-пломбылау құрылғыларынсыз немесе бекіту-пломбылау құрылғылары бұзылған немесе бекіту-пломбылау құрылғылары жүкқағазында көрсетілген мәлімдемеге сәйкес келмейтін вагондар мен контейнерлер байқалған жағдайда, алдын ала бұзылған бекіту-пломбылау құрылғылары немесе жүк қағазында көрсетілген мәлімдемеге сәйкес келмейтін бекіту-пломбылау құрылғылары алынып тасталып вагонға, контейнерге жаңа бекіту-пломбылау құрылғылары орнатылады.

Бекіту-пломбылау құрылғыларының орнатылғаны туралы жүкқағазда "Тасымалдаушы белгісі" бағанында бекіту-пломбылау құрылғыларының бақылау белгісі көрсетіле отырып, тиісті белгі қойылады.

Вагонда, контейнерде кедендік немесе басқа мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының бекіту-пломбылау құрылғыларының болуы жүкті беру кезінде оның жай-күйін, массасын және орын санын тасымалдаушының тексеруіне негіз бола алмайды.

Осы Қағиданың 32-тарауының талаптарына сәйкес тасымалдаушымен коммерциялық акт ресімделген жағдайда, оған бекіту-пломбылау құрылғысы бірге беріледі.

580. Жол жүру барысында жүктің жағдайын тексерген жағдайларда, сондай-ақ кедендік тексеру немесе мемлекеттік бақылаудың (қадағалау) басқа түрі үшін барлық бекіту-пломбылау құрылғыларын толық ауыстырмай, тексеру үшін алынған бекіту-пломбылау құрылғыларын ауыстырумен ғана шектелуге жол беріледі, ол жайында жалпы нысандағы ГУ-23 актісі жасалады және тасымалдау құжатында белгі соғылады. кедендік органдарға немесе мемлекеттік

бақылаудың басқа органдарына бекіту-пломбылау құрылғыларын алу жөніндегі тасымалдаушының шығыстары жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың немесе экспедиторлардың есебінен өтеледі.

Жөнелту станциясында вагонда, контейнерде өткен тасымалдардан қалған бекіту-пломбылау құрылғылары анықталған жағдайларда, оларды жүкті кімнің тиеуіне қарай, жүк жөнелтуші немесе тасымалдаушы алып тастауы тиіс.

581. Қазақстан Республикасының аумағында осы Қағидаға 48-қосымшада аталған жүктерді БПҚ-сыз, бірақ есіктерді, люктерді жабу үшін міндетті түрде бұраулар (арқансымдық, сымдық) салып тасымалдауға жол беріледі.

Егер цистерналардың конструкциясы жоғарғы тиеу люгін ашпай, төменгі ағызу аспабының ашылуына жол бермейтін болса, цистерналардың төменгі ағызу аспаптары пломбаланбайды.

582. Осы Қағидада көзделген жағдайларда, сондай-ақ жүктері түсірілген бос вагондар да, контейнерлер де пломбаланады немесе тиелген вагондарға арналған бекіту-пломбылау құрылғыларының жабылуы тәрізді бұраулармен жабылады.

Меншікті және жалданған бос вагондарды, контейнерлерді, тоңазытқыш вагондардан қайта жабдықталған 918 сериялы вагондарды, нөмірі 800 изотермиялық вагондарды, 927 сериялы жеңіл автомобильдерге арналған мамандандырылған платформаларды тасымалдау жүк алушының есебінен бекіту-пломбылау құрылғыларын орнату арқылы жүргізіледі.

Екінші және үшінші категориялар бойынша санитарлық өңдеуді қажет ететін, жүктері түсірілген бос жабық, изометриялық вагондарды дезопромстанцияларына (дезопромпункттерге) жіберген кезде, олардың есіктеріне және люктеріне бұраулар мен пломбалар салынады.

583. Вагондарды, контейнерлерді пломбылау үшін осы Қағиданың талаптарын ескеруінсіз жасалған бекіту-пломбылау құрылғылары қолдануға жол берілмейді.

## **28. Вагондарды беруге-алуға шарттар жасасу және мұндай шарттардың міндетті ережелері**

584. Кірме жол мен жанасу станциясы жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін (бұдан әрі - БТП) бірлескен комиссия әзірлейді, оның құрамына тасымалдаушының, магистральдық темір жол желісі операторының уәкілетті өкілдері және өз локомотивтерімен қызмет көрсететін әрі тәулігіне орташа 50 вагоннан және одан көп жүк айналымы бар ұйымдардың (бұдан әрі – ұйым) кірме жолдары үшін тармақ иеленушісі кіреді. БТП-ны әзірлеу қажеттілігі тасымалдаушымен, магистральдық темір жол желісінің операторымен және тармақ иеленушісімен анықталады. БТП-ны әзірлеу кезінде уәкілетті органмен

бекітілетін Кірме жол мен жанасу станциясы жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін әзірлеу ережесі пайдаланылады.

585. Белгіленген тәртіппен әзірленген БТП-ның жобасын Тасымалдаушы тармақ иеленушіге жібереді, ол бір ай мерзімде оны қарайды және қол қояды. Егер жоба бойынша ескертулер болса, ол оған тәуелсіз қол қояды және келіспеушілік хаттамасымен (негіздеп) осы мерзімде Тасымалдаушыға қайтарады.

586. Егер тармақ иеленуші белгіленген бір айлық мерзімде қол қойылған БТП-ны қайтармаса немесе оны қол қоймай және келіспеушілік хаттамасыз қайтарса, онда ол Тасымалдаушының редакциясында күшіне енеді.

587. Келіспеушілік хаттамасымен қол қойылған БТП-ның жобасын алғаннан кейін тасымалдаушының өкілі бір айлық мерзімде келіспеушілік хаттамасын қарайды. Келіспеушіліктерді қарау күні туралы тасымалдаушының өкілі тармақ иеленушіге қарау күні тағайындалғанға дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей хабарлайды.

Егер белгіленген тәртіппен қол қойылған БТП-да келісілмеген мәселелер қалса және олар шешілмеген болса, тасымалдаушының өкілі БТП-ның жобасын келіспеушілік хаттамасымен бірге келіспеушілік хаттамасы ресімделгеннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде тасымалдаушыға жіберуі тиіс. БТП-ның қол қойылған жобасын алғанда тасымалдаушы келіспеушілік хаттамасын екі айлық мерзімде қарайды. Келіспеушіліктерді қараудың күні туралы тармақ иеленушіге қарау күні тағайындалғанға дейін кем дегенде күнтізбелік 25 күн бұрын хабарланады.

Келіспеушіліктер хаттамасын қарағаннан кейін БТП-ға тасымалдаушы немесе Магистральдық темір жол желісінің операторы қол қояды.

Тармақ иеленуші келіспеушіліктер хаттамасын қарауға дәлелді себептерсіз келмесе, БТП күшіне тасымалдаушының редакциясында енеді. Егер тасымалдаушы белгіленген мерзімде келіспеушіліктер хаттамасын қараудың күнін тағайындамаса, БТП күшіне тармақ иеленушінің редакциясында енеді.

588. БТП бойынша реттелмей қалған келіспеушіліктер тасымалдаушының және тармақ иеленушінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

589. Вагондарды беру-алу шарттарымен вагондарды беру-алу тәртібі, сондай-ақ тиеудің және түсірудің (жүктен босатудың) технологиялық уақыты немесе вагондар айналымының технологиялық мерзімдері белгіленеді. Вагондар айналымының технологиялық мерзімін есептегенде осы Қағиданың 7-тарауында, осы Қағидаға 23-қосымшаның 1-28 кестелерінде келтірілген жүк вагондарымен тиеу-түсіру операцияларын орындауға арналған мерзімдер және жүк вагондарымен тиеу-түсіру операцияларын орындауға арналған мерзімдерді анықтау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар қолданылуы мүмкін.

590. Контрагенттің кірме жолына тармақ иеленушінің локомотивімен қызмет көрсетілгенде, олардың арасындағы қатынастар шартпен реттеледі.

Кірме жолға тасымалдаушының локомотивімен қызмет көрсетілгенде, Контрагент пен тасымалдаушы арасындағы вагондарды беруге және әкетуге шарт жасасылады, Мұндай шарт тармақ иесінің өз жолдары бойынша контрагенттің вагондарын өткізуге келісімі болғанда жасасылады.

Егер контрагенттің өз жолдары болса, және оған магистральдық темір жол желісі операторының немесе тасымалдаушының локомотивімен қызмет көрсетілсе, онда контрагент пен тасымалдаушы арасындағы вагондарды беруге және әкетуге шарт жасасылады және барлық есеп айырысулар олардың арасында жүргізіледі, негізгі тармақ иеленушінің кірме жолын амортизациялаумен, күтіп-ұстаумен және жөндеумен байланысты есептесулерді ескермегенде.

Егер контрагенттің тармақ иесінің кірме жол шектерінде жүктерді сақтау және тиеу-түсіру механизмдері үшін қоймалары болса, онда онымен магистральдық темір жол желісі операторының немесе тасымалдаушының локомотивімен вагондарды беруге және әкетуге шарт жасасылмайды. Бұл кәсіпорындарға қызмет көрсету тәртібі тасымалдаушымен және тармақ иесі арасында жасасылатын шартпен белгіленеді.

Егер контрагенттің жүктерді сақтау және тиеу-түсіру механизмдері үшін қоймалары болмаса, онда олар оны тармақ иесінен жалға алады және олармен вагондарды беруге және әкетуге шарт жасасылмайды, ал тармақ иесімен есептесуді олардың арасында жасасылған шартта қарастырылған жағдайларда жасалады.

591. Вагондарды беруге және әкетуге шарттар бес жылдық мерзімге жасалады.

Станцияның немесе кірме жолдың технологиялық жарақтануы, жұмыс технологиясы өзгерген жағдайда, шарттарға өзгертулер, толықтырулар енгізіледі, олар қосымша келісімдермен ресімделеді немесе жаңа шарттар жасасылады.

592. Ұлттық темір жол компаниясы филиалдарының кәсіпорындарымен және өкілдіктерімен вагондарды беруге және әкетуге шарттар жасасылмайды. Вагондарды беру және әкету тәртібі олардың кірме жолда болуының технологиялық мерзімі және басқа барлық шарттар магистральдық темір жол желісі операторының бұйрығымен белгіленеді.

Станцияның немесе кәсіпорынның технологиялық жарақтануы, жұмыс технологиясы өзгерген жағдайда, бұйрыққа өзгертулер немесе толықтырулар енгізіледі.

593. Жүк тиеу және түсіруді орындауға арналған станция жолдарына вагондарды беру және әкету тәртібі, вагондардың бұл жолдарда технологиялық



болу уақыты және басқа барлық шарттар магистральдық темір жол желісі операторының бұйрығымен белгіленеді.

Станцияның технологиялық жарақтануы, жұмыс технологиясы өзгерген жағдайда, бұйрыққа өзгертулер немесе толықтырулар енгізіледі.

594. Тармақ иеленуші өзгерген жағдайда, жаңа тармақ иеленуші мен тасымалдаушы арасында вагондарды беруге-алуға шарт жасасылады.

595. Тасымалдаушы тармақ иеленушімен бірлесіп, вагондарды беруге-алуға шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде үш айдан кешіктірмей, жаңа шарт жобасын әзірлеуге кіріседі.

596. Вагондарды беруге-алуға шарт жасасылғанға дейін тармақ иеленуші Тасымалдаушыға кірме жолға құқығын растайтын құжаттарды тапсырады.

597. Вагондарды беруге-алуға шарттар әзірлеу кезінде Кірме жолға қызмет көрсету және онда қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы Қағиданың, кірме жолдың техникалық паспортының, кірме жолдың жоспарының деректері, кірме жолдың бойлық пішіні, жасанды құрылыстардың сызбасы және кірме жолды тексеру актісінің деректері (осы Қағидаға 49-қосымша) ескеріледі.

598. Вагондарды беруге-алуға шарт жасасар алдында оның шарттарын анықтау үшін Магистральдық темір жол желісі операторы тасымалдаушымен және тармақ иеленушімен бірге кірме жолға және оның техникалық жарақталуына тексеру жүргізеді. Тексерудің нәтижелері кірме жолды тексеру актісімен ресімделеді (осы Қағидаға 49-қосымша).

599. Кірме жолды тексеру актісіне құрамы магистральдық темір жол желісі операторының, тармақ иеленушінің және тасымалдаушының уәкілетті өкілдерінен тұратын комиссия, ал тиісті жағдайларда мемлекеттік органдардың өкілдері қол қояды. Кірме жолды тексеруді станция бастығы және тармақ иеленушінің уәкілетті өкілі басқарады. Тексеруге қатысушы тармақ иеленуші кірме жолды тексеру актісіне қол қояды, ал актіге енгізілген деректермен келіспеген жағдайда, оған қол қояды және өзінің ескертулерін жазбаша не болмаса актіге қоса берілетін жеке парақта баяндайды.

Кірме жолды тексеру актісі үш данада жасалады, оның біреуі-тармақ иеленушіде, екіншісі станцияның істерінде қалады, үшіншісі тасымалдаушыға тапсырылады. Тасымалдаушының талабы бойынша оларға тағайындалған актінің даналарына тармақ иеленуші тиеу және түсіру орындары жазылған және теміржол жолдарының мамандануы мен қойма жайлары көрсетілген кірме жолдың масштабтық сызбасын және жоспарын қоса береді.

600. Вагондарды беру-алу шартын әзірлеуді тасымалдаушы осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырады.

Шарт жобасының қол қойылған екі данасын тасымалдаушы тармақ иеленушіге қол қоюға жібереді, ол алынған шарттың жобасына қол қояды және

оны тасымалдаушыға бір айлық мерзімде қайтарады. Аталған мерзім: шарт жобасы қолға берілгенде - адресаттың шартты алғандығы туралы қабылдаған тұлғаның лауазымы және тегі көрсетілген сенімхаттың күнінен бастап; почта арқылы жазбаша хабарламамен жібергенде - адресаттың жазбаша хабарламада көрсетілген шарт жобасын алған күнінен бастап есептеледі.

Егер шарт жобасына қол қою барысында тармақ иеленушіде оның шарттары бойынша қарсылықтар туындаса, шарттың жобасына қол қоюмен қатар, ол келіспеушіліктер хаттамасын жасайды және оның екі данасын қол қойылған шартпен бірге тасымалдаушыға жібереді. Келіспеушіліктердің бар екендігі туралы шарттың жобасында айтылады.

Тармақ иеленуші тасымалдаушыға қол қойылған шарт жобасын бір айлық мерзімде қайтармаған жағдайда, шарт күшіне тасымалдаушының редакциясында енеді.

Тасымалдаушы келіспеушіліктер хаттамасын алған күннен бастап бір айлық мерзім ішінде оны қарайды. Тасымалдаушы келіспеушіліктерді қарау күні туралы тармақ иеленушіге келіспеушіліктерді қараудың тағайындалған күнінен 10 күннен кешіктірмей хабарлайды. Егер тасымалдаушы бір айлық мерзімде келіспеушіліктерді қарау күнін тағайындамаса, шарт күшіне тармақ иеленушінің редакциясында енеді. Егер тараптар шарттың ережелері бойынша келісімге келмеген жағдайда, тасымалдаушы дауды келіспеушіліктер хаттамасына қол қойғаннан кейін он күн мерзімде сот органдарының қарауына тапсырады.

Вагондарды беруге-алуға шарт бойынша келіспеушіліктерді тасымалдаушының және тармақ иеленушінің уәкілетті өкілдері қарайды және шешеді.

Қозғалыс қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шешімдерді магистральдық темір жол желісі операторының уәкілетті өкілі қабылдайды.

Даулы мәселелер шешілгенге дейін тараптардың барлық қатынастары вагондарды беру-алуға бұрын жасалған шартпен реттеледі.

601. Контрагентке өзінің локомотивімен көлік қызметін көрсететін негізгі тармақ иеленушімен жасалған шартқа сәйкес контрагент мұндай тармақ иеленушіге жүк алуға не болмаса жүк пен вагонды қабылдауды дербес жүзеге асыруға тапсырма беруі мүмкін.

602. Жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушының теңіз және өзен порттарымен өзара қарым-қатынастары вагондарды беру-алу шарттарымен реттеледі.

603. Кірме жолдарды салу кезеңінде оларға вагондарды беру тасымалдаушы мен құрылыс салуды жүзеге асырушы ұйым немесе кірме жол арналып салынып

жатқан ұйым арасында бір жылдан аспайтын мерзімге жасасылатын қысқа мерзімді шарттың ережелерімен жол беріледі.

Локомотивтер мен вагондардың құрылысы салынып жатқан кірме жолда қозғалу тәртібі мен шарттарын регламенттейтін нұсқаулық белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін аталған шартқа қол қойылуы мүмкін.

604. Тармақ иеленушінің иелігіне жатпайтын кірме жолда вагондардың зақымдану оқиғалары вагонның зақымдануы туралы ВУ-25 нысанды актімен ресімделеді, оған магистральдық темір жол желісі операторы және тармақ иеленушінің уәкілетті өкілдері қол қояды.

605. Кірме жолды салу және пайдалануға қабылдау аяқталғаннан кейін магистральдық темір жол желісі операторының уәкілетті өкілінің қатысуымен тармақ иеленуші әрбір кірме жолға Кірме жолда қызмет көрсету және қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты (бұдан әрі - Нұсқаулық) әзірлейді. Қағидаға тармақ иеленушінің қолы қойылады, станция бастығымен келісіледі және Магистральдық темір жол желісі операторының уәкілетті өкілі бекітеді. Кірме жолдардағы жұмысты жүзеге асыратын тармақ иеленушілер, контрагенттер, Магистральдық темір жол желісі операторы мен тасымалдаушылар Қағиданың талаптарын сақтауы тиіс.

Нұсқаулықты бекіткенге дейін вагондарды кірме жолға беруге жол берілмейді. Аталған Нұсқаулық кірме жолдың техникалық жарақтандырылуы немесе оның жұмысының технологиясы өзгергенде қайта қаралады. Кірме жолдың иесі өзгерген жағдайда, жаңа Нұсқаулық бекітіледі.

606. Нұсқаулық келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

- 1) кірме жолдың сипаттамасы;
- 2) вагондарды кірме жолға берудің және алудың тәртібі;
- 3) кірме жолда маневрлік жұмысты жүргізу тәртібі;
- 4) қабылдау-тапсыру операцияларының тәртібі;
- 5) қауіпті жүктермен жұмыс істеу кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің шаралары;
- 6) тараптардың жауапкершілігі.

607. Вагондарды беру және әкету қашықтығы темір жол вокзалының осінен кірме жолдың, станцияның техникалық-басқару актісінің (ТБА) схемасы немесе паспорттық мәліметтері бойынша, станция схемасы немесе нақты өлшеу арқылы анықталады.

Тасымалдаушының, магистральдық темір жол желісі операторының локомотивімен кірме жолға қызмет көрсету кезінде вагондарды беру және әкету қашықтығы темір жол вокзалының осінен кірме жолдардағы екі жақ шеттегі жүктерді түсіру, тиеу орындарына дейінгі қашықтықтар арқылы анықталады.

Кірме жолда вагондарды беру және әкетудің бірнеше пункттері болған жағдайда, вагондарды беру және әкету қашықтығы әрбір пункт бойынша қашықтыққа және вагондар санына байланысты орташа өлшенген қашықтық ретінде анықталады.

Кірме жолға тармақ иесінің локомотиві қызмет көрсеткен жағдайда, контрагенттердің қабылдау-тапсыру жолдарына вагондарды беру және әкету қашықтығы, бұл жолдардың ұзындығын қоса алғанда, теміржол вокзалының жолаушылар ғимаратының осінен екі шетке дейінгі қашықтық арқылы анықталады.

Теміржол вокзалының жолаушылар ғимараты болмаған жағдайда, вагондарды беру және әкету қашықтығы станция бойынша кезекші ғимаратының осінен бастап анықталады.

608. Вагондардың, контейнерлердің жүкжөнелтушіде, жүк алушыда, тармақ иеленушіде тұру уақыты Магистральдық темір жол желісі операторының, Тасымалдаушының локомотивімен қызмет көрсеткен жағдайда, вагондарды жүкті тиеу немесе түсіру орнына нақты беру сәтінен бастап станцияның жүкжөнелтушіден, жүк алушыдан, тармақ иеленушіден вагондарды алуға дайындығы туралы хабарламаны алған сәтіне дейін есептеледі, кейіннен ол жазбаша расталуы керек.

Вагондардың осы жолдар иесінің локомотивімен қызмет көрсетілетін кірме жолдарда болу уақыты вагондарды тармақ иеленушіге шығарып қоятын жолдарда беру сәтінен бастап оларды қайтарған сәтке дейін есептеледі.

609. Вагондарды хабарламалар, кесте бойынша немесе белгіленген уақыт интервалдары арқылы вагондарды бергенде және әкеткенде, олардың кірме жолда болған уақыты былай есептеледі:

- 1) хабарламалар бойынша - хабарламада көрсетілген мерзімнен ерте емес;
- 2) кесте бойынша - кестемен көзделген мерзімнен ерте емес;
- 3) интервалдар бойынша - алдыңғы беруден кейінгі уақыт өткеннен ерте емес

Тасымалдаушы вагондарды хабарламасыз бергенде, берілген вагондар жүк алушыға, жүк жөнелтушіге, тармақ иеленушіге есептеледі және олардың кірме жолда болған уақыты оларды нақты берген сәттен бастап екі сағат өткеннен кейін есептеледі.

Вагондар хабарламада көрсетілген уақытты бұзып берілгенде, вагондардың кірме жолда болуы уақыты нақты берілген сәттен бастап есептеледі. Егер кешіктірілуі екі сағаттан асатын болса, онда Тасымалдаушы жүк алушыға, жүк жөнелтушіге, тармақ иеленушіге беру туралы тағы хабарлайды.

610. Кірме жолы жоқ жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) вагондарды беру кезінде, тармақ иесінің кірме жолына оның келісімі бойынша вагондарды бергені және әкеткені үшін төлем вагондарды беру және әкету шартында көрсетілген

қашықтық үшін есептеледі. Мұндай келісім жазбаша станция бастығының тармақ иесінің және жүк жөнелтушінің (жүк алушының) үш жақты келісімімен ресімделуі тиіс. Онда жүк операциялары үшін қолданылатын нормалар және кірме жолда вагондардың тоқтап тұрғаны үшін кім (Тармақ иесі немесе жүк жөнелтуші/жүк алушы/) жауапкершілік көтеретіні көрсетілген болуы тиіс. Келісім станция істерінде қалады. Жүк жөнелтушіге/жүк алушыға/ ресімделген вагондарды беру және әкету ведомостарында келісімге сілтеме жасалады.

611. Вагондардың кірме жолда болған уақытын есепке алу қабылдаушы-тапсырушының жаднамасы негізіндегі вагондарды беру және алу тізімдемесі бойынша нөмірлік тәсілмен жүзеге асырылады. Вагондарды беру және алу тізімдемесін және қабылдаушы-тапсырушының жаднамасын толтыру тәртібі тиісті Қағидада белгіленеді.

Тармақ иеленушінің меншікті ақпараттық жүйесі болса, хабарламаларды, тапсырушының жаднамаларын және вагондарды беру және алу тізімдемесін ресімдеу және тапсыру тармақ иеленуші мен станция арасында қабылданған ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың технологиясы мен стандарттарына сәйкес ҚЭА арқылы жүзеге асыруға болады. Вагондардың кірме жолда болған уақытын есепке алу осы Ережеге сәйкес тараптардың келісімі бойынша электрондық құжат айналымы, техникалық және бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде автоматтандырылған тәсілмен жүргізіледі.

612. Вагондарды, контейнерлерді жүктен босатуға, қайта тиеуге кірме жолға беруде оларды станцияда жүк алушыға, тармақ иеленушіге тәуелді себептер бойынша кідірту, сондай-ақ бос вагондарды жүк түсіруге қабылданған өтінімге сәйкес тиеуге беруде жүк алушыға, тармақ иеленушіге тәуелді себептер бойынша кідірту станциялық жолдарды ұстап тұрғаны үшін одан әрі алым алу, ал тасымалдаушының вагондары, контейнерлері үшін, кідірілген вагондардың, контейнерлердің нөмірлері енгізіліп, жүк операцияларына беруді күтіп тұрған вагондарды, контейнерлерді пайдаланғанына төлем жасау үшін жалпы нысандағы ГУ-23 актісімен ресімделеді. Тасымалдаушының шартпен белгіленген мерзімде вагондарды бере алмауы кідірту фактісі болып табылады.

Толық тасымалдау құжаттары бойынша келген меншікті немесе жалданған бос вагондарды беруді кідірту жалпы нысандағы ГУ-23 актісімен станциялық жолдарда тұрғаны үшін алымды алу үшін жүктерді тасымалдау үшін қабылданған өтінімге (жоспарға) тәуелсіз ресімделеді.

613. Жүк тиелген вагондардың және меншікті және жалданған бос вагондардың жүк алушыға, тармақ иесіне тәуелді себептер бойынша тағайындау станциясына қабылданбауынан және тағайындау станциясында вагондардың жинақтаудың техникалық мүмкіндігінің болмауынан аралық станцияларда кідіруі кезінде Магистральдық темір жол желісі операторының өкілі аралық

станция вагондардың кідіруі туралы бұйрық шығарады және бұл жайында тасымалдаушыға хабарлайды. Бұл бұйрықтың негізінде тасымалдаушының өкілі тағайындау станциясында жүк алушыға, тармақ иесіне вагондардың кідіруі туралы хабарлайды, ал тасымалдаушының өкілі станциялық жолда тұрғаны үшін және тасымалдаушының вагондары мен контейнерлеріне алым алу үшін және вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін аралық станцияда жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасайды.

614. Кірме жолдағы қозғалыста үзілістің пайда болуына және жүктерді тиеу, түсіру (жүктен босату) жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынатын өзге де жағдайларды тудырған тойтарылмас күш жағдайларының, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, әскери іс-қимылдардың, төтенше жағдай енгізудің, блокаданың, эпидемияның, сондай-ақ нәтижесінде жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің негізгі өндірістік қызметін жүзеге асыру тоқтатылған, оларда болған авариялардың салдарынан вагондарды кірме жолдарда кідірту жалпы нысандағы актімен ресімделеді. Жалпы нысандағы актіге нәтижесінде кірме жолда тиеу, түсіру (жүктен босату) жөніндегі операцияларды жүргізуге болмайтын жағдайлардың себебі мен жіктелуі туралы құзырлы органның қорытындысы қоса берілуі тиіс.

## **29. Жүктерді сақтау**

615. Оларды сақтауға ашық қоймаларда, платформалар мен алаңдарда жол берілетін жүктердің тізбесінде (осы Қағидаға 50-қосымша) көрсетілген жүктерді ашық қоймаларда, платформалар мен алаңдарда – тиеу және түсіру орындарында сақтауға жол беріледі.

Осы Қағидаға 51-қосымшада жүктерді тиеу және түсіру орындарында сақтаудың шекті мерзімі (уақыты) көрсетілген.

Жүкті тиеу және түсіру орындарына тағайындалған тиеу күнінен бұрын әкелген кезде, сондай-ақ тағайындалған тиеу күнінен бұрын әкелінген жүкті тасымалдау болмаған немесе жүк жөнелтушінің талабы бойынша кейінге қалдырылған жағдайда мұндай жүктің станция аумағында болған уақыты үшін жүк жөнелтушіден тасымалдаушының Тарифтік басшылығында (прейскурантында) көрсетілген алым алынады.

616. Жүкті сақтау үшін алым:

тасымалдаушының құралдарымен жүкті түсірген сәттен не болмаса вагондарды, контейнерлерді жүк алушының құралдарымен жалпы пайдалану орындарына түсіруге берген сәттен;

барар жерін өзгертуді тосып станциялық жолдарда тұрып қалған және жүк алушының құралдарымен жүгін түсіруге жататын вагондардағы, контейнерлердегі жүктің тағайындалу станциясына келгені туралы жүк алушыны хабардар еткеннен кейін 2 сағат өткен соң;

жүкжөнелтуші жүкті тиеу тағайындалған мерзімінен ерте жалпы пайдалану орындарына әкелген кезден, жүкті нақты әкелген және жүк тиелуі тиіс күні аяқталған күннен немесе жүкжөнелтуші тиеуден бас тартқан жағдайда, жүкті тасып әкеткен күннен бастап есептеледі.

Жалпы пайдалану орындарында тұрған жүкті сақтау үшін алым жүкті кім күзеткеніне қарамастан алынады.

Жүктердің дер кезінде түсірілмеуінен, жалпы пайдалану орындарынан тасып әкетілуінен, жүк алушылардың жүктің барар жерін өзгертуінен туындаған технологиялық қиыншылықтар тасымалдаушыда пайда болған кезде тасымалдаушы жүкті 24 сағаттан артық сақтағаны үшін алымды он есе мөлшерге дейін ұлғайта алады.

Жүкті сақтағаны үшін алымның ұлғайтылған мөлшері станцияда төлемнің ұлғайтылғаны туралы хабарландыру ілінгеннен кейін бір тәуліктен ерте емес мерзімде енгізіледі.

### **30. Жүктерді ұстап қалу, жүктерді мемлекеттік органдарға тапсыру**

617. Жүк алушы:

одан әрі тасымалдау кезінде жүктің бұзылуының немесе жоғалуының мүмкіндігі;

тағайындалған станция ауданында жоқ жүк алушының адресіне келген жүкпен не істеу керектігі жайында жүкжөнелтушінің нұсқауларын алмауы;

шартпен қаралмаған жүкті жеткізу;

оның кімге тиесілі екендігін анықтау мүмкін болмаған (құжатсыз) жүктің табылуы;

жүк тасымалына ақы төлеуден және тасымалдаушыға тиесілі басқа төлемдерден жүк алушының жалтаруы;

жүктің станцияда осы Қағидада белгіленген шекті мерзімдерден артық болуы салдарынан жүкті алушыға жеткізу немесе беру мүмкін болмаған кезде мұндай жүкті ұстап қалады немесе сатады.

618. Жүктерді сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Тасымалдаушымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жүктерді беруі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

619. Сату қоймасына келіп түскен барлық жүктер белгіленген нысандағы кітапқа жазылады.

620. Жүктер құрамында тасымалдаушы өкілі (төраға), жүкті сатып алатын тұлғаның өкілі және Сауда-өнеркәсіп палатасының өкілдері бар комиссия белгілеген баға бойынша сатылады.

Жүкті бағалау комиссия мүшелері қол қоятын актімен ресімделеді.

Жүкті бағалау жүк орналасқан жердегі нарықтық бағаға орай жүргізіледі.

621. Жүктерді бағалағаннан кейін оларды сату тасымалдаушының станциядағы өкілі немесе сату қоймасының бастығы мен жүкті алатын тұлғаның өкілі жасайтын қабылдау-тапсыру актісі бойынша жүргізіледі.

Жүктерді бағалау және қабылдау-тапсыру актілері үш данада жасалады, олардың:

біріншісі тасымалдаушыда қалады;

екіншісі жүкті алушы тұлғаның өкіліне беріледі;

үшіншісі сату қоймасында қалады.

622. Жүктерді сату тасымалдаушының есепшотына жүктің құнын алдын ала төлеуді жүзеге асырғаннан соң жүргізіледі.

Сатылған жүк үшін тасымалдаушы алған сома, тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдер шегеріліп, депозит жағдайында талап-шағым және қуыным мерзімі аяқталғанға дейін тасымалдаушыда сақталынады.

Жүкжөнелтушіден/жүк алушыдан жүкті сатқанынан түскен ақшаны қайтару туралы өтініш түспеген кезде, ол заңнамамен белгіленген талап-қуыным мерзімі өткеннен соң тасымалдаушының табысы болып танылады.

Жүкжөнелтушілердің (жүк алушылардың) талаптары мен талап-қуынымдары бойынша сомаларды өтеу Қазақстан Республикасының "Темір жол көлігі туралы" Заңының 89, 89-1, 90, 91 баптарына сәйкес жүргізіледі.

623. Үй заттарында табылған ақшалық белгілер депозит жағдайында талап-шағым және қуыным мерзімі аяқталғанға дейін тасымалдаушыға қызмет көрсететін Банкке енгізіледі.

Депозитті ресімдеумен байланысты шығыстар табылған ақшалық белгілер соммасынан төленеді.

Банктің есеп айырысу-кассалық бөлімшелері ақшалық белгілерді қабылдағаны туралы тасымалдаушыға түбіртек береді.

Жүкжөнелтушімен талап етілмеген ақшалар үш ай мерзімі өткеннен соң тасымалдаушының шотына аударылады.

Үй заттарында табылған бағалы қағаздар, асыл металдар, тастар мен меруерт, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдар тізімдеме бойынша құндылықтардың атауы, олардың саны мен массасы онда көрсетіліп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударылады.



Бұл ретте тізімдеменің бірінші данасы жіберілімге салынады, екіншісі жіберіліммен бір мезгілде жеке пакетпен жіберіледі, ал үшіншісі тасымалдаушының немесе сату қоймасының істерінде қалады.

### **31. Жүк түсіруден кейінгі вагондар мен контейнерлерді тазалау және жуу**

624. Жүк түсірілгеннен кейін вагонның жүкпен бірге берілмейтін алынатын және алынбайтын жабдықтарын қоспағанда, вагон сыртында және ішінде, қаңқасында және контейнерлерде, сондай-ақ вагонның жүріс бөліктерінде ( арқалықтарда, арбашаларда, қақпақтарда, люктерде) және вагонаралық қосылыстарда, жүктің барлық қалдықтары жойылған вагондар, контейнерлер ( вагон-цистерналардан, бункерлік үсті ашық вагондардан басқа) тазаланған деп саналады.

Вагон-цистерналар, бункерлік үсті ашық вагондар тазаланған деп саналады, егер қазандықтардың және бункерлердің ішкі және сыртқы жақтарында жүк қалдықтары болмаса.

Жүк цистернаның жоғарғы жағынан ағызылған кезде, жоғарғы люктен 1 сантиметрден аспайтын жүктің ағызылмаған қалдығына жол беріледі.

Вагондардағы, контейнерлердегі, вагондар рамасындағы белгілер мен трафареттер анық оқылатындай болуы тиіс.

625. Үйме және ақтарылатын жүктерді сақиналы маршрутпен тасымалдағанда жүк түсірілгеннен кейін вагонда қалатын жүктің рұқсат етілетін қалдығы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына қарай, жүк жөнелтуші мен жүк алушының, тасымалдаушының жазбаша келісімі бойынша анықталады.

626. Ашық жылжымалы құрамдағы атмосфералық жауын-шашын ертеректе тасымалданған жүк қалдығы және оның ластану белгісі болып саналмайды. Вагондарды жауын-шашыннан тазалауды жүк жіберуші жүргізеді.

627. Вагонның, контейнердің сыртқы және ішкі беті ластаушы заттардан: қорғағыш пленка қалдықтарынан, эмульсиядан, сондай-ақ жабыстырылғыш суреттен, жапсырма хаттан, таңба салынатын тақтадан, бор таңбасынан тазаланған болуы тиіс (бос вагонда, контейнерде мұндай жапсырмалардың болу жағдайын қоспағанда немесе вагондармен, контейнерлермен бұл жүктерді тасымалдау ережелерінде бұл жағдайлар қарастырылса).

628. Вагондарды, контейнерлерді тазалаудың барлық амалы, олардың міндетті түрде сақталуын қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ қоршаған ортаны ластауға жол бермеуі керек.

629. Вагонда, контейнерде бұрын тасылған жүктен қалған қалдық табылса, жүк алушы міндетті түрде вагонды, контейнерді қалған қалдықтан толық тазартуға тиіс.

630. Жұкалушы жүкжіберушінің мекен-жайына тазартылмаған вагонға, контейнерге, жүк тиегені үшін шағым жіберуге құқылы, Жұкалушының арызы бойынша тасымалдаушы жалпы нысандағы ГУ-23 актісін жасай отырып, вагонда, контейнерде бұрын тасылған жүктен қалған қалдықтың бар екенін растауға қатысуы мүмкін.

631. Жүк түсіргеннен кейін вагонды, контейнерді тазартқанда қалған қоқыс, жүк қалдығы, бекіткіштер, орамалар және басқа материалдар тиеу және түсіру орындарында жұкалушының құралдарымен түсірілгенде, олар жүкпен бірге жұкалушымен шығарылуға тиіс.

632. Жабық вагондарды жуып-шаю Оларды түсірген соң жабық вагондарды жуу жүргізілуі тиіс жүктердің тізбесінде (осы Қағидаға 52-қосымша) көрсетілген жүктер түсірілгеннен кейін жүргізіледі.

633. Оларды түсірген соң жабық вагондарды жуу жүргізілуі тиіс жүктердің тізбесінде (осы Қағидаға 52-қосымша) көрсетілген жүктер түсірілгеннен кейін, вагондарды жуып-шаю мына жағдайларда жүргізілмейді:

айналма маршруттармен ластаушы, сасық иісті заттарды тасығанда, егер бұл вагондар сол заттарды тиеуге берілетін болса;

егер вагон бір ластаушы (сасық иісті) зат түсірілгеннен кейін қосарласқан операция тәртібімен сол вагонға басқа ластаушы зат (сасық иісті) тиелетін болса.

634. Дәнді-дақылдар таситын вагондар дәнді-дақылсыз жүк түсірілгеннен соң, жұкалушылармен жуып-шайылуға жатады. Ашытқы түсірілгеннен кейін жүк алушы арнайы иісті жою мақсатында астық тасығыш вагондарды желдетеді.

635. Жұкалушының вагонды жуып-шаюға жағдайы болмаған жағдайда, жуып-шаюды тасымалдаушы жұкалушының есебінен жүргізеді.

Жүктерді және көлік құралдарын залалсыздандыруды жұкалушылар жүргізеді немесе жұкалушының есебінен мемлекеттік тиісті бақылау мекемелерімен жүргізіледі.

636. Малдарды, құстарды, малдан шыққан шикі өнімдерді түсіргеннен кейін вагондарды, контейнерлерді жуып-шаюды, ветеринарлық-санитарлық өңдеуді жұкалушы қамтамасыз етеді немесе тасымалдаушы жұкалушының есебінен қамтамасыз етеді.

637. Тасымалдаушының вагонды, контейнерді жуу фактісі жуылған вагондардың, контейнерлердің нөмірлерін көрсете отырып жасалатын жалпы нысандағы ГУ-23 актісімен расталады.

638. Вагоннан немесе контейнерден, жеке меншіктегілерді және жалға алынғандарды қоспағанда, буып-түйілген қауіпті жүктерді түсіргенде ағу, төгілу,

ерекше иіс немесе жүктің шашылуы анықталған болса, вагонды, контейнерді тазарту, ал қажет болған жағдайда жүк алушының есебінен және құралдарымен вагонды, контейнерді жуып-шаю және залалсыздандыру қажет.

639. Вагоннан немесе контейнерден, жеке меншіктегілерді және жалға алынғандарды қоспағанда, № 6.1, 6.2, 8 үлгісі бойынша қауіптілік белгісі бар қауіпті жүктерді, сондай-ақ БҰҰ-ның 3245 нөмірлі "Генетикалық өзгертілген микроағзалар" жүгі бар қаптамаларды түсіргенде, жүк алушы тасымалдаушыға жазбаша растау береді, онда вагоннан, контейнерден түсіргенде ағу, төгілу, ерекше иіс немесе жүктің шашылуы болмағандығы, ал ағу, төгілу, ерекше иіс немесе жүктің шашылуы болған жағдайда вагон, контейнер жүк қалдықтарынан тазартылғаны және өңделгені (жүктің қасиеттеріне байланысты экологиялық қауіпсіз әдістермен жуып-шайылғаны немесе залалсыздандырылғаны), сондай-ақ вагонның, контейнердің одан әрі пайдалану жарамдылығы жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

640. Жүк алушының жазбаша растамасын көліктегі санитарлық-эпидемиялық қадағалау органдарының өкілі растайды.

Жүк алушы жазбаша растауда көрсетілген мәліметтердің растығы үшін жауапты болады.

641. Вагоннан және контейнерден № 7 үлгі бойынша қауіптілік белгісі бар қауіпті жүкті түсіргеннен кейін жүк алушы қажет болса вагонның немесе контейнердің дезактивациясын қамтамасыз етеді және де тасымалдаушыға вагонда немесе контейнерде "алынатын лас-қоқыстың" жоқтығы жөнінде анықтама береді.

642. Егер жүкті түсіру орнында осы Қағиданың 689-тармағының талаптарына сәйкес вагонды не контейнерді тазалау және өңдеу жүргізілмесе, онда бұл вагон немесе контейнер бұрын тасымалданған қауіпті жүктің шарттарына сәйкес тасымалданады.

643. Ақтарма және үйілмелі қауіпті жүктер тасымалданған және осындай жүкті тасымалдауға қайта пайдаланбайтын вагондар немесе контейнерлер жүкті түсіргеннен кейін толық тазалануы тиіс.

644. Осы Қағидада баяндалған талаптар бұзылғанда, тасымалдаушы тазартылмаған вагондардан, контейнерлерден бас тартуға құқылы. Вагондардың, контейнерлердің тазартылуда болған уақыты үшін жүкалушы тасымалдаушыға вагондарды пайдаланғаны үшін төлем төлейді.

645. Толық тасымалдау құжаттары бойынша бос вагондарды ветеринарлық-санитарлық өңдеуге жіберу тасымалдау ақысы төлене отырып, жүргізіледі.

## **5-бөлім. Актілерді жасау, арнаулы зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу**

### **32. Актілер жасау**

#### **1-параграф. Коммерциялық актіні жасау**

646. ГУ-22 нысанды коммерциялық актіде (осы Қағидаға 53-қосымша) әрбір жөнелтілім бойынша вагон нөмірі, вагон түрі, БПҚ саны және БПҚ-ға енгізілген ақпарат, тасымалдау құжаттарында көрсетілген және қолда бар орындар саны және жүк массасы көрсетіледі.

Вагон таразыларымен жүк массасы анықталған жағдайда, коммерциялық актіге тіркелетін тізбеде вагонның брутто массасы, вагон ыдысының массасы және таза масса көрсетіледі. Тізбеге коммерциялық актіге қол қойған тұлғалар қол қояды.

647. Коммерциялық актілер тасымалдаушымен осы Қағидада қарастырылған типографиялық нөмірі бар бланкіде үш данада жасалады және түзетусіз, тазартусыз немесе қандай да бір түзетулерсіз компьютермен немесе баспа машинкасымен толтырады. Тасымалдаушы жүктердің артық массасына коммерциялық актіге сәйкес жүкжөнелтушіге, жүк алушыға келтірілген шығындардың орнын толтырумен байланысты шешім қабылдайды. Әрбір коммерциялық актіге станцияның жолдық мөртабаны және тасымалдаушының атауы қойылады.

Коммерциялық актінің бірінші данасын тасымалдаушы, оны жасауға негіз болған жағдайларды тексеру үшін пайдаланады.

Коммерциялық актінің екінші данасы:

1) жүк алушыға оның талап етуі бойынша беріледі, егер коммерциялық акт тағайындау станциясында жасалса;

2) егер коммерциялық акт жөнелту станциясында немесе жол бойындағы станцияда жасалса, жүкқұжатқа қоса беріледі және тағайындау станциясына дейін барады.

Коммерциялық актінің жасалғаны туралы жүкқұжаттың сырт жақ бетінде "Тасымалдаушының белгілері" бағанында коммерциялық актінің нөмірі, күні және оның жасалу себептері көрсетілген белгі қойылады. Бұл жазба тасымалдаушы өкілінің қолымен және коммерциялық акт жасаған станцияның мөртабанымен расталады.

Коммерциялық актінің үшінші данасы тасымалдаушыда, оны жасаған станцияда сақталады.

648. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде коммерциялық актілер электронды коммерциялық актінің

қағаз көшірмелерін беріп немесе бермей электрондық құжаттама түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабарлар беру және Тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-нің жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің Тасымалдардың электрондық досьесін сүйемелдеуімен қағазсыз технология бойынша жол жүруі кезінде жөнелту станциясында немесе жолай станцияда жасалған коммерциялық акт жүкке электрондық түрде тағайындалған станциясына дейін еріп барады. Электрондық тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің жол жүруі кезінде оларға оны ашқан станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылған электрондық коммерциялық актінің қағаз көшірмесі қоса беріледі.

649. Коммерциялық актінің жол бойындағы станцияда жасалғаны туралы жүкқұжатта белгі болған жағдайларда, ал жүкпен бірге келген тасымалдау құжаттарында ол болмаған жағдайда, коммерциялық акт жүкті беру нәтижелері бойынша тағайындау станциясында жасалады. Жүкті беру сәтінде жол бойындағы станцияда жасалған коммерциялық актінің болмауы (жүкқұжатта тиісті белгінің болуы немесе болмауына қарамастан), оны мойындамауға себеп болып табылмайды.

Жол бойындағы станцияда жасалған коммерциялық актіде бар мәліметтер мен жүкті тексеру мәліметтері сәйкес келген жағдайда, тағайындау станциясында тасымалдаушы жаңа коммерциялық акт жасамайды. Жол бойындағы станцияда жасалған коммерциялық актінің "Ж" бөлімінде мынадай мазмұндағы белгі жасалады: " \_\_\_\_\_ " берген жүкті тексеру кезінде осы коммерциялық актімен айырмашылық болған жоқ". Мұндай белгі станцияның жолдық мөртабанымен және жүк алушы мен тасымалдаушының қолдарымен расталады. Коммерциялық акт сақталмайтын жүк тасымалдарына жасалған коммерциялық актілерді есепке алу кітабында тіркеледі. Коммерциялық актілерді есепке алу кітабындағы реттік тіркеу нөмірі коммерциялық актіге көшіріледі және осы актінің баспаханалық нөмірінің астына қойылады, жүк алушыға оның талап етуі бойынша беріледі.

Жол бойындағы станцияда жасалған коммерциялық акт жүк алушыға берілген жағдайда, оның көшірмесі тағайындау станциясының істерінде сақталады.

Жол бойындағы станцияда жасалған коммерциялық актіде бар мәліметтер мен тағайындау станциясындағы жүкті тексеру мәліметтері сәйкес келмеген кезде, коммерциялық акт жасалады. Бұл ретте осы Қағидада белгіленген

ережелерді жүкжөнелтушінің сақтамауы фактілері тіркелген коммерциялық актілерден басқа, тағайындау станциясында жүк алушыға жол бойындағы станцияларда жасалған коммерциялық актілер берілмейді.

Сапар барысында немесе тағайындау станциясында коммерциялық акт жасалған жағдайда және сонымен қатар жүк жүкжөнелтушінің жарамды бекіту-пломбылау құрылғылары бар вагонында немесе ашық жылжымалы құрамға дұрыс тиелген күйде келсе, бұл жүкжөнелтушінің жауапкершілігін көрсетеді, онда тағайындау станциясы жүкті беру кезінде өздері жасалған коммерциялық актіге қарамастан, жүк алушыға жол бойындағы станцияның түпнұсқалық коммерциялық актісін береді.

650. Зақымданған орындарға, ыдысқа және жүктердің сапасына сараптама жасау осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі. Жүргізілген сараптама туралы коммерциялық актінің "Е" бөлімінде белгі қойылады.

Сараптау актісімен жүк толық немесе ішінара жарамсыз деп танылғанда, басқаша айтқанда, есептен шығарылуға немесе жойылуға жатады деп белгіленген жағдайда, коммерциялық актіге есептен шығару немесе жою актісі қоса берілуі тиіс.

Жиһаздың, жабдықтың, қосалқы бөлшектердің, аспаптың немесе жинақтаушы бөлшектердің жекелеген бөліктері кем болған, бүлінген немесе зақымданған жағдайда, зақымданған жүкті қалпына келтіріп жөндеу құнын немесе жетіспейтін бөлшектердің, қосалқы бөлшектердің, аспаптың, жинақтаушы бөлшектердің (калькуляция, квитанция, шот және т.б.) жекелеген құнын растайтын құжаттар қоса берілуі тиіс.

651. Осы Қағидада көзделген мерзімдерде коммерциялық акт жасалып, оған тағайындау станциясында жүк алушы (коммерциялық актіге қол қою құқығына берілген сенімхат бойынша) мен тасымалдаушының өкілі қол қояды. Жүк түсірілген күні жүкті өлшеуге қатыспаған қабылдап-тапсырушы вагон ыдысын тексерген жағдайда, коммерциялық актінің "Д" бөлімінде жүкті өлшеуге және вагон ыдысын тексеруге қатысқан қабылдап-тапсырушылардың тектері көрсетіледі. Коммерциялық актіге вагон ыдысын тексерген қабылдап-тапсырушы қол қояды.

Коммерциялық актіге қол қоюшы тұлғалар оның мазмұнымен келіспеген кезде өз пікірін білдіруі мүмкін.

652. Тиеу пунктінің (жүкжөнелтушінің) зақымданбаған бекіту-пломбылау құрылғылары бар жарамды вагондары келген кезде, жүк алушының жазбаша хаты бойынша тасымалдаушы коммерциялық актіні жасаған кезде (шартқа сәйкес), вагондардан алынған бекіту-пломбылау құрылғылары вагондар мен

контейнерлерді пломбылау ережелерінде көзделген тәртіппен коммерциялық актіге қоса беріледі және талап және талап-қуыным мерзімі өткеннен кейін 6 айда өшіріледі (жойылады).

653. Тасымалдаушы жүк алушының талап етуі бойынша үш күн ішінде коммерциялық актіні береді. Жүк алушы талап ете алады, егер:

- 1) заңды тұлға-жүкті алуға сенімхатты көрсетсе;
- 2) жеке тұлға-төлқұжатты немесе тұлғаны куәландыратын өзге құжатты көрсетсе.

Коммерциялық актіні беру тасымалдаушыда қалған коммерциялық актінің данасына қол қою арқылы жүргізіледі.

654. Тасымалдаушының өкілі станцияға келген жүктің жай-күйіне тексеру жүргізуден, коммерциялық актіге қол қоюдан немесе осы Қағиданы бұза отырып, актіні ресімдеуден бас тартқаны туралы жүк алушының арызына тасымалдаушы мына мерзімдерде арыздың мәні бойынша дәлелді жауап береді:

- 1) тез бүлінетін жүктерге қатысты – бір тәулік ішінде;
- 2) басқа жүктерге қатысты – арыз келіп түскен күннен бастап үш тәулік ішінде.

Жүктің кем болуына, бұзылуына кінәрат қойылған жағдайда, кінәратқа тасымалдаушының коммерциялық акт жасаудан бас тартқаны үшін шағымдану туралы актіні, сондай-ақ кінәрат иесінің зиян көргенін растайтын құжатты, атап айтқанда жүк алушы жүк құнының төлемін (төлем талабы, банктік шоттан үзінді көшірме немесе тиелген жүк үшін төлемді растайтын басқа құжаттар) қоса беру керек.

655. Негізгі жөнелтілім бойынша жүктің жетіспей келгеніне жүк алушыға коммерциялық акт берілген болса, онда бұл жүк қосымша құжатпен келген жағдайда, тасымалдаушы жүк алушы негізгі жөнелтілім бойынша жүкқұжатты және оған берілген коммерциялық актіні көрсеткен жағдайда, жүкқұжатта және коммерциялық актінің барлық даналарында "Ж" бөлімінде осы жөнелтілім бойынша жетіспейтін жүктің қосымша құжатпен (оның нөмірі көрсетілген) келгені туралы белгі соғылады. Одан басқа, белгіде вагонның нөмірі (вагондардың нөмірлері), қосымшаны ресімдеген станцияның атауы, қосымшаның ресімделу күні және жетіспейтін жүктің берілген күні көрсетіледі.

Белгі станцияның мөртабанымен және тасымалдаушы өкілінің және жүк алушының қолдарымен расталады.

Коммерциялық актіде келмеген ретінде көрсетілген жүктің қалған бөлігі келген жағдайда, жүк алушы тасымалдаушыға сақтау үшін коммерциялық актіні қайтарып береді.

656. ТЭД-ті пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде негізгі жөнелтілімде жүктің жетіспеуіне коммерциялық акт тағайындау станциясында

электронды коммерциялық актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабар беру және ТЭД-ті түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі. Негізгі жөнелтілімге қосымша құжаттар бойынша жүктің жетіспейтін бөлігі келген кезде, коммерциялық актінің және ГУ-27-У-ВЦ нысанды электронды жүк қағазының барлық даналарының қағаз көшірмелеріне (коммерциялық акт пен жүк қағазын олардың қағаз көшірмелері түрінде берген жағдайда) "Ж" бөліміне белгілер енгізіледі. Осыған ұқсас белгі электронды коммерциялық актіде де жасалады. Бұл ретте негізгі жөнелтілімнің электронды жүк қағазына қосымша құжат бойынша келген жүк бөлігін беру датасы туралы белгі енгізіледі.

657. Вагонның, контейнердің техникалық жарамсыздығы себебі бойынша ағуы, бүлінуі немесе сулануы анықталған жағдайларда, коммерциялық актіден басқа вагонның, контейнердің техникалық жай-күйі туралы ГУ-106 нысанды акті (осы Қағидаға 17-қосымша) жасалады.

Вагонның, контейнердің техникалық жай-күйі туралы ГУ-106 нысанды акті (осы Қағидаға 17-қосымша) екі данада жасалады. Актінің бірінші данасы коммерциялық актінің бірінші данасына қоса беріледі, екіншісі тасымалдаушыда қалады.

Вагонның, контейнердің техникалық жай-күйі туралы акті вагонның, контейнердің жарамсыздығы анықталған күні және коммерциялық акті жасалған күннен кешіктірілмей жасалады. Вагонның, контейнердің техникалық жай-күйі туралы актіде жарамсыздықтың сипаты мен оның қайдан шыққаны міндетті түрде көрсетіледі.

658. Вагонның, контейнердің техникалық жай-күйі туралы актіге пайдалану вагон депосының шебері немесе вагондарды, контейнерлерді қарап тексеруші және тасымалдаушының өкілі қол қояды.

659. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде вагонның, контейнердің техникалық жағдайы туралы акт электронды актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабар беру және тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің қағазсыз технология бойынша тасымалдардың электрондық досьесінің сүйемелдеуімен жүріп өтуі кезінде жөнелту станциясында немесе жолай станцияда жасалған вагонның немесе контейнердің техникалық жағдайы туралы акт электронды түрде жүкке тағайындалған станциясына дейін ілесіп барады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің электронды тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге жүріп өтуі кезінде оларға



оны ашқан станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылған, вагонның немесе контейнердің техникалық жағдайы туралы электронды актінің қағаз көшірмесі қосып беріледі.

## **2-параграф. Жалпы нысандағы актіні жасау**

660. ГУ-23 жалпы нысандағы актілерді (осы Қағидаға 15-қосымша) келесі жағдайларды растауға қатысатын тұлғалардың қатысуымен тасымалдаушы жасайды:

жүкжөнелтуші жүкқұжатқа қоса берген осы Қағидада көзделген құжаттардың жоғалуы;

вагондардың тағайындау станциясында түсірілуге беруді күтіп кідіртуі;

сапар барысында вагондардың, контейнерлердің рұқсат етілген жүк көтергіштігінен асырып тиелгені анықталған жағдайларда;

жүк алушыға, тармақ иесіне байланысты себептер бойынша және тағайындау немесе жанау станциясында вагондарды жинаудың техникалық мүмкіндіктері болмауына байланысты тағайындау станциясының оларды қабылдамауы салдарынан аралық станцияларда жүк тиелген вагондардың кідіртуі;

жүкжөнелтушіге байланысты себептер бойынша жүктерді тасымалдауға қабылданған өтінімге (жоспарға) сәйкес жүкжөнелтушіге бос вагондарды берудің кідіртуі;

жүк алушының, жүкжөнелтушінің оларға тиесілі немесе жалға алынған вагондарды, контейнерлерді қабылдауды кідіртуі;

жүк алушының құралдарымен жүк түсірілгеннен кейін вагондарды, контейнерлерді жүктің қалдықтарынан және қоқыстан тазартпау (құю пункттерінде немесе жуу-булау станцияларында цистерналар мен бункерлік ашық вагондарда толық төгілмеген жүк қалдықтары байқалған жағдайлардан басқа);

құйғаннан және ағызғаннан кейін цистерналар мен бункерлік үсті ашық вагондардың сыртқы беттерін тазартпау;

жүкжөнелтушінің келісімімен тазартылмаған вагондарды тасымалдаушының жүкжөнелтушінің құралдарымен тиеуге беруі;

вагонда, контейнерде бекіту-пломбылау құрылғыларының болмауы (егер жүкқұжатта немесе вагон парағында олардың вагонда, контейнерде болуы туралы белгі болса);

бекіту-пломбылау құрылғыларының зақымданғаны немесе ауыстырылғаны (егер бұл ретте оларды куәландыру үшін коммерциялық актілер жасалатын жағдайлар болмаған жағдайда);

сапар барысында немесе тағайындау станциясында вагондарда, контейнерлерде әдейі зақымдау белгілері жоқ анық емес ақпарат жазылған бекіту-пломбылау құрылғылары байқалған жағдайда (егер оқылатын ақпарат жүкқұжаттағы және вагон парағындағы деректерге сәйкес келсе);

сапар барысында вагондардың, контейнерлердің бекіту-пломбылау құрылғыларында әдейі зақымдану белгілері жоқ және олардағы ақпарат жүкқұжаттағы және вагон парағындағы деректерге сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда;

жүкжөнелтушінің, жүк алушының кінәсі бойынша вагондарды беруге және әкетуге жіберілген тасымалдаушыға тиесілі локомотивтің кідіртуі;

сапар барысында темір жол көлігімен жүктерді жеткізу мерзімдерін есептеу ережелерінде көрсетілген жағдайларда жүктің кідіртуі;

сапар барысында қозғалыс қауіпсіздігіне және тасымалданатын жүктердің сақталуына қауіп төндіретін коммерциялық жарамсыздықтары бар вагондар, контейнерлер анықталған жағдайда;

вагон, контейнер зақымданғанда;

жүкжөнелтушіге, жүк алушыға, өзге ұйымдарға тиесілі немесе олар жалға алған вагондар мен контейнерлерге тасымалдаушының өздігінен жүк тиеуі;

жүкжөнелтушінің, жүк алушының, өзге ұйымдардың тасымалдаушыға тиесілі вагондар мен контейнерлерді өздігінен пайдалануы;

жүк алушы жүктердің тасымалы үшін төлем енгізуден немесе тасымалдаушыға тиесілі өзге төлемдерді төлеуден жалтарған жағдайда жүктерді беруді кідірту;

тағайындау станциясында әскерилендірілген күзетпен күзетілетін жүктердің жүк алушының кінәсі бойынша кідіртуі;

тасымалдаушыға тиесілі локомотивтің кірме жолдарда, тиеу және түсіру орындарында тиеу, түсіру операцияларының аяқталуын күтіп тоқтап тұруы;

вагондардың коммерциялық операция жүргізілмейтін аралықтарға, бөлек пункттерге (разъездерге, блокқосындарға, басып озу пункттеріне) берілуі және әкетілуі жағдайларында тасымалдаушыға тиесілі локомотивтің тоқтап тұруы;

комиссиялық түрде беруге келген вагонды немесе контейнерді тасымалдаушының өкілдерінсіз жүк алушының ашуы;

жүкжөнелтушінің, жүк алушының, өзге ұйымдардың вагонның бұзылғаны туралы актіге, контейнердің зақымданғаны туралы актіге, қабылдап тапсырушының жаднамасына, вагондарды беру және әкету ведомосына, тасымалдау өтінімінің (жоспарының) орындалуын есепке алу карточкасына және темір жол көлігінің жұмыс технологиясында көзделген басқа құжаттарға қол қоюдан бас тарту немесе жалтаруы. Бұл жағдайларда аталған құжаттарда қол қою көзделген орында нөмірі және жасалу күні көрсетіле отырып, жалпы

нысандағы актінің жасалғаны туралы белгі қойылады, оған станциядағы тасымалдаушының өкілі қол қояды және станцияның жолдық мөртабанымен расталады.

Жалпы нысандағы актілер тараптардың материалдық жауапкершілігі үшін негіз болып табыла алатын жағдайларды куәландыру үшін және басқа жағдайларда жасалады, егер бұл ретте коммерциялық актіні немесе басқа арнайы нысандағы актіні жасау талап етілмесе.

661. Жалпы нысандағы актіні осы Қағидада белгіленген санда тасымалдаушы жасайды. Жалпы нысандағы актінің әрбір данасында " \_\_\_\_\_ станциясы" станцияның жолдық мөрқалыбы қойылады.

662. Жалпы нысандағы акт вагонды, контейнерді жөнелту және (немесе) тағайындау станцияларында 3 данада жасалады:

жалпы нысандағы актінің бірінші данасы жүкжөнелтушіден, жүк алушыдан немесе басқа ұйымдардан айыппұлдарды, алымдарды және (немесе) басқа төлемдерді өндіріп алу үшін тасымалдау құжатына қоса беріледі;

екінші данасы - жүкжөнелтушіге, жүк алушыға, экспедиторға беріледі (талап ету бойынша);

үшінші данасы – тасымалдаушыда қалады.

жүкжөнелтушінің, жүк алушының, өзге ұйымдардың вагонның бұзылғаны туралы актіге, контейнердің зақымданғаны туралы актіге, қабылдап тапсырушының жаднамасына, вагондарды беру және әкету ведомосына, тасымалдау жоспарының орындалуын есепке алу карточкасына қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, жалпы нысандағы акт қол қойылмаған, көрсетілген, екі жақты құжаттардың екінші данасымен бірге жүкжөнелтушінің, жүк алушының, басқа да ұйымның мекен-жайына тапсырыстық хатпен жіберіледі.

Хатты жөнелтуге арналған почта түбіртегі хаттың көшірмесімен және қол қойылмаған құжаттың бірінші данасымен және жалпы нысандағы актімен бірге тасымалдаушыда сақталады.

Жүк жөнелтілгеннен кейін, тасымалдаушы электрондық тасымалдау құжаттарында дұрыс енгізілмеген мәліметтерді байқаған жағдайда, ЭДН-ды пайдалана отырып, тасымалдауды ресімдеу кезінде жалпы нысандағы актіні екі данада жүкжөнелтуші жөнелту станцияларында жасайды. Актіге жүкжөнелтуші және тауар кассирі қол қояды.

Бұл жағдайда актінің бірінші данасы жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртекпен жүкжөнелтушіге беріледі, екінші данасы тасымалдаушыда қалады.

Акт туралы белгіні тауар кассирі түбіртекке қояды, оның қолымен және станцияның күнтізбелік мөртабанымен расталады. Тасымалдардың электрондық

досьесін түзету тасымалдаушының ААЖ қазіргі жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

663. Жалпы нысандағы акт вагонның, контейнердің сапары барысында станцияларда екі данада:

1) қозғалыс қауіпсіздігіне немесе жүктердің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулары бар жүк тиелген вагондар, контейнерлер байқалған жағдайда;

2) автотракторлық техниканың тоналу, жетіспеу және зақымдалу белгілері байқалған жағдайда;

3) вагонның зақымдануына себеп болған жүк бекітілуінің бұзушылықтары байқалған жағдайда, бұл ретте жүктің зақымдануына (бұзылуына) алып келсе;

4) тоналу белгілері бар жүк тиелген вагондар, контейнерлер байқалған жағдайда;

5) осы Қағиданың 8-тарауында көрсетілген жеткізу мерзімдері мен жеткізу мерзімдерін есептеу ережелері бұзылған жағдайларда жасалады.

Бұл ретте, бірінші дана тасымалдау құжаттарына қоса беріледі, екінші дана оны жасаған станциядағы тасымалдаушыда қалады.

664. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жалпы нысандағы акт жүріп өту станцияларында екі данада жасалады:

вагонды (вагондар тобын) маршруттық немесе топтық жөнелтімнен ағыту жағдайларында, ағыту себептері көрсетіліп, актінің бір данасы вагон (вагондар тобы) ағытып алынған негізгі жөнелтіммен жіберіледі, екінші данасы ГУ-27-У-ВЦ нысанындағы электрондық жүкқұжатының қағаз көшірмесімен бірге тігіліп тасымалдаушыда станцияда қалады. Тасымалдардың электрондық досьесін түзету тасымалдаушының ААЖ-сының қолданыстағы жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі;

тасымалдаудан электрондықты алған (тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жөнелтімнің жүріп өтуін тоқтатқан) кезде, бұл туралы ГУ-27-У-ВЦ нысанындағы электронды жүк құжатының қағаз көшірмесінде белгі қойылады – актінің бір данасы ашылған қағаз құжаттарға қоса беріледі және жүкпен бірге жүреді; екіншісі тасымалдаушыда станцияда қалады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жөнелтімнің жүріп өтуі тоқтатылғаны туралы хабар беру тасымалдаушының ААЖ-сының жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жалпы нысандағы акті электронды жалпы нысандағы актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге хабар беру және

тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің қағазсыз технология бойынша тасымалдардың электрондық досьесінің ілесуімен жүріп өтуі кезінде жөнелту станциясында немесе жол бойындағы станцияда жасалған жалпы нысандағы акт электронды түрде жүкке тағайындау станциясына дейін ілесіп барады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің электронды тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге жүріп өтуі кезінде оларға оны ашқан станцияның жолдық мөртабанымен куәландырылған, электронды жалпы нысандағы актінің қағаз көшірмесі қоса беріледі.

665. Жалпы нысандағы актіде оны жасауға негіз болған жағдайлар айтылады.

Егер жүкжөнелтушімен жасасылған шарт бойынша тасымалдаушының люктері, есіктері ашық, жүктерді бекітуге арналған тетіктері алынбаған тазартылмаған бос вагондарды, контейнерлерді жүкжөнелтушінің құралдарымен жүк тиеуге беру көзделсе, онда мұндай вагондар, контейнерлер жүк тиеуге берілген жағдайда жалпы нысандағы акт жасалады. Жалпы нысандағы актіде вагондар, контейнерлер жүк тиеуге жүкжөнелтушінің келісімімен берілгені, сондай-ақ вагондардың, контейнерлердің нөмірлері, сондай-ақ шарттың нөмірі мен оған қол қойылған күн көрсетіледі.

Егер жалпы нысандағы акті жүкті жеткізу мерзімін ұлғайтуды қажет ететін жағдайларда жүк жүру жолында кідірген жағдайда жасалса, актіде вагондардың, контейнерлердің кідіртуі себебі мен уақыты көрсетіледі.

Жалпы нысандағы акті жүру жолындағы станцияларда қозғалыс қауіпсіздігіне және тасымалданып отырған жүктің сақталуына қауіп төндіретін коммерциялық тұрғыдан жарамсыздығы бар вагондар, контейнерлер анықталған жағдайларда жасау кезінде актіде, солардың салдарынан вагон, контейнер комиссиялық тексеруге жөнелтіліп отырған анықталған ақаулықтар, жүкті тексеру нәтижелері, вагон, контейнер шанағының, бекіту-пломбылау құрылғыларының, бұраулардың, есіктердегі және люктердегі бекітпелердің жай-күйі, сондай-ақ вагонның толық тиелуін, жүктің бет жағының біркелкілігін көрсете отырып, жүкті тиеу жағдайы, есік аралық кеңістіктегі қабаттар саны және басқа жағдайлар көрсетіледі.

Егер жүк атқара тиелсе және қатарлар мен қабаттарды санау мүмкін болмаса, жүктің есік аралық кеңістікте орналастырылуы тиеудің біркелкілігі, жүк орындарының саны, ыдысының ерекше белгілері бойынша сипатталады.

Автотракторлық техниканы тасымалдау кезінде жалпы нысандағы актіде техниканың зақымдануы, бөлшектер мен тораптарының жетіспеуі, ал қосалқы бөлшектер мен құрал-сайманы бар жекелеген жерлері бұзылған кезде, егер олардың тізімдемесі болмаса, олардың нақты қолда бары көрсетіледі.

Талан-таражға салу белгілері болған кезде олар дәл тұрған орны, жүк ойықтарының көлемдері, жүк орындарын буып-түюдің бұзылуы мен басқа жағдайлар көрсетіле отырып егжей-тегжейлі сипатталады. Жалпы нысандағы актіде сондай-ақ жүкке қол жеткізу мүмкіндігін жою тәсілі, вагонға, контейнерге, автотракторлық техникаға салынған бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер вагон станцияға жалпы нысандағы актімен ресімделген коммерциялық ақаулығымен келіп түссе және вагонның (жүктің) жай-күйі актідегі сипатталуымен салыстырғанда өзгермеген болса, жолай жалпы нысандағы акт Коммерциялық жарамсыздықтарды тіркеу кітабына (ГУ-98 нысанындағы) жазылады және жалпы нысандағы акті қайтадан жасалмайды.

Мыналарды өндіріп алуға негіз болып табылатын жағдайларды куәландыру үшін жасалған жалпы нысандағы актілерде:

вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақыны – вагондардың, контейнерлердің нөмірлерін көрсете отырып, оларды кідірту себебі, кідіртудің басталу мен аяқталу уақыты, вагондарды, контейнерлерді нақты кідірту уақыты көрсетіледі;

кірме жолдарда және тиеу және түсіру орындарындағы тиеу немесе түсіру жөніндегі операциялардың аяқталуын күтіп тұрған, тасымалдаушыға тиесілі локомотивтің бос тұрғаны үшін төлемді – локомотивті кідірту себебі мен уақыты көрсетіледі;

вагондарды коммерциялық операцияларды жүргізбейтін аралықтарға, бөлек пункттерге (разъездамға, блокқосындарға, басып озу пункттеріне) берген және алған жағдайларда, тасымалдаушыға тиесілі локомотивтің бос тұрып қалғаны үшін ақыны – локомотивті кідірту себебі мен уақыты көрсетіледі;

әскерилендірілген күзет күзететін жүктің тағайындау станциясында жүк алушының кінәсі бойынша кідірілуі кезіндегі ақыны – кідірілген вагондардың, контейнерлердің нөмірлері мен саны және олардың кідірілу уақыты көрсетіледі.

666. Жалпы нысандағы актіге оны жасауға негіз болып табылған жағдайларды куәландыруға қатысатын кем дегенде екі тұлға қолдарын қояды.

Ілесіп жүрумен жүкті тасымалдау кезінде жалпы нысандағы актіге жүкке ілесіп жүрген тұлға да (жүкжөнелтушінің, жүк алушының жолсерігі, әскерилендірілген күзет қызметкері) қолын қояды.

Жүру жолындағы станцияда жалпы нысандағы актіні арнайы бөлінген қызметкер оған телефон немесе радиобайланыс арқылы берілген деректердің негізінде ресімдеген жағдайларда, тасымалдау құжатына қоса берілген жалпы нысандағы актінің бірінші данасына оны жасаған тұлға қарап тексеруді жүргізген қызметкерлердің тектерін, аты-жөндері мен лауазымдарын көрсете отырып, қолын қояды. Жалпы нысандағы актінің екінші данасына белгіленген

тәртіппен онда көрсетілген барлық тұлғалар қолдарын қояды. Жалпы нысандағы актіде көрсетілген тұлғалар актіге қолдарын қояды және оның мазмұнымен келіспеген жағдайда, өзінің пікірін айтуға құқылы.

Жүкжөнелтушінің, жүк алушының, басқа ұйымдардың өкілі жалпы нысандағы актіге қолдарын қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, жалпы нысандағы актіде оның осы актіге қол қоюдан бас тартқаны немесе жалтарғаны туралы белгі қойылады. Бұл белгі екінші рет жалпы нысандағы актіні жасауға қатысқан тұлғалардың қолдарымен куәландырылады.

### **3-параграф. Шекаралық, кедендік, санитариялық, фитопатологиялық және басқа бақылау мен тексеру түрлерін жүргізу үшін вагонды, контейнерді, автомобильді, тракторды немесе басқа өздігінен жүретін машинаны ашу актісін жасау**

667. Станцияда ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын вагонды, контейнерді, сондай-ақ автомобильді, тракторды және басқа өздігінен жүретін машинаны шекаралық бақылауды, кедендік тексеруді, санитариялық, ветеринариялық, фитопатологиялық және басқа бақылау мен тексеру түрлерін жүргізу үшін вагонды, контейнерді ашу актісі жасалады.

668. Вагонды, контейнерді ашу актісі үш данада жасалады:

бірінші данасы тасымалдау құжатына қоса беріледі және жүкпен бірге жүк алушыға беру үшін тағайындау станциясына дейін жүкпен бірге ілесіп барады;

екінші данасы оның талабы бойынша вагонды, контейнерді ашу жүргізілген мемлекеттік органның өкіліне оның вагонға, контейнерге, автомобильге, тракторға және басқа өздігінен жүретін машинаға қайта орнатылған бекіту-пломбылау құрылғыларының құнын өтеуі үшін (бекіту-пломбылау құрылғыларын тасымалдаушы орнатқан жағдайда) беріледі;

үшінші данасы вагоннан, контейнерден алынған бекіту-пломбылау құрылғыларымен бірге тасымалдаушыда акті жасалған станцияда қалады.

Вагонды, контейнерді ашу актісін жасаған станцияда жүк қағазының сырт жағындағы "Тасымалдаушының белгілері" бағанына немесе қосымша жеткізу жол ведомосында жүк атауының астында тасымалдаушының өкілі вагонды, контейнерді ашу актісі жасалғаны туралы белгі қояды. Белгі актіні жасаған қызметкердің қолымен және станцияның күнтізбелік мөртабанымен куәландырылады.

669. Вагонды, контейнерді ашу актісінде бақылау мен тексеруден кейін вагоннан, контейнерден алынған және салынған бекіту-пломбылау құрылғылары туралы мәліметтер, соның ішінде: Бекіту-пломбылау құрылғыларын кім орнатқаны (кедендік не болмаса басқа мемлекеттік бақылау органы), сондай-ақ

бақылау белгілері мен бекіту-пломбылау құрылғыларының үлгісі көрсетіледі. Актіге вагонды, контейнерді ашуды жүргізген тасымалдаушының станциядағы өкілі, шекаралық, кедендік және басқа мемлекеттік бақылау органдарының өкілдері қолдарын қояды және станцияның күнтізбелік мөртабанымен куәландырылады.

670. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде вагонды немесе контейнерді ашу туралы акт электронды актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабар беру және тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің қағазсыз технология бойынша тасымалдардың электрондық досьесінің ілесуімен жүріп өтуі кезінде жөнелту станциясында немесе жолай станцияда жасалған вагонды немесе контейнерді ашу туралы акт электронды түрде жүкке тағайындалған станциясына дейін ілесіп барады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің электронды тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге жүріп өтуі кезінде оларға оны басып шығарған станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылған, вагонды немесе контейнерді ашу электронды актісінің қағаз көшірмесі қоса беріледі.

#### **4-параграф. Вагонның зақымдалғаны туралы акт жасау**

671. Вагонның зақымдалғаны туралы ВУ-25 нысанындағы актіні (осы Қағидаға 29-қосымша) вагонның зақымдалған барлық жағдайларында вагондарды қарап тексеруші, пайдалану вагон депосының шебері немесе тасымалдаушының өкілі жасайды. Соның ішінде вагонның бекіту құрылғыларының немесе күрделі, деполық, ағымдық (ағытып, ағытусыз) жөндеуге немесе вагонды мүкәммалдан шығаруға жататын бекіту-пломбылау құрылғыларын орнатуға арналған құрылғылардың зақымдалуы, сондай-ақ соқтығысу және вагонның доңғалақ жұбының рельстен шығуы кезінде. Вагонның доңғалақ жұбының рельстен шығуы кезінде вагонның зақымдалғаны туралы акті барлық жағдайларда, соның ішінде вагонның зақымдалуы болмаған кезде де жасалады.

672. Вагонның зақымдалғаны туралы акт вагонға зақым келтірген тасымалдаушыдан, жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, басқа ұйымнан оның зақымдалғаны үшін айыппұл өндіріп алуға және тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, басқа ұйымның вагонның зақымдалуы салдарынан шеккен шығындарының орнын толтыруға негіз болып табылады.



673. Вагонның зақымдалғаны туралы актіні вагонға зақым келтірген жүкжөнелтушінің, жүк алушының, басқа ұйымның өкілінің қатысуымен вагондарды қарап тексеруші немесе вагон депосының шебері, ал вагондарды қарап тексеруші немесе вагон депосының шебері болмаған кезде, пайдалану депосының басшысы жасайды. Егер вагонның зақымдалуы соқтығысу немесе рельстен шығу салдарынан болса, вагонның зақымдалғаны туралы актіні тасымалдаушының тасымалдау бөлімшесінің қауіпсіздік жөніндегі бас ревизорының немесе тасымалдау бөлімшесінің вагон шаруашылығы жөніндегі ревизорының қатысуымен жасалады. Рефрижераторлық секция, АРВ-Э вагондарының немесе олардың арнайы жабдығының зақымдалуы кезінде вагонның зақымдалғаны туралы актіні учаскесінде зақымдалу болған пайдалану вагон депосының бастығы (бастығының орынбасары) тасымалдау бөлімшесінің бас ревизорымен (тасымалдаушының тасымалдау бөлімшесі болмаған кезде – пайдалану вагон депосының бастығы және рефрижераторлық секцияға, АРВ-Э-ге қызмет көрсететін бригаданың басшысы тағайындаған қызметкермен) бірлесіп жасайды.

674. Вагонның зақымдалғаны туралы актіге оны жасауға қатысқан тұлғалар қолдарын қояды және вагонға зақым келтірген пайдалану вагон депосының және жүкжөнелтушінің, жүк алушының немесе басқа ұйымның қаржы операциялары үшін пайдаланылатын мөрмен расталады. Жүкжөнелтуші, жүк алушы, басқа ұйым вагонның зақымдалғаны туралы актіге қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, осы Қағидаға сәйкес жалпы нысандағы акт жасалады. Вагонның зақымдалғаны туралы акт әрбір вагонға жеке оның ағымдық жөндеу көлемінде зақымдалуы кезінде - үш данада, соқтығысу және рельстен шығуы кезінде - төрт, жөндеудің жоспарлық түрлері көлемінде зақымдалу кезінде, сондай-ақ вагонды мүкәммалдан шығарған жағдайда - бес данада жасалады. Рефрижераторлық секция, АРВ-Э зақымдалған кезде вагонның зақымдалғаны туралы акт алты данада жасалады. Вагонның зақымдалғаны туралы актінің бірінші данасы вагонға зақым келтірген жүкжөнелтушіге, жүк алушыға немесе басқа ұйымға беріледі, екіншісі вагонға зақым келтіргені үшін ұсынылатын шотқа қосып беріледі, үшіншісі вагонның зақымдалғаны туралы актіге өкілі қол қойған пайдалану вагон депосында сақтауға қалдырылады, төртіншісі бөлімшенің вагон шаруашылығы жөніндегі ревизорына беріледі, бесіншісі вагон ілеспе құжаттарымен жөндеуге жіберілетін зауытқа немесе вагон депосына жіберіледі, алтыншысы тіркелген депосына беру үшін рефрижераторлық секцияға, АРВ-Э-ге қызмет көрсететін бригада басшысына беріледі.

Жүру жолында вагонның зақымдалғаны туралы акт жүкжөнелтуші, жүк алушы, басқа ұйым өкілінің қатысуынсыз, осы Қағидада көзделгенге қарағанда бір данаға кем мөлшерде жасалады. Жүкжөнелтушіге, жүк алушыға, басқа

ұйымдарға тиесілі вагондардың зақымдалуы кезінде вагонның зақымдалғаны туралы актінің қосымша данасы жасалып, ол олардың талап етуі бойынша оларға беріледі. Жүкжөнелтушілер немесе жүк алушылар өкілдерінің ілесіп жүруімен жүк тасымалдау кезінде вагонның зақымдалғаны туралы актіге жүкжөнелтушінің функциясы жүктелген және жүкқұжатта оның өкілеттіктерінің сипаттамасы бар жүкке ілесіп жүрген жолсеріктің қол қоюына жол беріледі.

675. Вагонның зақымдалғаны туралы актіде вагонның зақымдалу себептері мен тізбесі, жұмыс көлемі және қажетті жөндеу түрі, сондай-ақ зақымдалған бөлшектердің және вагонды қалпына келтіру құны көрсетіледі. Сондай-ақ рефрижераторлық секция, АРВ-Э зақымдалған кезде вагонның зақымдалғаны туралы актіде тасымалдаушы мен тіркелген депосы көрсетіледі. Егер вагон соқтығыс, рельстен шығу немесе апат кезінде зақымдалса, онда вагонның зақымдалғаны туралы актіде "Қосымша деректер" жолында: жота аркалықтарының, бойлық бүйірлік швеллерлер мен буферлік білеулердің тік және көлденең жазықтықтағы барынша иілу шамасы, сондай-ақ жөндеуді талап ететін вагон рамасы элементтерінің атауы көрсетіледі.

676. Вагон соқтығысу, рельстен шығу немесе апат кезінде зақымдалған жағдайларда, вагон қалпына келтіру жұмыстары кезінде қосымша зақым алғанда, пайдалану вагон депосының қызметкері вагонның зақымдалғаны туралы актіге қосымша жасайды. Қосымшада зақымдықтар тізбесі мен оларды тудырған жағдайлар көрсетіледі. Вагонның зақымдалғаны туралы актіге қосымша оны жасау кезінде вагон рамасы коррозиясының болуы, вагонды мүкәммалдан шығаратындай көлем мен мөлшерде тозуы бойынша конструктивтік және басқа да кемшіліктерінің болуы анықталғанда да жасалады. Вагонның зақымдалғаны туралы актінің қосымшасына пайдалану вагон депосының бастығы (бастығының орынбасары), тасымалдау бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі бас ревизоры, тасымалдау бөлімшесінің вагон шаруашылығы жөніндегі ревизоры және қалпына келтіру поезының бастығы қолдарын қояды. Вагонның зақымдалғаны туралы актідегі және оған қосымшадағы қойылған қолдар пайдалану вагон депосының қаржы операциялары үшін пайдаланылатын мөрімен расталады. Вагонды жөндеу үшін зауытқа (депоға) жөнелткен кезде вагонның зақымдалғаны туралы актіде зауыттың (депоның) атауы мен жарамсыз вагонды жөндеуге жіберуге ВУ-26М нысанындағы ілеспе парақты жасау күні көрсетіледі.

677. Егер зақымдалған вагонды жүк жөнелтуші, жүк алушы, басқа ұйым жөндеген болса, онда вагонның зақымдалғаны туралы актінің барлық даналарында вагонды жөндеуден кейін қабылдаған вагон депосының өкілі: тасымалдаушының кәсіпорындар зақымдаған және жөндеген вагондарды есепке алу кітабында (ВУ-16-нысан) датасын, уақытын, жазылған реттік нөмірін көрсете отырып, оны қабылдау туралы белгі қояды және өзінің қолымен куәландырады.

Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде вагонның зақымдалу актісі электронды актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабар беру және тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің қағазсыз технология бойынша тасымалдардың электрондық досьесінің ілесуімен жүріп өтуі кезінде жөнелту станциясында немесе жолай станцияда жасалған вагонның зақымдалу актісі электронды түрде жүкке тағайындалған станциясына дейін ілесіп барады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің электронды тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге жүріп өтуі кезінде оларға оны ашқан станцияның күнтізбелік мөрқалыбымен куәландырылған, вагонның зақымдалу электронды актісінің қағаз көшірмесі қосып беріледі.

## **5-параграф. Контейнердің зақымдалғаны туралы акт жасау**

678. Контейнердің зақымдалғаны туралы ВУ-25к нысанындағы акт (осы Қағидаға 54-қосымша) контейнердің зақымдалуының барлық жағдайларында, соның ішінде контейнердің бекіту құрылғыларының немесе күрделі, жоспарлы, ағымды жөндеуге немесе контейнерді мүкәммалдан шығаруға жататын бекіту-пломбылау құрылғыларын орнатуға арналған құрылғылардың зақымдалуы кезінде жасалады. Контейнердің зақымдалғаны туралы акт контейнерге зақым келтірген тасымалдаушыдан, жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, басқа ұйымнан оның зақымдалғаны үшін контейнер иесінің пайдасына айыппұл өндіріп алуға және тасымалдаушының контейнердің зақымдалуы салдарынан шеккен шығындарының орнын толтыруға негіз болып табылады.

679. Контейнердің зақымдалғаны туралы актіні контейнердің зақымдалуына кінәлі жүкжөнелтуші, жүк алушы, басқа ұйым өкілінің қатысуымен контейнерлер операторы жасайды.

Контейнердің зақымдалғаны туралы актіге контейнерлер операторы және контейнерге зақым келтірген ұйымның өкілі, өзінің лауазымын, тегін, аты-жөнін көрсете отырып, қолдарын қояды және контейнерлер операторының жолақтық мөртабанымен және контейнерге зақым келтірген ұйымның мөрімен расталады.

Жүкжөнелтуші, жүк алушы, басқа ұйымдар контейнердің зақымдалғаны туралы актіге қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, осы Қағидаға сәйкес жалпы нысандағы акт жасалады.

Контейнердің зақымдалғаны туралы акт әрбір контейнерге жеке жасалады.

680. Мүкәммалдық контейнер зақымдалған жағдайда, контейнердің зақымдалғаны туралы акт үш данада жасалады. Контейнердің зақымдалғаны туралы актінің бірінші данасы контейнердің зақымдалуына кінәлі ұйымға жіберілетін шотқа қоса беріледі. Екінші данасы контейнерлер операторының істерінде акт жасау орны бойынша сақталады. Үшінші данасы жарамсыз контейнерді жөндеу хабарламасымен бірге (ВУ-23М нысаны) контейнерді жөндеуді жүзеге асыратын контейнерлер операторының атына жіберіледі.

Меншікті контейнер зақымдалған жағдайда, контейнердің зақымдалғаны туралы актінің қосымша төртінші данасы жасалып, ол жүкжөнелтушіге, жүк алушыға, басқа ұйымға олардың талап етуі бойынша беріледі.

Контейнердің зақымдалғаны туралы актіде контейнердің зақымдалу себептері мен тізбесі, жұмыс көлемі мен қажетті жөндеу түрі, сондай-ақ контейнердің зақымдалған бөліктерінің және қалпына келтірудің құны көрсетіледі.

681. Тасымалдардың электрондық досьесін пайдалана отырып, тасымалдауды жүзеге асыру кезінде контейнердің зақымдалу актісі электронды актінің қағаз көшірмелерін беру немесе бермеу арқылы электронды құжат түрінде жасалады. Тасымалдаушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне хабар беру және тасымалдардың электрондық досьесін түзету ААЖ-ның жұмыс істеу технологиясына сәйкес жүргізіледі.

Жүктің қағазсыз технология бойынша тасымалдардың электрондық досьесінің сүйемелдеуімен жүріп өтуі кезінде жөнелту станциясында немесе жол бойындағы станцияда жасалған контейнердің зақымдалу актісі электронды түрде жүкпен тағайындалу станциясына дейін ілесіп барады. Тасымалдардың электрондық досьесі бойынша жүктің электронды тасымалдау құжаттарының қағаз көшірмелерімен бірге жүріп өтуі кезінде оларға оны басып шығарған станцияның күнтізбелік мөртабанымен расталған, контейнердің зақымдалу электронды актісінің қағаз көшірмесі қоса беріледі.

### **6-параграф. Құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында анықталған цистерналардың (бункерлік үсті ашық вагондардың) қотарылып төгілмегені туралы акт жасау**

682. Құю пункттерінде немесе жуу-булау станцияларында осы Қағидада белгіленген нормадан артық жүк қалдығы бар цистерналар (бункерлік үсті ашық вагондар) анықталған жағдайда, құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында анықталған цистернаның (бункерлік үсті ашық вагонның) қотарылып төгілмегені туралы акт жасалады (осы Қағидаға 55-қосымша).

683. Цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) түгел құйып алмау туралы акті цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) түгел құйып алмауға жол берген

жүк алушыдан вагонның жүк қалдығынан тазартуда тұрған барлық уақытына вагондарды пайдалану үшін төлемді өндіріп алуға негіз болып табылады.

684. Құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында анықталған цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) қотарып төкпеу туралы акт жүк қалдығы бар әрбір цистернаға (бункерлік үсті ашық вагонға) төрт данада жасалады. Үш данасы ол бойынша цистерна (бункерлік үсті ашық вагон) келген жөнелту жүк қағазымен бірге тасымалдаушыға жіберіледі. Төртіншісі - құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында қалады және цистернадан (бункерлік үсті ашық вагоннан) алынған жүк қалдықтарын материалдық есепке алу үшін негіз болып табылады. Бұл ретте, актінің бірінші данасы вагондарды пайдалану үшін төлемді өндіріп алу жүргізілетін құжатқа қосып беріледі, екінші данасы цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) түгел құйып алмауға жол берген жүк алушыға беріледі, үшінші данасы құйып алу жүргізілген тасымалдаушының істерінде станцияда қалады.

Құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында анықталған цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) түгел ағызылмағаны туралы актіге станцияның қабылдаушы-тапсырушысы мен цистерналарды қарап-тексеруші қолдарын қояды. Құю пунктінде немесе жуу-булау станциясында анықталған цистернаны (бункерлік үсті ашық вагонды) түгел құйып алмау туралы актінің сырт жағында цистерна (бункерлік үсті ашық вагон) тазартуда тұрған сағаттар саны көрсетіледі. Оның үстіне аталған мерзімге цистерналарды (бункерлік үсті ашық вагондарды) булауға және жууға кеткен уақытты есепке алынбай, жүк қалдықтарын жоюға жұмсалған уақыт қана қосылады. Бұл деректер құю пункті бастығының немесе бригадирдің қолдарымен құю пунктінің немесе жуу-булау станциясының мөрін немесе мөртабанын қою арқылы расталады.

## **7-параграф. Сараптама актісін жасау**

685. ГУ-104 нысанындағы сараптама актісі (осы Қағидаға 56-қосымша) осы Қағидада көзделген тәртіппен сараптаманы өткізген күні жүктің бүліну немесе зақымдалу себептері мен келтірілген зиянның көлемін анықтау үшін жасалады. Сараптама актісіне: сарапшы, сондай-ақ тасымалдаушының бастамасы бойынша немесе жүк алушының талабы бойынша сараптаманы жүргізуге тартылған басқа мамандар, тасымалдаушының және жүк алушының өкілдері қолдарын қояды. Өткізілген сараптама туралы коммерциялық актінің "Е" бөлімінде белгі қойылады.

Тасымалдаушының өкілдері қатыспаған сараптама жарамсыз болып саналады.

686. Егер жүктің толық немесе ішінара жарамсыздығы, яғни есепте шығарылуға немесе жойылуға жататындығы сарапту актісінде көрсетілсе, онда сараптау актісіне есептен шығару немесе жою актісі қоса берілуі керек.

687. Жүктің бөліктері жетіспеген, бүлінген немесе зақымданған жағдайда, зақымданған жүкті қалпына келтіру құнын немесе жетіспейтін бөліктердің, қосалқы бөлшектердің, аспаптың, жинақтаушы бөлшектердің жекелеген құнын растайтын құжаттар (калькуляция, квитанция, шот және т.б.) қоса берілуі тиіс.

### **33. Арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу**

688. Арнайы зерттеу мен сараптама тасымалдаушы өкілінің, станция бастығының, оның орынбасарының, ал тез бүлінетін жүктер бойынша тиісті жағдайларда поезд бастығының немесе рефрижераторлық секция механигінің және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен жүргізіледі.

689. Арнайы зерттеулер мен сараптама нәтижелері актімен ресімделеді. Арнайы зерттеу мен сараптама актісіне, сарапшыдан басқа, сараптамаға қатысқан барлық тұлғалар қолдарын қояды.

